

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Б. Ш. Сарсембаев

Криминалистикалық техника

Оқулық

Алматы, 2012

УДК 343.9 (075)

ББК 67.52

С 22

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің
«Оқулық» республикалық ғылыми-практикалық орталығы бекіткен

Пікір жазғандар:

заң ғылымдарының докторы, профессор **М. А. Арыстанбеков**;

заң ғылымдарының докторы, доцент **Т.А. Ханов**;

полиция майоры **Д. М. Татубаев**.

Сарсембаев Б.Ш.

С 22 **Криминалистикалық техника:** Оқулық. – Алматы. 2012. – 282 бет.

ISBN 978-601-225-458-7

Оқулықта қылмысты ашу, тергеу және алдын алуда қолданылатын криминалистиканың жалпы теориясы, қылмыстық істерді тексерген кезде оқиға орнынан іздерді табу, бекіту, алу және қылмыс іздерін зерттеудің криминалистикалық әдістері мен құралдары, сондай-ақ криминалистикалық техника негіздері қарастырылған.

Оқулық «Құқықтану» мамандығы бойынша жоғары білім алатын студенттерге, магистранттарға, сондай-ақ оқытушылар мен құқық қорғау органдары қызметкерлеріне арналған.

УДК 343.9 (075)

ББК 67.52

ISBN 978-601-225-458-7

© Сарсембаев Б.Ш., 2012.

© Қазақстан Республикасы жоғары
оқу орындаының қауымдастығы, 2012.

© «Экономика» баспасы» ЖШС, 2012.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	6
1 Криминалистиканың жалпы теориясы	8
1.1 Криминалистиканың жалпы теориясының негіздері	8
1.1.1 Криминалистиканың пәні және объектілері	8
1.1.2 Криминалистиканың жүйесі	11
1.1.3 Криминалистиканың әдістемелік негіздері	14
1.1.4 Криминалистиканың даму заңдылықтары, міндеттері, қағидалары және ғылымдар жүйесіндегі орны	22
1.1.5 Криминалистиканың қысқаша даму тарихы	27
1.2 Криминалистикалық идентификация және диагностика	30
1.2.1 Криминалистикалық идентификацияның түсінігі және оның ғылыми негіздері	30
1.2.2 Криминалистикалық идентификацияның субъектілері мен объектілері	33
1.2.3 Криминалистикалық идентификация түрлері	35
1.2.4 Топтық тиістілікті анықтау	36
1.2.5 Криминалистикалық диагностика, оның түсінігі және қылмысты ашудағы маңызы	36
2 Криминалистикалық техника	39
2.1 Криминалистикалық техниканың жалпы ережелері	39
2.1.1 Тергеу әрекеттерін жүргізгенде қолданылатын техникалық-криминалистикалық әдістер мен құралдар	43
2.1.2 Қылмыс іздерін бекітудің техникалық-криминалистикалық құралдары	48
2.1.3 Қылмыс іздерін алудың техникалық-криминалистикалық құралдары	50
2.1.4. Заттық дәлелдемелерді лабораториялық жағдайда зерттеу кезінде қолданылатын техникалық құралдар	51
2.2 Криминалистикалық фотография және бейне жазба	56
2.2.1 Криминалистикалық фотографияның қысқаша даму тарихы	56
2.2.2 Жалпы фотография негіздері	58
2.2.3 Криминалистикалық фотография түсінігі және оның тергеу мен сараптамалық тәжірибеде алатын орны	64
2.2.4 Бейнелеуші суретке түсірудің негізгі әдістері	66

2.2.5 Тергеу әрекеттерінің жүргізу барысын және криминалистикалық объектілерді суретке түсіру ерекшеліктері.....	77
2.2.6 Зерттеулік суретке түсіру әдістері.....	82
2.2.7 Криминалистикалық бейнежазба.....	88
2.2.8 Криминалистикалық фото-бейнежазбаларды қолдануды іс жүргізуде ресімдеу.....	89
2.3 Іздерді криминалистикалық зерттеу (Трасология).....	90
2.3.1 Трасологияның жалпы негіздері.	
Іздердің классификациялары олардың криминалистикалық маңызы....	90
2.3.2 Адам іздері (антропоскопия).....	97
2.3.3 Бұзу құралдары, саймандардың іздері (механоскопия).....	142
2.3.4 Құлыптар мен бекітетін құрылғыларды зерттеу.....	146
2.3.5 Көлік құралдарының іздері.....	152
2.4 Қаруды, оқ-дәріні, жарылғыш заттар мен жарылғыш қондырғыларды және олардың қолдану іздерін криминалистикалық зерттеу.....	162
2.4.1 Криминалистикалық қарутану жүйесі туралы ұғым және қылмыстарды тергеу мен ашудағы оның маңызы.....	162
2.4.2 Криминалистикалық баллистика.....	165
2.4.3 Атыс қаруы және оқ-дәрілерді криминалистикалық зерттеу.....	166
2.4.4 Баллистикалық іздердің пайда болу механизмі.....	173
2.4.5 Баллистикалық объектілерді қарау.....	177
2.4.6 Криминалистикалық жарылыстану.....	183
2.4.7 Суық қаруды криминалистикалық зерттеу.....	187
2.4.8 Газды қаруды криминалистикалық зерттеу.....	197
2.5 Құжаттарды криминалистикалық зерттеу.....	199
2.5.1 Құжаттарды криминалистикалық зерттеу жүйесінің жалпы жағдайлары.....	199
2.5.2 Жазуды криминалистикалық зерттеу.....	202
2.5.3 Құжаттарды техникалық-криминалистикалық зерттеу.....	212
2.5.4 Криминалистикалық автортанулық зерттеу.....	222
2.6 Адамның сырт келбеті туралы криминалистикалық ілім (Криминалистикалық габитоскопия).....	224
2.6.1 Криминалистикалық габитоскопия түсінігі және оның ғылыми негіздері.....	224
2.6.2 Адамның сыртқы бейнесінің элементтерінің жүйесі.....	227
2.6.3 Адамның сыртқы бейнесін анықтау үшін қолданылатын криминалистикалық құралдар мен әдістер.....	249
2.6.4 Тергеу мен жедел-іздікестіру тәжірибесінде «ауызша суреттеуді» қолдану.....	252

2.6.5 Соттық портреттік сараптама	254
2.7 Криминалистикалық тіркеулер	256
2.7.1 Криминалистикалық тіркеудің түсінігі және оның ғылыми, құқықтық және ұйымдастырушылық негіздері	257
2.7.2 Криминалистикалық тіркеулердің нысаны мен түрлері	261
2.7.3 Прокуратура органдарының құқықтық статистика және арнайы тіркеулер комитетінде (ҚСЖАТК) және ҚР ІІМ криминалдық ақпараттар басқармасында (КАБ) жүргізілетін жедел-анықтамалық тіркеулер.....	263
2.7.4 ҚР Ішкі істер органдарында жүргізілетін криминалистикалық тіркеулер.....	272
Қолданылған әдебиеттер тізімі.....	280

КІРІСПЕ

Құқық қорғау органдары қызметкерлерін кәсіби дайындауда қылмыспен күресудің тәжірибесін зерттеп, дамытатын, қылмысты ашу мен тергеудің құралдарын, әдістемелерін жете зерттейтін ғылыми білімдердің арасында криминалистика ғылымының алатын орны ерекше. Тергеу және жедел іздестіру органдарының қызметтерін одан әрі жетілдіру – дәлелдемелерді жинау, зерттеу, бағалау және пайдалану заңдылықтарын оқып-білу арқылы осы әдіс-құралдарды қолдана білуді, қылмыстың алдын алу, тергеу мен әшкерелеудің теориялық негіздерін игеруді талап етеді.

Міне, сол себептен жоғары оқу орындарының алдына қылмысты ашу, тергеу және алдын алу үшін криминалистикалық техника, тактика және тергеу әдістемелерін жетік меңгерген, кәсіби білікті заңгер мамандарды дайындау мақсаты қойылған.

Елбасы жыл сайынғы халыққа арнаған Жолдауларының бірде-біреуінде білім саласын назардан тыс қалдырған емес. Бұл Жолдауларда ұлттық бәсекелестік қабілет факторы ретінде білімділік деңгейін көтеру мәселесі басты міндеттердің бірі болып есептеледі. Президент, өзекті мәселе ретінде мемлекеттік тілде сапалы жазылған оқулықтар мен оқу құралдарын шығару керектігіне айрықша тоқталды.

Егемендік алғаннан кейін елімізде қазақ тілінде дайындалған заңгерлердің саны көбейіп, мемлекеттік тілде жүргізілетін қылмыстық істердің саны да өсуде.

Бір өкініштісі, құқықтану мамандығы бойынша мамандар дайындайтын оқу орындарында криминалистика пәнінен мемлекеттік тілде жазылған оқулықтар мен оқу құралдарының жеткіліксіздігі байқалуда. Қазіргі кезде қолданылып жүрген оқулықтар мен оқу құралдары саусақпен санарлық. Атап айтар болсақ: Е. Ғ. Жәкішевтің «Криминалистиканың пәндік сипаттамасы және методологиялық негіздері» (1991), «Криминалистикалық тактика» оқу құралы (1997), Е. Тілеубергеновтың «Криминалистика» көмекші құралы (2002), «Криминалистік әдістеме» (2004), С. Е. Еркенов пен С.И.Сұлтановтың «Тергеу әрекеттерінің тактикасы» дәрістер жинағы (2002), А. Ғ. Абуовтың «Криминалистика негіздері» оқу құралы (2004), Б. А. Салаев, Ш. Е. Әмитов, М. Т. Сатыбалдинов,

А. Ж. Айдарқұловтардың «Криминалистикалық техника» тарауы бойынша қысқаша дәрістер жинағы (2005), Б. М. Нұрғалиев, М. А. Арыстанбеков, А. О. Шакеновтың «Криминалистика» пәнінен дәрістер курсы (2005), Е.Ғ.Жәкішев, Ә. А. Исаев, Г. Х. Найманова Р. Б. Тапалова, Н. С. Темірболаттардың «Криминалистика» пәнінен оқулығы (2006), А. О. Шакеновтың «Криминалистика» пәнінен оқулығы (2008).

Ұсынылып отырған оқулықта криминалистиканың жалпы теориясы мен криминалистикалық техника бөлімдері отандық және шетелдік криминалистика ғылымының кейінгі жетістіктерін қамти отырып кеңірек қарастырылған.

Ескерте кететін жағдай, бұл жұмысты дайындау барысында кейбір көрнекі құралдық материалдарды (суреттерді) Р. С. Белкин, А. Я. Гинзбург, Г. И. Поврезнюк, Д. Н. Балашов, Е. П. Ищенко, Б. М. Нұрғалиев, М. А. Арыстанбеков, А. О. Шакенов, Е. П. Ищенко, А.А.Топорковтың және т.б.еңбектерінен алып қолдандық.

Осы оқулықтың студенттерге, магистранттарға, сондай-ақ оқытушылар мен құқық қорғау органдары қызметкерлеріне зор көмегі тиеді деп үміттенеміз.

1.1 КРИМИНАЛИСТИКАНЫҢ ЖАЛПЫ ТЕОРИЯСЫНЫҢ НЕГІЗДЕРІ

1.1.1 Криминалистиканың пәні және объектілері

Тергеушілерді, прокурорларды, соттарды, адвокаттарды, жедел-ізвестіру қызметкерлерін кәсіби дайындауда қылмыспен күресудің тәжірибесін зерттеп, дамытатын, қылмысты ашу мен тергеудің құралдарын, әдістемелерін жете зерттейтін ғылыми білімдердің арасында криминалистика ғылымының алатын орны ерекше.

«Криминалистика» деген терминді (латын тілінде «*criminalis*» – «қылмыс» дегенді білдіреді) алғаш рет австриялық ғалым Ганс Гросс енгізген. Ол 1892 жылы «Қылмыстық істерді тергеуге нұсқаулар», ал 1898 жылы «Тергеушілерге нұсқау – криминалистиканың жүйесі ретінде» деген ғылыми еңбектерінде алғаш рет криминалистика терминін қолданған болатын.

Кез келген ғылымның пәні әр түрлі құбылыстарда, іс жүргізулерде, оқиғаларда көрініс беретін объективтік шындық заңдылығы болып табылады.

Криминалистика пәні қылмысты сапалы тергеу мен алдын алу үшін қажетті білім мен объективті заңдылықтар жиынтығы болып табылады және ол қылмысты ойдағыдай ашуға, тергеуге және алдын алуға қажетті заңдылықтарды оқытады.

Ал бұл заңдылықтардың қалыптасуы әрбір қылмыстың қоршаған ортамен байланысына және материалдық, әлемдегі заттардың, жағдайлар мен іс-әрекеттердің өзара байланысы мен өзара қатынастылығы туралы диалектика заңына сәйкес. Криминалистика ғылымының пәні төмендегідей екі элементтен тұрады:

1) Қылмыстық іс-әрекеттердің заңдылықтарын оқып-зерттеу (қылмыс механизмі, қылмысқа қатысушылар туралы

ақпараттардың шығу тегі) сондай-ақ дәлелдемелерді жинау, зерттеу, бағалау және алынған мәліметтерді пайдалану;

2) Қылмыспен күресуде қолданылатын әдістер мен тәсілдерді, криминалистикалық құрал-саймандарды жетілдіру.

Криминалистика жалпы алғанда қылмысты ашу, тергеу және алдын алу туралы ғылым және құқыққорғау, сот органдарына қылмыстық істер бойынша ақиқатты анықтауға көмектесетін ғылым ретінде пайда болып дамыған.

Жалпы алғанда, криминалистика – қылмыс механизмінің заңдылығы, қылмыс және оның қатысушылары жөніндегі ақпараттың пайда болуы, сонымен бірге дәлелдемелерді жинақтау, зерттеу, бағалау мен қолдану туралы және қылмысты ашу, тергеу және болғызбау әдіс-тәсілдерінің танымына негізделген, заңдылықтарына бағытталған ғылым.

Осы заң негізінде міндетті түрде қоршаған ортада іздер мен көріністер қалады да әрбір қылмыс объективтік болмыста әр түрлі: идеалдық немесе заттың, құбылыстың ойда қалған түрінде және материалдық, немесе материалдық іздер түрінде бейнеленеді.

Қылмыстық оқиға адамдардың әрекет-қимылдары нәтижесінен болатындықтан қоршаған ортада, әсіресе қылмыс орнында көптеген іздер қалады да, бұл қылмыскер туралы маңызды ақпарат көзіне айналады.

Тергеу жүргізіліп отырған қылмыстық іс бойынша қылмыс іздерінің дәлелдемелік мәні болу үшін олар күзиретті тұлғалармен заңды түрде жинақталуы, сарапталуы, бағалануы және пайдаланылуы қажет. Бұл жұмыстар да өз кезегінде криминалистика зерттеп оқытатын белгілі заңдылықтарға бағынады.

Криминалистиканың пәнімен, заңдылықтардың негізгі үш тобы қамтылады:

1) қылмыстың ішкі механизміндегі байланыс пен қатынастың пайда болу және даму заңдылықтары: іс-әрекетпен оның салдары арасындағы байланыс, әрекеттің ұқсас жағдайларда қайталануы, қылмыстық субъект тәртібінің көріністері және т.б.;

2) қылмыс заңдылықтары, қылмысты жасау мен жасыру әдістерінің қалыптасуы және жүзеге асуы, қылмыскер тұлғасы мен әдіс-тәсілдің байланыстары, қылмыс істеу тәсілінің қылмыс жасаудағы нақты жағдайларға тәуелділігі және т.б.;

3) тергеуде маңызы бар қылмыспен байланысты пайда болу және өтпелі жағдай заңдылықтары; қылмысты жасауға жасырын дайындық, құралдарды таңдау, жағдайды тексеру, қылмыстық қол сұғушылық пәнін зерттеу және т.б.

Осы заңдылықтардағы әрекеттер, байқалған деректер, құбылыстар, процестер криминалистикалық ғылым объектісі болып табылады, яғни қылмыстық әрекет, қылмыстың пайда болуы, ашу және тергеу бойынша жасалынатын әрекет қылмыстық іс бойынша заттық дәлел ретінде көрсетілген материалдық объектілер, куәгерлердің, сезіктілердің, айыпкерлердің көрсетулерін қалыптастыру және беру процесі, осы көрсетпелерді алу әдіс-тәсілдері т.б.

Басқаша айтар болсақ, криминалистиканың зерттеу объектілеріне бір жағынан қылмыскерлердің қылмыстық әрекеттерін жатқызсақ, екінші жағынан қылмысты ашуға және тергеуге бағытталған анықтау, прокуратура, сот және басқа да органдардың процессуалдық іс-әрекеттерін жатқызамыз.

Қылмыстық әрекеттің элементтері, қылмыс механизмі қылмыс жасау ортасында оған қатысушылар туралы ақпараттар беретін әр түрлі іздер түзеді (бейнелеуші іздер, із-заттар). Бұл іздер криминалистикалық іс-әрекеттер жүргізу арқасында іс бойынша дәлелдемелік мәнге ие болады.

Осы жоғарыда айтылғандарды қорыта келгенде криминалистика пәніне мынандай анықтама беруге болады:

Криминалистика – қылмысты ашу және тергеу үшін қылмыстық іс жүргізуде қолданылатын, азаматтық не қылмыстық істерді қарағанда пайдаланылатын техникалық, тактикалық тәсілдер, бұлтартпайтын дәлелдерді жинау және зерттеу әдістері мен құралдары туралы және қылмыстың нақты түрлерін тексергенде қолданылатын тәсілдер жиынтығы, тергеу әдістемесі туралы ғылым.

Криминалистикада қылмысты ашып тергеу үшін дәлелдемелерді жинап, қолданады. Міне, сол себептен онда қолданалатын тәсілдер мен әдістер дәлелдемелерді жинақтауға бағытталған. Дәлелдемелерді жинақтау мына төмендегідей төрт кезеңнен тұрады:

- іздерді немесе дәлелдемелерді іздеп табу;

- оларды бекіту;
- оларды алу;
- алынған заттай дәлелдемелерді немесе іздерді алу барысын құжаттармен рәсімдеу.

Заттай дәлелдемелерді немесе іздерді табу дегеніміз – ол тергеушілердің, маман криминалистердің қылмысты ашуға, керекті дәлелдерді іздеп табуға байланысты жүргізілетін жұмыс әрекеті.

Бекіту дегеніміз – іздеп тауып алынған дәлелдеме заттарды, іздерді сол күйінде сақтап қалу үшін оларды арнаулы криминалистикалық тәсілдермен бекіту. Табылған дәлелдеме заттарды, іздерді, іс жүргізу құжаттарында толық сипаттап жазу, фотосуретке және бейнекамераға түсіру, олардың сызба – схемаларын түсіру арқылы бекітіп белгілейді.

Алу дегеніміз – іздеп тауып, бекітілген іздерді, айғақ заттарды олардың дәлелдемелік мәні жоғалмайтындай етіп орап алу.

Оқиға орнынан алынған іздердің, айғақ заттардың алу барысын *хаттамаларға ресімдеп* жазу керек. Олай болмаған жағдайда бұл заттардың дәлелдемелік мәні болмайды.

Дәлелдемелерді зерттеулер деп, қылмыстық іс бойынша жинақталған заттай дәлелдемелерді немесе іздерді тиісті өкілеттілігі бар тұлғалармен заңды түрде зерттеу арқылы олардың пайда болу тегін және қаралып отырған қылмыстың басқа да материалдарымен қарым-қатынасын тексеруін айтамыз.

1.1.2 Криминалистиканың жүйесі

Криминалистика өз алдына дербес ғылым болғандықтан, ол өзара іштей байланысқан жеке бөлімдерінен құралған ғылым жүйесі болып табылады. Қазіргі кезде әдебиеттерде криминалистиканың жүйесін дәстүрлі түрде өзара байланысқан төрт бөлімге бөледі, олар:

- 1) криминалистиканың жалпы теориясы;
- 2) криминалистикалық техника;
- 3) криминалистикалық тактика;
- 4) криминалистикалық әдістеме (қылмыстардың жекелеген түрлері мен топтарын тергеу әдістемесі).

Криминалистиканың жалпы теориясы – бұл криминалистиканың пәндік сипаттамасы, оның жүйесі, жеке бөлімдерінің қысқаша мазмұны, қағидалары, теориялық тұжырымдамалары, ұғымдары, әдістері, терминдері мен анықтамаларының жүйесін құрайды.

Жалпы теорияның негізгі элементтеріне мыналарды жатқызамыз:

1. *Криминалистиканың жалпы теориясына кіріспе.*

Мұнда криминалистика пәні туралы ұғым беретін жағдайлар, ережелер, оның мақсат-міндеттері, қағидалары, даму заңдылықтары мен ғылыми білім жүйесіндегі орны қарастырылады. Бұл жалпы теорияның ғылыми бөлігі болып табылады.

2. *Криминалистиканың жеке теориялары (ілімдері).*

Бұл криминалистика пәнін құрушы объективтік заңдылықтардың танымдық ғылыми жағдайларын көрсететін сондай-ақ криминалистикалық құралдарды, тәсілдерді, әдістемелерді және ұсыныстарды жасау базалары, әрі оларды қылмыспен күресу тәжірибесінде қолдану туралы ғылыми жағдайлар.

Криминалистиканың жеке теорияларына – қылмыс механизмі туралы ілім, қылмысты жасау әдісі және оның ізін жасыру туралы ілім, белгілер туралы ілім, криминалистикалық сәйкестендіру (идентификация) мен диагностика теориясы, криминалистік тергеу болжауының теориялық негіздері, тергеушінің қылмыстық іс жүргізудегі процеске қатысушылармен қарым-қатынас қағидалары, іздестіру туралы криминалистикалық ілім, және т.б. жатады.

Қылмыспен күресудің жалпы теориясы мен тәжірибесінің дамуы жеке теориялардың жаңа түрлерінің пайда болуына әкелуі мүмкін.

3. *Криминалистиканың әдістері туралы ілім – яғни, криминалистикалық методология.*

4. *Криминалистиканың тілі туралы ілім.*

Ғылым тілі – бұл оның терминологиялық аппараты. Бұның арқасында әр түрлі терминдер, символдар құрастырылады, криминалистикада қабылданған анықтамалар жазылады.

5. *Криминалистикалық жүйелеу (систематика)* – криминалистикалық білімді ғылымның салаларына бөлу. Бұларға:

әр түрлі объектілерді (мыс. іздер, қарулар, құжаттар т.с.с), белгілерді (қолтаңбалардың, папиллярлық өрнектердің, жасанды құжаттардың т.с.с.), процестерді, қарым-қатынасты, түсініктерді классификациялау жатады.

Криминалистикалық техника бөлімі іске қатысты деректерді, іздерді, заттай дәлелдемелерді іздеп табуға, бекітуге, зерттеуге керекті әдіс-тәсілдерді, қолданылатын қажетті техникалық-кримналистикалық құралдарды қарастырады. Бұл бөлім өз алдына жеке үлкен бірнеше салалардан тұрады. Атап айтқанда: криминалистикалық техниканың жалпы негіздері, криминалистикалық фотография және бейне жазу, іздерді криминалистикалық зерттеу (трасология), қару-жарақты, оқ-дәріні, жарылғыш заттарды, жарылғыш қондырғыларды және олардың қолдану іздерін криминалистикалық зерттеу, құжаттарды криминалистикалық зерттеу, адамның сырт келбеті туралы криминалистикалық ілім (габитоскопия), криминалистикалық тіркеу.

Қазіргі кезде криминалистикалық техника деп – ғылыми ережелер жүйесін және оған негізделе отырып, қылмысты тергеу, әшкерелеу және алдын алу мақсатында дәлелдемелерді табу, бекіту, жинап зерттеу үшін қолданылатын техникалық құралдар мен әдістердің жиынтығын оқытатын криминалистиканың бір бөлімін айтамыз.

Криминалистикалық тактика (тергеу тактикасы) бөлімі тергеу әрекеттерін жүргізгенде қолданылатын ұтымды, нәтижелі әдістерді және оларды қолдану жолдарын қарастырады.

Тергеу тәжірибесінде әр түрлі тергеу әрекеттерін жүргізуге бейімделген арнаулы тактикалық әдістер қарастырылады және тергеу әрекетінің ерекшеліктеріне байланысты тиімді тактикалық тәсіл ұсынылады. Сонымен қатар криминалистикалық тактика қылмыстық істерді тергеу мен соттық талқылауда криминалистикалық техника әдістері мен құралдарын ұтымды пайдалануды қамсыздандыруға да бағытталған.

Криминалистикалық тактика басқа бөлімдермен, соның ішінде криминалистік техникамен де тығыз байланысты. Егер криминалистік техника – техникалық тәсілдер мен құралдарды пайдалану жөнінде жалпы ұғым берсе, тергеу тактикасы бұлардың

тергеу әрекеттерінің ерекшелігіне байланысты қалай қолдануға болатынын көрсетеді.

Сонымен криминалистикалық тактика дегеніміз тергеу әрекеттерінің тиімділігін, нәтижелігін арттырып, іс бойынша керекті дәлелдемелерді дер кезінде жинауға, тергеуді ұйымды және жоспарлы түрде жүргізуге бағытталған, заң шеңберінде қолданылатын тиімді де, қолайлы тәсілдер жөніндегі ғылыми ережелердің жиынтығы.

Криминалистикалық әдістеме – бұл қылмыстардың жекелеген түрлері мен топтарын тергеу мен алдын алу әдістері.

Криминалистикалық әдістеме деп – ғылыми ережелер жүйесіне негізделе отырып жасалған ұрлық, тонау, қарақшылық, адам өлтіру және т.б. қылмыстарды тергеп, алдын алу үшін жасалған әдістерді оқытатын криминалистиканың бір тарауын айтамыз.

Ол көптеген қылмыстарды тергеу мен алдын алу үшін әдістемелік көрсеткіштерді және кеңестерді өз құрамына жинақтайды.

Оның құрамына қылмыстың криминалистикалық сипаттамасының концепциясы, іс бойынша өтетін тұлғаларды тексеру әдістемесі, тергеушінің жүргізетін әрекеттерін жоспарлауы кіреді. Бұл бөлімнің негізгі мазмұнын кісі өлтіру, қарақшылық, алаяқтық, ұрлық және т.б. қылмыстардың жеке криминалистикалық тергеу әдістемелері және алдын алуы құрайды.

Белгілі бір қылмыстың түрін тергеген кезде криминалистика жүйесінің барлық бөлімдері бір-бірімен өте тығыз байланысты болады.

Ал, жеке криминалистикалық әдістемелерді жасағанда техникалық-криминалистикалық құралдар мен әдістерді және тергеу әрекеттерін жүргізудің тактикалық тәсілдердің пайдаланудың ерекшеліктері ескеріледі.

1.1.3 Криминалистиканың әдістемелік негіздері

Криминалистика ғылымы басқа да ғылымдар сияқты өзінің алдында тұрған міндеттерді шешу үшін ғылыми зерттеудің белгілі бір әдістерін қолданады. Кез келген ғылым саласындағыдай, криминалистикадағы әдістер де материалдық шындықты та-

нып білу тәсілі болып табылады, яғни қылмыс жасау механизмі, дәлелдемелік мәні бар ақпараттардың пайда болуы заңдылықтарын, оларды жинау, зерттеу, бағалау, қолдану және соттық зерттеулердің әдісі мен құралдарын танып білу мен қылмыстың алдын алуды қарастырады. Криминалистика әдістеріне былайша жіктеме (классификация) жасауға болады:

а) шығу тегіне байланысты:

- тергеу, сараптық, жедел-ізвестіру, сот тәжірибелерінің дамып жетілулерінің нәтижелерінде пайда болған әдіс-құралдар;
- басқа ғылымдардың әдістеріне сүйене отырып криминалистикада соттық зерттеулер мен қылмыстың алдын алудың белгілі әдістерін дамыту арқылы жасалған жаңа әдістер - құралдар;
- криминалистикалық ғылыми зерттеулердің нәтижесінде пайда болған әдістер мен құралдар.

ә) мазмұнына байланысты:

- техникалық;
- тактикалық;
- әдістемелік.

б) қолдану мақсатына байланысты:

- соттық зерттеулерге арналған криминалистикалық әдістер мен құралдар;
- қылмыстың алдын алуға арналған криминалистикалық әдістер мен құралдар.

в) қолдану субъектісіне байланысты:

- жедел ізвестіру қызметкерлері мен тергеушілердің қолданатын;
- сарапшы-криминалистердің қолданатын;
- соттардың қолданатын.

г) танылатын объектілерді қамту шегіне байланысты:

- жалпы (диалектикалық) білім тану әдісі;
- жалпы ғылыми әдістер;
- криминалистиканың арнаулы әдістері.

Криминалистиканың жалпы ғылыми әдістері

Жалпы ғылыми әдістер дегеніміз – ғылымның басқа да салаларында, іс жүзінде адам өмірінің барлық қызмет салаларында қолданылатын әдістер.

Жалпы ғылыми әдістерді мынандай негізгі топтарға бөлуге болады:

- Сезімдік әдістер (бақылау, суреттеу, салыстыру, эксперимент-тәжірибе, модель жасау);
- Логикалық әдістер (анализ – талдау, синтез – жинақтау, индукция – жекеден жалпыға бағытталған ойлау, дедукция – жалпыдан жекеге бағытталған ойлау, гипотеза-жорамалдау, аналогия – ұқсастық);
- Математикалық әдістер (өлшеу, санау, геометриялық құрылыс, математикалық модель жасау);
- Кибернетикалық әдіс (компьютерлік модель жасау және басқалар).

Сезімдік әдістер.

Бақылау – қандай да бір болмасын объектіні зерттеп білу үшін қолданылады. Криминалистикалық зерттеулерде байқау объектілеріне мысалы қылмыскердің не қылмыс болған жерлердегі іздер, кейбір заттар, құжаттар, адамдар, олардың сыртқы бейнесіндегі ерекше белгілері, мінездері т.б. жатады.

Сипаттау. Криминалистикада бейнелеп сипаттаудың екі түрі қолданылады. Бір жағдайда объектілер мен құбылыстар тікелей қарап сипатталса, ал екінші жағдайда олар басқа деректерден алынған мәліметтер арқылы бейнеленіп жазылады. Мысалы, тергеуші айғақ заттарға тән қасиеттерді өзі тікелей қарап көру арқылы хаттамаға жазады. Ал кейбір жағдайларда тергеушіге өзі көрмеген объектілерді де бейнелеп хаттамаға жазуына тура келеді. Атап айтқанда қылмысты жасаған сезікті адамның бет бейнесін және басқа да белгілерін хаттамаға тергеуші осы адамды көрген куәнің айтуы бойынша сипаттап жазады. Объектілер не құбылыстар кейде толық бейнеленіп, ал кей жағдайларда фрагментік (үзінді) түрінде де сипатталып жазылады.

Кейбір жағдайларда объектіні не құбылысты толық сипаттап жазуға мүмкіншілік болмай қалады. Мұндай жағдайда тергеуші объектінің тек елеулі белгілерін алдын ала көрсетіп, толық сипаттамасын кейін бейнелеп хаттамаға енгізеді. Қылмысты дәлелдеуге пайдаланылатындықтан хаттамада қарастырылған объектілер жөніндегі мәліметтер бұрмаланбай, өзгертілмей, нақты жазылуы қажет.

Салыстыру. Криминалистикада ең жиі қолданылатын тәсілдердің бірі – салыстыру тәсілі.

Салыстыру дегеніміз екі не болмаса бірнеше объектілерді өзіне тән белгілерін теңеп, салыстырып көру. Бұл өте күрделі логикалық талдауды қажет ететін ойлау процесі. Екі немесе бірнеше объектілерді салыстырғанда, алдымен, әр объектіні жеке-жеке алып зерттейді. Салыстырудың бұл бірінші сатысында зерттеліп отырған объектілерге тән қасиеттер мен белгілер сұрыпталынып алынады.

Қасиеттер мен белгілерді сұрыптағанда аса көңіл аударатын мәселе – ол салыстыру негізінде алынатын қасиеттер мен осы объектіге тән және тұрақты, басқа объектілерде жиі кездеспейтін қасиеттер (белгілер) болуы керек. Мысалы, аяқтың ізінде қалған белгілер арқылы ізді қалдырған адамның аяқ алыс ерекшеліктерін ажыратуға болады (тез жүріс, адымы үлкен, аяғын ақсап басады т.б.).

Бірнеше объектіде бірдей, не ұқсас қасиет пен белгі болуы мүмкін. Сондықтан тек бір не екі идентификациялық белгіні негізге ала отырып, салыстырып отырған объектілердің сәйкестігін шешуге болмайды. Сондықтан әр объектіні жеке зерттегенде бірнеше қасиеттер мен белгілерді сұрыптап алып, олардың осы күйінде басқа, осыған ұқсас объектіде болмайтындығын анықтау қажет. Салыстырайын деп отырған объектілерден осындай жинақ қасиет тапқаннан кейін, зерттеуші салыстырудың екінші сатысына көшеді. Бұл зерттеу кезеңінде салыстырылып отырған екі объектіден (немесе бірнеше объектілерден) сұрыпталынып алынған белгілер бір-бірімен салыстырылып олардың бірдейлігі, не өзгешелігі анықталады.

Салыстырудың үшінші кезеңінде (сатысында) белгілерді бір-бірімен сәйкестендіріп, салыстырып тұжырымдай отырып, зерттеуші белгілі бір қорытынды шығарады. Салыстыру нәтижесінде белгілі бір қорытындыға келу үшін зерттеуші логикада қолданылатын – талдау, синтез, абстракциялау, болжау т.б. тәсілдерді пайдаланады.

Эксперимент-тәжірибе

Криминалистикалық зерттеулер жүргізген кезде эксперименталдық тәсілдер де қолданылады. Эксперимент дегеніміз – объективтік шындықты тануға қолданылатын ғылыми тәсіл.

Криминалистикада заттарды зерттегенде, қылмыстық істерді тергегенде пайда болған болжаулар әр түрлі тәжірибелер жасау арқылы тексеріледі. Тәжірибенің негізгі мақсаты - әр түрлі құбылыстардың немесе заттардың қасиеттері мен жайын, маңызын, табиғаты мен жаратылысын анықтау.

Эксперименттік тәжірибелер жүргізгенде бақылау, өлшеу, сипаттау әдістері де кеңінен пайдаланылады. Жүргізіліп жатқан тәжірибенің міндетіне байланысты эксперимент *сарапшы эксперименті және тергеу эксперименті* болып екіге бөлінеді.

Сарапшы эксперименті сараптама жүргізуге керекті үлгілерді алуға, кейбір құбылыстардың жүру барысын бақылауға (мысалы, іздің пайда болу механизмін тексеруге) және сараптама жүргізгенде қолданылатын (физикалық, химиялық, т.б.) әр түрлі әдістердің тиімділігін, нәтижелігін тексеруге бағытталады.

Тергеу эксперименті тергеу әрекеттерін жүргізу арқылы іс бойынша табылған ақпараттарда көрсетілген оқиғаның шындығын тексеріп, оқиғаны қайтадан бұрынғы қалпына келтіріп, оған ұқсас жағдайларда тәжірибе жүргізу арқылы орындалады.

Модель жасау

Бұл әдіс түпнұсқалы объектіні арнайы жасалған ұқсас объектімен ауыстыру арқылы жүргізіледі. Бұл, заттар, құрылғылар, жүйелер, құбылыстар немесе процестердің модельдері болуы мүмкін. Аталмыш модельдермен қажетті зерттеулер жүргізіліп, сонан соң олардан алынған нәтижелер түпнұсқаға экстраполяцияланады. Криминалистикада модель жасаудың көптеген түрлері қолданылады: ойша (мысалы, тергеулік болжамдар құрастыру барысында), физикалық (муляж, макет, ұқсас заттардың материалдық модельдерін дайындау барысында), математикалық (тиісті математикалық есептеулер жүргізу көмегімен құбылыстар мен процестердің қозғалу жағдайын модельдеу).

Логикалық әдістер

Анализ және синтез гректің analysis - талдау, жіктеу, ажырату; synthesis - жинақтау, қосу, құрастыру деген сөздерінен шыққан.

Анализ – адамның практикалық және теориялық іс-әрекеттерінде күрделі объектілерді талдау, құрамды бөліктерге жіктеп ажырату болып табылады.

Синтез – сол талданған бөліктерді жинақтап қосу арқылы белгілі бір объектіні, затты құрастыру. Анализ және синтез

процестері біріне-бірі қарама-қарсы бағытта жүреді. Анализ тұтастықтан бөліктерге, құрамнан элементтерге қарай бағытталса синтез керісінше, бөліктер мен элементтерден тұтастыққа қарай бағытталады.

Сонымен қатар, олар бірінен-бірі ажыратылмайтын диалектикалық байланыста болып, бірін-бірі айқындап, толықтырып отырады

Индукция (лат. *inductio* – ой салу) – жеке фактілер жайындағы ғылыми білімнен немесе жалпы емес білімнен жалпы білімге, тәжірибелік нәтижелелеуден теориялық жалпылау мен қорытындыға, жекеден жалпыға, белгіліден белгісізге қарай қозғалудың логикалық әдісі.

Дедукция (лат. *deductio* – толық білу) – алғашқы ойдан логикалық жолмен (яғни логика заңына сәйкес) туған жаңа пікірді білдіретін ойлау формасы. Дедукция жалпыдан ерекшеге, одан жекеге апаратын ой қорытындысының бір түрі. Дедукция біздің ойлау процесімізде маңызды рөл атқарады. Нақтылы фактілерді жалпы ережеге салып, одан кейін жалпы ереже бойынша осы нақты фактіге сәйкес белгілі бір тұжырым алғанда біз дедукция формасында ой қорытамыз.

Гипотеза (грек. *hypothesis* - негіз, болжам) – теориялық ойлау мен ғылыми білімнің даму формасы, ақиқаттығы дәлелденген ескі теория мен жаңадан туған мәселені шешудегі ойдың, ықтималды білімнің байланысы. Ғылыми жорамал жаңа нәтижелерге жеткізетін білім жүйесін құруға мүмкіндік туғызады.

Аналогия (грек. *analogia* - ұқсастық) – заттардың қандай бір ерекше белгілері немесе өзара қатынастары арасындағы ұқсастық. Аналогия бойынша шешім белгілі бір заттың басқа заттармен ұқсастығы негізінде құрылады да, оның қасиеттері жайында қорытынды жасалады.

Математикалық әдістер

Криминалистикада объектілерді зерттеу барысында математикалық әдістер өте жиі қолданылады. Осындай математикалық әдістердің қатарына:

- өлшеу;
- есептеу;
- геометриялық құрылыс;
- математикалық модельдеуді жатқызуға болады.

Өлшеу арқылы белгілі немесе белгісіз көлемдердің сандық арақатынасын анықтауға болады. Криминалистикада өлшеу объектілері ретінде заттардың, құбылыстардың, процестердің әр түрлі физикалық сипаттамалары алынады, яғни олардың өлшемі, салмағы, көлемі, температурасы, ара уақыты, жылдамдығы, спектрлік сипаты және т. б.

Объектілердің салмағы, көлемі, екі не болмаса бірнеше объектілердің өзара арақашықтығы есептеліп шығарылады және өлшеу арқылы кейбір заттардың тән қасиеттерінің сандық сипаттамасы беріледі. Кейбір оқиғалардың, құбылыстың болған уақытын да өлшеу арқылы табуға болады. Өлшеу әдісі әр түрлі - қарапайым және күрделі өлшеу құралдарын пайдалану арқылы жүргізіледі. Мысалы, автокөліктің жол апаты алдында қандай жылдамдықпен келе жатқанын есептеп шығару үшін, тікелей өлшеу арқылы тежелу жолының ұзындығын өлшеп, оның қорытындысын формулаға енгізу керек. Мұнда тікелей өлшеуді тергеуші жүргізсе, күрделі өлшеуді сарапшы жүргізіп, өлшеу қорытындысын есептеп тауып шығарады.

Есептеу объект немесе құбылыс параметрлерін анықтауда және математикалық модельдеуде қолданылатын бірден-бір қажетті әдіс болып саналады.

Геометриялық құрылыс әдісі өлшеумен өте тығыз байланыста болады, ол жоспарларды (мәселен, оқиға болған жердің жоспары), сызбаларды, графиктерді, кестелерді құрастыруда кеңінен қолданылады.

Математикалық модельдеу математикалық есептердің көмегімен үрдістер мен құбылыстардың өту жолдарын, шарттарын үлгілейді.

Кибернетикалық әдістер.

Кейінгі кездері криминалистикалық зерттеулерде кибернетикалық тәсілдерді қолдану жөнінде де көптеген ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Бұл әдістің негізінде жаңа ақпараттық технологияларды қолдану арқылы жедел іздестіру жұмыстарын автоматтандырып өңдеуді (мыс. саусақ іздерін тексеретін, фоторобот жасайтын т.б. программалар), компьютерлік модельдеуді жүзеге асыру мүмкіндігі туындайды.

Криминалистиканың арнаулы әдістері.

Арнаулы криминалистикалық әдістер, көбінесе осы көрсетілген жалпы ғылыми әдістермен қатар кеңінен қолданылады. Арнайы криминалистикалық әдістерді – әдебиеттерде басқа ғылымдарда пайда болған әдістерді криминалистикалық объектілерді зерттеуге бейімдеу арқылы пайда болған және криминалистиканың өзінде пайда болып, кейінірек басқа ғылымдар да қолданылатын (кейде бұл әдістерді криминалистиканың «меншікті» әдістері деп те атайды) әдістер деп екіге бөледі.

Криминалистиканың «меншікті» немесе өз әдістері деп алғаш криминалистиканың өзімен дамытылып шығарылып, қолданылатын әдістерді (мысалы, дактилоскопия, одорология, криминалистикалық идентификация, баллистика, тергеуді ұйымдастыру әдістері және т.б.) айтамыз.

Ал арнайы әдістердің екінші бір тобы басқа ғылымдардан алынып, криминалистикалық объектілерді зерттеуге бейімделген әдістер.

Басқа ғылымдардан алынып, криминалистикалық объектілерді зерттеуге бейімделген әдістердің қатарына микроскопиялық зерттеу тәсілі, спектордың көзге көрінбейтін инфрақызыл, ультракүлгін сәулелерінде зерттеу, рентген сәулесінде зерттеу, спекторлық талдау т.б. жатқызуға болады.

Криминалистикада жиі қолданылатын басқа ғылымдардың арнайы әдістеріне: физикалық, химиялық, физика-химиялық, биологиялық, социологиялық, психологиялық және басқа да әдістерді жатқызады.

Физикалық, химиялық және физика-химиялық әдістер заттар мен материалдардың морфологиясын (сыртқы құрылым), құрамын (фазалық, молекулярлық, элементтік), физикалық және химиялық қасиеттерін зерттеу үшін пайдаланылады.

Биологиялық әдістер объектілердің биологиялық қасиетін (мыс. адам және жануарлар қаны, эпидермис қалдықтары, бөлінділер, шаш, өсімдік үгінділерін және т. б.) зерттеу мақсатында қолданылады.

Антропологиялық және антропометриялық әдістер сүйек қалдықтары бойынша өлген адамның бет-бейнесін жасау арқылы тұлғаны анықтауда, адамды тану үшін ұсыну мақсатында сырт келбетін суреттеуде пайдаланылады.

Әлеуметтік әдістер қылмыстың жасалуына себеп болатын жағдайларды талдау, қылмыспен күресте қолданылып жүрген тактикалық тәсілдер мен нұсқаулардың нәтижелілігі жайлы ақпараттарды жинау мақсатында сауалнама (анкетирование) өткізуде пайдаланылады.

Психологиялық әдістер тактикалық тәсілдер мен комбинациялар дайындауда пайдаланылады.

Алдын ала тергеуде, сот тергеуінде, сот сараптамасын жүргізуде осы жоғарыда көрсетілген әдістерді қолдануға мынандай талаптар қойылады:

- әдістің ғылымилығы, яғни оның ғылымға негізделгендігі, алынатын нәтижелердің шынайылығы;
- әдістің қауіпсіздігі, яғни оны қолдану адамдардың өмірі мен денсаулығына зиянсыз болуы;
- әдістің заңдылығы мен этикаға сәйкестігі, яғни оны пайдалану заңдылықтың конституциялық қағидаларына және қоғамдық тәртіп талаптарына, адамдардың құқығын бұзбайтындай, ар-ожданына кір келтірмейтіндей дәрежеде болуы;
- әдістің тиімділігі, яғни алға қойған мақсатқа қысқа мерзімде толық қол жеткізіп, жұмсалған күш пен шығынға тұратындай нәтижелер алуды қамтамасыз етуі қажет.

1.1.4 Криминалистиканың даму заңдылықтары, міндеттері, қағидалары және ғылымдар жүйесіндегі орны

Криминалистика пәні кез келген басқа пәндер сияқты, өзіне тән даму заңдарына және қағидаларына сәйкес қалыптасып дамып жетіліп отырады.

Бұл заңдар мына төмендегідей:

- криминалистиканың бұрыннан қалыптасқан және кейінгі кездері жаңадан пайда болған теориялары мен тұжырымдамаларының арасындағы өзара байланыста болу заңы;
- басқа ғылымдардың ғылыми жетістіктерін мүмкіндігінше жедел түрде қылмыстық тергеу жүргізу өндірісіне енгізу заңы;

- криминалистика ғылымының әдістемелік ұсыныстарын қылмыс-ты ашуға, тергеуге және алдын алуға қажеттілігін арттыру заңы;
- криминалистиканың және басқада, сабақтас ғылым салаларындағы ғылыми-техникалық жаңалықтар негізінде криминалистиканың даму барысын жеделдету заңы.

Әдетте қағида (принцип – латынның *principium* – негізі, *бастамасы* деген мағынаны білдіреді) деп қандай да бір болмасын теорияның, ілімнің, ғылымның және т.б. бастапқы негізі немесе құбылысқа, заттарға деген көзқарасы немесе ішкі сенімін айтады.

Криминалистика ғылымының қағидасын - криминалистикалық ғылыми зерттеулердің гносеологиялық бағытын анықтайтын негізгі жағдай деп түсінуге болады.

Криминалистиканың қағидаларын мына төмендегі үш бағытта көрсетуге болады:

- **шынайылық қағидасы**, бұл криминалистикалық ғылыми зерттеулердің қандай да болмасын саяси көзқарастан, ой-ұғымнан тәуелсіз болуы, шынайы өмірдегі заңдылықтар мен құбылыстардың мүмкіндігінше дәлме-дәл бейнеленуіне негізделуі;
- **тарихтық қағидасы** криминалистика пәнінің мазмұнын, қызметін және байланыстарын басқа ғылымдармен динамикалық қарым-қатынаста ұстап, олардың пайда болуы және өзгерістерімен ұштастырылуы;
- **ғылыми жүйелілік** қағидасына сәйкес криминалистиканың жеке бөлімдерінде оқытылатын құбылыстар мен фактілер бір бүтіннің бөліктері ретінде өзара байланысты әрі тәуелді түрде қарастырылады.

Криминалистиканың міндеттері мен қызметтері.

Криминалистиканың міндеттері *жалпы*, *арнаулы* және *нақты* болып үш топқа бөлінеді.

Криминалистиканың *жалпы* немесе *басты* міндеті құқық қорғау органдарына қылмыспен күресуде өзінің арнаулы әдістері және құралдарымен көмектесу болып табылады. Ал жалпы міндеттен осы ғылымға сәйкес арнаулы міндеттер бөлініп шығады.

Криминалистиканың *арнаулы міндеттеріне* мыналарды жатқызамыз:

- криминалистика пәнінің негізін құрайтын объективтік заңдылықтарды одан әрі кеңейтіп оқып зерттеу, оның жалпы және жеке теорияларын дамыту, олардың жалпы әдістемелік негіздерін жасау;
- заттай дәлелдемелерді, іздерді тауып алу, бекіту, зерттеу үшін керекті жаңа криминалистік әдістер мен тәсілдерді одан әрі өндеп жетілдіру және осы әдістерді пайдалануға лайықты жаңа техникалық құралдар жасап шығару;
- қылмыстың алдын алудың ұйымдастырушылық, тактикалық және әдістемелік үйлесімді негіздерін жасау;
- жекелеген қылмыстардың түрлерін тергеудің әдістемесін өндеп жетілдіру үшін жаңа ұсыныстар енгізу;
- қылмысты алдын-алудың криминалистикалық тәсілдері мен әдістерін қарастыру, осы мақсаттарда тергеу және сот практикасын зерттеу және қалыптастыру;
- осы саладағы шетелдердің тәжірибелері мен жетістіктерін оқып-үйрену және қолдану.

Криминалистиканың нақты міндеттері тез уақыт аралығында орындалатын сипатта болып келеді. Нақты міндеттерді криминалистиканың барлық таруларын қолдану арқылы, сондай-ақ оның қандай да бір болмасын бір тарауын, бөлімін қолдану арқылы шешуге болады.

Криминалистиканың нақты міндеті нақты осы уақытта оның алдында тұрған міндеттерді шешуге бағытталады, мысалы, қылмыстың жаңа бір түрін тергеу үшін әдістеме жасау. Мысалы, компьютерді қолдану арқылы жасалатын қылмыстар біздің елімізде тек кейінгі кездері ғана кең тарала бастады. Міне, осыған байланысты криминалистердің алдында компьютерлік технология саласында жасалатын қылмыстарды тергеу әдістемесін жасап шығару міндеті қойылды.

Криминалистика пәнінің міндеттерімен қатар оның мына төмендегідей негізгі қызметтері (функциялары) бар:

- танымдық қызметі;
- әдістемелік қызметі;
- түсіндірмелік қызметі;
- жүйелендіру қызметі;
- құрастырмалық қызметі;

- криминалистік зерттеу қорытындыларын тәжірибеге енгізу қызметі;
- болжау қызметі.

Криминалистиканың ғылымдар жүйесіндегі орны.

Ғылыми білім жүйесінде криминалистиканың өзіндік орны бар, яғни, криминалистика қылмысты ашуға және тергеуге қажетті заттай дәлелдемелерді қылмыстық іс жүргізу заңына сүйене отырып, іздеп табу, бекіту, зерттеу үшін пайдаланылатын техникалық құралдар, тактикалық әдістер мен тәсілдер жөніндегі ғылым болғандықтан, басқа да өзі тектес заң ғылымдарымен тығыз байланысты болады, өйткені оның көптеген тәсілдері мен әдістері осы ғылымдардың қағидаларына негізделген.

Криминалистика ең алдымен *қылмыстық және азаматтық* іс жүргізу құқығы ғылымдарымен тығыз байланысты. Себебі, біріншіден, криминалистика өзінің қалыптасу кезеңінде қылмыстық іс жүргізу ғылымының шеңберінде дамып, кейін жеке ғылыми білім саласы ретінде бөлініп шықса, екіншіден, криминалистиканың зерттеп дайындаған тәсілдері мен әдістері қылмысты ашуға, тергеу әрекеттерін тиімді жүргізуге негізделсе, қылмыстық іс жүргізу заңы осы тергеу әрекеттерін жүргізу тәртібін бекітеді. Яғни, екі пәннің де зерттейтіні - тергеу әрекеті. Бірақ олардың процессуальдық әрекеттерді оқып, тексеру аспектісінің мазмұны әр түрлі.

Криминалистикалық әдіс-тәсілдер тергеу әрекеттерінің тиімді және нәтижелі жүргізілуіне бағытталған. Олар қылмыстық іс жүргізу заңында көрсетілмеген, бірақ криминалистика ұсынған қандай әдіс, тәсіл, не құрал болса да ол қылмыстық іс жүргізу заңының шеңберінен шықпауы тиіс және заңға қайшы болмауы керек.

Азаматтық құқық ғылымының криминалистикамен байланысын қазіргі кезде нарықтық қатынастардың өсуіне байланысты және шаруашылық дауларды шешуде сот реттеуінің рөлі көтерілуінен байқауға болады. Негізінен бұл қарым-қатынас криминалистикалық зерттеулер мен сараптамаларды (құжаттарды зерттеу және т.б.) пайдалану арқылы жүргізіледі.

Криминалистиканың *қылмыстық құқық* ғылымымен байланысы - жеке криминалистикалық әдістемелердің ең алдымен

қылмыстың құрамына негізделе отырып жасалатындығынан көрінеді.

Қылмыстық құқық ғылымы қоғамға қауіпті әрекеттердің қайсысы қылмыс қатарына жататынын көрсетіп, әр қылмыстың қылмыс құрамдық белгілерін негізге ала отырып, криминалистикалық тұрғыдан талдау жүргізіп, қылмысты ашуға керекті белгілерді нақтылап, қылмыстық іс бойынша дәлелденуге тиісті мән-жайларды, шешетін сұрақтарды белгілеп және қылмыстарды тергеу жолдарын көрсетіп ұсынады.

Криминология қылмыстың болу себептерін, оның әлеуметтік негіздерін, оның алдын алу шараларын қолдану тәсілдерін зерттейді. Криминология қағидаларын негізге ала отырып, криминалистика тергеушінің жеке істерді жүргізгенде қылмыстың болуына әсер еткен жағдайларды толық анықтап, бұл себептер мен жағдайларды жою үшін қандай әрекеттер жүргізуі керектігін белгілейді.

Криминалистика ғылымы, ішкі істер органдары жұмысын ұйымдастыру сұрақтарымен айналысатын *әкімшілік құқық* ғылымымен және сонымен қатар, еңбекпен түзеу мекемелерінде жасалатын қылмыстарды тергеудегі криминалистикалық әдістемелерді жасау барысында ережелері ескерілетін, *қылмыстық-атқару құқығы* ғылымымен де байланысы бар.

Осы аталған ғылымдар мен пәндерден басқа криминалистика қылмысты зерттеп тергеуге қатысты *сот медицинасы, сот психиатриясы, сот психологиясы* пәндерімен де тығыз байланысты, өйткені қылмысты ашу, оны тергеуге арналған криминалистикалық тәсілдер, тергеу іс-әрекеттерін жүргізу әдістері осы жоғарыда аталған пәндердің қағидаларын құрайды.

Криминалистика тек заң ғылымдары ғана емес, сонымен қатар басқа ғылымдармен де, атап айтқанда қоғамдық ғылымдар - философия, этика, логика, психология, педагогика және т.б. жаратылыстану мен техникалық ғылымдар - биология, медицина, физика, химия, математика, геометрия ғылымдарымен де байланысты, өйткені қылмысты тез арада ашу мақсатында, қолданылатын әдістерінің нәтижелігін арттыру үшін, криминалистика жоғарыда аталған ғылымдарда қолданатын тәсілдер мен әдістерді, техникалық құралдарды өз қажетіне бейімдеп, қолданып отырады.

1.1.5 Криминалистиканың қысқаша даму тарихы

Криминалистиканың пайда болуы тарихының негізгі сатыларын білу оның қылмыспен күресудегі рөлін терең түсінуге мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда криминалистикалық құралдар мен әдістердің пайда болуы сот, тергеу, іздестіру және сараптамалық қызмет жұмыстарын жүргізумен тығыз байланысты болды.

XVII ғасырдан бастап қылмыстық сот ісін жүргізуге, улы заттарды танып біле алатын, қолтаңба арқылы оны кім жазғанын анықтай алатын, медициналық және арнаулы білімі бар адамдарды тарту туралы ұсыныстар енгізіле бастады.

Ал XVIII ғасырда Ресейде сот тәжірибесін дамытып жетілдіруге алғашқы талаптар жасала басталды. Мысалы, 1724 жылы шыққан И.Т. Посошковтың «Кедейлік және байлық туралы» кітабында тек қана сот ісін жүргізу сұрақтары ғана емес, сондай-ақ тергеуді жүргізудің әдістері де қарастырылды.

1805 жылы Ресейде «Әділ сот айнасы» атты тұңғыш оқу құралы жарыққа шықты. Мұнда, кінәліні әшкерелеудің мынандай бағыттары көрсетіліп: «тұлғаға байланысты» (жәбірленуші), «себебіне байланысты», «орнына байланысты», «қолданған қаруына байланысты», «уақытына байланысты» және т.б. оны тергеудің жалпы ережелері мен тактикалық әдістері көрсетілді.

Басқа да мемлекеттердегідей Ресей империясында да криминалистиканың дамып жетілуі қылмыстық іс жүргізумен тығыз байланысты болды. XIX ғасырдың бірінші жартысында тергеу қызметіне деген қызығушылықтар едәуір ұлғайып, жауап алу, беттестіру және басқа да тергеу әрекеттерін жүргізу туралы бірнеше жұмыстар жарық көрді. Бұл жерде 1833 жылы шыққан Н.Орловтың «Тергеу әрекеттерін жүргізуге қысқаша жетекшілік тәжірибесі» атты еңбегін атап өтуге болады. Бұл кітапта автор, тергеуді ізін суытпай, асқан ұқыппен жүргізіп, ешқандай жағдай тергеушінің назарынан тыс қалмау керектігін айтып, куәлерден жауап алудың, оларды беттестірудің, тануға ұсыну тактикасы жөнінде жеке ұсыныстарын берген.

1864 жылы Ресейде сот реформасының жүргізілуіне байланысты формалдық дәлелдемелер теориясынан бас тартып қосымша

дәлелдемелік айғақтарға, оларды тауып жинау және бағалауға деген қызығушылықтар күрт өсті.

Ресейдегі криминалистика ғылымның дамуына шетелдік авторлар: Г.Гросстың «Ауызша портрет», Р.А.Рейсстің «Қылмыстық тактика» және А. Вейнгардтың «Қылмысты тергеуге басшылық» атты еңбектері өз үлестерін қосты.

1880 жылдан бастап «Азаматтық және қылмыстық құқық журналы», «Әділет министрлігінің журналы», «Құқық», «Полиция хабаршысы» журналдарында, сондай-ақ «Заң газеті», «Сот газеті» шетелдік және ресейлік криминалистердің мақалаларын үздіксіз жариялап тұрды. Ал, бұл өз кезегінде практик-заңгерлер арасында криминалистикалық білімнің таралуына кеңінен ықпал етті.

1894 ж. Одесса қаласында М.Шимановскидің «Құқықтағы және әділ соттағы фотография» атты еңбегі жарыққа шықты. 1908 жылы С.Н. Трегубов «Криминалист-практиктің стол кітабы» ал келесі жылы В.И. Лебедев «Қылмысты ашу өнері» атты еңбектерін жариялады.

1889 жылы Е.Ф. Буринскидің Санкт-Петербургтің округтық сотының жанынан ашқан соттық-фотографиялық зертханасы Ресейдегі алғаш ашылған криминалистикалық мекеме болып саналады. Бұл, Ресей сараптама мекемелері жүйесінің бастамасы болып табылды. Ал, Е.Ф. Буринскидің Ресей криминалистика жүйесін дамытуға қосқан үлесі ретінде құжаттарды зерттеудің жаңа фотографиялық әдістерін жасап шығаруын атап өтуге болады. Ол, 1812 жылы «Ғылыми-зерттеулік фотография және оларды тәжірибеде қолдану» атты ғылыми жаңалығы үшін Ғылым Академиясының М.В. Ломоносов атындағы жоғарғы наградасымен марапатталды.

Е.Ф. Буринский құжаттарды соттық зерттеу, қолтаңбалық сараптамаларды жүргізуді жетілдіру жолында көп еңбек сіңірген ғалым. 1812 жылы Санкт-Петербургтің сот палатасының жанынан ашылған ғылыми-соттық сараптамалар кабинеті көпсалалы криминалистикалық мекемеге айналды. Екі жылдан кейін осындай ғылыми-соттық сараптамалар кабинеті Москвада, Киевте және Одессада жұмыс істей бастады.

Кеңес дәуіріндегі криминалистиканың дамуы И.Н. Якимовтың, В.И.Громовтың, П.С.Семеновскийдің, С.А.Голунскийдің,

С.М.Потаповтың, Н.В.Терзиевтің, Р.С.Белкиннің, А.Р.Рашиновтың, Н.П.Яблоковтың, И.М.Лузгиннің, А.А.Эйсманның және т.б. ғылыми және практикалық еңбектерімен байланысты.

1935-1936 жылдары Кеңес үкіметінде криминалистика пәнінің алғашқы оқулығы жарық көрді. Онда қылмыстық техника және тактика, сондай-ақ, қылмысты тергеу әдістемесі деген тараулары бар еді. Бұл кітап 1938-1939 жылдары өзгертулер мен толықтырулар енгізіліп қайта басып шығарылды.

1938 жылы С.П.Митричев және Б.М.Шавердің криминалистика пәніне арналған жұмыстары, ал, 1940 жылы С.М.Потаповтың криминалистикалық идентификацияның негіздері туралы еңбектері жарыққа шықты.

1948-1951 жылдары КСРО-ның Әділет Министрлігінің криминалистикалық ғылыми-зерттеу зертханалары Ленинградта, Дондағы Ростовта, Хабаровскіде, Саратовта, Свердловскіде, Новосибирскіде, Минскіде ашылды.

1962 жылы Москва облыстық криминалистикалық ғылыми зерттеу зертханасының базасында Сот сараптамасының Орталық ғылыми – зерттеу институты ашылды.

1928 жылдан бастап Қазақстанда да Ішкі Істер органдарында криминалистикалық мәселелермен айналысатын ғылыми-техникалық бөлімшелері іске қосылды. Бұл бөлімшелер 1936 жылдан бастап криминалистикалық және басқа да сот сараптамаларын жүргізе бастады.

1950 жылдардың аяқ кезінде Одақтас республикаларда ғылыми-зерттеулік зертханалар негізінде Республикалық сот-сараптамасы ғылыми-зерттеу институттары құрыла бастады (Алматыда 1957 жылы, Ташкентте 1958 жылы, Минскіде 1959 жылы). Алматы сот-сараптамасы ғылыми-зерттеу институтында В.А.Хван, Ш.М.Мажитов, Л.М.Морозов, А.Ф.Аубакиров және т.б. қызметкерлері жүргізген ғылыми зерттеулері аз ғана уақыттың ішінде бұл институтты Қазақстан сот-сараптамасы ғылыми-зерттеу институтына айналдыруға мүмкіндік берді. 1997 жылы бұл ҒЗИ Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің сот сараптамасы орталығы болып қайта құрылды.

Қазіргі кезде Қазақстан криминалистикасын дамытуға ат салысып жүрген ғалымдар аз емес. Олардың қатарына: Е.Ғ.Жәкішев,

Л.В.Виницкий, А.Ф.Аубакиров, С.Ф.Бычкова, А.А.Исаев, Б.М.Нұрғалиев, Б.Х.Төлеубекова, С.Е.Еркенов, С.И.Сұлтанов, М.А.Арыстанбеков, А.Я.Гинзбург, Б.А.Салаев, К.Н.Шакиров, А.О.Шакенов, С.Р.Шарипов және тағы басқаларды айтуға болады.

1.2 КРИМИНАЛИСТИКАЛЫҚ ИДЕНТИФИКАЦИЯ ЖӘНЕ ДИАГНОСТИКА

1.2.1 Криминалистикалық идентификацияның түсінігі және оның ғылыми негіздері

Тергеу тәжірибесінде әр түрлі идентификациялық мәселелерді шешу қажеттілігі жиі туындайды. Мысалы, оқиға болған жерде қалған із осы затпен қалдырылған ба, мәйіттің денесінен алынған оқ осы тапаншадан атылған ба, қолмен жазылған мәтінді осы адам жазды ма, куә оқиға болған жерде осы адамды көрді ме деген сияқты көптеген сұрақтарға жауап алуға болады.

Мұндай сұрақтарға жауап алу үшін криминалистикалық идентификацияның арнайы әдістерін кеңінен қолданады.

Жалпы алғанда «идентификация» термині латынның *identificare* - дәл соның өзі, тең, теңдес, ұқсастыру, сәйкестендіру деген мағынаны білдіреді, яғни белгілі бір объектінің немесе жеке тұлғаның жалпы және жекелеген белгілері жиынтығы арқылы бір-біріне теңдестіру деген сөзінен шыққан.

Объектіні идентификациялау, яғни белгілі бір объектінің өзіне тән кескіндері мен бейнелерінің көмегімен салыстырмалы зерттеулер жүргізу арқылы, оның әр уақыттағы және әр күйдегі теңдігін, сәйкестігін анықтау болып табылады.

Криминалистикалық идентификация қылмыстық іс жүргізуде күдіктінің тексеріліп отырған оқиғаға қатыстылығын оның осы жерде қалдырған іздері, заттары, басқа да материалдық бейнеленулері арқылы анықтаудың негізгі әдістерінің бірі.

Идентификацияның мәні – қалдырған кескіндері арқылы осы объектіні анықтау.

Бұл жерде объект және кескін кең мағынада қарастырылады. Объектілерге адамдар, олардың киіміндегі заттар, аяқ киім,

қылмыс қаруы, транспорт құралдары т.с.с жатқызсақ, ал кескін ретінде әр түрлі іздер, объектілердің бөлшектері, құжаттар, фотокино-бейне көріністер, адамның есінде қалған ойдағы образдарды қарастыруға болады.

Әлемдегі барлық материалдық объектілер өзіне-өзі ғана тең, яғни дәл мұндай екінші объект болмайды. Әрбір объект өзінің қасиеттеріне байланысты, өзі тектес басқа объектілерден ерекшеленеді. Басқаша айтқанда, қандай да бір болмасын материалдық объект өзі тектес объектілерге жалпы белгілері ұқсас болғанмен жеке белгілерімен ерекшеленеді.

Объектіні идентификациялау дегеніміз, оны қалдырған кескіні арқылы өзімен сәйкестендіру немесе теңестіру. Объектінің өзімен-өзі сәйкестендірілуі оның қайталанбайтындығының куәсі.

Сонымен, *криминалистикалық, идентификация дегеніміз - нақтылы бір объектінің қалдырған кескінделуі немесе бөлінділерінің көмегімен анықталған теңдігі.*

Идентификация танымдық әдіс ретінде ғылымның басқа салаларында да атап айтқанда: химия, зоология, ботаника, геология, өнертану т.с.с. кеңінен қолданылады.

Криминалистикалық идентификацияның ерекшелігі неде және оның басқа ғылым салаларындағы идентификациядан айырмашылығы қандай деген мәселелерге тоқталатын болсақ, химия, ботаника, минерология т.с.с. салаларда идентификациялау дегеніміз объектінің белгілі бір стандартты классқа, түрге, топқа жататындығын анықтау. Ал криминалистикалық идентификацияның бұдан айырмашылығы, бұнда объектінің жеке теңдігін, яғни нақты бір объектінің өзіне-өзі сәйкестігін анықтайды.

Мысалы, оқиға болған жерден табылған саусақ бедерінің іздері арқылы, нақтылы осы іздерді қалдырған адамды теңестіруге болады; қолжазбадағы (қолмен жазылған құжат, қысқа хат), қолтаңбаны зерттеу барысында, оны орындаған адамды анықтауға болады.

Криминалистикалық идентификацияның ғылыми негіздері материалдық әлемдегі барлық объектілерде болатын мына төмендегі қасиеттермен анықталады:

- 1) жеке даралық (индивидуальность);

- 2) салыстырмалы тұрақтылық (относительная устойчивость);
- 3) объектілердің қоршаған ортада кескінделу (бейнелену) мүмкіндігі.

Объектінің **жеке даралығы** – дегеніміз осы тектес объектінің ешқайсысында жоқ, қайталанбас қасиеті. Криминалистикалық идентификация теориясы негізінде материалдық дүниедегі барлық объектілер қайталанбас, дара деген, диалектикалық теңдік туралы философиялық ілім жатыр. Бұл ілім бойынша барлық белгілері бойынша тең келетін, екі бірдей объект болмайды.

Салыстырмалы тұрақтылық (относительная устойчивость)

Бұл қандайда бір уақыт аралығында объектінің өзінің даралығын сақтау қасиетімен анықталады. Алайда, қоршаған орта, уақыт факторы және тағы басқалардың әсер етуі нәтижесінде объекті белгілерінің өзгеруі болады (мысалы, адам қартаяды, аяқ киім, автокөлік шинасының т.с. тозады)

Дегенмен, белгілі бір уақыт аралығында объектілер өзінің тұрақтылығын сақтап, теңестіру жұмысын жүргізуге мүмкіндік береді.

Объектілердің қоршаған ортада кескінделу мүмкіндігі

Бұның негізіне кез-келген материалдық объектінің немесе құбылыстың қоршаған ортамен әрекетке түсу барысында өзінің кескіндемесін қалдыруы жатады.

Криминалистикалық идентификация теориясында және тәжірибеде кескінделудің екі түрі көрсетілген:

- 1) материалдық түрде бекіген (материально-фиксированный) мысалы, қол саусақ іздері, аяқ киім іздері және т. б;
- 2) идеалды немесе психофизиологиялық (адам ойындағы, есіндегі заттардың, құбылыстардың бейнелері мен суреттелуі).

Объектілерді идентификациялау мақсатында қолданылатын белгілерді *идентификациялық белгілер* деп атайды. Оларды мына төмендегідей жіктеуге болады:

- *жалпы* (объектілердің бір тектес тобын сипаттайтын) және *жеке* (нақтылы объектіні топ арасынан бөліп шығарып, идентификациялауға көмектесетін);
- *сыртқы* (объектінің сырт құрылысын, пішінін, өлшемін көрсететін) және *ішкі* (объектінің ішкі құрылысын көрсететін);

- *сапалық* (түсі, нысаны) және *сандық* (із өлшемі, қару үлгісіндегі ойықтар саны (количество нарезов)).

1.2.2 Криминалистикалық идентификацияның субъектілері мен объектілері

Қылмысты тергеу мен ашу барысында идентификациялық мәселелерді шешетін тергеушілер, сарапшылар, мамандар, сот және басқа да қылмыстық іс жүргізуге қатысушылар криминалистикалық идентификацияның субъектілеріне жатады.

Ал криминалистикалық идентификацияның объектілеріне адамдарды (жәбірленушілер, айғақтар, айыпкерлер және басқалар), әр түрлі материалдық заттарды (қылмыс құралы, көлік құралы, қару-жарақ және т.б.), жануарлар, өсімдіктер, оқиға орны және тағы басқаларды жатқызуға болады.

Идентификация объектісіне тек қатты заттар ғана емес, сонымен қатар сұйық, сусымалы, газ тәріздес заттар да жатады.

Сонымен қорыта айтсақ, криминалистикалық идентификацияның объектісі – жалпы қайталанбайтын идентификациялық белгілер жүйесі мен салыстырмалы тұрақты түрде болатын материалдық заттар болып табылады.

Идентификацияланатын объектілерді криминалистикада екіге бөліп жіктейді:

1) идентификациялауға жататын (идентифицируемый), яғни теңдігі анықталатын объект;

2) идентификациялауға көмектесетін (идентифицирующий) яғни осы объектінің көмегімен теңдігі анықталады.

Мысалы, оқиға болған жерде саусағының іздерін қалдырған адам идентификациялауға жататын объект болады да, ал саусақ іздері идентификациялауға көмектесетін объектіге жатады; қолжазба идентификациялауға көмектесетін объекті ретінде пайдаланып, ал қолтаңбасы (почерк) анықталатын адам идентификациялауға жататын объект болып саналады.

Идентификациялауға жататын объектілер – адамдар, жануарлар, әр түрлі заттар, механизмдер мен қондырғылар, ғимараттар, оқиға орны болуы мүмкін, ал идентификациялауға көмектесетінге идентификацияланатын объектінің сыртқы белгілерінің жиынтығы бар объектілерді жатқызамыз.

Адамдарға қатысты идентификациялауға көмектесетіндерге оның материалды-бекітілген сыртқы белгілерінің кескіндері: әр түрлі іздер (қол, аяқ, тіс т.с.с), олардың фотосурет, пластикалық материалдарға алынған көшірмелері, қолжазбалары, фотобейнелері (фото, кино-бейне құжаттар), сипатталған белгілері, ойдағы бейнелерді жатқызуға болады.

Идентификациялауға көмектесетін объектілердің өзін екіге бөледі:

- пайда болу тегі белгісіз (неизвестного происхождения) заттық дәлелдемелер, мысалы, оқиға болған жерден табылған қол, аяқ іздері;
- пайда болу тегі белгілі (известного происхождения), салыстырмалы зерттеулерге арналған үлгілер.

Үлгі деп тергеушінің немесе сарапшының ҚР ҚІЖК 256-257 бабтарына сәйкес арнайы сарапшылық зерттеулер жүргізу үшін сәйкестікті анықтау мақсатында алған объектілерді айтады.

Мысалы, оқиға болған жерден саусақ іздері табылса онда салыстырмалық үлгі ретінде осы үй иесінің және күдікті адамның саусақ іздерінің көшірмелері алынады.

Айғақ заттардан айырмашылығы, салыстырмалық үлгілерді тергеушінің немесе сарапшының қалауы бойынша кезкелген мөлшерде алуға болады.

Олар алу тәсіліне байланысты еркін (свободный) және тәжірибелік (эксперименталды) болып бөлінеді,

Еркін үлгілер деп тергеліп жатқан қылмысқа қатыссыз пайда болып, идентификациялауға көмектесетін объектілер түрінде қолданатын үлгілерді айтамыз (мысалы, күдіктінің жазған хаттарындағы, күнделіктеріндегі, қызмет құжаттарындағы қолтаңба үлгілері).

Тәжірибелік үлгілер деп тергеушінің, жедел іздестіру қызметкерінің немесе маманның идентификация жүргізу үшін арнайы алған үлгілерін айтамыз.

Мысалы, қылмыстық іске қатысты белгілі бір құжатты жазған адамды табу үшін күдіктіден тергеушінің белгілі бір мөлшерде жаздырған қолтаңбасы, оқиға болған жерден табылған гильзамен салыстыру үшін тексеріліп жатқан қарудан атылған гильза т.с.с.

Объектілерді идентификациялық зерттеу мынандай кезеңдерден тұрады:

1. Объектілерді қарау, шешілетін сұрақтарды анықтау.
2. Бөліп зерттеу, эксперимент.
3. Салыстырмалы зерттеу, идентификациялауға жататын және идентификациялауға көмектесетін объекті белгілерін салыстыру.

4. Нәтижелерге баға беру және қорытынды жасау.

Идентификация жүргізу барысында мынандай нәтижелер алынуы мүмкін:

- а) теңдіктің (тождество) болуын анықтау;
- б) теңдіктің болмауын анықтау;
- в) теңдестіру мүмкіндігі жоқ деген қорытынды (мысалы, белгілердің жеткілікті мөлшерде идентификациялық жиынтығының болмауынан).

1.2.3 Криминалистикалық идентификация түрлері

Сот-тергеу және жедел-ізвестіру тәжірибесінде идентификацияның мынандай төрт түрін ажыратады:

1) Материалдық түрде бекіген кескінделулер бойынша идентификациялау (по материально-фиксированному отображению). Мысалы, саусақ іздері бойынша адамды сәйкестендіру, атылған гильзамен оқтағы іздер бойынша атыс қаруын сәйкестендіру;

2) Біртұтас бөліктер бойынша идентификациялау (целого по частям). Мысалы, жыртылған бөліктері бойынша қолжазбаның бұрын бүтін болғандығын анықтау;

3) Ойында, есінде қалған бейне бойынша идентификациялау (по мысленному образу). Мысалы, тану үшін ұсыну, тергеу әрекеті кезінде жәбірленушінің күдіктіні тануы;

4) Белгілерді суреттеу бойынша идентификациялау (по описанию признаков). Мысалы, адамның сырт келбеті суреттелген іздеу картасы бойынша қылмыскерді салыстыру.

Криминалистикалық идентификация процессуальдық және процессуальдық емес формаларда жүргізіледі.

- процессуалдық (идентификациялық соттық сараптама жүргізу мен тергеу әрекеттері кезіндегі жүргізілетін идентификация);
- процессуалды емес (идентификациялық мәселелерді алды-

нала зерттеу, объектілердің криминалистік тіркелуін тексеру, жедел іздестіру шаралары т.с.с.).

Процессуалдық идентификацияның нәтижелері ресми құжаттарда көрсетіліп бекітіледі. Мысалы, сарапшының қорытындысындағы немесе тергеушінің тануға ұсыну хаттамасындағы идентификация нәтижесінің дәлелдемелік мәні болады.

1.2.4 Топтық тиістілікті анықтау

Криминалистикада топтық тиістілікті анықтау дегеніміз – белгілі бір объектіні, осыған ұқсас, шығу тегі бір, үлкен бір объектілер тобына жатқызу немесе солармен теңестіру.

Зерттеудегі объектіде идентификациялық белгілер жиынтығы болмаған жағдайда бір топтағы объектілерге сай жалпы белгілерді қарастырамыз. Осы арқылы оның белгілі бір топқа жататындығын анықтауға болады. Мұндай жағдайда жіктеу аталатын зерттеудің жеке бір түрі туралы қарастырылады. Кейбір жағдайда зерттеудегі объектінің белгілі бір топқа жататындығын анықтаудың жеке криминалистикалық мағынасы болады (мысалы, пышақты суық қару тобына жатқызу мәселесін шешу). Сондай-ақ белгілі бір топқа жататындығын анықтау әрбір идентификациялық зерттеудің алғашқы кезеңі болып саналады. Салыстырудағы объектілердің жалпы белгілері дәл келгеннен кейін (бұл біртектес топқа жататындығына көз жеткізеді), идентификациялау мақсатында оның жеке белгілерін зерттеуге кіріседі.

Сонымен, белгілі бір топқа жататындығын анықтау деп объектінің нақты топқа, сыныпқа, түрге, яғни біртектес объектілер тобына жататындығын анықтауды айтамыз (мысалы, ұрлық болған жерде табылған бұзу құралынан қалған із бойынша, құрал түрін анықтау).

1.2.5 Криминалистикалық диагностика, оның түсінігі және қылмысты ашудағы маңызы

Криминалистикалық диагностика деп тергеуді жүргізуде оқиға жағдайын, құбылыс немесе фактілер мәнін, зерттеудегі объектінің жағдайы мен қасиетін білікті адаммен анықтауды айтамыз.

Жалпы «диагностика» термині гректің *diagnostikos* - тани білетін деген ұғымды білдіреді. Жоғарыдағыға мысал ретінде, оқиға болған жердегі аяқкіім ізі бойынша адамның шамамен бойын, жынысын, жүру бағыты мен жүріс жылдамдығын, жүк көтергенін, тағы басқа да жағдайларды анықтауға болады.

Криминалистикалық диагностика *объектілеріне*:

- ізделіп отырған (диагностируемы) - қылмыс механизмі, объект қасиеті, жағдайы;
- тексеріске жататын (диагностирующие) - материалдық түрде бейнеленетін және қылмыс механизмін, объект қасиетін, жағдайын сипаттайтын белгілерді жатқызады.

Криминалистикалық диагностика *субъектілеріне* қылмыстың алдын алуда және соттық зерттеу барысында диагностикалық мәселелерді шеше алатын адамдар, яғни, тергеуші, сарапшы, маман, сот және басқалар жатады.

Криминалистикалық диагностика нысандары да идентификациядағы сияқты - процессуалдық (процессуалдық әрекеттер жүргізу кезіндегі) және процессуалдық емес болып бөлінеді.

Криминалистикалық диагностиканың міндеттеріне:

- объектінің қасиеті мен жағдайын анықтау, оның берілген сипатына дәл келуі (дәл келмеуі);
- құбылыс фактісінің мәнін анықтау, объектінің алғашқы күйінің өзгерістері;
- оқиға жағдайын, механизмін және фактілер арасындағы байланысты анықтау жатады.

Криминалистикалық диагностиканың ғылыми негіздеріне:

- оқиғаны, оның бейнелері арқылы білу мүмкіндігі;
- криминалистикалық мағынасы бар ақпараттың пайда болу заңдылықтары;
- қылмыс механизмінің (адам, зат қасиеттерінің) кескінделу модельдері туралы криминалистика ғылымының мағұлматтары;
- криминалистикалық диагностика жасау әдістемесі жатады.

Диагностикалық зерттеу мынандай кезеңдерден тұрады:

- міндетті құрастыру (мысалы, саусақ, аяқ киім, құрал іздері арқылы қылмыскердің әрекетін анықтау);
- іздерде бейнеленген объектілердің белгілерін оқи білу;

- белгілерді зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, процестің немесе басқа объектінің типтік моделін құрастыру;
- типтік модельді табылған белгілермен салыстыру арқылы объект белгілерін, қасиетін, процесс механизмін, құбылысты анықтау.

Диагностикалық зерттеулер көбінесе қылмысты тексерудің бастапқы кезінде қолданылып, іс жүргізу және жедел іздестіру барысында қылмысты тез ашуға көп көмегін тигізеді.

2-бөлім. КРИМИНАЛИСТИКАЛЫҚ ТЕХНИКА

2.1 КРИМИНАЛИСТИКАЛЫҚ ТЕХНИКАНЫҢ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Әдебиеттерде «Криминалистикалық техника» термині жалпы екі мағынада қолданылады. Бірінші мағынасы, криминалистика ғылымының бір бөлімі ретінде болса, екінші мағынасы қылмысты тергеген кезде қолданылатын арнайы техникалық құралдар, тәсілдер жиынтығы ретінде қарастырылады.

Алдымен бірінші мағынасын қарастыратын болсақ, онда криминалистика ғылымының бір бөлігі болып келетін криминалистикалық техника деп:

«Ғылыми ережелер жүйесін, осы жүйеге сүйене отырып дамитын техникалық құралдар, тәсілдер және олардың негізі бойынша қылмысты ашу мен тергеуге қажетті дәлелдемелерді жинауға, зерттеуге және пайдалануға арналған техникалық-криминалистикалық құрал-жабдықтар, әдістер мен тәсілдерді қарастыратын криминалистиканың бір бөлімін айтамыз».

Криминалистикалық техниканың ғылыми негіздер жүйесін, осы бөлімнің мазмұнын ашатын жеке криминалистикалық теория (ілім) құрайды. Өзінің құрамы бойынша криминалистикалық техника мынадай жүйелік элементтерден тұрады:

1. *Криминалистикалық техниканың жалпы негіздері*

Мұнда осы бөлімнің заты, жүйесі, міндеті, сонымен қатар қылмысты тергеуде техникалық құралдарды қолданудың ғылыми және құқықтық негіздері қарастырылады.

2. *Криминалистикалық техниканың жеке теориялары (ілімдері).*

Бұған мына төмендегілерді жатқызамыз:

1. Криминалистикалық фотография және бейне жазу;
2. Издер туралы криминалистикалық ілім (трасология);

3. Қару-жарак, оқ-дәрі, жарылғыш заттар мен оларды қолданудан қалған іздерді криминалистикалық зерттеу;
4. Құжаттарды криминалистикалық зерттеу;
5. Адамның сыртқы бейнесі жайлы криминалистикалық ілім (габитоскопия);
6. Криминалистикалық тіркеу (есепке алу).

Бұл ілімдер бір-бірімен және криминалистиканың басқа да бөлімдерімен тығыз байланыста. Қазіргі заманғы жаратылыс тану, физика, химия, математика, механика, кибернетика және басқа да ғылымдардың жетістіктеріне сүйене отырып, жоғарыда аталған ілімдер қылмыс іздерінің пайда болу механизмін, олардың белгілерін жан-жақты сипаттау нәтижесінде, бір-бірімен және криминалистиканың басқа да бөлімдерімен әрекеттеседі. Атап айтқанда, жалпы теориямен; заты, жүйесі және әдісі туралы іліммен; идентификация және диагностика теориясымен; криминалистикалық тактикамен, әсіресе, тергеулік қарау, тінту, тергеу эксперименті тактикасымен; қылмыстың кейбір түрлерін тергеу әдістемесімен. Сонымен қатар соңғы уақытта криминалистік техниканың басқа да салалары дамып қалыптасуда, оларға: криминалистік одорология (иіс іздері), вокалография мен фоноскопия (дауыс пен дыбыс іздері туралы ілімдер), микрообъектілерді, материалдар мен заттарды криминалистік зерттеу т.с.с. жатқызуға болады.

Енді «Криминалистикалық техника» терминінің екінші мағынасын – яғни қылмыстарды тергеген кезде қолданылатын арнайы техникалық құралдар ретінде пайдалануын қарастыралық.

Қылмысты ашуда қолданылатын техникалық құралдар шығу тегі мен сот ісін жүргізуде пайдалану деңгейіне байланысты 3 топқа бөлінеді:

1. Ғылым мен техниканың басқа салаларында шығарылып қалыптасқан, криминалистикаға алынып, сол күйінде өзгеріссіз қолданылатын әмбебап (универсиалды) техникалық құралдар (мысалы: фотоаппараттар, тұрмыста қолдануға арналған магнитофондар, диктофондар, бейнежазу аппаратуралары, микроскоптар, металіздеуіштер, компьютерлердің, баспа техникасының, жарық түсіргіштердің түрлері т.с.с.);

2. Ғылым мен техниканың басқа салаларында шығарылып қалыптасқан, криминалистикаға алынып қылмыспен күресу

максатында, түрлі бағыт пен деңгейде өзгертіліп қолданылатын техникалық құралдар (мысалы: ультракүлгін және инфракызыл сәуле көздері, С-70 және С- 270 приборлары т.с.с.);

3. Қылмысты ашу және тергеу, іздестіру мен дәлелдеу мақсатында арнайы түрде криминалистикада қалыптасып шығарылған, яғни криминалистиканың «меншікті» құралдары (мысалы: саусақ іздерін айқындауға мүмкіндік беретін дактилоскопиялық ұнтақтар, магниттік жаққыш, салыстырмалы микроскоптар, сараптау жұмысына қажетті компьютерленген бағдарламалар мен жұмыс орындары т.с.с.).

Әдебиеттерде *техникалық-криминаликалық құрал* деген ұғым бар. Техникалық-криминаликалық құрал деп – дәлелдемелерді жинап зерттеу үшін қолданылатын материалдар немесе қондырғыны айтамыз.

Техникалық-криминаликалық құралдар мен әдістер қолдану мақсатына байланысты төмендегідей болып бөлінеді:

- дәлелдемелік объектілерді жинақтау (табу, алу және бекіту) құралдары мен әдістері (мысалы: лупалар, дактилоскопиялық ұнтақтар, реактивтер, көшірме қалыптарын дайындауға арналған пасталар, пластикалық материалдар, арнаулы қобдишалар т.с.с.);
- заттай айғақтарды криминалистік зерттеуге арналған құралдар мен әдістер (лабораториялық жұмыстарды жүргізуге арналған жабдықтар, мыс. «МКС», «МС» типтес салыстырмалы микроскоптар, әртүрлі типтегі рентген аппараттары т.с.с.);
- криминаликалық тіркеу барысында маңызды деректер мен ақпараттарды жинау, өңдеу және жүйелеу үшін қолданылатын құралдар мен әдістер (мысалы: «Папилон», «Сонда», «Дактоэксперт», «Образ плюс», «Образ плюс плюс», «Арсенал» жүйелері т.с.с.).

Криминаликалық техника пайдалану бағытына байланысты:

- қылмысты тергеу мен жедел-іздестіру;
- ғылыми зерттеу мен сараптау;
- қылмыстың алдын алу құралдары мен әдістері болып үш топқа бөлінеді. Криминалистік техниканы қолданушы субъектілер қатарына: тергеушілер, анықтаушылар, крими-

налист-мамандар, сарапшылар, жедел іздестіру қызметкерлері, прокурорлар, соттар, тергеу, сараптау, криминалистік, жедел іздестіру бөлімдерінің басшылары және басқа осыған құқық берілген ішкі істер органдарының қызметкерлері жатады.

Криминалистік техниканың құралдары мен әдістерінің қолдану формалары іс жүргізу түрінде (процессуалдық) тергеу іс-әрекеттерін және сот сараптамаларын жүргізу барысында және іс жүргізу емес түрінде (процессуалдық емес) жедел-іздестіру шараларын жүргізгенде, объектілерді жедел-анықтамалық және криминалистік тіркеу бойынша тексергенде, алдын ала зерттеу, мамандардан анықтама-кеңес көмегін алу барысында қолданылады.

Криминалистік техника құралдары мен әдістерінің қолданылуы іс жүргізу түрінде бекітіліп, қалыптастырылады. Яғни тергеу әрекетінің хаттамасында, сарапшының қорытындысында және басқа да құжаттарда криминалистік техниканың құралдары мен әдістері қолданылғаны туралы көрсетілуі қажет.

Техникалық-криминалистикалық құралдар мен әдістерді қолданудың құқықтық негіздері Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінде көзделген.

Техникалық-криминалистік құралдар мен әдістер мына талаптарға немесе қолдану шарттарына сай болуы қажет:

- тергеушілердің техникалық-криминалистикалық құралдарды қолдану туралы шешім қабылдауда тәуелсіздігі;
- техникалық-криминалистикалық құралдарды қолдану мүмкіндігі;
- әлеуметтік және жаратылыс техникалық сілтемелеріне сәйкес қолдануға ыңғайлы;
- адамның абыройын түсірмейтіндей, адамгершілік нормасына сай келуі қажет;
- ғылыми түрде толық сыналып тексерілген, тиімділігі ғылыми қағидаларға сай дәлелденіп, ұсынылған;
- этика нормаларын бұзбайтындай болуы;
- қолданғанда адам өміріне қауіп-қатер, денсаулығына зиян келтірмейтіндей болуы;
- пайдалану тиімділігі;
- тергеу әрекетіне қатысушыларды, техникалық-криминалис-

- тикалық құралдарды қолдану туралы тергеушінің алдынала ескертуі;
- нормативтік және құқықтық қолдану актілерінде бекітілген болуы.

2.1.1 Тергеу әрекеттерін жүргізгенде қолданылатын техникалық-криминалистикалық әдістер мен құралдар

Іздерді табуға арналған техникалық-криминалистикалық құралдар.

Қылмысты тергеу барысында, оған қатысты деп танылған объектілер және олармен байланысты іздердің барлығы мүмкіндігінше табылуы, тіркелуі және алынуы тиіс. Қылмыс іздері көзге көрінетін, нашар көрінетін және көрінбейтін болып үш түрге бөлінеді. Міне, осындай нашар көрінетін және көрінбейтін іздерді алу үшін арнаулы іздеу техникалық құралдары қолданылады. Міндеттеріне қарай, оқиға болған жерді қарауда қолданылатын техникалық құралдар үш топқа бөлінеді.

1. Оқиға болған жерден іздерді және олардың белгілері мен қасиеттерін табу мақсатында қолданылатын техникалық құралдар.

2. Оқиға болған жерден табылған іздерді бекіту үшін қолданылатын техникалық құралдар.

3. Оқиға болған жерден табылған іздерді алу үшін қолданылатын техникалық құралдар.

Біріншіге шартты түрде мыналарды жатқызуға болады:

1) *жарық беру құралдары* – олар түнде, жарық аз түскен жерлерді, сонымен қатар оқиға болған жерді қарау, фотосуретке түсіру барысында қолданылатын жарықтың түрлі жасанды көздері. Негізінен олардың қатарына тұрмыстық, өндірістік және криминалистикалық арнайы жарық түсіруші құралдарды (мыс. тұрмыс фонариктері, автокөлік фарлары, прожекторлар, жарық беру ракеталары, қозғалмалы фотожарық түсіргіштері, электронды жарық түсіргіш шамдары, портативті ультракүлгін жарық түсіргіштер (УФО), электронды-оптикалық өзгерткіштер (ЭОӨ), инфрақызыл сәуле көздері, жалған банкнотты анықтайтын детекторлар және басқалар жатады) (1 сурет).




а



ә

1-сурет. Тұрмыстық фонарик (а) және ультракүлгін жарық беру құралы ОЛД – 41 (ә).

2) *оптикалық құралдар* – бұлар адам көзінің сезіну диапазонын кеңейтіп, жай көзбен көрінбейтін немесе көмескі көрінетін объектілерді үлкейтіп қарау үшін қолданылатын құралдар. Олардың қатарына: түрлі дактилоскопиялық, өлшеуіш металлографиялық, жиналмалы, штативті т.с.с. лупалар, салыстырушы, стереоскопиялық, бинокулярлық және басқа да микроскоптар жатады (2-сурет).




2-сурет. Бинокулярлық микроскоп.


3) *іздеу құралдары мен жабдықтары* - олар қылмысқа қатысты жасырылған: объектілер мен айғақ заттарды, бағалы металдар мен тастарды, мәйіттерді, қаруды, есірткі заттарын және тағы басқа да объектілерді табу үшін қолданылады.

Оларға мыналарды жатқызуға болады:

а) *механикалық іздеу құралдары* – іздегіш сұқпа темірлер (шұп) (3-сурет), сүйретпелер (трал) (4-сурет), жіпке байланған күршек темірлер «кошка» (5-сурет), және тағы басқалар жатады.



3-сурет. Іздегіш сұқпа темірлер(шұпы).





4- сурет. Сүйретпе трал. А- жинаулы тұрғандағы көрінісі, Б- жұмысқа дайын тұрған кездегі көрінісі.



5-сурет. Жіпке байланған күршек темір («кошка»).

ә) ферромагниттік (қара металдан) жасалған заттарды табу үшін қолданылатын магниттік іздеу құралдары. Олар «Магнито», «Альфоника» маркалы арнайы қоспалардан жасалады. Бұл магниттік көтергіштер 12-50 кг. аралығындағы заттарды көтере алады.




6-сурет. Қара металдан жасалған заттарды іздеп табу үшін қолданылатын магниттік іздеу құралдары.

б) қара және түсті металлдарды табу үшін *электромагниттік* іздеу құралдарын қолданады. Кейде оларды индукциялық ме-

талл іздегіштер деп те атайды. Олардың қатарына: металл, мина іздеуіштер жатады (7-сурет)



а




ә

7-сурет. Индукциялық металл іздеу құралдары.
а) шағын «Гамма» аппараты, ә) мина іздеу құралы.

в) *іздерді табудың химиялық және физикалық құралдары.*

Бұған қол саусақ іздерінің, жалаң аяқтың көрінбейтін немесе нашар көрінетін іздерін табуға арналған әртүрлі ұнтақтар мен реактивтер жатады. Оларға, мысалы, әртүрлі дактоұнтақтар, азотқышқылды күмістің судағы ерітіндісі, ацетондағы нингидрин ерітіндісі, сутегі асқын тотығы, кристалды иод, люминол, родо-мин, «Фосфотест», «Гемофан», цианоакрилаттар және басқаларды жатқызуға болады.



8-сурет. Қолдың іздерін табуға арналған иод трубкасы.
(1-иод буы шығатын трубканың аузы, 2-шыны-мақта, 3-иод кристалдары, 4-вентиль, 5-резина шланг, 6- ауа үрлегіш пульверизатор.

г) мәйіттерді іздеуге арналған приборлар. Мысалы практикада мәйітті іздеуге «Поиск - 1» приборы кеңінен қолданылады.

2.1.2 Қылмыс іздерін бекітудің техникалық-криминалистикалық құралдары

Қылмыс іздерін бекітудің техникалық-криминалистикалық құралдарына мыналарды жатқызамыз:

а) фотографиялық және бейнежазу құралдары (мысалы: «Зенит», «Киев» фотоаппараттары «Panasonic», «Soni» т.с.с. сандық (цифрлық) фотоаппараттары, оларға арналған құрал-жабдықтар: жарық-сүзгіштер, ұзартушы сақиналар, штативтер, ауыстырмалы объективтер т.б.) және бейне таспаға жазу камералары («Panasonic», «Сони», «Тошиба» сияқты бейнекамералар);




9-сурет. Криминалист чемоданының ішінде болатын «Зенит» фотоаппараты және сандық «Olympus» фотоаппараты.



10 - сурет. «Panasonic – М 3500» және «Canon» бейнекамералары.

ә) өлшеуіш құралдар объектілердің өлшемі мен сандық сипатын анықтау үшін қолданылады. Ол үшін сызғыш, масштабты сызғыш, рулетка, транспортірлер, штангенциркульдер, микрометр, бұрыш өлшеуіштер, өлшеуіш циркульдыар, визирлі құралы бар компастар және тағы басқа тұрмыста және өндірісте пайдаланылатын өлшеу құралдары қолданылады. (11-12 суреттер).



а




ә

11-сурет. Транспортір сызғыш (а) және рулетка (ә).



а



ә

12-сурет. Визирлі компас (а) және штангенциркуль (ә).


Дәлелдемелік күші бар табылған іздер туралы ақпаратты бекіту әдісі болып оларды тергеу әрекетінің хаттамасында толық сипаттап жазу, сызба-схемаларын сызып көрсету саналады(мысалы, оқиға болған жерді қарау, тінту мен алу, оқиға болған жерді нақтылап көрсету хаттамалары).

2.1.3 Қылмыс іздерін алудың техникалық-криминалистикалық құралдары

Криминалистикада қалыптасқан ережелерге сәйкес іздер өздері орналасқан объектілермен немесе олардың бөліктерімен бірге алынуы керек (мысалы, ыдыс-аяқ бетіндегі саусақ ізімен бірге алынады). Егер басқабір себептермен ол мүмкін болмаған жағдайда олардың объектідегі көшірме ізі алынады.

Із көшірмесін алуға арналған материалдарды термопластикалық және сұйық компаундтар деп екіге бөлуге болады. Біріншісіне: пластилин, парафин, воск, стено, тез балқығыш металдарды жатқызуға болады. Екіншісіне – гипс, силикаст, латекс, вальцмасса, «К» және «У-1» пасталары жатады.

Көшірмелер дайындау үшін қажетті жапсырма материалдар, әсіресе беткі және көлемдік іздерді бекітіп алу үшін қолданылады.




13-сурет. Із көшірмесін алуға арналған пасталар.

Ол үшін көлемді іздер жапсырма қалыпқа көшіріледі (мысалы, бұзу қаруын қолдану нәтижесінде қалған із гипс, «К», «У-1» силикон пасталарының көмегімен көшіріледі), ал беткі жазықтықтағы іздерден олардың көшірмесі дактилоскопиялық пленкаға, скочка

көшіріледі. Айта кететін жайт, көп жағдайда іздерді бекіту және алу әрекеті бір уақытта бір мезетте жүргізіледі, сондықтан криминалистикалық техниканы табу, бекіту және алу техникасы деп бөлу тек шартты түрде ғана болады. Мәселен, жұмсақ топырақта қалған көлемді аяқ киім ізінен гипстен жасалған көшірмені дайындау, бір мезгілде аталған ізді бекіту мен алудың құралы болып саналады.

2.1.4 Заттық дәлелдемелерді лабораториялық жағдайда зерттеу кезінде қолданылатын техникалық құралдар

Заттық дәлелдемелерді криминалистикалық зерттеу кезінде қолданылатын техникалық құралдарға, алдымен тек лабораториялық жағдайда қолданылатын аппаратураларды айтуға болады. Бұларға: МИС-10, МС-51 сияқты салыстырмалы микроскоптар, электронды микроскоптар; инфра қызыл, ультра күлгін, рентген сәулелерімен объектілерді зерттеуде қолданылатын стационарлы аппаратуралар, фотоаппаратуралар, заттық дәлелдемелерді спектрлік анализбен (эмиссиондық, абсорбциондық) зерттеуде қолданылатын аппарататура; газ, қағаз хроматография әдістерімен объектілерді зерттеуге арналған приборлар, компьютерлік техника және т.б. (14-17 суреттер)



а



Ә

14-сурет. Рентген аппараттары. А - шағын тасмалданатын; Ә-стационарлық аппараттар.

Қазіргі криминалистикалық техника көбінесе, тиесілі әдістің негізінде жатқан құбылыс табиғатына қарай жүйеленеді.

1) морфоанализ, яғни физикалық денелердің ішкі және сыртқы құрылымдарын макро-микро-ультрамикроскоп деңгейлерде зерттеу;

2) заттар мен материалдар құрамын талдау (элементтік, молекулярлық, фракциондық);

3) зат құрылысын талдау;

4) заттың жеке қасиеттерін талдау, соның ішінде физикалық (электрөткізгіштігі, түсі, магнит өткізгіштігі) және химиялық қасиеттері.

Рентген сәулелерінің өтімділік қасиетін пайдаланып, көзге көрінбейтін, мөлдір емес объектілердің ішкі құрылысын зерттеп, оны фотопластинкаға, немесе пленкаға түсіріп алуға болады. Рентген аппараттары криминалистикада мылтық, оқ дәріні тағы басқа жеңіл металдан, ағаштан жасалған объектілерді зерттеуге пайдаланылады. Оқиға болған жерді тінту барысында көрінбейтін немесе құпия орынға тығып қойылған заттарды тауып алу үшін рентген аппараттары кең түрде қолданылады.

Инфрақызыл сәулесінде айғақ заттарды зерттеп қарау үшін электронды-оптикалық өзгерткіш аппарат жасалған. Осы аппарат арқылы, инфрақызыл сәуленің қасиеттерін пайдалана отырып, құжаттарды, химиялық реактивтермен өшірілген жазбаларды, үстіне сия құйып, не басқа бір тәсілдермен көрсетпей тастаған жазуларды оқуға болады. Инфрақызыл сәулелер арқылы қара материалда қалған көзге көрінбейтін оқтан қалған күйені, кейбір жанармайлардың материалда қалған дақтарын ажыратуға болады.

Ультракүлгін сәулелер (400-200 нм) көзге көрінбейтін көріністерді сәулемен әсер етіп қозғау (люминесценциялау) арқылы көріп анықтау үшін пайдаланылады.

Люминесценттік талдау арқылы құрамы әртүрлі заттарды дифференциялауға, көзге көрінбейтін жазбаларды оқуға, кейбір айғақ заттардағы өте ұсақ дақтарды көруге болады.

Атқан адамның қолында қалып қойған оқ-дәрі өнімдерін зерттеуде электронды микроскоппен бірге РЭМ (растрлы электронды микроскоп) пайдаланылады. Жабысқақ лентаға алынған атыс микроіздері РЭМде талданып, сосын заттың элементтік құрамын

анықтау үшін, рентген микро талдағышта зерттеледі. Олардың ішінен қорғасын, сурьма, барий, күкірт элементі құрамдарының табылуы - күдіктінің атыс қаруымен атқандығын айқындайды.

Айғақ заттарды зерттеуде спекторлық талдау методикасы да қолданылады. Бұл тәсіл элементтердің әр атомынан шығатын сәулелердің толқын ұзындығының ерекшеліктерін зерттеуге негізделген. Бір элементтен шығатын сәуле жиынтығы осы элементтің спекторы деп саналады. Осы спектор жиынтығын алу арқылы тексеріліп отырылған объектінің химиялық құрамын біліп, осының негізінде оның нендей зат екендігін анықтауға болады. Спекторлық талдау сапалық және сандық талдау болып екіге бөлінеді. Сапалық талдау арқылы зерттеліп отырған заттың химиялық құрамы анықталса, ал сандық талдауда осы заттардың құрамындағы элементтердің сандық мөлшері анықталады. Спекторлық талдау арқылы сияның, қарындаштың, басқа да бояғыш заттардың құрамын айырып талдауға болады.



15- сурет. Спектрометр.

Автокөлік бояуын, талшықтар мен маталарды идентификациялауда, топырақ объектілерді зерттеуде, суық қару және жарылғыш заттардың сынығы мен жарқыншақтары арқылы теңдестіруде элементтік талдау қолданылады.



16-сурет. Инфрақызыл фурье-спектрометр және спектро-фотометр.


Элементтік анализ зергерлік заттар мен металдардың шығу жерлерін дәлелдеп, қымбат тастарды шын және жасанды түрлеріне ажыратып береді.

Молекулярлы спектроскопия дәрі-дәрмек, есірткі және улану заттарын, азық-түлік өнімдерін, химиялық талшықтар, пластмасс, жанар-жағар май, лак және бояу қабаттарын, резеңке нәрселеріне сараптама жүргізгенде пайдаланылады.



17-сурет. Поляриметр.

Химиялық тәсілдермен заттай айғақ заттарды тексеруде жиі қолданылатын тәсілдердің бірі – газ-хроматографиялық және сұйық-хроматографиялық тәсілдер. Бұл тәсілдерді пайдалана отырып, тексеріліп отырған затта бензин, керосин, не басқа жанармайдың, есірткі заттарының іздерін айыруға болады (18 - суреттер).



18 - сурет. Кристаллюкс газды және «Hewlett Packard Agilent» сұйықты хроматографтары.

Фоноскопиялық материалдардың криминалистік зерттеуінде кибернетикалық әдістер мен тәсілдер қолданылады. Олар: үн таспа мен дауыс қайнар көзін дәлелдеу, түсініксіз сөз және дауыс сигналдарын шифрдан жай сөзге айналдыру, фонграммадағы өзгерістерді(қайта жазылған, монтаж, лентаның тозуы, өшірілуі және т.б.) анықтау үшін пайдаланылады. Фонограммаға жазылған дауыс ортасының криминалистік талдауы дауыс сигналдарын тану мен дәлдеуді қамтамасыз етіп, қайнар көздерінің санын және түрін анықтап, идентификациялайды. Мұндайда күрделі техникалық құралдар, яғни компьютерге қосылған акустикалық спектроанализаторлар және синтезаторлар қолданылады.

Кибернетикалық әдістер өздерінің әмбебаптылығымен көптеген сараптамалар жүргізгенде (жол тәртібін бұзу, ұрлық және т.б.) кеңінен қолданумен бірге, қылмыскерлер мен ұрланған заттарды іздестірудегі криминалистік тіркеу міндеттерін шешу процесінде пайдаланылады. Қазіргі уақытта жоғарыдағы шараларды жүзеге асыру үшін компьютер мүмкіндіктері кеңінен қолданылады.

Сонымен қатар, қарастырылып отырған ғылыми-техникалық құралдар тобына фоторобот, ИКР-2 (идентификационный комплект рисунков), Айденти-кит және басқа да жәбірленушінің немесе куәнің сөздерінен белгісіз қылмыскерді бет келбеті арқылы іздестіру мақсатында қолданылатын құрылғылар мен компьютерлік программалар жатады. Бұл топқа ұрланған заттар мен қылмыскерлер бет келбеті суреттелген фотокөріністерді алу және көбейту құралдары да жатады.

Кейінгі кезде криминалистік зерттеуде математикалық, кибернетикалық, голографиялық тәсілдерді қолдану жөнінде де көптеген жұмыстар жүргізіліп жатыр.

Жазылған текстерді, химиялық реактивтермен өшірілген құжаттарды, көзге көрінбейтін майлы, терлі заттар арқылы пайда болған қолдың іздерін зерттеуде лазер сәулелерін пайдалану да кең өріс алып келеді.

2.2 КРИМИНАЛИСТИКАЛЫҚ ФОТОГРАФИЯ ЖӘНЕ БЕЙНЕ ЖАЗБА

2.2.1 Криминалистикалық фотографияның қысқаша даму тарихы

Фотография деген сөз, грек тілінен аударғанда **«фото»** жарық, **«графос»** жазу, яғни жарықпен жазу деген мағынаны білдіреді. Қазіргі кезде фотография деп арнаулы жарық сезгіш материалдарға жарық түсіру және оны белгілі бір әдістермен өңдеу арқылы суреттерді алуды айтамыз.

Фотографияның алғаш ашылған күні деп 1839 жылдың 7 қаңтары саналады, себебі бұл күні Париж ғылым академиясында Нисефор Ньепс пен Дагердің фотографиялық тәсілді ашқандығы туралы хабарланды. 1841 жылы ағылшын ғалымы Ф.Тоболт біршама жетілдірілген фотографиялық жаңа тәсіл – калотипияны ойлап шығарды. Осы тәсілдің негізінде алғаш рет сатылы негатив-позитивті процесстер жүзеге асырылды. 1840 жылы венгр ғалымы Й.Пецваль фотоаппараттың құрлысын жетілдіру мақсатында геометриялық оптика талабына сай объективті

құрастырып шығарды. 19 ғасырдың 70 жылдарында ағылшын ғалымы Р.Мэддокс фотографияда сапалы әрі қолайлы желатинді жарық сезгіш қабаттарды қолдануды ойлап шығарды. Сонымен қатар жарық сезгіш қабаттар ретінде күміс галогенидтері де қолданыла бастады (AgCl , AgBr , AgI). Осы күміс галогенидтерін шыны, қағаз, пластинка, пленкаға жұқа қабатпен жағу арқылы сапалы фотоматериалдар жасалына бастады.

XIX ғасырдың ортасынан бастап батыс Европа елдерінде қылмыспен күресу мақсатында фотография алғаш рет қолданысқа енгізілді. Фотосуреттер басында негізінен қылмыскерлерді есепке алу үшін қолданылса, кейіннен қылмыскерлерді жедел іздестіру, оқиға болған жерді қарау, табылған белгісіз өліктерді есепке алу және жедел-іздестіру жұмыстарын жүзеге асыру мақсатында қолданыла бастады.

XIX ғасырдың 70 жылдарында аталған мақсаттарды жүзеге асыру үшін әртүрлі фотографиялық арнайы құралдар, ережелер шығаруға талпыныстар жасала бастайды.

Француз криминалисі Альфонс Бертильон бұл сұрақтарға бірінші болып көңіл аударып, сигналдық суретке түсіру және оқиға болған жердегі әртүрлі объектілерді суретке түсіру ережелерін жасап шығарды.

XIX ғасырдың соңында Ресейде дәлелдемелерді зерттеуде фотографиялық әдістерді қолдануды орыстың белгілі криминалисі Е.Ф.Буринский ұсынды.

1903 жылы оның «Құжаттарға соттық сараптама жасау, оларды жүргізу және қолдану» деген өте бір салиқалы еңбегі шықты. Ол бұл еңбегінде зерттеудің фотографиялық әдістерін ғана емес, сонымен қатар өзінің жалпы соттық сараптамаға деген көзқарасын, оның сот өндірісінде оның ішінде азаматтық сот өндірісінде қолданылуын және дамуын болжап баяндайды.

Қылмысты ашып тергеуде фотографиялық әдіс-құралдарды қолдану тәжірибесін 1926 жылы С.М. Потапов өзінің еңбегінде жазып көрсетті. Кейін 1948 жылы баспадан оның үшінші рет толықтырылып басылған «Соттық фотография» деген еңбегі шықты. Өзінің бұл еңбегінде автор соттық фотографияға анықтама бере отырып оның пәнін, жүйесін және оның соттық жедел және соттық фотографиялық сараптама салаларына сипаттама береді.

Бұдан кейінгі жылдарда соттық фотография мәселелері И.И.Софронов, Х.М. Тахо-Годи, Н.А.Селиванов, А.А.Эйсман, Н.С.Полевой, А.И.Устинов, П.Б.Силкин, М.В.Салтевский т.б. жұмыстарында кеңінен қарастырылды.

Тергеу әрекеттерін киноға және бейнетаспаға түсіруге байланысты кейінгі кезде криминалистикалық әдебиеттердің қатары И.Д. Найдис, А.Н. Трофимов, Ю.С.Гапонов, Н.Н.Лысов және тағы басқалардың жұмыстарымен толықты. Қазақстандық авторлардың ішінен А.Ф.Аубакировтың «Криминалистикалық сандық фотография» деген еңбегін атап өтуге болады.

Қорыта айтқанда, осы көрсетілген және де басқа ғалымдардың еңбектерінің негізінде криминалистика пәнінің жаңа саласы - криминалистік фотография қалыптасты деп айтуға болады.

2.2.2 Жалпы фотография негіздері

Криминалистикалық фотография дегеніміз тергеу іс-әрекеттерінде, жедел-ізвестіру және сот сараптамасын жүргізгенде қолданылатын, фотосуретке түсірудің ғылыми негізде анықталып, айқындалған әдістері мен тәсілдерінің жүйесі болып табылады.

Соңғы жылдары ғылым мен техниканың қарқынды дамуына байланысты криминалистикада қолданылатын техникалық құралдар да елеулі өзгерістерге ұшырады. Атап айтатын болсақ криминалистикада бірнеше ғасыр бойы қолданылып келе жатқан дәстүрлі фотоаппараттардың орнын сандық фотоаппараттар ауыстыруда. Әрине, сандық фотоаппараттарды қолдану фотосурет шығару процессін барынша жеделдетіп, сурет шығару процесінен фотопленканы шығару, сумен шаю, бекіту, кептіру сияқты ал суретті фотоқағазға шығару кезінде айқындау, сумен жуу, бекіту, кептіру сияқты операцияларды алып тастауға мүмкіндік береді. Бұл, әрине, криминалист мамандардың уақытын үнемдеп тергеу әрекеттерін тиімді жүргізуге мүмкіндік береді.

Біз, бірақ, осыған қарамастан фотосурет шығарудың классикалық бастамасы ақ-қара түсті фото шығарудың негіздеріне және осы процессті жүрізу үшін қолданылатын қондырғыларға қысқаша тоқтап өтуді жөн көрдік.

Объектілерді фотография арқылы бекіту физикалық және химиялық процестерді қамтыған. Физикалық процесс кезінде объективтің көмегімен суретке түсірілетін объектінің оптикалық кескіні жасалады, ал, химиялық процесті іске асыру барысында осы алынған кескін жарыққа сезімтал қабат үстінде бекітіледі.

Қандай да болмасын бір объектінің фотосуретін алу үшін осы мақсатқа арнайы жасалған оптикалық прибор - фотоаппарат қолданылады.

Фотоаппарат – әртүрлі тетіктер мен механизмдерден тұратын жоғары дәлдікпен жұмыс жасайтын оптикалық прибор. Бұның негізгі тетіктеріне мыналарды жатқызуға болады:

- Объектив;
- Фотоматериалды сыртқы жарық көздерінен қорғайтын жарық өткізбейтін камера;
- Кескін іздегіш (видоискатель);
- Ысырма (затвор);
- Кадрлық терезе;
- Пленка жылжытатын құрылғы;
- Жарық сезгіш материалы бар кассета және т.б.

Барлық қолданыстағы фотоаппараттарды шартты түрде негізгі екі топқа бөліп қарастыруға болады:

- а) жалпы мақсаттағы (әуесқойлық және кәсіби аппараттар);
- ә) арнайы (аэро, рентгендік, стеро т.б.).

Олар бір-бірінен – бейне іздегіштерімен, объективтерімен, басқа да конструкциялық өзгешеліктерімен ерекшеленеді.

Суретке түсірудің жағдайы мен шарттарына байланысты түсіру кезінде әртүрлі қондырғылар мен көмекші құралдар қолданылады. Бұларға: электронды-импульсты жарық бергіштер, штативтер, жарық сүзгіштер, ұзартқыш сақиналар, экспонометрлер және т.б. жатады. Сонымен қатар, фотосуреттер алу үшін жарық сезгіш материалдар да қолданылады.

Жарық сезгіш материалдар деп – фотографиялық бейнелерді алуға арналған материалдарды айтамыз. Бұл материалдар *негативтік* және *позитивтік* деп екіге бөлінеді. Негативтік материалдарға жоғарғы жарықсезгіштік тән және олар суретті түсіруге арналған, ал позитивтік материалдардың жарық сезгіштігі төмен, олар негативтік пленкадан позитив алуға арналған.

Фотосуреттерді (позитивтерді) фотоқағазға басып шығарады. Бұл фотоқағаздарға қызғылт және қызыл түсті сәулелер әсер етпейді, сол себептен оларды айқындау осы сәулелердің жарығында жүргізіледі.

Фотографиялық процесстің схемасы.

Ішіне жарық сезгіш пленка салынған фотоаппарат суретке түсірілетін объектіге бағытталады. Объектінің айқындылығын анықтап келтіргеннен соң суретке түсіру тетігін басады. Міне осы сәтте объектив нақты бір уақытқа ашылады. Объектив арқылы пленкаға жарық түсіру нәтижесінде оның бетінде көрінбейтін, яғни жасырын бейне пайда болады. Осы процесс фотоға түсіру деп аталады.

Жасырын бейне орналасқан фотопленканы арнаулы химиялық ертінділердің көмегімен (айқындауышта – проявитель) айқындап, сумен шайып, бекіткіш ертіндіде (закрепитель) бекітіп, одан соң толық жуып-шайып, кептіру арқылы көрінетінге айналдырады. Бұл жерде жарық сезгіш материалдарға әсер еткен жарық неғұрлым көп болған сайын, соғұрлым жарық сезгіш қабат жылдам қараяды, сол себептен фотопленкада ақ заттар қара, ал қара заттар ақ болып кескінделеді. Міне, осының нәтижесінде біз объектінің негативтік бейнесін аламыз. Бұл процесс негативтік процесс деп аталады.

Негативтен фотографиялық бейне алу, яғни позитив алу –позитивтік процесс деп аталады. Жарық сезгіш қабаты бар фотоқағазға негатив арқылы жарық жібереді. Осының нәтижесінде қағаз үстінде көзге көрінбейтін жасырын фотографиялық бейне пайда болады. Осы бейне көзге көрінетін болуы үшін фотоқағазды айқындауышта өңдеп, сумен шаяды да бекіткіш ертіндіде бекітіп, сумен толық шайып, кептіреді. Осы операциялардың нәтижесінде фотоқағаздың бетінде негативке қарама-қарсы объектінің бейнесі пайда болады, яғни қара түс ақ, ал ақ түс қара болып шығады. Яғни, қандай да болмасын бір объектінің фотосуретін алу мынандай сатылардан тұрады: түсіру, негативтік және позитивтік процестер.

Фотоға түсіру процесінің сатылары.

Фотоға түсіру сатыларын шартты түрде мына төмендегідей бөлуге болады:

1. Фотография құралдарын, фотоматериалдарды таңдау;
2. Суретке түсірілетін объектінің бағыты мен ара қашықтығын анықтау;

3. Жарықты таңдау;
4. Фототүсірімнің экспозициясын анықтау;
5. Фотоға түсіру.

Міне, біз соңғы кездерге дейін кеңінен қолданылып келген дәстүрлі суретке түсіру құралдары мен материалдарына және суретке түсіру процесінің сатыларына қысқаша тоқталып өттік. Жоғарыда аталып өткендей соңғы кездері ғылым мен компьютерлік техниканың дамуына байланысты бұл фотоаппараттарды сандық фотоаппараттар ауыстыруда. Енді осы сандық фотоаппараттар және олардың жұмыс принциптерін қысқаша қарастырып өтелік.

Сандық фотография әдісі.

«Сандық фотография» дегеніміз компьютерлік техниканы қолдану арқылы қоршаған ортадағы объектілердің бейнесін компьютерлік технологияны қолдана отырып алу. Электронды есептеу машиналарының жұмысы алынған ақпараттарды сандық түрде немесе сандық форматта өңдеуге негізделген.

Цифрлық форматтағы фотографиялық процесс схемасының фотобейнелерді алудың классикалық әдісімен көп ұқсастығы бар, себебі сандық фотоаппараттар дәстүрлі фотоаппараттарға тек сыртқы түрімен ғана емес функционалдық жағымен де өте ұқсас.

Сандық фотография технологиясында дәстүрлі фотография процестеріндегіге ұқсас келесі негізгі сатыларды бөліп көрсетуге болады:

1. Фотоға түсіруге дайындық – яғни жарықты, экспозицияны таңдау және экспонирлеу.
2. Алынған бейнелерді компьютерде графикалық программалардың көмегімен өңдеу және редакциялау.
3. Принтер немесе фотопринтердің көмегімен фотобейнелер алу.

Сандық камераларда фотоға түсірілетін объектілердің кадрлық шекарасы кескін іздегіштің (видеоискатель) көмегімен ғана емес осы фотоаппараттағы сұйықкристалды LCD түрлі-түсті дисплейдің көмегімен де анықталады. Бұл өз кезегінде, дәстүрлі аппараттармен салыстырғанда сандық аппараттардың жұмысын ыңғайландырып, тездетеді. Мысалы, сұйық кристалды LCD – дисплейі арқылы түсірілген кадрларды көру режимінде жұмыс істей отырып, сәтсіз түсірілгендерін өшіріп тастауға болады. Осы

дисплейді экранның мәзірі және түсіру параметрлерінің көрсеткіші (түсірілген кадрлардың жылы, күні, саны және тағы қанша кадр түсіруге болатындығы т.с.с.) ретінде де қолдануға болады.

Сандық фотокамераның классикалық камералардан негізгі айырмашылығы – суретке түсірілетін объектілердің кескіні жарыққа сезімтал фотоматериалдардың (фотопенка, фото-плас-тинка) қабатында емес, арнаулы электрондық жарық сезгіш қондырғыда қалыптасады (прибор с зарядовой связью (ПЗС).

Бұл қондырғыны зарядтық байланысы бар прибор ЗБП (ПЗС) деп атайды. Суретке түсіру процессі кезінде - электрондық затвор ашылғаннан кейін ЗБП объектінің оптикалық бейнесін электрлік бейне сигналға өзгертеді.


Сандық фотокамераларда көлемі 6,6x8,8 мм; 18,5x27,5 мм үлкен емес ЗБП чиптер немесе матрицалар қолданылады. Бұл чиптер тұрақты қатармен орналасқан өте кіші размерлі – шамамен 5x5 мкм электродтардан тұрады және олар объектінің бейнелеу элементін (пикселдер) құрайды. Бұл чиптерде электродтар неғұрлым көп болса, объектінің бейнесі соғұрлым көп пикселдер түзеді және осыған сәйкес фотокамераның мүмкіншілігі жоғарылап сапалы суреттер алуға мүмкіндік береді. ЗБП матрицасының әрбір элементі жарықты пропорционалды түрде кернеуге өзгертеді. Бұл кернеу аналогтық-сандық өзгерткішке, содан соң ол сандық-сигналдық процессорға беріледі.

ЗБП алатын кескіндердің көлемі өте үлкен болады, сондықтан суреттерді камераның жадында сақтау үшін JPEG қысып-кішірейту кодегін қолданады. Бұл өз кезегінде кейбір ақпараттардың жоғалуына, ал ол фотосуреттердің сапасының төмендеуіне әкеліп соғады.

Суреттерді сапасын төмендетпейтін TIFF форматында сақтауға болады, бірақ бұл жағдайда аппараттың жадына өте аз сурет сияды.

Сандық фотоаппараттарда ақпараттарды сақтаушы ретінде аппараттың өзіне орнатылған (оперативтік) жады - көлемі 16-32 Мб және сыртқы жады картасы - көлемі 8 Гб дейін қолданылады.

Енді осы сандық фотоаппараттың негізгі тетіктерінің сызбасын қарастыралық.



19-сурет. Сандық камераның негізгі тетіктері. 1- LCD дисплей;
 2-кескін іздегіш (видеоискатель); 3- DSP процессор; 4- АЦП (ADC)
 конвертор; 5-ПЗС (CCD) процессор; 6-объектив;
 7-линзалар; 8-токпен қамтамасыз ету элементтері;
 9-жады картасы (карта памяти).

Сандық фотоаппараттардың жұмыс істеу принциптерімен танысқан соң енді оның негізгі блоктарын және олардың атқаратын міндеттерін атап өтелік:

- 1) LCD дисплей – кескін іздегіш ретінде және суреттерді қарау үшін қолданылады;
- 2) Объектив – жарықты ЗБП (ПЗС)-қа фокустау үшін қолданылады;
- 3) ПЗС (CCD) – жарықты аналогтық сигналға өзгертеді;
- 4) АЦП (ADC) – аналогтық сигналды сандық сигналға өзгертеді;
- 5) DSP – бейнені қалыптастыратын процессор;
- 6) JPEG codes – бейнені қысып кішірейтеді;
- 7) Жады – бейнені сақтайды.

Қандай да болмасын бір объектіні сандық фотоаппараттың көмегімен суретке түсіргеннен соң оны компьютерде графикалық редакторлардың көмегімен өңдеп, түзетеді.

Бұл жерде ескерте кететін жағдай, суреттердің бекітілген ақпараттық мазмұнына қандай да болмасын өзгертулер енгізуге тиым салынады.

Сандық камералардан ақпараттарды компьютердің жадына тасымалдайтын ең көп тараған тәсіл – сандық фотоаппаратты компьютердің сәйкес порттарына жалғау болып табылады.

Сандық фотоаппаратты қолдану арқылы түсірілген фотосуреттерді камераны принтерге тікелей жалғау арқылы немесе ақпараттарды алдынала компьютерге тасымалдап, содан соң принтер арқылы басып шығаруға болады.

Сонымен, осы айтылғандарды қорытындылай келсек, сандық технология криминалистикалық фотографияның қолдану мүмкіндіктерін кеңітіп, фотоақпараттарды тез әрі сапалы өңдеуге мүмкіндік береді.

2.2.3 Криминалистикалық фотография түсінігі және оның тергеу мен сараптамалық тәжірибеде алатын орны

Криминалистикалық фотография осы аталған ғылым жүйесіндегі «Криминалистикалық техника» бөлімінің бір тарауы болып табылады.

Қазіргі кездегі қалыптасқан көзқарас бойынша криминалистік фотографияны қылмысты ашу мен тергеуге байланысты жедел іздестіру, тергеу іс-әрекеттерінде және сот сараптамасында пайдаланылатын, фотоға түсіру құралдары мен әдістерінің ғылыми негізделген жүйесі ретінде қарастырады.

Фотоға түсіру объектілеріне оқиға болған жердегі жағдай мен оның кейбір жеке детальдары, айғақтық заттай дәлелдемелер, қылмыс іздері, адамдар мен олардың мәйіттері және т.б. жатқызуға болады.

Фотографиялық құралдар мен әдістер қылмыстарды ашу, тергеу және алдын алуда қолданылатын көптеген техникалық-криминалистикалық құралдар мен әдістердің ішіндегі жиі қолданылатыны болып отыр. Себебі басқа зерттеу әдістеріне қарағанда (бақылау, сипаттау, суреттеп жазу, өлшемдеу және т.с.с.) фотографиялық әдістемелер оқиға болған жердің мән-жайын, жағдайын, іздерін өзара орналасуын жан-жақты, толық және жоғары дәлдікпен бекітеді.

Криминалистік фотография жекелеген тергеу әрекеттерін, жедел іздестіру шараларын, сараптамалық зерттеулердің барысы мен нәтижелерін көрнекі түрде бекітудің сенімді әдіс-құралы болып табылады. Бұл туралы Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің бірталай баптарында айтылған.

Мысалы, ҚР ҚІЖК 126 бабының 11 тармағында дәлелдемелерді бекіту үшін хаттамалар жасаумен қатар дыбыс жазу, бейнежазба, киноға түсіріп алу, фотоға түсіру, құймалар, таңбалар, жоспарлар, кестелер дайындау және ақпаратты бейнелеудің басқа да әдістері қолданылуы мүмкін деп көрсетілген. Және осы кодекстің 123 бабы ақпаратты қамтитын материалдар, фото және кино суреттер, қылмыстық іс үшін маңызы болса, дәлелдемелер болып танылады дейді. Бұдан басқа фото-бейнежазбаларды қолдану осы аталған кодекстің 84, 222, 224, 232, 238, 239 сияқты баптарында айтылған.

Криминалистік фотография қылмысты ашу және тергеуге қажетті мәліметтерді алуда өзінің көрнектілігімен, жоғары дәлділігімен, шынайылығымен және жағдайды тез бекітуімен ерекшеленеді.

Криминалистік фотография өзінің қолданатын тәсілдері мен әдістері және міндеттеріне байланысты жедел-іздестіру, сот-тергеулік және сараптамалық (зерттеулік) фотографиясы болып үш топқа бөлінеді.

Суретке түсіру мақсаты мен қолдану жағдайына байланысты фотография *бейнелеушілік* (запечатлевающая) және *зерттеушілік* (исследовательская) болып екіге бөлінеді.

Бейнелеушілік фотография оқиға болған жерді қарағанда, заттай айғақ немесе құжаттарды қарауда, тірі тұлғаларды куәландыру жағдайында, тергеу әрекеттерін жүргізуді суретке түсіргенде қолданылады.

Бұл суреттерді түсіруге дәстүрлі фотокамералармен қатар арнаулы және сандық фотоаппараттар қолданылады. Бұл фототүсірілімдердің нәтижелері фотокесте түрінде дайындалып тергеу әрекеттерінің хаттамасына немесе жедел-іздестіру шараларының материалдарына қоса тіркеледі. Алынған суреттер фотоқұжат болып саналады және оның дәлелдемелік мәні болады.

Зерттеушілік фотография айғақ заттарды арнайы зерттегенде (мыс. объектілердің нашар көрінетін және көрінбейтін белгілерін

табу үшін инфрақызыл және ультракүлгін сәулелерде суретке түсіру), сараптама жүргізгенде кеңінен қолданылады.

Сараптама жүргізгенде жасалынған суреттер фотокестеге жапсырылып сарапшының қорытындысына қоса тіркеледі. Бұл фотокестеде қортындыға негіз болған зерттеу нәтижелері мен объектілердің белгілері бейнеленіп көрсетіледі.

Сонымен қатар зерттеушілік фотография әдістеріне: контрасты өзгерту тәсілі, түрлі түстерде ажырату тәсілі, көрінбейтін сәуле спектріндегі түсіру тәсілдері (ультракүлгін, инфрақызыл, люминисценттік фотография, рентгенография, гаммография) және микрофотография жатады.

2.2.4 Бейнелеуші суретке түсірудің негізгі әдістері

Криминалистикалық тәжірибеде бейнелеуші суретке түсірудің жағдайы мен мақсаттарына байланысты панорамалық, өлшеуші, репродукциялық, сигналдық, стерео және макро суретке түсіру әдістері қолданылады.

Панорамалық фотоға түсіру – бұл кәдімгі және арнаулы фотоаппараттың көмегімен бір-бірімен байланысқан кадрларды біріктіріп суретке түсіру.


Осы түсірілген фотосуреттер жалпы бір суретке біріктіріліп – панорама құрастырылады. Бұл әдіс бір кадрға симайтын ұзын, биік үйлерді, ұзын учаскелерді, автотранспорт құралдарының протекторларының іздерін т.с.с. суретке түсіргенде қолданылады. Панорамалық суретке түсіру – горизонтальдық немесе вертикалдық болуы мүмкін.

Панорамалық суретке түсіру – шеңберлік (круговая) және сызықтық (линейная) суретке түсіру әдісі болып екіге бөлінеді.


Шеңберлік панорамамен суретке түсіру бір орында тұрып жүргізіледі. Фотоаппарат штативке бекітіліп, ол өзінің горизонталь осі бойынша айналдырыла отырып суретке түсіреді. Әрбір келесі түсірілген сурет алдыңғы суреттің 10% көлемін қамти отырылып түсірілуі керек. Барлық суреттер бірдей жағдайда (арақашықтық, жарық, ұстаным, диафрагма т.б.) түсіріледі. Суретке түсіру 50 м кем емес қашықтықта жүзеге асырылады (20 - суретті қараңыз).

Сызықтық панорамамен суретке түсіргенде фотоаппарат түсірілетін объектіге параллель бағытта қозғалтыла отырғызылып жүргізіледі.

Бұл әдісте де шеңберлік панорамамен суретке түсіруге қойылатын талаптар бойынша суретке түсіру жүзеге асырылады, тек аппаратты объектіге параллель түзу бағытта, тұрақты ара қашықтықта ұстау керек.



20-сурет. Шеңберлік панорамалық суретке түсіру схемасы.



21-сурет. Сызықтық панорамалық суретке түсіру схемасы.

Мына төмендегі суретте сызықтық панорамалық суретке түсіру әдісі арқылы түсірілген ғимараттың суреті көрсетілген.



22- сурет. Сызықтық панорама әдісін қолданып түсірген фотосурет.


Панорамалық суретке түсіру әдістерін қолдана отырып, оқиға болған жердің суретін, тінту, тергеу эксперименті т.с.с. тергеу әрекеттерінің фотосуреттерін алуға болады.

Стереопhoto түсірім – заттардың көлемдік (үш өлшемдік) суретін алуға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде олардың формасы, өзара орналасуы туралы мәліметтер алуға мүмкіндік береді.

Стерео фотоларды арнаулы стерео фотоаппараттар немесе стерео қондырғысы бар жай фотоаппараттарды қолдану арқылы алуға болады.

Бұл техникалық жағынан орындалуы күрделі әдіс, сол себепті ол жарылыс, өрт, катастрофа сияқты әртүрлі бейберекет көп заттар мен адамдардың мәйіттері шашылып жатқан жерлерді суретке түсіру үшін қолданылады.

Әдетте тергеушілер стереофотосуретке түсіруді шолушы (обзорный), тораптық (узловой) және егжей-тегжейлік (детальный) суреттерді алу үшін қолданады.



23-сурет. Екі объективті стереофото түсіруге арналған фотоаппарат.

Өлшемдік фототүсірім – бұл объектілердің көлемі мен оларға дейінгі ара қашықтықты есептеп шығуға мүмкіндік беретін суретке түсіру әдісі. Өлшемдік фотография өз кезегінде масштабтық және метрлік болып екіге бөлінеді.


Масштабтық суретке түсіру әдісі объектілердің көлемін (ұзындығы, ені және биіктігін) анықтауға мүмкіндік береді. Бұл әдісті құжаттарды, заттарды, қылмыс құралдарын іздерді және басқа да айғақтық заттарды суретке түсіру үшін қолданады.

Масштабтық суретке түсіру кезінде суретке түсірілетін объектінің жанына масштабтық сызғыш қойылады. Осы суретке түсіру әдісіне мынандай талаптар қойылады:

а) масштабтық сызғышты объектінің жанына бір жазықтықта қою керек, яғни егер объекті ірі көлемді болса, онда сызғыштың астына бір нәрсе қойып осы заттың жазықтығымен теңестіреді.

ә) фотоаппараттың оптикалық осі суретке түсірілетін бетке перпендикуляр болуы керек.

Масштабты суретке түсіру кезінде түсірілетін объектілердің кейбір детальдарын жауып қалмау үшін масштабты оның үстіне қоймау ұсынылады.



а



б

24-сурет. Масштабтық суретке түсіру әдісі бойынша түсірілген сюрикеннің (а) және кедергіге тиіп жаншылған оқтың (б) суреттері.

Метрлік түсіру – суретке түсірілген объектілердің көлемін анықтау үшін ғана емес, осы объектіге дейінгі ара қашықтықты анықтап білу үшін қолданылатын әдіс.

Масштаб ретінде ұзындығы 10 м болатын қағаз ленталар немесе көлемі 50x50 см болатын квадраттар қолданылады. Бұл ленталар ақ және қара түсті сызықтармен бөлініп белгіленеді. Лентаны объективтің алдындағы жазықтықта еденге қойып түсірілетін объектіні тереңдік масштабта суретке түсіреді. Бұл әдіс көбінесе жол-көлік оқиғасын, адам өлтіру және тағы да сол сияқты қылмыстарды тергеу кезінде қолданылады.

Репродукциялық фото түсірім – чертеждер, мәтіндер, кестелер сияқты жайпақ объектілердің фотокөшірмелерін алуға арналған. Тергеу практикасында бұл әдіс құжаттардың фотокөшірмелерін және қажет болған жағдайларда фотосуреттердің көшірмелерін алу үшін қолданылады. Құжаттарды репродукциялау фотоаппараттың көмегімен және контактылық әдіспен жүргізілуі мүмкін. Мұндай мақсатта бұрын УЛАРУС– 2, С-64 сияқты арнайы құрылғылар қолданылған. Ал қазіргі қолданылып жүрген сандық фотоаппараттарда осы режимде түсіру үшін қолданылатын арнаулы функциялар бар.



25-сурет. Репродукциялық суретке түсіруге арналған шағын С–64 қондырғысы.

Макрофотография - бұл әдіс кішкентай заттарды олардың детальдарын, іздерді үлкейтіп немесе сол қалпында түсіруге мүмкіндік береді. Тергеу және жедел-іздістіру әрекеттері кезінде, бұл тәсіл оқиға болған жердегі табылған ұсақ заттарды: гильза, оқ, қол саусақ іздері, бұзу құралдарының іздері және т.с.с. объектілерді түсіру барысында жиі қолданылады. Бұрын макрофотография көбінесе «Зенит» фотоапаратына ұлғайтқыш сақиналарды жалғап түсіру арқылы жүргізілді. Ұлғайтқыш сақиналар фотоапараттың фокустық ара қашықтығын ұзартып, түсірілетін объектілерді үлкейіп көрсетуге мүмкіндік береді.


Макрофотография - трасологиялық, баллистикалық және құжаттарды техникалық зерттеу сараптамаларын жүргізуде қолданылуы мүмкін.

Тану үшін көрсетуге суретке түсіру әдісі (сигналетическая или опознавательная фотосъемка) – іздеуде жүрген және қылмыстық тіркеуде тұрған тұлғаларды тануға көрсету үшін, тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде адамдардың, мәйіттің жеке басын анықтау және оларды қылмыстық тіркеуге алу мақсатында қолданылады.

Әдетте *тірі адамдарды тану үшін суретке түсіру* екі түрлі әдіспен жүзеге асырылады: 1) қарсы алдынан (фас); 2) оң жақ

қырынан (профиль). Егер суретке түсірілетін тұлғада қандай да бір болмасын ерекше белгілер болатын болса (мысалы, қал, тыртық т.б.), онда оны екі жақ қырынан суретке түсіреді.

Суретке түсіру кезінде танылушы адам бас киімсіз және көзілдіріксіз, шашы маңдайын, құлағын жауып тұрмайтындай болуы керек. Танылатын адам басын вертикал қалыпта тік ұстап отыруы және суретке түсіру кезінде объективтің осінен ойша жіберілген сызық оның көзінің сыртқы бұрышы мен құлақ қалқанының үстіңгі бөлігін тігінен қиып өтуі керек.



26-сурет. Тану үшін көрсетуге суретке түсіру процесінің схемасы.


Әдетте тану үшін тұлғаның кеудесіне дейін түсірілген екі суреті (анфас және оң жақ қырынан) жасалып шығарылады. Кей жағдайларда тану үшін, қосымша, тұлғаның сол жақ қырымен отырған және түрегеп тұрған суреті дайындалады. Суреттер адамның беті өзінің нағыз көлемінің 1:7 қатынасындағыдай масштабта дайындалуы тиіс. Бұл үшін қарама-қарсы отырған суретті дайындаған кезде көзінің қарашықтарының арасын 1 см етіп шығару керек.



27-сурет. Сезіктіні тану үшін көрсетуге фотосуретке түсіру.

Мәйітті тану үшін суретке түсіру

Мәйітті тану үшін суретке түсіру – оның табылған жерінде немесе мәйітханада жүзеге асырылады. Бұл суретке түсіру тірі адамды суретке түсіру әдіс-тәртібі бойынша жүзеге асырылады. Егер мәйіттің беті адам танығысыз болса, онда сот-медицина саласының маманы мәйітке арнайы әрлеу жұмысын жүргізеді. Мәйітті столдың үстіне шалқасынан жатқызып үстінен бетпе-бет, қырынан (оң және сол жақ қырынан) және басының екі жағының $\frac{3}{4}$ бұрылымында суретке түсіреді. Мәйітті табылған кезде қандай киімде болса сол киімімен суретке түсіреді. Егер мәйіттің үстінде ешқандай киім болмаса оны тануға көрсету үшін бөтен адамның киімін кигізуге болмайды. Мұндай жағдайда мәйіттің денесін ма-тамен жауып суретке түсіреді.



28-сурет. Мәйітті тану үшін көрсетуге суретке түсіру процесінің схемасы.

Фотоға түсірудің жеке тәсілдері.

Әртүрлі тергеу іс-әрекеттерін жүргізу кезінде түсірілетін объектілердің ерекшеліктерін, олардың өзара орналасуы туралы толық мәліметтер алу үшін суретке түсірудің әртүрлі тәсілдерін атап айтқанда, *бағдарлаушы* (ориентирующий), *шолушы* (обзорный), *тораптық* (узловой), және *егжей-тегжейлі* (детальный) қолданады. Бұл әдістер суретте алынған фотоматериалдарды белгілі бір ретпен жалпыдан жекеге жүйелеп осы суреттердің мәнін ашуға мүмкіндік береді.


Суретке түсірудің әртүрлі әдістері әдетте көптеген тергеу әрекеттерін жүргізгенде, атап айтар болсақ: тінту, тергеу эксперименті, тануға ұсыну және т.б. қолданылады.

Бірақ та, осы әдістер оқиға болған жерді қарау кезінде толық көлемде және жиі қолданылады.


Бағдарлаушы суретке түсіру – бұл оқиға болған жерді немесе қандай да бір болмасын объектіні қоршаған ортадағы заттар мен жағдайларды толық қамтып суретке түсіру. Бағдарлаушы суретке түсіру әдісінің негізгі мақсаты - оқиғаның нақты қай жерде болғандығын бағдарлап білу, яғни қылмысқа ешбір қатысы болмаса да, оқиға болған жердегі жылжымайтын объектілерді (мыс. өсіп тұрған ағаш, бағаналар т.б.) айналамен қамтып қоса түсіру. Бағдарлаушы суретте оқиға болған жердің учаскесі, территориясы, оны қоршап тұрған объектілер, келіп-кету жолдары, сол жердің кедір-бұдыр бедерлері анық көрініп тұратын болуы керек (29-сурет).

Бұндай суреттер тергеушінің тандауы бойынша, оқиға болған жерден жеткілікті арақашықтықта әртүрлі нүктелерден түсіріледі. Әдетте мұндай суретке түсіру шеңберлік немесе сызықтық панорамалық әдістерді қолдану арқылы жүргізіледі. Мына төмендегі суретте оқиға болған жердің бағдарлаушы суреті көрсетілген. Тергеу әрекеттерін жүргізетін орын немесе оқиға болған жер фотосуреттің ортасында орналасуы керек.

Шолушы суретке түсіру – бұл оқиға болған жерді немесе объектіні қоршаған ортадағы жағдайсыз түсіру. Шолушы сурет – бағдарлаушы суретке қарағанда жақын қашықтықтан түсіріледі. Бұл әдіс бойынша суретке түсіру кезінде фотоаппарат оқиға болған жердің толық көрінуіне немесе оның көп бөлігінің көрінуіне мүмкіндік беретін нүктеге орналастырылады. Суретте криминалистикалық маңызы бар объектілер анық көрінуі керек. Бұл объектіні әр түрлі нүктелерден, кей жағдайларда қарама-қарсы нүктелерден түсіру арқылы жүзеге асырылады. Шолып түсіру арқылы оқиға болған жердің нақты жағдайын анықтап, онда орналасқан заттар туралы шынайы мәліметтер алуға болады.




29-сурет. Оқиға болған жердің бағдарлаушы суреті.



30-сурет. Оқиға болған жердің шолушы суреті.

Тораптық суретке түсіру – оқиға болған жердің маңызды учаскелерін, объектілерін, қылмыс әрекеттерінің іздерін ірі масштабта түсіру әдісі (мыс. сындырып-бұзу орны, мәйіттің жатқан орны, заттар жасырылған құпия орын т.б.). Объектілер суретте олардың формаларын, көлемдерін, іздердің өзара орналасуын анықтау мақсатында үлкен масштабта бейнеленеді. Бұл суреттерде байқау хаттамасында сипаттап жазуға қиындық келтіретін объектілер туралы ақпараттар барынша көп мөлшерде көрінуі керек. Мұндай суретке түсіру масштабты қолдану арқылы, ал кей жағдайларда панорамалық әдісті қолдану арқылы (мысалы, апат,

өрт болған жерлер) жүргізіледі. Бұл жерде суретке түсіру нүктесі іс үшін маңызы бар объектілер мен учаскелерді толығымен қамтитын жерлерден таңдалады.




31-сурет. Оқиға болған жердің тораптық суреттері.

Детальды (егжей-тегжейлі) фотоға түсіру айғақтық заттар мен іздердің сыртқы белгілерін бейнелеу үшін қолданылады.

Бұл әдіс қару-жарак, оқтар, гильзалар, қылмыс құралдары мен олардың қолдану іздері, транспорт, қол, саусақ, аяқ іздері және басқа да іс үшін криминалистикалық маңызы бар ақпараттарды бекітуде қолданылады.

Осы әдіспен суретке түсіру барысында кадрда айғақ зат ретіндегі объект немесе оның бөлігі көрінетіндей қашықтық таңдалады. Бұл тәсілді әрқашан масштабтық суретке түсіру ережесін қолдана отырып жүргізеді.



32-сурет. Оқиға болған жерден табылған құлыптың *детальды* суреті.

2.2.5 Тергеу әрекеттерінің жүргізу барысын және криминалистикалық объектілерді суретке түсіру ерекшеліктері

Қандай да бір болмасын тергеу әрекетін жүргізу кезінде осы жүргізілген жұмыстың нәтижелерін бекіту үшін фотосуреттерге түсіру өте жиі қолданылады. Фотоға түсіруді тергеу және жедел-ізвестіру қызметкерлері, не болмаса олардың жеке тапсырмалары бойынша арнайы мамандар жүргізеді.

Қылмыстарды ашу және тергеу барысында нақты фактілерді бекіту арқылы, фотосуреттер фотоқұжат ретінде қылмыстық істерді жүргізу барысында дәлелдемелердің бірден-бір көзі болып табылады.

Оқиға болған жерді суретке түсіру – бұл оқиға болған жердегі жағдайды, ондағы заттарды, табылған іздерді, мәйіттерді, қылмыс құралдарын және т.б. бекіту мақсатымен жүргізіледі. Оқиға болған жерді суретке түсіргенде жоғарыда көрсетілген: *бағдарлаушы, шолушы, тораптық, және детальды* түсіру әдістері қолданылады.

Фотосуреттер хаттамаларда жіберілген қателерді немесе толық көрсетілмеген жерлерін фотокөріністерінде толықтырады.

Тергеу экспериментін түсіру.

Тергеу эксперименті іс үшін маңызы бар мәліметтерді зерттеліп отырған оқиғаның белгілі бір әрекеттерін, жай-жапсарын, мән-жайларын қайта жаңғырту және тәжірибе жүргізу арқылы тексеру мен нақтылау мақсатында жүргізіледі. Эксперимент жүргізу кезінде, атап айтқанда, әлде бір фактілерді қабылдау, жекелеген әрекеттердің жасалу, әлде бір оқиғаның болу ықтималдығы тексерілуі, сондай-ақ болған оқиғаның реті және іздердің пайда болу тетігі анықталуы мүмкін (ҚР ҚДЖК 239 б.).

Бұл бұрын болған оқиғаның жағдайын, оның негізгі кезеңдері мен нәтижесін көрнекі түрде көрсетіп бекіту үшін қолданылады. Тергеу экспериментін жүргізу арқылы тергеліп отырған оқиғаның механизмін, қандай да бір әрекетті жасау мүмкіндігі т.б. анықталады. Мысалы, бұл тергеу әрекетін жүргізу барысында күдіктінің осы терезеден қылмыс жасалған жерге кіру мүмкіндігі т.с.с. әрекеттердің жасалу мүмкіндігі оқиға болған жерде экс-

перимент жасалу арқылы тексеріліп фотосуретке түсіру арқылы бекітіледі. Қажет болған жағдайларда, эксперимент жүргізілетін жерді бұрынғы қалпына келтіру жұмыстары жүргізілсе, бұл жұмыстар жүргізілмес бұрын және жүргізілгеннен кейін де суретке түсіріледі.

Тінту барысын суретке түсіру.

Тінту іс үшін маңызы бар заттарды немесе құжаттарды табу және алу мақсатында жүргізіледі. Бұл тергеу әрекеті іздестіріліп жатқан адамдарды немесе мәйіттерді табу үшін де жүргізілуі мүмкін. Фотоға түсіру тінтудің нәтижесін бекітетін негізгі құралдардың бірі болып табылады. Бұл тінту жүргізілген жерді, табылған құпия орындарды және ондағы жасырылған заттарды сол табылған күйінде және осы тергеу әрекеті барысында алынған заттарды фотоға түсіру арқылы жүргізіледі.

Айғақтарды оқиға болған жерде тексеру мен нақтылауды түсіру.

Оқиға болған жерде айғақтарды тексеру мен нақтылау бұрын жауап алынған адам зерттеліп отырған оқиғаның жай-жапсары мен мән-жайларын оқиға болған жерде жаңғыртуу, іс үшін маңызы бар заттарды, құжаттарды, іздерді тауып, көрсетуі, белгілі бір іс-қимылды бейнелеп көрсетуі, зерттеліп отырған оқиғада қандай заттардың қандай рөл атқарғанын көрсетуі, оқиға болған орынның өзгеруіне назар аудартуу, өзінің бұрынғы айғақтарын нақтылауы және айқындауы мақсатында жүргізіледі.

Бұл тергеу әрекетін жүргізу барысын бекітуде де криминалистік фотография мен бейне жазу кеңінен қолданылып келеді. Аталған тергеу әрекетін түсіру барысында, тексерілетін тұлғаның оқиға болған жердегі жауаптары, іс-қимылдары, жүріс-тұрысы, оқиғаның қалай болғанын көрсетуі бекітіледі және оны фотоаппаратпен түсіру мен қатар бейнетаспаға да жазуға болады. Оқиға болған жерде бірнеше адамның айғақтарын бір уақытта тексеру мен нақтылауға жол берілмейді. Егер де бірнеше тұлғаның жауаптары тексерілетін болса, онда келесі түсірулерді де алдында қолданған жерлерден түсіруге тырысу керек. Әрбір тұлғаның көрсетулерінің түсірім нүктелері хаттамаға бекітіліп схемада көрсетілуі тиіс. Бұл тергеу әрекетін түсіргенде де *бағдарлаушы*, *шолушы*, *тораптық*, және *детальды* түсіру әдістері қолданылуы қажет.

Қуәландыру әрекетін суретке түсіру.

Адам денесіндегі ерекше белгілерді, қылмыс іздерін, денсаулығына келтірілген зиянның белгілерін анықтау, мас болу жағдайын немесе іс үшін маңызы бар өзге де қасиеттер мен белгілерді анықтау үшін, егер бұл үшін сараптама жүргізу талап етілмесе, сезіктіге, айыпталушыға, жәбірленушіге және куәға қуәландыру жүргізілуі мүмкін (ҚР ҚІЖК 226 б.).

Фотосуретте олардың денесіндегі ерекше белгілері мен жарақаттары, олардың орналасуы, киімдеріндегі басқа да іздер бекітіледі.

Түсірілген фотосуреттер хаттамада түсіндірме мәтінмен жазылып баяндалады.

Тануға ұсынуды суретке түсіру.

Бұрын көрген адаммен немесе объектімен ұқсастықты немесе айырманы анықтау мақсатында тергеуші тану үшін куәға, жәбірленушіге, сезіктіге немесе айыпталушыға адамды немесе затты көрсете алады. Тану үшін мәйіт те көрсетілуі мүмкін (ҚР ҚІЖК 228 б.). Танылуға тиіс адам тануға қатыстырылатын адамға жынысы бір, сыртқы пішіні мен киімінде айтарлықтай айырма жоқ басқа адамдармен бірге көрсетіледі. Тану үшін көрсетілетін адамдардың жалпы саны кемінде үш адам болуы керек. Бұл ереже мәйітті тануға қолданылмайды.

Тануға ұсыну – тергеу әрекетін түсіру кезінде, алдымен тануға ұсынылатын барлық адамдар түсіріледі, содан соң танылған адам сигналдық суретке түсіру әдісінің ережесі бойынша (қарсы алдынан, оң және сол жақ қырынан) суретке түсіріледі, егер де тануға объектілер (заттар, киімдер, бұйымдар және т.с.с.) көрсетілетін болса, бұл жерде де барлық объектілер тану кезінде алғашында бірге түсіріліп, сонынан танылған затты бөлек түсіреді. Бұл жерде де түсіруді фотоаппаратпен немесе бейнежазу әдісімен жүргізуге болады. Түсіру нәтижелерін іс жүргізу тұрғысында бекітіп, қылмыстық іске тіркейді.

Егер тірі адамды, яғни адамның өзін тануға көрсетуге мүмкіндік болмаған жағдайда, тануды фотосурет арқылы да жүргізуге болады. Танылатын адамның суреті оған ұқсас басқа тұлғалардың суретімен бірге тануға ұсынылады. Бұл суреттердің саны үштен кем болмауы керек.

Тірі адамдарды суретке түсіру.

Тірі адамдарды суретке түсіру қылмыскерлерді криминалистикалық тіркеуде, тануға ұсынғанда, тұлғаны сарапшылық тануда және куәландырудың нәтижелерін бекітуде кеңінен қолданылады.

Мәйітті суретке түсіру.

Мәйітті суретке түсіргенде оның табылған орнын, жай-күйі жағдайын, киімін, денесіндегі зақымдарды толық бейнелеп суретке түсіреді.

Мәйітті үстіңгі бет жағынан толық түрін төрт бұрышынан және қарама-қарсы екі жанынан түсіреді. Егер де мәйіт табылған жердің көрінісі бір кадрға сымаса, онда оны панорамалық тәсілмен суретке түсіреді. Мәйіттің үстіндегі зақымдарды (жарақаттар, көгерген жерлері, қанның дақтары) масштабтық сызғышты зақымның қасына қойып егжей-тегжейлі суретке түсіру тәсілімен түсіреді. Сонымен қатар, мәйіттің ерекше белгілері, атап айтқанда, тыртықтары, қалдары, татуировкалары да үлкен масштабпен суретке түсіріледі.

Мәйіт алғашқы табылған кезде қандай жағдайда болса (мыс. үсті-басы лас, кір, қан т.б.), суретке сол күйінде түсіріледі, тек содан кейін ғана соттық медициналық мамандардың көмегімен мәйітке әрлеу жұмыстарын жүргізіп, тағы да суретке түсіреді.

Кім екені белгісіз мәйітті суретке түсіру сигналдық, яғни тануға көрсету үшін суретке түсіру әдіс тәртібімен жүзеге асырылады. Танылмаған мәйіттің суреті іздестіру картасымен бірге қылмыстық тіркеу органына жіберіледі.

Іздер мен айғақ заттарды суретке түсіру.

Іс бойынша дәлелдемелік мәні бар объектілерді бекіту үшін іздер мен айғақ заттарды суретке түсіреді. Алғашқыда заттай дәлелдемелер табылған жері мен орналасу жағдайы, сыртқы бейнесінің жалпы және жеке белгілері көрсетіле отырып фотоға түсіріледі. Тораптық суретке түсіру арқылы айғақтық заттарды ғана емес, оны қоршаған заттарды да суретке түсіреді. Содан соң айғақты заттарды *детальды* суретке түсіру әдісімен фотоға түсіреді.

Іздердің суреті.

1. *Қол іздерін* суретке түсіру әдетте екі сатыда жүзеге асырылады. Алдымен қол іздері табылған заттың сол іздермен қоса

жалпы бейнесі, содан соң іздің өзі суретке түсіріледі. Қолдың іздері ірі масштабты суретке түсіру әдісімен түсіріледі. Қол іздерін ойдағыдай түсіру үшін түсірілетін жарықтың маңызы зор. Жалпы алғанда, кез келген жарық көзі қолданылуы мүмкін, бірақ бір нүктеге жарық беретін құралды қолдану тиімдірек болады.

2. Аяқ (аяқ киім) және көлік іздерін суретке түсіру.

Бұл жерде іздердің жиынтығын да, жеке іздерді де суретке түсіреді. Бір-бірімен байланысқан қатар бірнеше іздерді (із жолдары) және транспорт құралдарының едәуір ұзын жолдарын түсіргенде сызықтық панорама әдісін қолданады. Фотоаппараттың оптикалық осін жазықтыққа перпендикулярлы орналастырып, іздің үстінен суретке түсіреді. Суретке түсіру, объектімен бір жазықтыққа сантиметрлік масштабты (мысалы, жұмсақ метр) орналастыру арқылы жүргізіледі. Аяқтың жеке іздері олардың формасы мен размерін, сондай-ақ, іздің жеке белгілері мен ерекшеліктерін бекіту үшін суретке түсіріледі. Көліктердің ізін суретке түсіргенде протектордың анық суреті бар немесе ерекше белгілері бар учаскелеріне көңіл аударады.

Жарықты объектіге – тура және жанынан бағыттайды. Тура жарық іздің формасын түсіруге, ал жанынан түсірілген жарық - оның негізгі белгілерін бекітуге мүмкіндік береді.

Фотоға түсіру масштабтық суретке түсіру әдісі арқылы жүзеге асады. Сызғышты іздің түбіндегі жазықпен бірдей қылып орналастырған жөн. Ол үшін кейбір жағдайда, іздің қасынан тиісті тереңдікте ор қазып, түбіне сызғышты қояды.

3. Бұзу құралдары мен құрал-сайман іздерін суретке түсіру.

Алдымен мұндай іздерді, олардың орналасқан орнын анықтау үшін тораптық суретке түсіру ережелері бойынша фотоға түсіреді. Бұдан кейін іздердің өзін масштабты суретке түсіру әдісімен және максималды масштабта түсіреді. Бұл жерде іздің формасына және із қалдырған құралдың ерекшеліктері мен нысандары туралы болжауға мүмкіндік беретін, оның ерекше белгілеріне аса көңіл бөлінеді. Бұл белгілерді анық түсіру үшін аралас жарық түсіру тәсілін, яғни тура және жанынан түсірген жарық қолданылады.

Құжаттарды фотоға түсіру – олардың жалпы түрін бекіту, егер құжат жасанды болса, оның әртүрлі жасандылық өзгерістерін тауып бекіту, нашар көрінетін және көрінбейтін жазуларын

көрінетіндей етіп көрсету және құжаттардың фото көшірмелерін көбейту үшін кеңінен қолданады. Құжаттардың фотокөшірмелерін алумен қатар олардың кейбір жеке фрагменттерінің суреттерін (мөр, қойылған қол, мәтіннің үзіндісі) алуға болады.

Құжаттардың жалпы түрін, оның нақты ерекше белгілерін көрсетіп бекіту үшін фотосуретке түсіреді. Бұндай фотографияда құжаттың толық түрі, жазылған мәтіннің ерекшеліктері, мөрлері, сызықтары, бұзылған жерлері болса (жыртылған, майыстырылған іздері, тозған т.с.с), оларды да қажет болса, үлкейтілген көлемде түсіріледі. Жасанды құжаттарды суретке түсіруде фотографиялық түсірудің арнайы тәсілдері қолданып жүргізіледі. Мысалы, арнайы жарық көздерін қолдану арқылы, жарықсүзгіш фильтрлерді қолдану, көрінбейтін спектр сәулелерінде түсіру және т.с.с. Құжаттың бетіне жанынан түсетін арнайы жарық түсіру, көрінбейтін басылған штрихтар мен тазарту іздерін фотографияға түсіруге мүмкіндік береді. Мәтіннің алғашқы жазуларын өзгертіп, үстінен қосымша жазылған жазуларды жарықсүзгіш фильтрлерді қолдану арқылы тауып бекітуге және нашар көрінетін немесе ескіріп көрінбей қалған жазуларды көріп, оның көріністерін фотографияға түсіріп алуға болады.

2.2.6 Зерттеулік суретке түсіру әдістері

Криминалистикалық объектілерді зерттеген кезде бейнелеушілік суретке түсіру әдістерімен қатар зерттеулік фотография әдістері де кеңінен қолданылады. Бұл әдістер көбінесе зертханалық жағдайларда оның ішінде криминалистикалық сараптамаларды жүргізу кезінде қолданылады. Соттық-сараптамалық әдіс бойынша суретке түсіргенде фотографияның жалпы әдістері мен қатар сараптамалық зерттеулер үшін жасалынған арнаулы әдістер қолданылады.

Зерттеушінің алдында тұрған мақсаттары мен объектілердің ерекшеліктеріне байланысты соттық-сарапшылық фотографияны мынандай түрлерге бөлуге болады:

а) өзінің көлеміне байланысты адамның көзіне көрінбейтін белгілерді, детальдарды тауып зерттеуге арналған (мысалы, атылған оқтағы іздердің микроскопиялық рельефі, қылмыс қаруымен қалдырылған микроскопиялық іздер т.б.).

ә) объектілердегі жай көзге көрінбейтін айырмашылықтарды тауып, зерттеуге арналған (мысалы, құжаттардағы жасандылық белгілерін табу, үстіне бояу төгілген немесе әрең көрінетін мәтіндерді оқу және т.с.с.).

Бұл көрсетілген мәселелерді жүзеге асыру үшін фотосуреттерді ұлғайтып түсіру, контрастарды өзгерту арқылы (түстердің қарама-қарсылығы) және көрінбейтін жарық сәулелерінде (рентген, инфрақұлгін, инфрақызыл) суретке түсіру әдістері қолданылады. Фотосуреттерді ұлғайтып түсіру арқылы объектінің үлкейтілген суретін алуға болады. Фотосуреттердің ұлғайтылған суретін алу үшін макро және микро суретке түсіру әдістерін қолданады.

Макро суретке түсіру әдісі – кішкентай заттарды, олардың детальдарын, іздерді үлкейтіп немесе сол қалпында түсіруге мүмкіндік береді. Бұрын макрофотография көбінесе «Зенит» фотоаппаратына ұлғайтқыш сақиналарды жалғап түсіру арқылы жүргізілді. Ұлғайтқыш сақиналар фотоаппараттың фокустық ара қашықтығын ұзартып, түсірілетін объектілерді үлкейіп көрсетуге мүмкіндік береді. Қазіргі қолданылып жүрген сандық фотоаппараттарда макросуретке түсіруге мүмкіндік беретін функциясы бар арнаулы тетігі бар.

Микро суретке түсіру – микроскоптың оптикалық жүйесін пайдалану арқылы жүзеге асырылады. Тәжірибеде микро суретке түсіру үшін арнаулы ФМН-2 маркалы микрофото қондырғылар қолданылады. Бұл әдісті қолдану арқылы зерттеудегі объектіні он есе үлкейте отырып, оның көзге көрінбейтін белгілерін суретке түсіріп бекітуге болады. Зерттеу объектілерінің ерекшеліктеріне қарай биологиялық, металлографиялық және басқа да микроскоптар пайдаланылады. Осы микроскоптарды қолдану арқылы саусак іздерін, мөрдін, штамптың көшірмелерін, машинкаға басылған мәтіндерді 4-5 есе ұлғайта отырып суретке түсіреді. Оқтағы, гильзадағы іздер, кесу - шабу іздерін 20-30 есе үлкейтіп, ал қағаз, картон, мата талшықтарын, микроскопиялық бөлінділерді 200-300 есе үлкейтіп суретке түсіреді. Микросуретке түсіру спектрдің көзге көрінбейтін сәулелерінде де жүргізілуі мүмкін. Бұл үшін МУФ-3 (ультрақұлгін микроскопы) және МИК-1 (инфрақызыл микроскопы) маркалы арнаулы микроскоптар қолданылады.

Контрастық суретке түсіру әдісі

Контрастық және түс ажыратушылық фото – әрен көрінетін, химиялық реактивтерді қолдану арқылы өшірілген, үстіне сия төгілген мәтіндерді, ажыратылуы қиынға соғатын қол, аяқ киім, сындыру құралдарының, атыс іздерін, фотодағы өңі кеткен бейнелерді айқындап, бекіту үшін қолданылады.

Контрастық сурет - түсіру объектілері мен олардың фотографиялық бейнелеріндегі түстердің қарама-қарсылығын ұлғайтып немесе азайтуға мүмкіндік береді.

Бұл жерде контраст деп - түсіру объектілеріндегі ең жарық және ең қараңғы жерлерінің ара қатынасын айтамыз.

Контрасты өзгертуге - суретке түсіру және фотопенка мен фотоқағазды өңдеу барысында қол жеткізуге болады.

Әдетте тәжірибеде контрастық суретке түсіру үшін жоғары контрасты негативтік материалдар қолданылады. Бұларға репродукциялық-штрихтық, ерекше контрасты және өте жоғары контрасты фотопластинкаларды, фототехникалық пленкалар (ФТ-22, ФТ-31, ФТ-32) және контрастық коэффициенті үштен кем емес фотопленкаларды (МЗ-3, «Микрат-900») жатқызуға болады.

Контрастық суретке түсіргенде жарық түсірудің маңызы ерекше. Ол үшін арнайы жарық түсіру құралдары мен жарық беру тәсілдері (жанынан, қиғаш бағытталған, вертикалды немесе тігінен, шашырап таратылған немесе дифузиялық, өткініші сәулемен жарықтандыру) қолданылады.

Жарықты жанынан түсіру - оқ пен гильза үстіндегі қару тетіктерінен қалған іздерді, металл қабаттарындағы бұзу құралдарының сызылған іздерін, құжаттардағы өшіру іздерін және тағы басқаларды суретке түсіру кезінде қолданылады.

Жарықты вертикал бағытта беру арқылы саусақтың терлі-майлы іздерінің суреттерін алуға болады.

Өткініші сәулемен жарықтандыру – мөлдір және жартылай мөлдір объектілердегі іздер мен олардың детальдарының фотографиялық бейнелеріндегі контрасты күшейту мақсатында қолданылады. Мұндай контрасты объектіге жарықты әртүрлі түсіру арқылы алуға болады. Мысалы, шыныда қалған терлі-майлы саусақ іздерінің суретін алғанда жарық көзін түсіру объектісінің артына, яғни негізгі жарық ағымы фотоаппараттың объективіне

түспейтіндей етіп орналастыру керек. Фотобейнелердің контрастын негативтік материалдарды контрасты жұмыс істейтін айқындаушы (проявитель) ертінділермен өңдеу арқылы немесе суреттерді дайындаған кезде контрасты және ерекше контрасты «Унибром», «Фотобром», «Новобром» сияқты фотоқағаздарды қолдану арқылы да күшейтуге болады. Контрастылы түсірілімнің тағы бір тәсілі бірнеше негатив пен диапозитивті бірінен кейін бірін әзірлеу кезектілігімен, яғни *контратиптеу* жолымен жүзеге асырылады.

Түстерді бөліп немесе түс ажыратушы суретке түсіру.

Бұл суретке түсіру әдісі фотосуреттердегі жарықтың (оптикалық тығыздығын), түсіру объектісінің детальдарындағы түстердің айырмашылығын күшейтуге мүмкіндік береді. Бұндай суретке түсіру әдісі үстіне бояу төгілген мәтіндерді қалпына келтіруде, құжаттардағы түзету, қосып жазу фактілерін анықтауда, бояғыш заттарға дифференциация жасағанда, жақын қашықтықтан ату іздерін табуда қолданылады.

Спектрдің көрінбейтін сәулесінде (инфрақызыл, ультракүлгін, рентген) суретке түсіру соттық-зерттеулік фотографияларда кеңінен қолданылады.


Инфрақызыл сәулелерінде фотосуретке түсіру.

Инфрақызыл сәулелерінде фотосуретке түсіру кәдімгі фотоаппараттар мен объективтердің көмегімен жүзеге асырылады. Суретке түсірілетін объект 200, 300, 500 ваттық қыздыру лампаларымен жарықтандырылады. Бұл жарықтың спектрлерінде инфрақызыл сәулелер көп мөлшерде болады. Суретке түсіру барысында объективтің алдына қызыл немесе инфрақызыл жарық сүзгіш орналастырылады (ИКС-1, ИКС-2 немесе ИКС-3). Мұндай түсірілімдерде инфрақызыл сәулелеріне сезімтал «инфрахрам» фотопластинкалары немесе фотопленкалары пайдаланады. Сәулелермен әсерленген фотоматериалдар «инфрахрам» қараңғы жерде немесе арнайы фильтрлі шырақ (қою-жасыл түсті) жарығында өңделіп шығарылады.

Сараптамалық зерттеулерде (көбінесе құжаттардағы қосып жазылған және жуып өшірілген, химиялық реактивтерді қолдану арқылы өңделген жазбаларды анықтау үшін) инфрақызыл люминесценциялық түсірілімдер пайдаланылады. Бұл

әдіс спектрдің көкшіл-жасыл зонасының (шекарасының) әсер етуі арқылы кейбір заттардың инфрақызыл сәулелерін шығару мүмкіндігіне негізделеді. Зерттеу объектісі аса қуатты екі жарық көздері арқылы жарықтандырылады және олардың әр қайсысының алдына көкшіл-жасыл фильтр (СЗС-8, СЗС-10, СЗС-14) орналастырылады. Объективтің алдына инфрақызыл немесе тығыздалған қызыл фильтр (ИКС-1, ИКС-2 немесе ИКС-3) орналастырылады.

Суретке түсіру нәтижелерін бекіту үшін сезімтал қызыл, сондай-ақ инфрақызыл (инфра 740, 760, 780) спектрі бар фотопластинкалар қолданылады. Біз мына төмендегі суретте қызыл және инфрақызыл сәулелерде суретке түсіруге арналған қондырғының схемасын ұсынып отырмыз.



33-сурет. Қызыл және инфрақызыл сәулелерде суретке түсіруге арналған қондырғының схемасы. 1-жарық көзі; 2- көкшіл фильтр; 3- зерттелетін объект; 4- сарғыш фильтр.

Ультракүлгін сәулелерінде фотосуретке түсіру.

Ультракүлгін сәулелерінде фотосуретке түсіру химиялық реактивтермен өшірілген (вытравленный), оңып кеткен, өшіп қалған мәтіндерді анықтау үшін, симпатикалық және темір-галдық сиялармен жазылған мәтіндерді оқуға, шыны және одан жасалған бұйымдарға, мөлдір минералдардан жасалынған бағалы заттарға дифференциация жасауға, жанар-жағармайлардың іздерін және адам организмінің бөлінділерінің (қан, ұрық, сілекей т.с.с) іздерін табу үшін қолданылады. Бұл жерде суретке түсіру шағылысқан ультракүлгін сәулелерде де немесе осы сәулелерде қозған люминесценция арқылы жүргізіледі. Шағылысқан ультракүлгін сәулелерде фотоға түсіру үшін фотоаппарат кварц объективпен жабдықталады. Жарық көзі ретінде сынап-кварц немесе люминесценциялық шамдар және ультракүлгін сәулелердің белгілі бір участогын бөліп

алуға мүмкіндік беретін ультракүлгін шыны (УФС) қолданылады.


Фотоматериалдар ретінде кәдімгі контрасты диапозитивті пластинкалар, фототехникалық пленкалар, «Микрат» типті пленкалар қолданылады.

Ультракүлгін сәулелерде қозған люминесценция арқылы суретке түсіру кәдімгі объективті кез келген камераларды қолдану арқылы жүргізіледі. Суретке түсіру объектісі ультракүлгін сәулелермен жарықтандырылады және жарық көзінің алдына УФС типті жарықсүзгіш орнатылады. Ультракүлгін жарық ағымы суретке түсіру объектісіне әсер етіп жарықты люминесценциялайды. Бұл жарық ағымының жолына люминесценциялық жарықты және инфрақызыл сәулелерді өткізетін бірақ ультракүлгін сәулелерді ұстап қалатын ВС, ЖС сияқты жарық бөгейтін фильтрлер қояды. Фотосуретке түсіру люминесценциялық түстерге сезімтал фотоматериалдарды қолдану арқылы жүргізіледі. Төмендегі 34-суретте ультракүлгін сәулелерінде фотосуретке түсіру процесінің схемасы көрсетілген.

Рентген, бетта және гамма сәулелерде суретке түсіру.

Рентген, β -бетта және γ -гамма сәулелерде суретке түсіру фотоаппаратсыз, осы аталған сәулелерді шығаратын арнаулы аппараттарда жүзеге асырылады.

Рентген сәулесінде фотосуретке түсіру - түсірілетін объект арқылы өтетін рентген сәулесімен фотоматериалға әсер ету нәтижесінде көлеңкелі бейне көрінісін алу әдісі.



34-сурет. Ультракүлгін сәулелерінің әсерінен люминесценцияны суретке түсіру схемасы: а-камера; б-ультракүлгін сәуле көздері; в-құжат; г-өңдеуге түскен құжат бөлігі.

Криминалистикалық тәжірибеде фототүсірілімнің бұл түрін - атыс қарулары, оқ-дәрі, құлып, пломбы бөліктерінің, олардың ішкі құрылысы мен жағдайын зерттеу үшін, автокөліктерде жасырып тығылған заттарды табу үшін қолданылады.

Арнаулы кассета рентген пленкасымен зарядталады. Түсірілетін объектіні осы кассетаның үстіне қойып, оны 20-70 см қашықтықтан рентген сәулелерімен жарықтандырады. Экспонирлендірілген фотоматериалды лабораториялық өңдеуден кейін онда объектінің көлеңкелік бейнесі пайда болады.

β -бетта және γ -гамма сәулелерде суретке түсіру рентген сәулелерінде суретке түсіруге ұқсас жүргізіледі.

2.2.7 Криминалистикалық бейнежазба

Сот және тергеу әрекеттерін жүргізу барысында кейінгі кездері криминалистикалық фотографиямен қатар бейнежазу да кеңінен қолданылуда.

Криминалистикалық бейнежазба - киноматография және бейне түсіру мен жазу құралдары, әдіс-тәсілдері және ғылыми ережелер жүйесі негізінде жасалған тергеу әрекеттері мен нәтижелерін бекітетін криминалистикалық техниканың бір саласы болып табылады. Осы бейнежазбалардың көмегімен үлкен көлемді ақпараттарды, атап айтқанда, үлкен жер учаскесін, көптеген ұсақ-түйек заттары бар күрделі объектілерді түсіріп бекітуге болады. Объектілерді түсіріп бекіткенде түсіру масштабын қолма-қол өзгерту бейнежазудың криминалистикалық фотосуретке түсіруден бірден-бір артықшылығы болып табылады. Бұл әдіс бір орында тұрып бағдарлаушы және шолушы, шолушы және тораптық, тораптық және *детальды* бейнетүсірім жүргізуге мүмкіндік береді. Түсірілген бейнетаспаны қарап көру кезінде стоп-кадр, стробо-эффект (қозғалыстың жылдамдығын азайту) сияқты тәсілдерді қолдану мүмкіншілігі де бұл әдістің маңыздылығын көрсетеді.

Қандай да бір болмасын тергеу әрекетін бейнетаспаға түсіру үшін тергеуші ҚР ҚІЖК-нің 84-бабына сай алдымен бейнежазбаға түсірілетін объектілерді анықтап, жоспар құрып, білікті маманды шақырады.

Бейнежазбаға түсіру жоспарында нақты тергеу іс-әрекет үзінділерін суреттеу реті, оператордың тұратын орны, бейнесурет масштабын, тергеу әрекетіне қатысушылардың орналасу орнын нақты көрсеткен жөн. Алынатын бейнематериалдар шартты түрде үш бөлімге бөлінеді:

1. Кіріспе

Бұнда - тергеушінің өзінің аты-жөні, лауазымы, қандай қылмыстық іс бойынша, қандай іс-әрекет жүргізілетіні және осы тергеу әрекетіне қатысушылар, бейнекамераға түсіруші, уақыты, түсіру орны туралы мәліметтерді камераға қарап айтып көрсетеді;

2. Негізгі - тергеу әрекеттің барысы мен нәтижесі;

3. Қорытынды - тергеу әрекетіне қатысушылармен бірігіп түсірілген көріністерді қарап шығып, растау.

Бейне жазуды:

- оқиға болған жерлерді қарағанда, әсіресе жол-көлік апаты, өрт болған және т.с.с. жерлердегі барлық ақпараттық жағдайларды жедел түрде бекіту қажет болған жағдайларда;
- тінту әрекетін жүргізгенде - құпия орындарды, қылмыс құралдары мен бағалы заттарды тығу әдістерін бекітуде;
- тергеу экспериментін жүргізу барысын бекітуде;
- жауап алу, беттестіру сияқты тергеу әрекеттерінің нәтижелерін бекітуде қолданған тиімді.

2.2.8 Криминалистикалық фото-бейнежазбаларды қолдануды іс жүргізуде ресімдеу

Қандай да болмасын тергеу әрекеттерін фотоға немесе бейнетаспаға түсіргеннен кейін оның нәтижелері процессуальдық түрде рәсімделгеннен кейін ғана тергеу процесіне толық қолданылуы мүмкін.

Тергеу іс-әрекеттерінің қорытынды бөлімінде немесе сарапшының қорытындысының зерттеушілік бөлімінде мынандай мәліметтер:

- қандай объект суретке түсірілгені;
- қандай әдіспен және тәсілмен түсірілгені;
- тергеу іс-әрекеті барысында қай жерден суретке түсірілгені;
- оны кімнің (тергеуші, маман, сарапшы) суретке түсірілгені;

- суретке түсіру жағдайы (мысалы, фотоаппараттың моделі, жарықтың сипаты, негативтік материалдың түрі және оның сипаты, диафрагма, экспозиция, жарықсүзгіштер қолданылды ма, жоқ па?) көрсетілуі тиіс.

Шығарылған суреттерді арнайы фотокесте бланктеріне жабыстырады. Фотокестенің жоғарғы жағында қандай тергеу әрекетінің хаттамасына немесе сарапшының қандай қорытындысына қосымша болып тіркелгені көрсетіледі. Әр фотосуретке нөмір қойылып, қысқаша түсініктеме беріледі. Фотосуреттер нөмірі хаттамадағы нөмірлеуге сәйкес келуі тиіс.

Егер фотосуретте белгілер жасалса (стрелкамен сәйкес келетін белгілері немесе объектінің орны көрсетілсе) кестеге белгілері жоқ дәл сондай фотосуреттер жапсырылады. Хаттамаға тіркелетін фотосуреттер тергеушінің мөрімен, сарапшы қорытындысына тіркелетін фотокестедегі фотосуреттер сарапшы мөрімен бекітіледі.

Бұл жерде мөрдің жартысы фотобейнеде, екіншісі қағазға түсуі қажет. Хаттамаға тіркелетін фотосуреттерге тергеуші, маман, мүмкіндігінше айғақтар қол қояды. Сарапшы қорытындысына тіркелетін фотосуреттер сарапшының қолымен бекітіледі. Бұл фотосуреттер іс материалдарында сақталады.

2.3 ІЗДЕРДІ КРИМИНАЛИСТИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ **(Трасология)**

2.3.1 Трасологияның жалпы негіздері. **Іздердің классификациялары және олардың** **криминалистикалық маңызы**

Әртүрлі іздердің пайда болу механизмі мен заңдылықтарын зерттейтін және қылмысты ашу мен алдын алу үшін оларды табу, алу, зерттеумен айналысатын криминалистикалық техниканың бір саласы – криминалистикалық трасология немесе із тану деп аталады.

«Трасология» термині француздың «La trance» - із және ежелгі гректің «Logos» - ілім деген сөзінен шыққан, яғни «Із туралы ілім» деген мағынаны білдіреді.

Материалдық дүниеде әрбір оқиға өзінің ізін қалдыратыны сияқты қылмысқа дайындық, оны жасау және қылмыс іздерін жасыру да қоршаған ортада өзінің іздерін қалдырады.

Криминалистикада іздерді – қылмыстың материалдық іздері және идеалдық іздері деп екіге бөледі.

- Қылмыстың материалдық іздері деп заттық ортаға механикалық, химиялық, биологиялық, термиялық және басқа да әсер етулер арқылы енгізілген өзгертулерді айтамыз.
- Қылмыстың идеалдық іздері деп адамның есінде сақталып қалған криминалистикалық маңызы бар ақпараттардың кескіні.

Енді криминалистикадағы «із» деген сөздің мағынасын қарастырайық.

Қылмыстың материалдық іздері өз кезегінде кең мағынасында заттық ортадағы кез келген өзгерістер деп қарастырылса, ол тар мағынасында із-кескіндеме ретінде қарастырылады.

«Із» – бұл, кең мағынада жасалған қылмыстың себебіне байланысты материалдық ортадағы кез келген өзгеріс.

«Іздер» заттық ортаға өзгерістер енгізу сипатына қарай мына төмендегідей топтарға бөлінеді:

1. Кескінделу іздері (следы – отображения), яғни материалдық-бекітілген іздер. Мысалы, шыныдағы, кез келген заттардағы саусақ іздері, асфальттағы автомобиль протекторының іздері т.с.с. Яғни тұрақты кеңістік шекарасы бар екі объектінің әсерлесу нәтижесінде, бір объектінің бейнесінің екінші объектідегі кескінделуі.

2. Із-заттар (следы-предметы) – бұл тұрақты формалы біртұтас құрылымы бар қатты материалдық объектілер.

Бұлар өз кезегінде үшке бөлінеді:

- әртүрлі объектілердің зақымдану, бұзылу нәтижесінде түзілген бөлшектері, фрагменттері. Осы бөлшектері, фрагменттері арқылы олардың бөлшектелгенге дейін біртұтас объектіге жатқандығын анықтауға болады;
- жабатын және бекітетін құрылғылар;

Бұларға құлыптар, олардың кілттері, пломбалар, бұрамалар жатады. Трасологиялық зерттеулер жүргізу арқылы олардың

конструкциялық ерекшеліктерін, техникалық жағдайларын, оларға сыртқы әсер ету нәтижесінде пайда болған іздердің барлығын, ал егер бар болса осы іздер арқылы оларды ашуға (зақымдауға) қолданған құрал-саймандарды анықтайды.

- өзінде өндірістік, қолөнерлік немесе қолдан жасағандық белгілерінің ізі бар бұйымдар.

Бұндай іздерді зерттеу арқылы олардың шығу тегін, одан кейін осы бұйымның жасалған жерін анықтайды.

3. Из-нәрселер (следы-вещества) – бұл сұйық, паста тәріздес, сусымалы заттар немесе олардың іздері. Бұлар қылмыс оқиғасымен байланысты пайда болады немесе оны дайындау, жасау, немесе жасыру нәтижесінде түзіледі. Бұл іздерге биологиялық іздер (қан, ұрық, тер, сілекей және тағы басқа да адам организмінен бөлініп шығатын заттар), жанар-жағармайлар, лак-бояулық жамылғылар, химиялық реактивтер, төгілген ұн, цемент, бидай және т.б. жатқызады. Бұл іздерді трасологиялық зерттеу олардың түзілу механизмін анықтауға ғана мүмкіндік береді.

Алғашқы екі топтағы іздер қылмысты ашуда бұрыннан қолданылып келе жатыр, ал, үшінші топтағы іздерді қолдану зерттеудің инструменталдық әдістерін жасап шығарғаннан кейін ғана мүмкін болды (мыс. рентген-фазалық зерттеулер, лазерлік микроспектралдық зерттеулер және т.б.). Міне, осы үш топтағы іздер – із түсінігінің кең мағынасын құрайды.

«Из» түсінігінің тар мағынасын қарастыратын болсақ, ол бірінші топтағы ғана іздер, яғни бір объектінің сыртқы құрылысының екінші объектіде кескінделінуі деп көрсетіледі.

Сонымен, криминалистикалық трасология дегеніміз бұл із түзуші объектінің сыртқы құрылысының бейнесінің белгілерін көрсететін, із түзу механизмі туралы, сонымен қатар, оларды табу, бекіту, алу құралдары мен әдістері жайында және қылмыстық сот ісін жүргізуде маңызы бар оқиғаның мәнін анықтау мақсатында зерттеу жүргізетін криминалистикалық білімнің іздер туралы бір саласы.

Криминалистикалық трасологияның мақсаттарына мыналарды жатқызуға болады:

- объектілердің қалдырған іздеріне байланысты топтық тиістілігін анықтау;

- объектілерді олардың бөлшектері бойынша немесе іздері бойынша идентификациялау;
- іздердің түзілу механизмін анықтау.

Трасологияның міндеттері оның мақсаттарына қарағанда кеңірек және олар мына төмендегідей болады:

- қылмысты тергеуде трасологиялық іздерді қолданудың теориялық негіздерін жасап шығару;
- іздерді табудың, алудың, бекітудің жаңа ғылыми-техникалық құралдары мен әдістерін жасап шығару;
- іздерді зерттеудің құралдары мен әдістерін жасап шығару;
- қылмыстың алдын алу құралдары мен әдістерін жасап шығару.

Криминалистикада материалдық іздер әртүрлі аспектілерде зерттеледі және олардың көмегімен идентификациялық, диагностикалық сұрақтарды шешуге болады.

Идентификациялық міндеттерге мыналарды жатқызамыз:

- объектілердің қалдырған іздеріне байланысты топтық тиістілігін анықтау;
- ізді қалдырған объектіні сәйкестендіру.
- Диагностикалық міндеттер:
- із түзудің механизмі мен жағдайын анықтау;
- іздердің осы оқиғаға қатыстығын анықтау;
- ізді қалдырған объектінің әртүрлі қасиеттері мен белгілерін анықтау;
- ізді қалдыру жағдайын, сонымен қатар, қылмысты жасауға себепші болған жағдайларды анықтау.

Жоғарыда көрсетілгендей тұрақты кеңістік шекарасы бар екі объектінің әсерлесу барысында, бір объектінің бейнесінің екінші объектіде бейнеленуі нәтижесінде кескінделу іздері пайда болады.

Із қалдырған объект – із қалдырушы (следообразующий), ал із қалған объект із қабылдаушы (следовоспринимающий) деп аталады.

Ізде - із қалдырушы объектінің сыртқы құрылысының белгілері кескінделеді.

Із қалдырушы және із қабылдаушы объектілер статикалық жағдайда немесе белгілі бір жағдайларда әр түрлі бағыттарда қозғалу барысында өзара әрекеттесуі мүмкін.

Көптеген параметрлермен сипатталатын бұл процесс із түзу механизмі деп аталады, ал оның нәтижесінде кескінделу іздері пайда болады.

Кескінделу іздерін әдебиеттерде әртүрлі негіздер бойынша топтастырады.

Із түзуші объектілері бойынша олар адамдардың, жануарлардың және транспорт құралдары мен механикалық құралдардың қалдырған іздері деп бөлінеді.

Із қабылдаушы объектінің өзгеруіне байланысты немесе объектінің ізде кескінделуіне байланысты кескінделу іздері екі үлкен топқа – *көлемдік* (объемный) және *беттік* (поверхностный) іздер болып бөлінеді.

Көлемдік іздер – із қабылдаушы объектінің пішінінің едәуір өзгеруі нәтижесінде пайда болады. Бұндай іздер өзінің үш параметрін – ұзындығы, ені, тереңдігін өлшеу мүмкіндігімен ерекшеленеді. Мысалы, қарда, құмда, лай-батпақтарда қалған іздер. Көлемдік іздер статикалық немесе динамикалық болуы мүмкін.

Беттік іздердің тек екі параметрі ғана өлшенеді – ұзындығы және ені.

Трасологияда беттік іздерді *қабатталу іздері* (следы наслоения) және *қабат бөліну* (следы отслоения) деп екіге бөледі.

Қабатталу іздері – бұл із түзуші объектіден бөлініп түскен заттардан із қабылдаушы объектінің бетінде пайда болған іздер (мысалы, шыныға түскен саусақ іздерінің терлі-майлы бедері).

Қабат бөліну іздері – із қабылдаушы объектінің біраз бөлігінің объектіден бөлініп із түзуі (мысалы, қылмыс жасаған адам жаңадан сырланған есікті ұстады делік. Бұның нәтижесінде бояудың біраз бөлігі объектіден бөлініп сол адамның қолына жұғып із түзеді. Сонымен қатар, беттік іздер спектрдің көзге көрінетін сәулелерінде жай аспабсыз көзбен қарағанда көріну дәрежесіне қарай *көрінетін*, *көрінбейтін*, және *нашар көрінетін* іздер болып бөлінеді.

Көрінетін іздер, кәдімгі жарықта аспабсыз көзбен қарағанда жақсы көрінетін іздер, мысалы, қағазға түскен сиямен боялған саусақ іздері т.с.с.

Нашар көрінетін іздер – бұл белгілі бір жағдайларда ғана байқалатын, мысалы, шыныдағы іздерді жанынан түсірілген жарық арқылы немесе шыныға дем алу арқылы көруге болады.

Көрінбейтін іздерді беткі қабаттарды арнаулы өндеуден өткізбей көре алмаймыз, мысалы қағазды қолмен ұстағанда түсетін іздер. Бұндай іздерді табу үшін әртүрлі химиялық және физикалық және т.б. әдістерді қолданады.

Іздерді түзудің механикалық жағдайына байланысты олар *динамикалық* және *статикалық* іздер болып бөлінеді.

Динамикалық іздер – із түзуші объект із қабылдаушы объектіге параллель бағытта қозғалған кезде түзіледі (мыс. сырғанау, шабу, арамен кесу, бұрғылау іздері).

Статикалық іздер – із қабылдаушы объектіге перпендикуляр бағытта әсер ету нәтижесінде түзіледі (мыс. басу, ұру іздері). Статикалық іздер тыныш тұрған кезде (статика), яғни объектілер бір-біріне қатысты қозғалыста болмаған кезде түзіледі. Мысалы, тұрған адамның аяқ киімінің ізі.


Із қабылдаушы объектіде орналасуына байланысты іздер *локальды* және *перифериялық* болып екіге бөлінеді.

Локальды іздер (жергілікті іздер) - із түзуші объекті мен із қабылдаушы объектінің беттерінің түйіскен жерлерінде түзіледі (мысалы, шыныдағы саусақ ізі, топырақтағы аяқ ізі т.б).

Перифериялық іздер (шеткі іздер) – із түзуші объектінің әсер ету нәтижесінде із-қабылдаушы беттің жиегінде, яғни ауданынан тыс жерінің өзгеруі нәтижесінде пайда болған іздер (мыс. асфальтта тұрған машинаның астында жаңбырдан кейін қалған ізі, жанған канистраның маңында едендегі көмірлену іздері т.с.с).

Әрбір із – іздің бір түрінің ғана емес, олардың тобының белгілерімен сипатталады. Мысалы, таза еденге түскен шаң аяқ киім ізі – бұл механикалық әсер ету ізі, көрінетін, локальді, статикалық, үстіңгі қабатталу ізі.

Осы материалдық іздерді классификациялау және оларды зерттеу нәтижесінде шешілетін сұрақтарға байланысты трасологияда – адам іздері, құрал-саймандардың іздері, транспорт құралдарының іздері, бүтіннің бөлшектері, жабу-белгі беру құрылғылары, микрообъектілерді зерттеу өз алдына жеке тарау болып қарастырылады. Осы айтылғандарды қорытындылай келе криминалистикада іздерге классификация жасауды кесте түрінде былайша көрсетуге болады:



Криминалистикалық із тану *диагностикалық және идентификациялық* мәселелерді шешуге мүмкіндік береді.

Диагностикалық міндеттерге мыналар жатады:

- іздердің пайда болу механизмі мен жағдайларын анықтау;
- іздердің болған оқиғаға қатыстығын анықтау;
- ізді қалдырған объектінің әртүрлі белгілері мен қасиеттерін анықтау;
- ізді қалдыру жағдайларын анықтау;

Идентификациялық міндеттерге мыналар жатады:

- ізді қалдырған объектінің топтық тиістілігін анықтау;
- ізді қалдырған объектіні ұқсату(отождествлять).

Осы іздерді табу, бекіту және алу әдіс-тәсілдері іздердің қандай іздерге (көлемдік әлде беттік, динамикалық не статикалық т.с.с) байланысты таңдалып алынады. Іздерді бекітіп алудың негізгі тәсілдерінің бірі оларды тергеу хаттамасына суреттеп жазу болып табылады. Хаттамада із қабылдаушы объектінің бетінің жағдайы мен қасиеттері көрсетіліп жазылады және бұнда іздердің формасы, өлшемі, ерекшеліктері сияқты белгілеріне де үлкен мән беріледі. Сонымен қатар, хаттамада осы іздерді табу, бекіту және алу үшін қолданылған әдіс құралдар көрсетіледі.

2.3.2 Адам іздері (антропоскопия)


Трасологиялық маңызы бар адамның іздеріне қол, аяқ, аяқ киім, тістің іздерін, дененің басқа да бөліктерінің, киімнің іздерін және биологиялық іздерді жатқызамыз. Трасологияның осы іздерді оқып үйрететін саласын антропоскопия немесе гомеоскопия деп атайды.

Қол іздері. Адамның қолының іздерін оқып үйрететін трасологияның бөлімін криминалистикада *дактилоскопия* деп атайды. Дактилоскопия гректің «*daktilos*» - саусақ және «*skoreo*» - қараймын, яғни «саусақ қарау» деген сөзінен шыққан. Дактилоскопия негізінен адамның қолының терісінің папилярлық бедерлерінің қасиеттері мен сипаттарын, негізінен қолдың саусақтарының іздерін табу, бекіту, алу және криминалистикалық идентификация жасауды зерттейді. Дактилоскопия сонымен қатар пальмоскопия және плантоскопия, яғни адамның алақаны мен табанының бедерлерін, пороскопия – папиляр сызықтарының саңылауларын зерттеу, эджескопия – папиляр сызықтарының шеттерінің ерекшеліктерін зерттейтін бөлімдерімен де айналысады.

Қол іздері қылмысты ашуда басқа іздерге қарағанда жиі әрі нәтижелі қолданылады. Адамның алақанының беті адамды идентификациялауға мүмкіндік беретін белгілердің бірнеше тобынан тұрады. Бұл белгілерге мыналарды жатқызамыз: 1) флексорлық

сызықтар; 2) «ақ сызықтар»; 3) папиллярлық сызықтар; 4) жіңішке сызықтар; 5) тыртықтар; 6) саңылаулар.

Бұл белгілердің ішіндегі ең мағыналысы папилляр сызықтары мен саңылаулары. Бұлар әр түрлі формада болады, бір-бірінен және папилляр сызықтарының шеттерінен әр түрлі қашықтықта орналасады. Алақандағы және саусақтың тырнақтық фалангындағы бұл сызықтардың құрылымы жеткілікті дәрежеде күрделі және сан алуан болып келеді (35 - сурет).



35-сурет. Қолдың алақанының терісінің рельефінің элементтері
1-флексорлық сызықтар; 2-терінің ұсақ бүрмелері – әжімдер;
3 - саусақтардың флексорлық сызықтары; 4-саусақтың тырнақтық фалангының папиллярлық сызықтары; 5 - саусақтың негізгі және ортаңғы фалангының папиллярлық сызықтары; 6-7 алақанның жекеленген участоқтарының папиллярлық сызықтары.

Қазіргі кезде дактилоскопия, оның ғылыми негіздерін зерттеу нәтижесінде ерекше мәнге ие болды. Тәжірибе көрсеткендей оқиға болған жерден алынатын іздердің 50% жуығы дактилоскопиялық іздер болып отыр.


Бұл іздердің жоғарғы дәлелдемелік мәні терінің марфологиялық ерекшеліктеріне және папилляр сызықтарының қасиеттеріне байланысты болады.

Адамның терісі екі негізгі қабаттан тұрады: үстіңгі – эпидермис (тері қыртысы) және төменгі қабаты – дерма (гректің *derma* – тері деген сөзінен шыққан (36 сурет)).

Дерма – адам терісінің эпидермистің астындағы терісінің дәнекер тінінің бір бөлімі. Дерма екі қабаттан тұрады. Үстіңгі қабаты емізікше, жұмсақ эпителий, астыңғы қабаты эпидермиске және оның өсінділеріне (без, шаш, түк) қорек жеткізіп тұрады. Бұл қабатта қан тамырлары көп болады және құрамы едәуір борпылдақ келеді.

Астыңғы, екінші қабаты (торлы, немесе біртұтас қабат) – дерманың негізгі бөлігі. Ол тығыз дәнекер ткандерден құрылған теріге тірек болып тұрады.

Эпидермистің сызықтық төбешіктері өзінің құрамы мен өзара орналасуы бойынша дерманың емізікшелеріне сәйкес келеді. Бұлар папиллярлық сызықтар деп аталады және олар бір-бірінен терең емес жыртындылармен (бороздка) бөлініп тұрады.




36- сурет. Қолдың алақаны мен аяқтың табанының терісінің құрылысы.

I- эпидермис; II- дерма; III- терінің астындағы майлы клетчатка. 1- эпидермистің мүйізді қабаты; 2- эпидермистің өскін қабаты; 3- сезгіш денешіктері бар дерманың емізікше қабаты;

4- жүйке аяқталымдары; 5- тері бездері ағымы; 6- тері безі;

7- тері безінің сағасының ауызы (саңылау).



37- сурет. Қолдың саусағының терісін көлденеңінен кесіп карағандағы көрінісі. Эпидермис дермадан жарым-жартылай бөлінген; әрбір емізікшенің қос қатарына (Б) папилляр сызықтары сәйкес келеді (А).

Папилляр сызықтарының ені 0,4-0,6 мм, биіктігі 0,1-0,4 мм болып келеді. Осы папилляр сызықтарының үстінде тері бездерінің ұсақ саңылаулары – тереңдігі 0,25 мм дейін орналасады. Бұл саңылаулар арқылы үздіксіз, өзінің химиялық құрамы жағынан күрделі терлі-майлы қоспалар бөлініп тұрады. Осы адамның қолынан бөлініп тұратын майлы терлі, заттар адам қолын белгілі бір затқа тигізген кезде онда көзге көрінбейтін папиллярлық бедерлер түріндегі суреттерді қалдырады.

Қазіргі кезде осы терлі майлы заттардың құрамында болатын 30-ға жуық аминақышқылдар белгілі болды. Бұлардың құрамы әрбір адам үшін жеке, және олардың ара қатынасы әрбір индивид үшін өзіндік жеке белгілермен ерекшеленеді. Адамды аминақышқылдар құрамы бойынша идентификациялау әдісі, міне, осыған негізделген. Сонымен қатар, оның биохимиялық зерттеулері қанның тобы туралы, жынысы туралы, иммундық жүйемен байланысты организмнің бірқатар аурулары туралы, қабылдаған дәрілері, есірткі заттары, тағамдары туралы мәліметтер алуға мүмкіндік береді. Бұл күдікті адамдардың тобынан қылмыскерді табу мүмкіндігін елеулі түрде арттырады.

Криминалистикалық тұрғыдан қарағанда папилляр сызықтарының негізгі қасиеттеріне олардың *жекешелігі* (индивидуальность), *тұрақтылығы* (устойчивость), *бастапқы қалпына қайта келуі* (восстанавливаемость), *квалификация жасау мүмкіндігі* (возможность классификации) және *қоршаған ортадағы заттарда із қалдыру мүмкіндігі* (способность отпечатываться на предметах) жатады.

Папилляр сызықтарының жекешелігі (қайталанбайтындығы) дегеніміз әрбір адамның папиллярлық бедері тек сол адамға ғана тән және ол жақсы көрінетін белгілермен сипатталады. Папиллярлық бедерлердің екі адамда бірдей болуы түгілі, бір адамның саусақтарында әр түрлі болатынын көп жылдық тәжірибиелермен қатар математикалық есептеулермен дәлелденді. Ғалымдар екі адамның саусақтарының папиллярлық бедерлерінің бір-бірімен сәйкес келу мүмкіндігі - ықтималдық теориясы бойынша 1:64000000000-қа қатысындай екенін есептеп шығарған. Ал біздің планетамызда қазіргі кезде 6000000000-қа жуық адам бар екенін ескерсек, саусақ бедері бірдей екі адам мүлде кездеспейді деп айтуға болады.

Папилляр сызықтарының тұрақтылығы дегеніміз – бұл бедерлердің суреттері адам анасының құрсағында жатқан кезде түзіліп оның өлгенше дейін өзгермей сақталуы. Папилляр сызықтарының тек сыртқы мөлшерлері белгілі бір уақытқа дейін ғана өзгеруі мүмкін, бірақ оның суреттері, белгілердің өзара орналасуы өзгермейді. Мысалы, баланың саусағының папиллярлық белгілері ол өскен сайын тек көлемі жағынан ғана өзгереді, ал суреттері сол күйінде қалады. Бұл тұрақтылық саусақ іздерінің маңызды трасологиялық қасиеті болып табылады.

Папилляр сызықтарының бастапқы қалпына қайтып келуі дегеніміз – бұл бедерлердің терінің зақымданғаннан кейін біраз уақыт өткеннен кейін бастапқы қалпына қайта келу мүмкіндігі. Тері қабатының терең емес зақымдануында (термиялық немесе химиялық әсер ету т.с.с. барысында) олар белгілі бір уақыт өткеннен кейін өзінің бастапқы қалпына қайтып келеді. Ал тері қабатының терең зақымдануында, мысалы, дерманың емізікше қабатын бұзу нәтижесінде, онда теріде тыртықтар қалады. Ал бұл тыртықтар өз кезегінде ерекше белгі ретінде қолданылуы мүмкін.

Папилляр сызықтарына квалификация жасау мүмкіндігі дегеніміз – бұл оларды типтер мен түрлерге бөліп жүйелеу.

Папиллярлық бедерлердің классификациясы.

Жоғарыда айтып кеткендей тырнақтық фалангтың жастықшаларында орналасқан папиллярлық сызықтар өзінің әртүрлілігімен және суреттерінің күрделілігімен ерекшеленеді. Тырнақтық фалангтағы папиллярлық бедерлер папилляр сызықтарының үш ағымынан (орталық, перифериялық және базистік) түзіледі. Папиллярлық сызықтардың бұл ағымдарын ішкі сурет деп атайды. Бұл бедердің ішкі бөлігі папиллярлық сызықтардың жоғарғы және төменгі ағымдарымен көмкеріледі. Кей жағдайларда осы үш ағым жақындасып үшбұрыш түзеді. Бұл үшбұрыш грек алфавитындағы дельта (γ) әріпіне ұқсас болуы себепті – *дельта* деп аталады (38-сурет).



38-сурет. Қолдың саусағының тырнақтық фалангындағы папиллярлық бедердің құрылысы. 1- папиллярлық сызықтың сыртқы суретінің жоғарғы ағымы; 2- папиллярлық сызықтың сыртқы суретінің төменгі ағымы; 3- папиллярлық сызықтың ортаңғы суретінің ішкі ағымы; 4- папиллярлық бедердің дельтасы.

Тырнақтық фалангтың орталық бөлігіндегі суреттеріне байланысты папиллярлық бедерлер негізгі үш типке бөлінеді. Бұл типтер – *дога тәріздес* (дуговые), *ілемек тәріздес* (петлевые) және *бұрама* (завитковые) деп аталады.

Доғалық бедерлер шамамен 5% адамдарда ғана кездеседі. Бұлар өздерінің суреттерінің формаларының қарапайымдылығымен сипатталады. Бұл бедерлерде папиллярлық сызықтар тырнақтық фалангтың бір жақ шетінен басталып бедердің орта кезінде доға тәрізді иіліп тырнақтық фалангтің екінші жағында аяқталады. Доғалық бедерлерде дельта болмайды.



39- сурет. Тырнақтық фалангтағы доғалық папиллярлық бедерлердің түрлері: 1-қарапайым доғалық бедер; 2-шатыр тәріздес доғалық бедер; 3-орталық суретінің құрылысы анықталмаған доғалық бедер; 4,5-жалған-ілімектік доғалық бедерлер; 6,7-жалған бұрама доғалық бедерлер; 8-сирек кездесетін және доғалыққа жататын бедер; 9-ауытқушы (аномальный) бедер (бұл бедерді қарапайым доғалық бедер ретінде қарастырады).

Ілмектік папиллярлық бедерлер кездесу жиілігі бойынша ең көп тараған бедерлердің қатарына жатады. Олар жалпы бедерлердің 65% құрайды.


Ілмектік бедерлер доғалық бедермен салыстырғанда өзінің құрылысы жағынан күрделі болып келеді және бұл бедерлерде папиллярлық сызықтар тырнақтық фалангтың бір жақ шетінен басталып, содан соң ортаға келіп иіліп, қайтадан сол басталған жағына қайтып келеді. Саусақтың шетіне қараған сызықтардың шетін ілмектің аяғы (бұтағы), ал дөңгеленген бөлігін – ілмектің басы дейді.

Ілмектің басы жағында ілмекті жоғары және төмен жағынан айналып айырылатын сызықтар ағымы орналасады. Осы ағымдардың айрылысатын жерінде дельта орналасады.

Ілмектік бедерлерде тек бір дельта болады және ол ілмектің аяғына қарама-қарсы орналасады. Ілмектің ішкі бедерлерінің суреттеріне байланысты ілмектік бедерлердің құрылысы күрделі немесе қарапайым болып келеді.

Сонымен қатар, барлық ілмектік бедерлер ілмектің аяқтарының бағытына қарай – ультнарлық (яғни ілмектің аяқтары шынашаққа қарай бағытталған) және радиалдық (ілмектің аяқтары бас бармаққа қарай бағытталған) болып екіге бөлінеді. Ультнар латынның – шынашақ, ал радиал – бас бармақ деген сөздерінен алынған. Бедерлерді бұлай жіктеу дактилоскопиялық формуланы шығару және ізді қалдырған қол мен саусақты анықтау үшін қолданылады.


40 - суретте тырнақтық фалангтағы ілмектік папиллярлық бедерлердің түрлері көрсетілген. Олар: 1- қарапайым ілмектік бедер; 2- иілген ілмек; 3- жартыланған ілмек; 4- тұйықталған ілмек «ілмек-ракетка»; 5- параллельді ілмек; 6- қарама-қарсы ілмек; 7,8 – жалған бұрама ілмектік бедер; 9- сирек кездесетін ілмектік бедер.



40-сурет. Тырнақтық фалангтағы ілмектік папиллярлық бедерлердің түрлері.

Бұрама бедерлер 30% жуық адамдарда кездеседі және бұлар доға және ілмектік бедерлерге қарағанда күрделі суреттік құрылысымен ерекшеленеді.


Бұрама бедерлер деп - ішкі суреттері домалақ, сопақ, спираль тәріздес бедерлерден тұратын папилляр сызықтарын айтамыз. Бұрама бедерлердің өзіне тән ерекшеліктеріне бұларда екіден кем емес дельта болуын айта аламыз. Бұл дельталар ортаңғы бедердің оң және сол жағына орналасады (41-сурет).



41 - сурет. Тырнақтық фалангтағы бұрама папиллярлық бедерлердің түрлері: 1- қарапайым бұрама бедер - домалақ; 2- қарапайым бұрама бедер - сопақ; 3- қарапайым бұрама бедер - спираль; 4- ілмекті шенберлі; 5- ілмектер спиральдар; 6- аяқтары әр жаққа қараған ілмек бұрама; 7- аяқтары бір жаққа қараған ілмек бұрама; 8- ұлу ілмекті; 9- иілген ілмек; 10- толық емес бұрама бедер; 11,12 – сирек кездесетін бұрама бедерлер.

Міне, сонымен біз, адамдардың қолдарының саусақтарында кездесетін папиллярлық бедерлердің типтері мен түрлерін қарастырдық. Тәжірибеде жараланған, кесілген саусақтардан

қалған және кейбір ерекшеліктері бар іздер де кездеседі. Мына төмендегі суретте біз осындай іздердің ерекшеліктерін көрсеткенді жөн көрдік:



42 - сурет. Кейбір папиллярлық бедерлердің ерекшеліктері:

1- доға тәріздес папиллярлық бедердегі тыртық; 2 - 4 – ілмектік папиллярлық бедерлердегі тыртық; 5,6 – бұрама тәріздес папиллярлық бедердегі тыртық; 7 – үш дельтасы бар бұрама тәріздес папиллярлық бедер; 8 – бір-бірімен бірігіп кеткен саусақтардың папиллярлық бедері; 9- ілмектің негізі, аударылып түскен ілмектік бедер.

Осы көрсетілген бедерлердің типтері мен түрлері саусақ іздерін алғаш қараған кезде оларды жалпы белгілері бойынша жіктеп, ме- желеуге мүмкіндік береді. Осы іздерді жалпы белгілері бойынша жіктеуді кез келген тергеуші мен жедел-ізвестіру қызметкерлері жүргізе алатын болуы керек.

Папиллярлық өрнектері бойынша идентификация жасаған кезде жалпы белгілері (бедердің типі, ағымдардың бағыты т.с.с.) арқылы ғана емес, сол сияқты жеке белгілерінің (детальдары) жиынтығының сәйкестігін ескеру керек. Папилляр бедерлердің мына төмендегідей жеке детальдары болады:

		Сызықтың басы мен аяғы
		Аша - сызықтың қосылуы мен айрылуы
		Көпір- екі сызықтың үшінші қысқа сызықпен қосылуы
		Күршек
		Көзше немесе Аралшық
		Нүкте, фрагмент
		Үзік сызықтар
		Сызықтың түйісуі
		Сынық және майсқан сызықтар

43-сурет. Папилляр сызықтарының түзілу ерекшеліктері

Бұл жеке белгілер қолдың іздерінің жалпы белгілерімен қатар (папиллярлық бедерлердің типі мен түрі, сызықтардың ағымының бағыты, іздің өлшемі, формасы т.б.) осы ізді қалдырған адамды идентификациялауға мүмкіндік береді.

Вариациялық-статистикалық есептеулердің көмегімен анықталғандай, егер іздердегі детальдардың сәйкестігі 12-17 – ге тең болса, онда ол ұқсастыққа жатады, яғни идентификацияланды деп танылады. Қазіргі кезде қолдың іздеріне идентификация жасауға компьютерлік «Папиалон» жүйесі қолданылуына байланысты одан да аз сәйкестік белгілері арқылы идентификация жасала береді.


Тырнақтық фалангтағы папиллярлық бедерлермен қатар алақанның басқа телімдеріндегі бедерлер де зерттеледі (пальмоскопия). Іздерде идентификация жасауға жеткілікті детальдар болмаса онда қосымша белгілерді (микробелгілер) қолданады. Бұл қосымша белгілерге саңылаулар (пороскопия) және бедерлер мен сызықтардың шеттерін зерттейтін эджескопияны жатқызуға болады. Бұл әдістердің мәні папилляр сызықтарын микроскопта 20-25 есе үлкейтіп қарайтын болсақ, онда осы папилляр сызықтарының үстінде саңылауларды көруге болады.



44-сурет. Папилляр сызықтарын 20-25 есе үлкейткендегі көрінісі.

Суретте сызықтардың үстіндегі саңылаулар мен сызықтардың шетіндегі ерекшеліктер анық көрінеді. Бұл саңылаулардың формалары мен көлемдері әртүрлі болып келеді және бұл саңылаулар өздерінің орналасуымен, көлемдерімен ерекшеленеді әрі бұл белгілері тұрақты болады. Сонымен қатар, осы папилляр сызықтардың шеттері де біркелкі емес, әртүрлі пішінде болады және бұл пішіндердің тұрақты болуы себепті осы белгілердің көмегімен іздерге идентификация жасауға болады.


Мына төмендегі суретте біз саусақ ізіндегі осы жеке белгілерін қалай іздеп табуға болатынын көрсеттік:



45-сурет. Саусақ ізіндегі папилляр сызықтарының жеке белгілерінің орналасуы: 1- күршек, 2- көзше, 3- сызықтың басы, 4- тыртық, 5- саңылаулар, 6- аша, 7- сызықтың үзілуі, 8- майысқан сызықтар, 9- қалыңдаған сызықтар, 10- дельта, 11- нүкте, 12- фрагмент, 13- көпір.

Іздерді табу әдістері.

Біз осы іздерді табу әдістерін қарастырмас бұрын, алақанның және саусақтың зоналарын қарастыра кеткенді жөн көрдік. Себебі қылмыс жасаған адам оқиға орнында ешқашан 100 % идеалды із қалдырмайды. Яғни, қандай да болмасын затты ұстаған кезде алақанның немесе саусақтың кейбір зоналарының ғана іздері қалуы мүмкін. Міне, сол себептен криминалистер іздерді байқау хаттамасына сипаттап жазғанда және іздерге дактилоскопиялық зерттеулер жүргізгенде ыңғайлы болу үшін алақанды және саусақты зоналарға бөліп жіктеуді ұсынады (46-47 суреттер).



46 - сурет. Алақанның зоналары және саусақтардың атаулары.

1- тенар; 2- гипотенар; 3-5 саусақ аралық жастықшалар немесе тенар
3-5; 6-8 - басты флексорлық сызықтар. а- негізгі фаланг; б- ортаңғы фаланг;
в- тырнақтық фаланг. I- бас бармақ; II- сұқ саусақ; III- ортаңғы саусақ;
IV- аты жоқ саусақ; V- шынашақ.



47 - сурет. Тырнақтық буынның (фалангтың) зоналары:
1 - орталық зона; 2 - оң жақ латералдық зона; 3 - дисталдық зона;
4 - сол жақ латералдық зона; 5- базистік зона.

Қолдың іздері із түзу механизміне және із қабылдаушы объектінің қасиеттеріне байланысты: көлемдік және беттік, боялған және түссіз, нашар көрінетін және көрінбейтін іздер болып бөлінеді. Оқиға болған жерді қарау немесе қандай да болмасын тергеу әрекеттерін жүргізу барысында қолдың көлемдік іздерін немесе боялған іздерін (қанмен, бояумен және т.б.) табу көп қиындық туғызбайды. Көрінбейтін немесе нашар көрінетін іздерді табу бұған қарағанда едәуір күрделірек.

Қол іздерін табу үшін оқиға болған жерде қандай объектілерді қылмыскер ұстауы мүмкін деп болжам жасап алып, осы заттарды мұқият қарау керек. Қолдың іздерін табу үшін алдымен бағытталған жарық көздерін қолдану керек. Бұл үшін қолдың ізі түскен затты жарықтың алдында әртүрлі бұрышта айналдыра отырып көзбен шолып қарау керек. Бұл әдіс терлі-майлы ізбен – заттың арасында жарық түсуіне байланысты айырмашылық тууына негізделген, себебі заттың тегіс беті жарықты бағыттап шағылдырады, ал терлі-майлы зат оны сейілтеді. Міне, осы себептен із күңгірттеніп көрінеді. Табылған іздерді сол сәтінде фотосуретке түсіріп алу керек.


Егер іздерді бағытталған жарықпен қарау ешқандай нәтиже бермесе, онда іздерді табу үшін физикалық және химиялық

әдістерді қолданады. Папиллярлық бедерлерді табудың *физикалық әдісі* іздердегі заттардың оған енген басқа заттардың бөлшектерін химиялық реакцияға түспей ұстап қалуына және оның люминесценциялық қасиеттеріне негізделген.

Бұл әдістердің қатарына дактилоскопиялық ұнтақтармен (магнитті, магнитті емес, люминесценциялық) өңдеу не тозаңдандыру, иодтың буымен өңдеу, цианакрилаттың буымен өңдеу, іздерге түскен люминесценциялық ұнтақты оптикалық кванттық генератормен (лазермен) қоздыру арқылы қарау әдістерін жатқызамыз. Кейбір жағдайларда терлі-майлы іздерді табу үшін ультракүлгін және инфрақызыл жарық көздерін пайдалану тиімді. Бұл әдіс түскеніне көп уақыт өткен, немесе түрлі-түсті объектілердегі көрінбейтін іздерді табу үшін қолданылады.


Тергеу тәжірибесінде көбінесе іздерді табу және бекіту үшін заттарды – магниттік («Топаз», «Рубин», «Малахит», «Агат», «Сапфир»), магниттік емес (мырыш тотығы, қорғасын тотығы, мыс тотығы, ыс ұнтағы, графит, марганецтің қос тотығы т.б.) және де олардың қоспалары – әмбебап ақ, әмбебап қара, мыс тотығы мен ыстың қоспалары және т.б.), сондай ақ флюоресцентті (родамин, мырыш сульфиді, антрацен, хризан т.б) тозаңдандырады.

Ұнтақтар зерттеліп отырған объектінің үстіне себелеу не аударыстыру арқылы немесе дактилоскопиялық жаққының (кисть) көмегімен, пульверизаторлардың, аэрозольдардың көмегімен жағылады. Флейцтық жаққышты өте жұмсақ тиіннің немесе күзеннің түгінен жасайды. Егер зерттеліп отырған қабат қара түсті болса, оған ақшыл түсті ұнтақтар, ал беткі қабаты ашық түсті болса оған керісінше қара түсті ұнтақтар қолданылады.




48-сурет. Магниттік дактилоскопиялық жаққыштың құрылысы.
1- корпусы, 2- өзекше, 3- магнит, 4- серіппе, 5- тежеуші шығыршық.

Мына төмендегі суреттерде магниттік жаққыштың құрылысы және осы жаққыштардың, пульверизаторлардың көмегімен, іздерді табудың жолдары көрсетілген.




49-сурет. Себелеу және аударыстыру арқылы іздерді табу



50-сурет. Магниттік жаққыш пен іздерді табу және магниттік ұнтақты бүркіп себуге арналған пульверизатордың сыртқы көрінісі

Осы ұнтақтардың көмегімен табылған іздерді жабысқақ дактилоскопиялық пленкаға (ақ немесе қара) көшіреді. Бұл үшін оның түссіз қорғаныш қабатын алып, оның жабысқақ бетін ізге қатты баса отырып пленка мен іздің арасында қалып қойған ауа көпіршіктерін шығарып тастайды. Бұдан кейін пленканы алып оның бетін қорғаушы қабатпен жабады.

Жоғарыда атап көрсетілгендей, қағаздағы немесе ағаш пен картондағы көрінбейтін іздерді иод буын иод түтікшелері арқылы жіберіп табуға болады. Саусақтың терлі майлы іздерін иодтың буымен бояу үшін иод кристалдары орналасқан түтікшені қыздыру керек. Иод кристалдары буға айналып оны резина үрлегішпен түтіктен шығарып заттың бетін өңдейді. Іздегі заттармен араласып иод оларды қоңыр түске бояйды. Бұл іздер біраздан соң түссізденіп кетуіне байланысты оларды тез арада бекітіп алу керек. Бұл үшін темірдің сутегіде тотыққан ұнтағы немесе крахмал пайдаланылады.



51 - сурет. Иод. түтікшесі: 1 - бүріккіштің резеңке грушасы; 2 - жалғаушы шланг; 3 - кіретін тетік; 4 - шыны-мақта; 5 - иодтың кристалдары; 6 - шығатын тетік; 7 - түтікшенің шүмегі.


Пайда болған іздерді тез арада суретке түсіріп алады және мұндай іздерді иодкрахмалды немесе иоддекстеринді пленкаға көшіріп алады. Кей жағдайларда мұндай іздерді дистилденген судағы ортотоллидинің (химиялық реактив) 0,02 % ертіндісімен өңделген фотоқағазға да көшіріп алуға болады.

Қолдың көрінбейтін іздерін химиялық әдістердің көмегімен табу заттарды химиялық реактивтермен өңдеу нәтижесінде олардың терлі-майлы заттармен реакцияға түсіп іздерді көрінетін етуіне негізделген.

Көп жағдайларда азотқышқылды күмістің (ляпис) судағы 2,5-10% ерітіндісі немесе нингидриннің ацетондағы (0,2-08%) ерітіндісі қолданылады. Нингидриннің орнына аллоксанның ацетондағы (1-1,5%) ерітіндісін де қолдануға болады. Қағаздың, фанераның, картонның өңделген жерін күн сәулесімен не электр шамының сәулесімен қыздырады. Іздер азотқышқылды күмістің тұзымен өндегенде қоңыр не кара түске, нингидринмен өндегенде қызғылт-күлгін, аллоксанмен өндегенде – қызыл-сары түске боялады.

Іздерді нингидринмен немесе аллоксанмен өндеп шығарғаннан кейін олар одан әрі қарайып кетпес үшін оны мыстың нитратының ацетондағы 1,5% ерітіндісімен бейтараптандырады.

2-кесте



Қолдың іздерін алу.

Табылған және бекітілген іздерді мына төмендегі әдістермен алуға болады:

- осы із қалған затпен немесе оның бөлшектерімен (мүмкіндігінше);

- беткі іздерді арнаулы дактилоскопиялық немесе полиэтилен негізді жабысқақ ленталарға (скотч) көшіру;
- қолдың көлемдік іздерінен әртүрлі көшірме материалдар және компаундтарды (гипс; «К», «У1», «КЛТ 30» силикон пасталары; төменгі молекулалы каучуктер «СКТН», «СКТН 1»; «ВГО», «ВГО-4» көшірме массалары; «Копия 1», «Копия 2» ізкөшіргіш құрамдар) қолданып қалыбын алуға болады.
- іздерді физикалық және химиялық әдістердің көмегімен объектілерде тікелей бекіту, сондай-ақ оларды қорғағыш пленкалар немесе шынымен жабу.

Жоғарыдағы кестеде іздерді табудың физикалық және химиялық әдістерін көрсеттік.

Дактилоскопиялық зерттеулер жүргізу және сараптамалар жасау кезінде бірқатар диагностикалық және идентификациялық сұрақтарға жауап алуға болады.

Диагностикалық сұрақтарға мыналарды жатқызуға болады:

- тұлғаларды идентификациялау үшін папиллярлық бедерлердің жарамдылығын анықтау;
- ізді қалдырған қол мен саусақтарды анықтау;
- із қалдырған алақанның, саусақтың учаскелерін анықтау;
- қылмыстың кейбір жағдайларын анықтау, мысалы, шамамен қанша адам болды, оқиға орнындағы қылмыскердің әрекетінің реті мен сипаты т.с.с.
- ізді қалдырған тұлға туралы мәліметтер (мыс. жасы, шамамен бойы, жынысы, қолының физикалық ерекшеліктері т.с.с.).

Мына төмендегі кестелерде адамның алақаны мен саусағының ұзындығына қарап диагностика жасау мүмкіндігі көрсетілген.

Іздерді қарау барысында шешілетін идентификациялық сұрақтарға мыналарды жатқызуға болады:

- қолдың іздері бойынша нақты адамды идентификациялау;
- басқа да оқиға болған жерлерден табылған қол іздерін осы адамның қалдырғанын анықтау.

Адамның бойы мен білезігінің ұзындығының
шамамен алғандағы арақатынасы

Білезіктің ұзындығы(см).	Адамның бойы (20-60 жас), см	
	ер адамдар	әйел адамдар
14	-	145
15	-	149
16	153	152
17	158	156
18	162	160
19	167	163
20	170	167
21	176	171
22	181	-

Адамның бойы мен ортаңғы саусағының ұзындығының
шамамен алғандағы ара қатынасы

Ортаңғы саусақ ұзындығы см.	Адамның бойы (20-60 жас), см	
	ер адамдар	әйел адамдар
6	-	145
6,5	155	148
7	158	152
7,5	162	156
8	166	160
8,5	169	164
9	173	167
9,5	177	171
10	181	-

Аяқ іздері.

Оқиға орнында көп жағдайларда қылмыскердің аяғының (аяқ киімінің) ізі қалады. Бұл іздер жүргенде, жүгіргенде, секіргенде,


бір орында тұрған кезде қалуы мүмкін. Осы іздер арқылы тұлғаның оқиға орнына келу жолын, ондағы қозғалысын және қай жаққа кеткендігін білуге болады. Трасологияда адамның аяғының ізіне жалаң аяқтың, шұлық киген аяқтың, аяқ киімнің іздерін жатқызады. Жалаң аяқ немесе шұлық іздері бойынша адамды, ал аяқ киім іздері бойынша аяқ киімді идентификациялайды. Жалаң аяқ ізіне қарағанда, аяқ киім іздері тәжірибеде көп кездеседі.

Оқиға орнында аяқтың жалғыз ізімен қатар бірінен кейін бірі орналасқан аяқ іздерінің жиынтық жолын да кездестіруге болады. Аяқтың жалғыз ізін зерттеу осы ізді қалдырған аяқ киімнің ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік берсе, іздердің жолы – жүрудің ерекшеліктерінің тұрақты элементтерін, атап айтқанда: адымының ұзындығы, ені, бұрылу бұрышы т.с. анықтауға мүмкіндік береді. Із түзу механизміне байланысты аяқтың іздері статикалық немесе динамикалық іздер болып бөлінеді. Статикалық іздер адам тұрғанда, жүргенде немесе жүгіргенде түзіледі, ал динамикалық іздер сырғанағанда түзіледі.

Аяқ киімнің іздері көлемдік және беттік болады. Бұндай іздерді оқиға орнын қарау барысында тез табуға болады.

Беттік іздер көрінетін немесе көрінбейтін іздер болып бөлінеді. Беткі қабаттық іздер аяқ киімнің табанына бояу жұғып қалса немесе лас болса жақсы көрінеді.

Бұндай іздерді іздеген кезде олар тек еденде ғана емес, басқа да заттардың үстінде де, мысалы, орындық, үстел, диван т.с.с. қалдырылуы мүмкін екенін естен шығармау керек. Аяқ іздері табылған жерлерден аяқ киімнен қатпарланып түсіп қалған топырақтың, лайдың және тағы да басқа заттардың бөлшектері ізделеді. Егер із жалаң аяқпен қалдырылса онда оны табу және алу қол іздерін табу мен алу әдістері сияқты жүргізіледі. Бұл іздерден табанның өлшемдерін (табанның жалпы ұзындығы, табан сүйектерінің, өкшесінің, аралық бөлігінің, әр аяқ саусағының ұзындығы мен ені, табанның жалпы пішіні, папиллярлық бедерлердің жалпы құрылымы, флексорлық сызықтардың болуы) табуға болады (52 - сурет).



52-сурет. Аяқ киімнің табанының бөлшектері және жалаң аяқтың ізінің өлшемдері.

Аяқ киім ізі: 1- табанның ұзындығы; 2- өкшенің ұзындығы, 3,4 - аралық бөлігінің ұзындығы; 5,6- ұлтанның ұзындығы; 7- өкшенің ені; 8- аралық бөлігінің ені; 9- ұлтанның ені; 10- өкшенің алдыңғы киюының мөлшері.

Жалаң аяқ ізі: 1,2,3 – өкшенің шеті мен саусақтардың шетінің арасы; 4- іздің жалпы ұзындығы; 5- саусақтардың арасы; 6-саусақтың өлшемі; 7- табанның ені; 8- табанның ұзындығы; 9- аралықтың ені; 10- өкшенің ені.

Қатты із қабылдаушы қабатқа шаңның немесе топырақтың қабатталуы нәтижесінде түскен аяқтың беттік іздерін із көшіргіш пленкаға немесе жабысқақ қағазға, сол сияқты резинка пластинкаға көшіріп алуға болады.


Аяқтың, аяқ киімнің көлемдік іздері объектінің пішінінің едәуір өзгеруі нәтижесінде түзіледі. Мысалы, қарда, құмда, лай-батпақтарда қалған іздер. Бұл іздердің ұзындығын, енін, тереңдігін өлшеуге болады.

Аяқ киімнің көлемдік іздерінің көшірмесін олардың гипстік қалыбын жасау арқылы алуға болады. Бұл үшін алдымен ізді оның қалыбын алуға дайындайды, яғни оның бетінен бөгде заттарды алып тастау керек (мыс. шыбықтар, тастар, темекінің тұқылы

т.с.с.). Із қалған жер қыртысының жағдайына байланысты қалыпты алудың: құю, себу арқылы және аралас тәсілі қолданылады. Бұл тәсілдердің қайсысын таңдау – із қабылдаушы беттің жағдайына және ауа райы мен жыл мезгіліне байланысты болады.

Аяқ ізінің қалыбын құю әдісімен алу үшін гипс ұнтағын сумен қаймақ тәрізді болғанға дейін араластырады. Алынған массаны ізге оның тереңдігінің 1/3 қатынасындай қалыңдықта құяды. Бұдан соң оның үстіне ізге сымнан немесе басқа материалдан тірек (каркас) және ұштары сыртқа шығып тұратын шпагат жіп салып қалған гипс ертіндісін үстіне құяды (53 - сурет).

Қоршаған ортаның температурасына байланысты шамамен 20-25 минут өткеннен кейін іздің қалпын алып, оны сумен ақырындап шаяды. Шпагат жіпке бұл іздің қашан, қайдан, қандай іс бойынша алынғаны және кімнің алғаны туралы мәліметтер жазылған қағаз бирка байланады. Бұл биркаға, сонымен қатар, куәгерлердің қолы қойылып, бекітіледі.



53-сурет. Іздің гипс қалыбын алу үшін жүргізілетін операциялардың реті.

1 - бөгде заттарды алып тастау; 2 - гипс ертіндісін дайындау; 3 - ертіндінің жартысын ізге құю; 4 - ертіндінің қалған бөлігін ізге құю; 5 - қалыпты алып шығу; 6 - қағаз бирканы бекіту.

Себу арқылы қалып алу әдісінде құрғақ гипсті іздің үстіне елек арқылы қалыңдығы 1-2 см етіп себеді. Бұдан кейін оның үстіне тірек (каркас) салып оның үстіне толтырып гипс себеді. Бұдан кейін оның үстіне бүріккіш арқылы су шашады.

Егер із сусымалы материалдарға түссе, мысалы: цемент, ұн, құм т.б. онда оны алдын ала қандай да бір ертіндімен өңдеп қатырып алады. Ондай ертінділерге:қанттың судағы ертіндісі, керосин, перхлорвинилдің ацетондағы 6-10% ертіндісі, арнайы лактар немесе аэрозоль түріндегі шашқа арналған лактар жатады. Ертіндіні пульверизатор немесе аэрозоль арқылы ізге белгілі бір арақашықтықты сақтай отырып, бүркіп шашып, ондағы ұсақ бөлшектерді біріктіріп бекітіп, содан соң гипстік құйманы дайындайды.

Аяқ іздерін бекітіп алуда силиконнан жасалған «К» пастасын және «СИЭЛАСТ», «СКТН» компаундтарын да қолдануға болады.

Оқиға орнынан табылған аяқ киім ізінен мынандай мәліметтерді ала аламыз:

- табан және оның бөлшектерінің өлшемі бойынша:
 - табанның жалпы ұзындығы;
 - максималдық ені;
 - ұлтанның ұзындығы;
 - ұлтан бөлігінің минималдық ені;
 - өкшенің ені мен ұзындығы.
- табанның бөліктерінің пішіні бойынша – тұмсық бөлігінің, табанның сыртқы және ішкі жиектерінің, ұлтанның артқы жиектерінің, өкшенің алдыңғы және артқы жиектерінің сипаттамасы.
- табан және оның бөліктерінің беткі қабатының жалпы сипаттамасы (тегіс, дөңес, бедерлі оюлы, оюдың түрі, пішіні көлемі, өлшемі).
- табан және оның бөлшектерінің бекітілу тәсілдері (бұрандалы, ағашты-түйреуішті, шегемен қағылған, тігілген, желіммен жабыстырылған).
- түйреуіш, шеге, бұранда қатарларының саны.

- табанға сырғанамау үшін қағылатын таға, сырғанауға қарсы жапсырылатын тікендер (шипы), фабрикалық таңбалар мен белгілердің болуы.

Оқиға орнында шұлық киген аяқ ізі табылған жағдайда, онда ол іздің жалпы белгілеріне аяқтың белгілерімен қатар, шұлықтың размері, жіптердің тоқылу түрі мен схемасы, өкше мен сүйір жеріндегі фабрикалық тігістерін жатқызады.

Идентификация жасағанда шұлық киген аяқтың іздерінің жеке белгілеріне шұлықта фабрикалық ақаулардың және киілу кезінде пайда болған ақаулардың болуы мен олардың орналасу орындары жатады (мыс: жіптің тігісінің тегіс болмауы, оларда түйіндердің болуы, жіптердің жинақталу ерекшеліктері, жіптердің жинақталу бұрыштары, шұлықтағы жыртылған жерлердің болуы, олардың көлемдері, ондағы жамаған, тіккен жердің орны т.б.).


Адамның жалаң аяғының ізі бойынша оны қалдырған адамның бойын анықтауға болады, себебі дұрыс прапорционалды дамыған адамның табанының ұзындығы оның бойының $1/7$ қатынасындай болатындығы дәлелденген.

Идентификациялық және диагностикалық міндеттерді шешу кезінде жеке іздермен қатар, аяқ ізі «жолдары» зерттеледі.


Аяқ ізі «жолдары» деп - жүру барысында оң және сол аяқтың кезекпен қалдырған іздерінің жиынтығын айтады.

Осы із жолдары арқылы ізді қалдырған адамның жынысын анықтауға болады. Мысалы, орта бойлы ер адамның жай жүргендегі адымының ұзындығы шамамен 75-78 см, ал жүгірген кездегі адымы 1 м немесе одан да көбірек болады. Оң аяқтың адымы сол аяққа қарағанда шамамен 1-2 см үлкен болады, ал солақай адамдарда ол керісінше. Әйел адамдардың адымы ер адамдарға қарағанда 5-10 см қысқарақ болады.

Мына төмендегі суреттерде біз аяқ іздерінің сызбасы мен элементерінің жиынтығын ұсынып отырмыз.



54-сурет. Аяқ ізі «жолдарының» элементтері: АБ – қозғалыс бағыты сызығы; БГДЕ1 – жүру сызығы; Б1Г – оң аяқтың адымының ұзындығы; Г1Д – сол аяқтың адымының ұзындығы; Г1Г – адымның ені; ОГД1 – оң табанның бұрылу бұрышы; СБГ1 – сол табанның бұрылу бұрышы.



55-сурет. Адым бұрыштарының ерекшеліктері. 1 - адымның бұрышы оң; 2 - адымның бұрышы нөл; 3 – адымның бұрышы теріс.

Аяқ ізі «жолдарының» элементтеріне мыналарды жатқызамыз:

- *қозғалыс бағыты сызығы* – бұл адамның қозғалыс бағытымен оң және сол аяқтардың іздерінің ортасынан бірдей қашықтықта ойша жүргізілген сызық;
- *жүру сызығы* – бұл оң не сол аяқтың өкшесінің ізінің ортасының сынық сызықтармен қосылуы;
- *адым ұзындығы* – аяқты алға сермеп жүру шамасы (әр аяққа қозғалу бағытына параллель сызық бойынша өкше немесе табанның ортасынан өлшенеді);
- *табанның бұрылу бұрышы* – табанның осі мен жүру бағыты арасында түзілетін бұрыш;
- *адымның ені* – аяқтардың өкшелерінің ортасының жүру бағытына перпендикуляр көлденең ара қашықтығы.

Аяқ (аяқ киім) іздерін табу.

Аяқ (аяқ киім) іздерін табу мақсатында оқиға болған жерде мыналарды қарау ұсынылады:

- жердің (еденнің) бетін, жерде, еденде жатқан заттарды;
- қоршаған ортадағы қылмыскердің пайдалана алатын заттары (үстел, орындық, табуретка және т.с.с.) мысалы, шкафтың үстіндегі, сөредегі бір затты алғанда немесе қабырғада ілініп тұрған затты шешіп алғанда;
- қылмыскердің жүрген жолындағы заттардың үстін (дуалда, шатырда, төбеде, баспалдақта, терезенің алдында, есіктің алдына салатын тегіс резеңке кілемшелер және т.б.).
- аяқпен тепкілеген жәбірленушінің киімдері.

Аяқ киімнің іздерін іздегенде қылмыскердің оқиға орнына кіру және шығуы мүмкін жерлерге көңіл аудару қажет.

Аяқтың және аяқ киімнің іздерін қорғау. Аяқ іздері тез бұзылатыны себепті оларды тапқаннан кейін тез арада оны қорғау шараларын жүргізу керек. Ашық жерде табылған ізді қажет болған жағдайда қоршау керек, ал атмосфералық қолайсыз жағдайларда (жанбыр, қар т.б) оларды су өткізбейтін заттармен (мысалы: жәшік, қорап, қаңылтыр) жауып қою керек.


Аяқтың және аяқ киімнің іздерін бекіту. Оқиға орнынан табылған аяқ іздері алдымен суретке түсіріледі де, содан соң байқау хаттамасына жазылады.

Көрінетін іздерді оларды тапқаннан кейін, ал, көрінбейтін іздерді өңдеу арқылы көрінетін болғаннан кейін суретке түсіреді.

Аяқ іздері масштабтық суретке түсіру ережесі бойынша, барынша үлкен масштабта суретке түсіріледі. Бұл жерде фотокамераны - кадр жазықтығы іздердің орналасу жазықтығына параллель болатындай етіп орналастырады және масштабтық сызғышты іздің жанына қояды. Көлемдік іздерді екі жақтан жарық беріп, яғни негізгі жарық көзі және қосымша көлеңкелік жарық көзін қолдану арқылы түсірген дұрыс (56- сурет).

Қардың үстіне түскен іздерді күндізгі жарықта сары немесе қызғылт-сары жарық фильтрлерін қолданып суретке түсіреді. Бұл жарық фильтрлері қардың ультракүлгін сәулелерді шағылдыратын әсерін бәсеңдетіп, суреттің сапасын жақсартуға көмектеседі.

Іздердің жолын, егер ол қысқа болса жанынан бір кадрға түсіреді. Ал ұзын іздердің жолын, жанынан сызықтық панорамалық әдісті қолданып суретке түсірген дұрыс болады.



56-сурет. Аяқ киімнің көлемдік іздерін суретке түсірген кезде жарық көздерінің орналасуы

Оқиға орнын қараудың нәтижелерін байқау хаттамасына жазады және бұл хаттамада мынандай мәліметтер көрсетілуі тиіс:

- 1) іздердің табылған орны, уақыты, қандай бетте орналасқаны (күм, балшық, қар, асфальт, ағаш немесе цемент еденде т.б.);
- 2) іздің түрі (көлемдік, беттік);
- 3) пішіні (бөтеңкенің, туфлидің, етіктің, жалаң аяқтың ізі);
- 4) іздің размері;
- 5) ұлтанның жекеше ерекшеліктері (нәл, жамау, таға, шегенің басы т.с.с.);
- 6) жүру элементтерінің өлшемдері (адымның ұзындығы мен ені, табанның бұрылу бұрышы, басқа да ерекшеліктері) олардың оқиға орнындағы бағыты;
- 7) іздерді табу және бекіту әдістері (беттерді ұнтақтармен өңдеу, оларды жабысқақ лентаға көшіру, суретке түсіру, суреттеу, көшірмесін дайындау);
- 8) іздерді алу әдістері және буып-түю.

Осы жоғарыдағы айтылғандарды қорытындылай келе, аяқ (аяқ киім) іздерін зерттегенде бірқатар диагностикалық және идентификациялық сұрақтарды шешуге болатынын көрдік.

Диагностикалық сұрақтарға мыналарды жатқызамыз:

- іздің пайда болу механизмі мен қылмыс оқиғасын анықтау (оқиғаға қатысушылардың саны, бағыты, жүру жылдамдығы, кедергілерден өтуі, кіру тәсілі, іздердің пайда болу реті);
- тұлғаның жеке белгілерін анықтау (жынысын, шамамен жасын, салмағын, бойын, жүріс ерекшеліктерін және т.б.);
- аяқ киім өлшемін, түрін, фасонын, ұлтанының ерекшеліктерін.

Идентификациялық сұрақтар:

- із қалдырған аяқ киімді идентификациялау;
- жалаң аяқтың ізімен осы ізді қалдырған адамды идентификациялау.

Біз мына төмендегі кестеде қалдырылған аяқ іздері арқылы оның бойын және аяқ киімінің размерін анықтау мүмкіндігін көрсеттік.

Аяқ іздері арқылы адамның бойын және аяқ киім размерін анықтау кестесі

5-кесте

Іздің ұзындығы (см)	Адамның бойы			Аяқ киімнің размері			
	Аяқ киімнің ізі бойынша		Жалаң аяқ ізі	Табаны қалыпты		Табаны ұзартылған	
	Табан қалыпты	Табаны ұзартылған		штрихпен (ескі жүйе)	Сантиметр-мен (жаңа жүйе)	штрихпен (ескі жүйе)	сантиметр-мен (жаңа жүйе)
32	196	190	208	46	30,5	44	29,5
31,5	193	186	204	45	30	43	29
31	190	183	201	44	29,5	42-43	28,5
30,5	186	179	196	43	29	42	28
30	183	175	193	42-43	28,5	41-42	27,5
29,5	179	172	190	42	28	41	27
29	175	168	186	41-42	27,5	40	26,5
28,5	172	165	183	41	27	39	26
28	168	161	179	40	26,5	38-36	25,5
27,5	165	157	175	39	26	38	25
27	161	154	172	38-39	25,5	37-38	24,5
26,5	157	150	168	38	25	37	24
26	154	146	165	37-38	24,5	36	23,5
25,5	150	143	161	37	24	35	23
25	146	140	157	36	23,5	34	22,5
24,5	143	136	154	35	23	33-34	22
24	140	133	150	34	22,5	33	21,5
23,5	133	129	146	33-34	22	32	21
23	133	125	143	33	21,5	31	20,5


Тістің іздері

Кей жағдайларда қылмыстық істерді тергеген кезде оқиға орнынан тістің іздерін табуға болады. Тістің іздері көбінесе азық-түліктерде (ірімшікте (сыр), шокаладта, жемістерде т.б.) және де басқа заттарда (бөтелке қақпақтарында, қорғасыннан жасалған пломбаларда), сондай-ақ адамдардың (қылмыскер, жәбірленуші) денесінде қалады.


Тіс іздері бойынша, оның қандай жағдайда қалдырылғанын анықтауға және адамды идентификациялауға болады. Сонымен қатар, тіс іздері бойынша осы ізді қалдырған адамның шамамен жасын, жынысын, мамандығын және осы адамның қандай аурумен ауырғанын анықтай алады.

Тіс іздері қол және аяқ іздеріне қарағанда сирек кездеседі, бірақ осыған қарамастан ол іздердің де белгілі бір дәрежеде криминалистикалық маңызы бар.

Біз тіс іздерінің түзілу механизмін түсіну үшін мына төмендегі суреттерде тіс аппаратының және тістің құрылысының суреттерін бергенді жөн көрдік.



57-сурет. Адамның тіс аппаратының құрылысы. А – үстіңгі жақ;
Б – астыңғы жақ. 1- медиалдық күрек тіс; 2- латералдық күрек тіс;
3- азу тіс; 4-5 – кіші азу тістер; 6,7,8- үлкен азу тістері.



58-сурет. Тістің құрылысы. 1- эмаль; 2- тістің сырты; 3- тістің түбірі; 4- тіс мойыны; 5- дентин (тістің негізгі бөлігін құрайтын сүйек зат); 6- пульпа; 7-цемент.

Адамның тіс аппараты, ал кей жағдайларда жеке бір тіс іздерде кешенді мынандай белгілер қалдырады:

- пішіні, өлшемі, тіс доғасының радиусы, тістердің саны, олардың ара қашықтығы, шайнаушы беттің пішіні, өлшемі, бедері;
- тістем ерекшеліктері, тіс қатарының немесе жеке бір тістердің ауытқушылығы, оның ішінде пішінінің, санының, өлшемінің орналасу ретінің, олардың ара қашықтығының ауытқушылығы;
- организмнің өмір сүру процесі нәтижесінде, ауру мен тісті емдеу нәтижесінде пайда болған, кейбір тістердің жоқ болуы, тіс қаптауының сынуы, пломбы мен протездің болу түріндегі ерекшеліктер.

Қалыптасу механизміне байланысты іздер *тістеу* (следы надкуса) және *тістеп жұлып алу* (следы откуса) іздері болып екіге бөлінеді.

Тістеу кезінде – тістер толық түйісіп жабылмайды, міне, сондықтан объектінің бетінде іздер доға тәрізді бір-біріне қарама-қарсы орналасады. Бұл іздерден тістер доғасының пішінінің орналасуын, тістердің орналасуын, тістердегі коронкалардың орналасуын анықтауға болады. ,

Тістеп жұлып алу кезінде –тістер толық жабылып бір-бірімен түйіседі және соның нәтижесінде із қабылдаушы объектінің барлық массасынан бір бөлікті тістеп үзіп алу іздері. Бұл іздер динамикалық іздерге жатады.

Азық-түлік заттарынан табылған тістің іздерін сақтаудың шараларын жасау керек. Ол үшін тез бұзылатын азықтарды іздер жойылып кетпейтіндей етіп аузы жабылған шыны ыдыстың ішіне орналастырып тоңазытқышқа салады. Ал тістің іздері бар жемістер мен көкөністерді таза жұқа матаға орап 40 % формалин ертіндісі толтырылған ыдысқа салады.

Мәйіттегі тіс іздерін сот дәрігерінің көмегімен кесіп алып, сірке қышқылының спирттегі ертіндісі толтырылған ыдысқа салады.

Тіс іздерін бекіту. Тіс іздері табылған жағдайларда алдымен суретке түсіріледі, содан соң оны өлшеп оқиға болған жерді қарау не тергеу әрекеттерін жүргізу хаттамасына сипаттап жазып, схемасы сызылады.



59 - сурет. Ірімшікте қалған тіс іздері

Тіс іздерін оқиға болған жердің байқау хаттамасында сипаттап жазған кезде мына төмендегідей мәліметтер көрсетілуі керек:

- 1) қандай заттан тіс іздері табылды;
- 2) тіс ізі табылған объектінің түрі және бетінің жағдайы;
- 3) объектідегі тістің іздерінің орны;
- 4) іздің түрі және саны;
- 5) іздің жалпы пішіні мен өлшемі;
- 6) ізде қалған тістердің саны;
- 7) әрбір тістің пішіні, өлшемі және өзара орналасуы;
- 8) іздің өзіндік ерекшеліктері;
- 9) іздерді бекітудің және алуудың әдістері;
- 10) тіс ізі бар объектілерді немесе олардың көшірмелерін буып-түю әдістері;
- 11) орамада қандай жазулар жазылған.

Тіс іздерін алу. Азық-түлік және басқа да заттардағы тіс іздері осы заттармен бірге алынады. Егер тіс іздері бар осы затты немесе оның бөлшегін алу мүмкін болмаса, онда бұл іздерден силиконды компаунд «К 1-18» немесе гипстің көмегімен көшірмесін алады.

Адам денесіндегі тістің іздері сот медицинасы саласындағы мамандардың көмегімен бекітіліп, алынады. Мәйіттің денесіндегі тістің ізі осы із қалған терісімен бірге мәйітханада, мәйітті сояр алдында алынады. Тістің ізі қалған тері учаскесі сірке қышқылының спирттегі ертіңдісінде сақталады (1 бөлік сірке қышқылы, 2 бөлік спирт және 7 бөлік су).

Темекі тұқылын алу және орап-байлау пинцеттің көмегімен жүргізіледі, себебі бұл тұқылдарда тіс іздерінен басқа сілекей іздері де қалады, ал бұл іздер өз алдына жеке зерттеу объектілері бола алады.

Еріннің іздері.

Оқиға болған жерден кейде еріннің помадамен боялған іздері немесе нашар көрінетін ерін іздерін табуға болады. (мыс. стақанның, рюмканың, кесенің шетіндегі іздер, темекі, сигареттегі ерін іздері т.с.с. Қалдырылған еріннің іздері арқылы, оны қалдырған адамды идентификациялауға болады; себебі қазіргі кезде адам ернінің рельефі тек сол адамға ғана тән екендігі анықталды, яғни еріндегі сызықтар мен өрнектер арқылы.

Және, сонымен қатар, еріннің іздері арқылы диагностикалық бағыттағы хабарлар, атап айтқанда, адамның жынысын, жасын, сыртқы бейнесіндегі кейбір ерекшеліктерін т.с.с. анықтауға болады.

Оқиға болған жердегі еріннің іздерін қарастырған кезде оны суретке түсіріп алу керек және байқау хаттамасына толық сипаттап жазғаннан соң, осы із қабылдаушы объектімен қоса алып, іздер бұзылмайтындай етіп орау керек. Идентификациялық трасологиялық сараптама тағайындаған кезде ақ қағазға күдікті адамның ернінің боялған іздерінің көшірмесін салыстыру үшін алып, оны оқиға орнынан алынған іздермен қоса сарапшыға тапсыру керек.

Бұл жерде айта кететін жағдай, еріннің іздерімен жұмыс істеген кезде бұл іздерде сілекей іздерінің болуы мүмкін екендігін естен шығармау керек. Ал сілекей іздері соттық-медициналық сараптамалар тағайындаған кезде диагностикалық және идентификациялық мәселелерді шешуге көмектесетін заттық дәлелдемелер болып табылады. Осымен қатар бұл іздердегі із-зат, ерін-далабы (помада) материалдарды соттық зерттеу сараптамасының объектісі болады және осы сараптаманы жүргізу арқылы осы ерін-далапты жасап шығарған фабриканы, оның маркасын, реңін, оның жасалу уақытын анықтауға болады.

Тырнақтың іздері.

Тырнақ іздерін көбінесе адамның денесінен, ал кей жағдайларда заттардан табуға болады. Бұл іздер адамды идентификациялауға жарамсыз болады, себебі тырнау іздері тырнақтың өзіндік жекеше ерекшелігі жоқ шеттерімен түзіледі. Бірақ, олардың өлшемдері, пішіндері, орналасулары бойынша қолдың білезігінің өлшемдерін, тырнақтың өлшемі мен пішінін анықтауға болады. Тырнақ іздерінің із қабылдаушы объектіде қалған ізі және осы объектінің түрі бойынша тырнақ астында із қабылдаушы объектілердің бөлшектері (қан, терісінің бөлшектері, шаш, матаның, киімнің талшықтары т.б.) қалғандығы жөнінде болжам жасалады. Бұл бөлшектер арқылы оны қалдырған адамды идентификациялауға болады.

Киімнің іздері.

Кей жағдайларда оқиға болған жерден адамның киімінің іздері табылады. Көп жағдайларда іздерде киімнің түрін және конструкциялық ерекшеліктерін көрсететін топтық ерекшеліктері бейнеленеді. Киімнің іздері, осы іздерді қалдырған адамның бойы, толықтығы, жынысы, жасы, мамандығы туралы мәліметтер бере

алады. Киімнің іздерін шаң басқан, сырланған, жылтыр заттардан, қардан, жұмсақ топырақтан, адам денесінен және өлген адамның денесінен табуға болады.

Бұл іздерді дактоұнтақтар арқылы, жарық сүзгіштер арқылы, реактивтер арқылы, ультракүлгін сәулелерді қолдану арқылы табуға болады. Табылған іздер суретке түсіріледі және хаттамаға жазылады, көлемдік іздерден қалыптық көшірмелер алынады.

Оқиға орнынан із кескіндемелерді іздеумен қатар, осы киімнің жұлынып түсіп қалған із-зат бөлшектерін жіп талшықтары, маталардың қиындылары, түбіттер, түймелер т.с.с. да қоса іздеу керек.

Трасологиялық сараптама тағайындалғанда сарапшыға оқиға болған жерден алынған іздермен қоса күдікті адамдардың киімдері және т.б. (жіп талшықтар, маталардың қиындылары, түбіттер, түймелер және т.с.с.) қоса беріледі.

Бұл заттар киімінің осындай белгілері барадамдарды іздестіруге және киімді құрамдас бөліктері арқылы идентификациялауға мүмкіндік береді.

Биологиялық іздер.

Биологиялық іздерге қанның, ұрықтың (сперма), тердің, сілекейдің іздері, шаш, адам организмінің бөлшектері, терілері, сүйектері мен олардың фрагменттері жатады. Биологиялық іздердің ерекшеліктеріне олардың уақыт өткен сайын өздерінің қасиеттерін өзгертуі жатады. Сыртқы ортаның, жарықтың және атмосфералық құбылыстардың әсерімен бұл іздер тез шіріп деструкциялық өзгерістерге ұшырап өзінің жекешелік қасиеттерін жоғалтады.

Биологиялық іздерді табу үшін жарық көзіне қосылған лупаларды, ультракүлгін сәуле беруші құралдарды қолданады. Бірақ ультракүлгін жарық көздерін көрінбейтін және әлсіз көрінетін биологиялық іздерді табу үшін ғана қолданады, себебі УК жарықтар қан немесе ұрыққа 5 сек көп түсірілетін болса, онда олардың құрамындағы ДНК структурасы бұзылады. Міне, сол себептен көп жағдайларда қанның және ұрықтың іздерін табу үшін реактивтер қолданылады. Мысалы, қанның ізін анықтауға гемоФАН немесе Воскобойников реактивтерін қолданады. Егер реактив тамызылған із көк түске боялса, ол қанның ізі болғаны.

Ұрықтың іздерін Фосфотест реактивінің көмегімен анықтайды (егер із күлгін түске боялса, онда ол ұрықтың ізі.)

Табылған іздерді криминалистикалық суретке түсіру ережесі бойынша фотоға түсіреді. Қан іздерін суретке түсіру кезінде жарық фильтрлерін жиі қолданады, мысалы, көк жарық фильтрін қолдану арқылы әктелген қабырғадағы әктің астындағы қан іздерін суретке түсіріп алуға болады. Қан іздерін сипаттап жазған кезде, олардың табылған уақытын және орнын, түрін, шамамен көлемін және пішінін көрсету керек. Басқа да биологиялық іздер де осы сияқты сипатталынып жазылынады.

Биологиялық іздерді алу. Іздерді тауып, бекіткеннен кейін оларды байқау хаттамасына толық сипаттап жазып, іздерді алады.

Киімдегі және басқа да заттардағы биологиялық іздер осы заттармен қоса алынады.

Үлкен заттардан қанның және ұрықтың іздерін жабысқақ пленкаға алады. Қабырғадан, терезенің жақтауларынан, есіктен іздерді қыру арқылы алады, ал қардан немесе судан қанның, ұрықтың, зәрдің қармен араласқан бөлшегін дәкеге алып оны кептіреді. Шашты пинцетпен, ал саусақтың идентификацияға жарамайтын іздерін, еріннің іздерін, дененің басқа да бір бөліктерінің іздерін жабысқақ лентаға алады.

Іздердің ақпараттық маңыздылығы, іздердің түзілу уақыты мен сақталу жағдайына тікелей байланысты болады.

Осы жақын уақытқа дейін биологиялық объектілерді зерттеу қан мен ұрықтың топтық тиістілігін анықтауға ғана мүмкіндік беретін. Қазір генотипоскопия әдісі бойынша – белгілердің жана категориясын (генетикалық маркер) – дизоксирибонуклеин қышқылының (ДНК) полиморфты бөліктерін қолдану идентификациялық сұрақтарды шешуге мүмкіндік берді. ДНК зондтары арқылы, осы ДНК таңбаларының сәйкестіктері анықталады. Екі жеке тұлғаның ДНК таңбаларының сәйкес келу мүмкіндігі 1:40 млрд. қатысындай екен. ДНК іздерінің жекешелік технологиясын «геннің дактилоскопиялық ізі» немесе «генотипоскопия» деп атайды. Зерттеулер жүргізу үшін қанның немесе ұрықтың 5 тиынның көлеміндей ізі жарай береді. Дымқыл іздерді бөлме температурасында кептіреді. Алғаннан кейін із қалған объектіні қағаз пакетке салып 1-1,5 ай сақтауға болады. Мұздатқыш камерада іздер 6 айға дейін сақталады.

Генотипоскопиялық зерттеулер:

- тұлғаны өте жоғары ықтималдықпен қаны немесе ұрығы арқылы идентификациялауға;
- осы тұлғалардың баланың әкесі немесе шешесі екендігін анықтауға;
- күдіктіден зорлау нәтижесінде екіқабат болғандығын анықтауға;
- топ болып зорлау нәтижесінде осы оқиғаға қатысқан әрбір адамды анықтауға;
- бөлшектеп кесілген мәйіттің мүшелерінің бір адамдікі екендігін анықтауға мүмкіндік береді.

Сараптамалық зерттеулерде мынандай *диагностикалық* сұрақтарға жауап алуға болады:

1. Зерттеуге берілген объектілерде қанның, ұрықтың, сілекейдің және адамнан бөлінетін басқа заттардың іздері бар ма ?

2. Қанның, сілекейдің топтық және жыныстық тиістілігі қандай?

3. Зерттеуге берілген объекті адамның шашы ма?

4. Шаштың топтық және жыныстық тиістілігі қандай?

5. Зерттеуге берілген шаш қай жерде өскен шаш, онда бояудың, бұйралаудың іздері бар ма?

Идентификациялық сұрақтардың көмегімен мынандай мәселелерге жауап алуға болады:

1. Қан немесе ұрық осы іс бойынша жауапқа тартылған белгілі бір адамдардікі ме, жоқ па?

2. Осы шаш белгілі бір адамдікі ме жоқ па? (айыпкер, күдікті, жәбірленуші т.с.с.).

Адамның иісінің іздері (Одорология.)

Бізді қоршаған ортадағы әрбір зат өзіне тән иісімен сипатталады. Иіс дегеніміз – материалдық объектінің немесе ондағы затты адамның немесе жануардың иіс сезу органымен қабылдау қасиеті. Өздерінің шығу тегіне байланысты иістерді екіге бөлуге болады:

1. Тірі организмдер мен табиғи заттардан шығатын иістер (мыс. гүлдердің иістері, шіру иістері, тамақ иістері т.с.с.).

2. Жасанды заттардан шығатын иістер (мыс. пластмасс, жанар-жағар майлардың иістері т.с.с.).

Бұл иістердің аз ғана мөлшерінің өзі криминалистикалық маңызы бар ақпарат көздері болып табылады.

Оқиға болған жерді қарау барысында адамдар өздерінің иіс сезу органдарының көмегімен алған иістер мыс. күйген, ашыған, шіріген, дәрілер мен парфюмериялық заттардың иістерін диагностикалық және іздестіру мақсаттарында пайдаланады.

Адамдардың иіс сезу органдары сезе алмайтын, бірақ, өте құнды иістік ақпараттар басқа да биосенсорлық жүйелердің көмегімен, тәжірибеде көбінесе иттердің иіс сезу анализаторлары арқылы алынады.

Адам иісін және басқа да іздерді зерттеу арқылы қылмысты ашу криминалистикада *одорология* деп аталады (латынның *odor* – иіс және ежелгі гректің «*logos*» - ілім деген сөзінен шыққан, яғни «иіс туралы ілім» деген мағынаны білдіреді).

Адам иісінің іздерін криминалистикада қолдану - әрбір адамның тек өзіне тән жеке иісі болатын ерекшелігіне негізделген және бұл иіс оның өмірінің көптеген жылдарында сақталады. Адамның иісінің іздері қоршаған ортада жеткілікті дәрежеде тұрақты және ол осы индивид әсерлескен заттардың бетінде біраз уақыт сақталады. Міне, осы іздер алынып, оны осы іздерді қалдырған субъектіні идентификациялауға қолдануға болады.

Адам иісін сақтайтын негізгі объектілерге мыналар жатады:

- шаштар, қанның іздері (қатып қалған) - адамның иістерін ондаған жылдар бойы сақтайды.
- киілген киімдер, аяқ киімдер - адам иісін бірнеше күннен бірнеше айға дейін сақтай алады.
- әртүрлі заттар (қару-жарақтар, құрал-саймандар т.с.с. адам оны қолымен 30 мин. ұстағаннан кейін, оның иісі осы заттарда екі тәулікке дейін сақталады.

Иіс іздерінің криминалистикалық маңызы

Адамның иісінің іздері криминалистикада көптен бері қолданылып келеді. Оларды тауып зерттеу үшін иттердің иіс сезгіштік қасиеттерін мына төменде көрсетілген жағдайларды анықтау үшін қолданады.

- қылмыскерді ізін суытпай тауып, ізіне түсу (1 сағаттан 3 сағат аралығында);
- оқиғаға қатысушылардың қылмыс жасау орнына келу мен одан кету жолын анықтау;

- кинологиялық жедел сұрыптауды жүргізу, мысалы, күдікті адамнан алынған заттарды іздеуші иттердің иіс үлгілері бойынша тануы;
- ғимараттарды, оқиға орнын тінткенде қылмысқа қатысы бар жоғалған немесе тығылған заттарды табу;
- тығылған (көмілген) мәйіттерді, қару-жарақты, есірткілерді немесе жарылғыш заттарды іздеп табу.

Иіс іздерімен оқиға болған жерде жұмыс жасау.

Оқиға болған жерді қарағанда және тергеу әрекеттерін жүргізгенде (тергеу эксперименті, тінту) иіс іздерін табуға болады.

Тергеуші оқиға болған жерді қарау барысында иіс іздерін табу мақсатында:

- иіс іздерінің табылуы мүмкін жерлердің жағдайымен танысады;
- болған оқиға жайлы жалпы тергеу болжамын жасайды және оның негізінде иіс ізі сақталуы мүмкін объектілерді анықтайды.

Иіс іздері өздерінің сипаты бойынша латенттік, яғни жасырын болып келеді, сол себептен оларды оқиға механизміне, оқиғаға қатысушылардың әрекеттеріне логикалық реконструкция жасамай табу мүмкін емес. Бұл иіс іздерімен жұмыс істеу, криминалистиканың зерттеу объектісі болатын басқа да іздермен жұмыс істеуге қарағандағы ерекшелігі болып табылады.

Тергеу әрекеттерін жүргізу барысында иіс ізі бар заттар (іздер) табылса, тергеуші алдымен қылмыскерді іздеуге (ізіне түсуге), іздестіру итін қолданады және сонымен қатар, осы іздерден иіс үлгілерін алады.

Иіс іздерін алудың мынандай екі түрлі тәсілі бар:


1. Контакттылық әдіс.
2. Контакттылық емес әдіс.

Контакттылық әдісте іздерді алу үшін байқа материалдан жасалған мата қиындылары және оны орауға алюминий фольгалары қолданылады. Фольганың орнына кейде таза шыны банкалар да қолданылады.

Иіс іздерін техникалық немесе биологиялық детекторлардың көмегімен зерттеуге болады. Техникалық детектор ретінде сараптамалық мекемелерде болатын арнаулы приборлар – масспек-

тросметрлер, хроматографтар, газ анализаторлары қолданылады. Бұл приборлар тек қана адамның иісін идентификациялауға ғана емес, сондай-ақ, әр текті иістерді танып білуге мүмкіндік береді.


Мына төмендегі суреттерде әртүрлі заттардан контактылық әдіспен иіс іздерін алу әдістері көрсетілген.




60 - сурет. Есік тұтқасынан және автомашина орындығынан иіс іздерін алу тәсілдері

Иіс іздерін алуда контактылық емес әдісті қолданғанда иіс іздерін алуға арналған «Шершень» типтес приборды, медициналық шприцті, оның ішінде Жэнэ шприцін қолданады. Осы құрылғылардың көмегімен объектінің үстінен ауа үлгілері алынып, оны шыны ыдысқа үрлеп кіргізеді. (61-63 - суреттер).

Бұл жерде шыны ыдысқа бес көлемнен кем емес ауа үлгісін енгізу ұсынылады. Иіс іздерін жинау және буып-түю, оларды басқа бөгде иістермен араластырмау үшін тек қана резеңке қолғап кию арқылы жүргізіледі.



61 – сурет. Иіс іздерін алуға арналған «Шершень» приборы



62 - сурет. «Шершень» приборы және активтендірген көмір капсулалары бар одорологиялық комплект

Иіс іздерінің сақталу уақытын ұзарту үшін ыдыстың түбіне мақтадан немесе дәкеден жасалған тампон, активтенген көмір салады. Орамның сыртына тергеу әрекетінің сипаты, уақыты, иіс іздерін алу орны, объектісі туралы жазылған түсініктеме жазылған бирка қағаз жапсырылады. Бұл қағаз осы тергеу әрекетін жүргізген тергеушінің, куәгерлердің, маманның және тергеу әрекетіне қатысқан басқа да адамдардың қолымен бекітіледі. Мына төмендегі суретте алынған иіс іздерін шыны ыдысқа салып сақтау жолы көрсетілген.



63 - сурет. Иісті шыны банкада сақтау

Иіс іздерін бекіту. Табылған иіс іздерін бекітуде тергеуші тергеу әрекеттерінің хаттамасында мыналарды көрсетуге міндетті:

- иіс ізі бар заттардың (іздердің) табылған орны, олардың өзара орналасуы, беттік сипаттамасы, объектінің материалының ерекшеліктері;
- тергеушінің иіс іздерін (із тасушы объектілерді) алғанда және орап-түйгендегі әрекеті, атап айтқанда: иіс іздерін алу әдісі; із тасушыдан иіс іздерін алу; иіс іздерін алу үшін қолданылған құралдар, олардың жағдайы, буып-түйуге қолданылатын материалдар және олардың күйі, басқа иістердің жоқ екендігін растау.

Тергеу әрекетінің хаттамасына иіс іздері бар объектілер, олардың өз ара орналасуын көрсететін фотосуреттері бар фотокестелер қоса берілуі мүмкін

Сонымен қатар, хаттамаға тергеу әрекеті жүргізілген жердегі иіс іздері алынған орынның жоспары мен схемасы да қоса тіркелуі мүмкін.

Одородологиялық зерттеулер мынандай диагностикалық мәселелерді шешуге көмектеседі:

- зерттеуге берілген объектілерде адамның иісінің іздері бар ма?
- бұл іздерді бір адам, әлде бірнеше адам қалдырған ба?
- бұл іздерді қалдырған адамның жынысы қандай?

Одородологиялық зерттеулердің көмегімен мынандай идентификациялық мәселелерді шешуге болады:

- зерттеуге берілген объектілердегі иіс белгілі бір адамдыкі ме, жоқ па?
- зерттеуге беріліп отырған заттардың қайсысында тексеріліп отырған адамның иісі бар?
- алынған қанның ізінде, шашта осы адамның өзіне тән иісі бар ма?
- зерттеуге берілген объектілерде осы бірнеше адамдардың (айыпкердің, күдіктінің, жәбірленушінің, куәгердің) қайсысының иісі бар?

Адамның дыбысының іздері (Криминалистикалық фоноскопия).

Адамдардың ең көп тараған байланыс құралына ауызекі тіл жатады. Бұл сөздер қоршаған материалдық ортаға өзгерістер енгізеді

және оны дыбыс іздері деп атайды. Дыбыс іздері көп жағдайларда қылмысты ашуға, тергеуге, алдын алуға қолданылады және қылмыскердің жеке басын анықтауға мүмкіндік береді.

Адамды дыбысы арқылы идентификациялаудың ғылыми негізіне криминалистикалық фоноскопияны жатқызуға болады. Криминалистикалық фоноскопия дыбыстық ақпараттарды көбінесе магниттік және бейнемагниттік жазулар түрінде зерттеп тануға көмектеседі. Фоноскопиялық зерттеулердің объектісіне дыбыс және бейнежазу аппаратын да жатқызуға болады.

Әр адамның ауыз, мұрын қуыстарының, тамағының, тыныс алу органдарының ерекшеліктеріне байланысты өзіне тән жеке дауыс ерекшеліктері болады. Яғни, дауыстың физикалық сипаттары: жиілігі, ұзақтығы, жылдамдығы әр адамда міндетті түрде тек осы адамға ғана тән болады.

Сөйлеу мүшелерінде морфологиялық және патологиялық өзгерістер болса да, дауыстың акустикалық сипаттамасы салыстырмалы түрде тұрақты болады.

Фоноскопиялық зерттеулердің негізіне адамдардың сөйлеген сөздеріне акустикалық және лингвистикалық зерттеулер жатады.

Лингвистикалық анализ адамдардың сөйлеген сөздері арқылы олардың әлеуметтік, интеллектуальдық, психофизиологиялық және басқа да жеке қасиеттерін анықтауға бағытталған. Акустикалық – тұлғаның анатомиялық, физиологиялық және психофизиологиялық сипаттамасының ерекшеліктерін зерттеуге бағытталған. Акустикалық анализ тұлғаның жеке кешенді акустикалық белгілерін анықтау үшін сөз сигналдарын көптеген спектралды-уақыттық өлшеулермен және оларды статистикалық өңдеулеріне негізделген.

Кешенді лингво-акустикалық зерттеу адамдарды сапасыз және аз жазылған фонограмалар арқылы да идентификациялауға мүмкіндік береді.

Осы идентификациялық сұрақтардан басқа қылмысты ашуға және тергеуге көмектесетін диагностикалық сұрақтарға да жауап алуға болады, атап айтар болсақ: тұлғаның жынысы, жасы, сөз құраушы тракттың анатомиялық ерекшеліктері, тұлғаның мінезі, интелекті. Сонымен қатар, адамның сөздеріне диагностика жасай отырып, оның тұрғылықты географиялық ауданын анықтайтын

диалектикалық ерекшеліктерін, әртүрлі паталогиялық және басқа да қасиеттерін анықтауға болады.

2.3.3 Бұзу құралдары, саймандардың іздері (механоскопия)

Қылмысты ашу мақсатында бұзу құралдарының, өндірістік механизмдердің іздерін және құлыптардағы, пломбылардағы іздерді зерттейтін трасологияның бір бөлімі механоскопия деп аталады.

Бұзу деп – кіруге тиым салынған немесе жабық тұрған объектіге кіру үшін қылмыстық мақсатпен белгілі бір объектілерді, мысалы, қабырғаны, төбені, есік-терезені, еденді, ғимараттардағы жабық тұрған сейф, шкаф және т.с.с. толығымен немесе жартылай қиратуды айтамыз. Бұзып ашуға құлыпты таңдап алынған кілтпен (подбор ключей) немесе желбезекті кілтпен (отмычка) ашып кіруді де жатқызамыз. Көбінесе, бұл іздер механикалық құралдарды қолдану барысында, ал кейде термиялық немесе химиялық әсер ету нәтижесінде қалады.

Әдетте, бұзу объектілері ретінде есік-терезелер, торлар, құлыптар, пломбылар және т.с.с. таңдалып алынады. Бұзу құралдарының іздерін есіктің тұтқасынан, беткі қабатынан, құлыптан, терезе рамаларынан т.с.с. көптеген жерлерден табуға болады.


Қылмыскерлердің бұзып-сындыру кезінде қолданатын құрал-саймандарын мына келесідегідей топтарға бөлуге болады:

α) күнделікті қолданылатын өндіріс немесе шаруашылыққа арналған құрал-саймандар (балта, қашау, бұрғы және т.б.);


б) қоймаларды ашу және бөгеттерді бұзу үшін арнайы жасалған құрал-саймандар (фомка-фомич, қазтабан (гусиная лапа), желбезекті кілт (отмычка) т.б.);

в) кездейсоқ құрал-саймандар (мысалы, жолшыбай табылған темірқазық немесе су құбырының кесінділері және т.б.).

Біз мына төмендегі суреттерде бұзып-сындыру кезінде қолданылатын кейбір құрал саймандардың суреттерін және байқау хаттамасында дұрыс сипаттап жазу үшін олардың құрамдас бөліктерінің аттарын бере кетуді жөн көрдік.




64-сурет. Балта. 1-Балта жүзінің басы; 2- балтаның беті; 3- балта сабының басы; 4-балта басы (обух); 5- балта басының қыры; 6- балта басының беті; 7- балта жүзінің беті; 8- балтаның сабы; 9- балта сабы аяғы; 10- балта жүзінің аяғы; 11- балтаның жүзі.




Тістеуік

65 - сурет. Тістеуік. 1- сабы; 2- остік бекіткіш; 3-ұстау қуысы; 4-қысу еріндері; 5-бүйіріндегі кескіші; 6- орталық кескіші.




Қысқыш

66 - сурет. Қысқыш. 1- кескіші; 2- остік бекіткіш; 3- сабы.



67 -сурет. Қашау. 1- жүзі; 2- жүзінің беті; 3- қалағы; 4- мойын жағы. 5- сақинасы; 6- сабы; 7 - сабының түбі; 8- қалақты сабына енгізетін жері.



68- сурет. Сүймен-шеге суырғыш. 1- шеге суырғыш бөлігі; 2-сүйменнің корпусы; 3- аяғы.



69 - сурет. Арнайы жасалған бұзып-сындыру құралдары.

1- фомка (фомич); 2- казтабан (гусиная лапа); 3- трубка;
4- желбезекті кілт (отмычка); 5-«уистити»; 6- «балерина».

Құрал-саймандарды қолдану нәтижесінде кедергілерде кескін іздер қалады. Сонымен қатар, оқиға орнынан із-заттар (эртүрлі сынықтар, кедергілердің бөлшектері, жапқыш құралдар, құрал-саймандар) және із-нәрселер (микроскопиялық жоңқалар мен үгінділер) табылуы мүмкін.

Көп жағдайларда құрал-саймандарды қолдану барысында кедергілерде көлемдік іздер қалады. Құрал-саймандардың жиі кездесетін көлемдік іздері әдетте үш топқа бөлінеді:

а) қысу іздері (следы давления) кедергіні құрал-саймандармен ұру, керу, қысу кезінде пайда болады. Бұл іздерде кедергіге әсер еткен құралдың формасы мен көлемі қалады.

ә) сырғанау іздері (следы скольжения) - сындыру құралдары із қабылдаушы объектінің бетінің бір бөлігін өзімен алып кетуі нәтижесінде түзіледі. Бұнда із қабылдаушы объектінің бетінде сызылған іздер қалады.

б) кесу іздері – саймандардың кесуші бөлігінің әсерінен түзіледі. Бұл іздер өз кезегінде құралдардың түрлеріне байланысты бірнешеге бөлінеді:

- жай кесу іздері, бір жүзі бар құралдармен кескен кезде түзіледі (пышақ, балта, қашау);
- қарсы кесу іздері, екі кесу жүзі бар құралдармен кескен кезде түзіледі (қайшы, тістеуік);
- жаңқа бөлу арқылы түзілетін іздер (сүргілеу іздері);
- ұнтақ бөлу арқылы түзілетін іздер (аралау, бұрғылау іздері).

Кедергілерде осы көрсетілген іздерден басқа термиялық немесе химиялық әсер ету нәтижесінде пайда болған іздер табылуы мүмкін. Мысалы, темір қойманың есігін автогенмен немесе электрдәнекерлеуші аппараттың көмегімен кесіп, бұзып-ашуға болады.

Оқиға болған жерді қарау хаттамасында: бұзу объектілерінде қалдырылған іздердің орналасуы, олардың жалпы саны және өзара орналасу жағдайы, еденнің (жердің) беткі қабатынан биіктігі, іздердің түрі, олардың (жалпы барлық іздердің және жеке учаскелерінің) формасы; өлшемі (ұзындығы, ені, тереңдігі, диаметрі); іздерде бұзу құралынан қалуы мүмкін бөгде заттардың болу жағдайлары толық көрсетіліп жазылады.

Бұзып-сындыру іздерін фотоға түсіру, масштабтық суретке түсіру әдісі бойынша жүзеге асырылады. Іздерді суретке түсірумен қатар, олардың схемалық сызбаларын да жасаған дұрыс.

Іздер – хаттамаға бекітіліп және суретке түсірілгеннен кейін ғана алынуы керек. Толығымен алынуға қажетті іздер, егер ол құнды объектілердің бұзылуына, бүлінуіне әкеп соқпаса өздері орналасқан затпен қоса алынады.

Трасологиялық сараптамаға іздің өзін немесе оның көшірмесін (қалпын), фотосуреттерін, схемалық суреттерін, іздің хаттамалық сипаттамасын және тексерілетін объектіні жібереді.

Трасологиялық зерттеулер жүргізген кезде мынандай диагностикалық міндеттерді шешуге болады:

- кедергіні қалай бұзды, қай жағынан, құрал-сайман қай бағытта қолданылды, бұзу уақыты, қатысқан адамдардың саны, қылмыскер оқиға болған жермен таныс па, жоқ па, қылмыс жасаушы адамдардың қалдырған ізіне байланысты олардың бойын, жасын, жынысын т.с.с. анықтайды.

Идентификациялық міндеттерге:

- іздер арқылы құрал-саймандардың топтық тиістілігін анықтау;
- іздер арқылы осы іздерді қалдырған құрал-саймандарды идентификациялау;
- бүтін затты оны құраушы бөлшектері арқылы қалпына келтіру.

2.3.4 Құлыптар мен бекітетін құрылғыларды зерттеу

Трасологияда жеке арнаулы зерттеу объектілеріне жабу механизмдері (құлыптар) және сақтандыру құрылғыларын (пломбалар) жатқызуға болады, себебі олардың техникалық жағдайлары өз алдына дәлелдемелік мәнге ие болады.


Бұзып-сындырудың жиі кездесетін объектілерінің қатарына құлыптарды және басқа да бекіту құралдарын жатқызуға болады. Құлыптарды бұзу әдістері көбінесе құлыптың конструкциялық ерекшеліктеріне байланысты болады. Құлыптардың конструкциясы сан алуан болып келеді, әдетте оларды атқаратын міндетіне, кедергіге бекітілу әдісіне, механизмдерінің құрылысына байланысты жіктеп бөледі.

Көптеген құлыптарда негізгі тетік ретінде ысырма тәрізді жұмыс атқаратын ригель қолданылады. Құлыпты ашқан кезде осы ригель қозғалтылады. Өзінің кілтiнен басқа заттармен ашылмау үшін және ригельдің қозғалысын қиындату үшін құлыптың қондырғысына сувальді, серіппе, цилиндр кіргізеді.


Атқару міндетіне байланысты құлыптар *жалпы* (есіктің, мебельдің) және *арнаулы* (сейфтің, автомашинаның т.б.) болып бөлінеді.

Бекіту әдісіне байланысты құлыптар: *ойып орнатылған* (врезной), *жапсырмалы* (накладной) және *аспалы* (навесной) болып бөлінеді. Механизмінің құрылысына байланысты құлыптар *серіппелі* (пружинной), ригель серіппенің көмегімен ұсталады, *сувальдік* (ригель металл пластинкалардың көмегімен бекітіледі, *цилиндрлік* ригель қозғалмайтын патронға орнатылған цилиндрдің бұралуы арқылы қозғалады және рейкалық болып бөлінеді. Бұлардан басқа кодтық, винттік және магниттік құлыптар да болады. Барлық құлыптар мынандай құрамдас бөліктерден тұрады: қорап, (корпус), ригель (ысырма), бекіткіш қондырғы, сақтандырғыш және кілт.

Аспалы құлыптарды жапқан кезде ригель имектің (доғаның) бір немесе екі жағынан ілініп қорабының ішінде оны ұстап тұрады. Мына төмендегі суретте біз аспалы құлып пен сувальдік құлыптардың құрылысын көрсеттік.



70 - сурет. Аспалы цилиндрлік құлыптың құрылысы. 1- құлыптың корпусы; 2- цилиндр; 3- цилиндр штифтері; 4- патрон штифтері; 5- штифт серіппелері; 6- бұқтырма (заглушка); 7- цилиндрдің тіремелі штифт кіретін ойығы; 8- цилиндрдің тіреуші штифті; 9- ригель; 10- кілт салатын саңылау (скважина); 11- имек тұтқа; 12- тұтқадағы жабуға арналған ойық; 13- тұтқаның серіппесі; 14- тұтқаның тіреуші штифті; 15- кілт.



71 - сурет. Сувальдік құлыптың құрылысы және жұмыс істеу принципі. 1 - кілт салатын саңылау (скважина); 2 - беттік планка; 3 - серіппе; 4 - қорабы; 5 - ригель; 6 - сувальда; 7 - ригельдің шығыңқы жері; 8 - сувальданың осі; 9 - кілт.

а – құлып ашық тұр; *б* – құлыптың жабылу мезеті; *в* – құлып бір айналымға жабық.

Құлыптың ашылуы ригельді жылжыту арқылы жүзеге асырылады. Қылмыс жасау кезінде құлып ашу немесе бұзу арқылы ашылады. Кейде құлыпты ашудың екі тәсілі де араластырылып

қолданылуы мүмкін. Құлыпты ашу үшін мына төмендегідей тәсілдер қолданылады:

1. Құлыптың кілт салатын саңылауы арқылы оның механизмдеріне тікелей әсер ету (мыс. ригельге, серіппеге т.б.). Бұндай операцияларды жасау үшін осы құлыптың кілтіне ұқсас іріктелініп алынған кілттер, желбезекті кілттер, басқа да заттар қолданылады.

2. Құлыптың ригельіне сырттан әсер ету арқылы ашу. Бұл әдісті қолдану кезінде ригельдің шығып тұрған бөлігін қатты тегіс заттармен қысып жабады (мысалы, отверткамен, пышақтың жүзі, металл пластинкалар).

3. Есіктің құлпының ішкі жағында тұрған кілтті бұрап жылжыту арқылы ашу. Кілттің ұшын сыртқы жақтан арнайы жасалған қысқышпен («уистити» - слон) немесе ортасы тілінген трубкамен іліп алу арқылы ашады.

Осы құлыпты ашу мен құлыптың ішкі және сыртқы беттеріндегі іздердің қалдырылу тәсілдерін зерттеу, қылмыскерлердің құлыптың конструкциялық құрылысын қаншалықты жақсы білетіндігі, құлыпты ашуға тәжірибелік дағдысының бар екендігі, құлыпты ашуға қолданған (кілт, желбезекті кілт, т.б.) заттар жөніндегі мәліметтерді алуға мүмкіндік береді.

Құлыптарды бұзудың әртүрлі әдістері бар. Ол тәсілдердің қайсысын қолдану құлыптың конструкциясына, жағдайына, бекітілу түріне және т.б. байланысты болады.

Көп жағдайларда аспалы құлыптар сындырылып ашылады. Бұлар:

- құлыптың имек тұтқасын немесе құлыпты ілуге арналған тетіктерін (сақина, ілмек, тесік) жұлып алу арқылы;
- құлыптың имегін немесе ілуге арналған тетіктерін кесу арқылы;
- құлыптың қорабын бұзу арқылы;
- қорабтың үстіңгі бөлігін қысу арқылы;
- цилиндрлі құлыптардың штифтерінің каналдарындағы тығындарды бұрғылап алу арқылы жасалады.

Ойып орнатылған немесе жапсырмалы құлыптарды бұзу аспалық құлыптарға қарағанда сиректеу кездеседі.

Бұндай құлыпты бұзу, оны бекітілген жерінен ажыратып алу немесе құлыпты тұтастай сындыру жолымен жүзеге асырылады. Егер құлып орнатылған жерінен ажыратылып алынса, онда негізінен бұзу құралының ізіне көңіл аудару қажет. Мұндай іздер аралап кесу, қысу, бұрғылау іздері болуы мүмкін.

Бұзылған құлыпты қарау барысында оны ашу механизмі анықталады. Соның негізінде іздерді тауып, бұзуға қолданылған басқа да құрал түрлерін анықтау үшін табылған іздер бекітіледі.

Бұзуға қолданылған құрал-саймандарды тауып алу және зерттеу үшін құлыпты қараумен қатар, ол орналасқан есіктің, ғимараттың және жергілікті жер учаскелеріне толығымен қарау жұмыстары жүргізіледі.

Іздерді бекіту. Оқиға орнынан табылған сындыру іздері масштабтық суретке түсіру әдісі бойынша фотосуретке түсіріледі.

Құлыпты қарау кезінде хаттамада мына мәліметтер көрсетіледі:

- 1) құлыптың түрі мен пішіні;
- 2) құлыптың типі (серіппелі, сувальдік т.б.);
- 3) оның табылған жері (есікте ілінулі тұр, еденде жатыр, т.с.с.);
- 4) құлып дайындалған материалдың түрі;
- 5) маркировкалық белгілердің болуы;
- 6) құлыптың көлемі;
- 7) құлыптың имек тұтқасының күйі (аспалы құлыптар үшін);
- 8) көзге көрінетін бұзылған жерлерінің орналасуы және пішіні;
- 9) бұзылған жерлерінің күйі;
- 10) құлыпта бөгде қабатталу іздерінің болуы (тат, бояу, қан, т.с.с.);
- 11) қол іздерінің болуы;
- 12) құлыптың орамасы.

Оқиға болған жерді қарау хаттамасында бұзу құрал-саймандарының іздері туралы мына төмендегі мәліметтер көрсетіліп жазылады:

- із қалған кедергінің түрі мен материалы;
- кедергінің бетінің күйі;
- іздердің түрі, олардың орналасқан жері;
- әрбір іздің пішіні;

- екі өзара перпендикуляр бағыттағы іздердің ұзындығы мен ені, оның ең терең жері;
- іздің ерекше айырмашылығы;
- ізде бөгде бөлшектердің болуы;
- бекіту әдісі, іздерді алу және орау.

Табылған бұзу құралдары туралы, қарау хаттамасында: бұзу құралының түрі, табылған орны (екі қозғалмайтын объектіге қатысты), оның көлемі, пішіні, материалы, түсі, маркировкалық белгісі, құралдың сыртынан табылған қол іздері немесе бөгде заттар (қан, бояу, т.с.с.), ақаулары, құралдың өзіне тән белгілері, бекіту, алу және орау әдістері көрсетіледі.

Сындыру ізі бар зат немесе оның бөлшектері мүмкіндігінше ізбен қоса алынады. Егер мұндай мүмкіндік болмаса, іздердің қалыптары алынады. Жапсырма материалдар ретінде пластилин немесе синтетикалық компаундтар қолданылады.

Бұзылған құлыптың табылған орнында оған тек сырттай байқау ғана жасалынады. Құлыптың кілт салатын саңылауына кілтті салып, бұрап ашып-жабуға үзілді кесілді тиым салынады. Себебі ол кейіннен сараптамалық зерттеу жүргізуге кедергі келтіретіндей құлыптың күй-жайының өзгеруіне және басқа да жана (бөгде) іздердің пайда болуына әкеп соқтырады.

Сараптамаға құлып, құлыпты бұзуға немесе ашуға қолданылуы мүмкін сайман (зат) және осы құлыптың кілттері беріледі. Сарапшының шешуіне келесі сұрақтар қойылуы мүмкін:

- құлып қандай тәсілдерді қолданып ашылған (немесе бұзылған), ұсынылып отырған құлып бір ғана тәсілді қолдану арқылы бұзылды ма?
- құлып қандай типтегі құралмен бұзылған?
- құлыптағы (жабылатын құрылғыдағы) іздер қолдан жасалған кілт немесе желбезекті кілтті пайдалану нәтижесінде қалған жоқ па?
- құлып бұзған кезде қандай күйде (ашық, жабық) болды?
- ұсынылып отырған құлыптың механизмі дұрыс жұмыс істейді ме, істемесе оның жұмыс істемеу себебі неде, ол жабуға жарамды ма?
- құлып бұрын пайдаланылған ба?

- құлыпты басқа бір құралдармен немесе заттармен (желбезекті кілт, шеге, сым-темір және т.б.) ашуға бола ма?
- келтірілген зақымға қарамастан құлып ашыла ма?

Сақтандырғыш құрылғы пломбалар да трасологияның объектісі болып табылады. Пломбаларды қоймалардың, вагон, контейнерлердің есіктеріне, және т.б. іледі. Пломбалар әртүрлі материалдардан, көбінесе қорғасыннан, қаңылтырдан, пластмасадан, алюминийден және т.б. да материалдан жасалады.

Пломба пломбалушы объектіге сымды, жіпті немесе лентаны пломба каналына кигізіп, содан соң пломбирмен қысу арқылы ілінеді.

Пломбаны қарау кезінде хаттамаға оның: формасы, өлшемі, қандай материалдан жасалғандығы; ондағы барлық белгілер мен таңбалары бекітіліп жазылады. Пломбаны ашу мен оны қайтадан екінші рет түскен қайта қысу іздеріне ерекше көңіл бөлінеді. Бұлар сымдар (жіптер) өтетін тесіктердің кенеуі және өзге де батқан, жаншылған, сызылған және т.б. зақымдар болуы мүмкін.

Сонымен қатар, қылмыскерлер пломбаны қайтадан орнына ілген кезде қолданылған пломбаны қысатын заттардың іздері табылуы мүмкін (тістеуіктің, пломбирдің, тістің, т.с.с.). Қылмыскерлер төсем (қағаз, мата, ағаш, резеңке, т.с.) қолданғанда іздер көрінбеуі немесе нашар көрінуі мүмкін. Сымдарды қарау кезінде оның материалы, жуандығы, оралымының саны анықталады, оны қайтадан қосқан, жабыстырылған, айналдырылған жерлеріне көңіл бөлінуі қажет. Сымда сызылған іздер болуы мүмкін. Қарау және іздерді анықтау барысында олардың жалпы түрін, ашу, қысу іздерін суретке түсіреді.

Пломбалар суретке түсіріліп, хаттамаға бекітілгеннен соң алынады және ондағы іздерге зақым келтірмеу үшін сымын бөлшектеп шешіп алады.

Алынған пломбалар, ұқсас материалдардан жасалған (зерттеу жүргізу үшін алынған үлгілер) пломбалар, жіп немесе сымдар, пломбирлар және қысу үшін қолданылған басқа да құралдармен бірге сараптамаға жіберіледі. Сарапшының шешуіне мына төмендегідей сұрақтар қойылады:

- пломбадағы іздер пломбирмен бірінші рет әсер етуге қатысты емес механикалық ықпалдардың нәтижесінде пай-

да болды ма, әлде бұл іздер пломбирмен екінші рет әсер етуінің нәтижесінде пайда болды ма?

- пломбадағы іздер оны ашу кезіндегі әрекеттердің нәтижесінде қалған жоқ па?
- пломба қандай әдіспен ашылған?
- пломбаның ішіндегі жіп (сым) зақымдалған ба, әлде зақымдалмаған ба?
- пломбаның бүтіндігін бұзбай сымды (жіпті) алып шығуға бола ма?
- пломба құралдың қандай типін қолдану арқылы ашылған; пломба ұсынылып отырған құралмен ашылды ма, (ашылған жоқ па)?
- ұсынылып отырған екі (немесе бірнеше) пломбадағы таңбалар бір пломбир қысқышының таңбасымен жасалған ба?
- зерттеліп отырған пломбаның беткі жанасу қабатындағы әріптік және сандық таңбалардың мазмұны қандай?
- пломбаның беткі қабатындағы із ұсынылып отырған пломбир матрицасынан қалған жоқ па?

Сараптама жүргізу барысында сарапшы пломбыны ашу оқиғасының болғандығын анықтау мақсатымен және іздерді зерттеу үшін пломбаны кесіп тіледі және қажетті оптикалық аспаптарды қолдана отырып, оның каналдарының ішкі беттерін мұқият зерттейді. Егер пломба ашылып, екінші рет ілінсе, онда оның ішінде сым немесе жіптен қалған екінші іздерді табуға болады.

2.3.5 Көлік құралдарының іздері

Әртүрлі қылмыс іздерін тексерген кезде оқиға орнында транспорт құралдарының іздері де көп кездеседі. Транспорт құралдарының іздері жол-көлік оқиғаларын тексерген кезде, сондай-ақ транспорт құралдарын қолдану арқылы ұрланған заттарды алып кету, қылмыскердің қашып кетуі және тағы да басқа жағдайларды тексерген кезде көп кездеседі.

Транспорт құралдары қылмыс қаруы болуы мүмкін, қылмыскерлер қылмыс орнына транспорт құралдарымен келіп, қылмыс жасағаннан кейін осы көлікпен кетуі мүмкін.

Трасологияда транспорт құралдарына автомобильдерді, мотоциклдерді, мотороллерді, велосипедтерді, табан шынжырлы, рельстік және көлік-арба транспорттарын жатқызуға болады.

Көлік құралдарының іздеріне - оның қозғалатын бөлшектердің іздері, яғни оның қозғалатын бөлігінің (доңғалақ, шынжыр табан т.б.) жолға, рельске, жәбірленушінің киімі мен денесіне әсер ету нәтижесінде түсетін іздерін, көлік құралдарының сыртқа шығып тұратын бөлшектерінің соғылысу іздері және сонымен қатар, із-заттарды (транспорт құралдарының сынықтары мен бөлшектері) жатқызады.

Көлік құралдары іздерін зерттеу арқылы көліктік трасология саласындағы идентификациялық және диагностикалық мәселелерді шешуге болады. Қозғалатын бөлшегінің іздері және шығып тұрған бөлшектері бойынша, одан бөлінген детальдары мен бөлшектері бойынша көлік құралдарын идентификациялауға (топтық тиістілігін анықтауға болады). Сонымен қатар, осы іздерді қарап зерттеу арқылы болған оқиғаның механизімін қалпына келтіруге, яғни: қозғалу бағыты мен жылдамдығын, орнын, соқтығысудың бұрышы мен бағыты және де жол-көлік оқиғасының басқа да маңызды жағдайларын анықтауға болады.

Қозғалатын бөлшектердің іздері рельссіз көлік құралдарына тән (мыс. автомобильдер, мотоциклдер, троллейбустар, тракторлар және т.б.). Осы айтылған іздердің ішінде ең жиі кездесетін іздер автомобиль іздері болып табылады және олардың криминалистикалық маңызы зор. Транспорт құралдарының қозғалатын бөлшектері айналу нәтижесінде статикалық іздер қалдырады, ал қозғалмайтын бөлшектері соқтығысып қалған кезде динамикалық іздер қалдырады.

Дөңгелек іздері айналу және сырғу арқылы түседі. Бірінші іздерге дөңгелектің айналуы мен дөңгелекті тежеу арқылы құмға, сондай-ақ басқа да батып қалу кезінде пайда болатын іздер, ал екінші жағдайда іздер тежеу процесінде дөңгелектердің толық тоқтап қалғаннан кейінгі олардың сырғанап барып түсетін іздері жатады.

Транспорт құралдары өзі жүретін және өзі жүрмейтін болып екіге бөлінеді. Өзі жүретін транспорт құралдары әртүрлі двигательдердің көмегімен қозғалысқа келеді, ал өзі жүрмейтін

транспорт құралдары адамның бұлшық еттерінің күшімен (мыс. велосипед) немесе жануарлардың күшімен (көлік-арба транспорты) қозғалыс жасайды.

Қозғалатын бөліктеріне байланысты транспорт құралдары доңғалақты, шынжыр табанды және шана табанды болып бөлінеді.

Транспорт құралдарының іздерін зерттеп білу:

- жол-көлік оқиғасының жалпы механизімін және оның кейбір жеке элементтерін анықтауға;
- автомобильдің тежеу алдындағы жылдамдығын анықтауға, оның тежеу және толық тоқтау жолын анықтауға;
- жолға түскен ізі бойынша автомобильдің шинасының моделін анықтауға;
- транспорт құралын ізі бойынша идентификациялауға;
- транспорт құралының кейбір агрегаттарының техникалық жағдайын анықтауға;
- сорап ізінің ені және автомобиль базасының розмірі арқылы автомобильдің түрі мен маркасын анықтауға;
- транспорт құралының жүрген бағытын анықтауға;
- автомобильдің қорабында жүктің болуын және оның сипатын анықтауға мүмкіндік береді.

Қозғалатын бөлшектерден қалған іздер арқылы көліктің қозғалу бағытын, жағдайын (тежеу, тоқтату); көлік құралының түрін, моделін анықтауға, ал кейбір жағдайларда оларды идентификациялауға болады.

Артқы қосарланған дөңгелектердің болуы, болмауы арқылы, сондай-ақ автокөлік базасының көлемі, сорап іздердің ені арқылы жүк таситын және жеңіл көлік құралдарын ажыратуға болады.

Енді көлік құралдарының іздерін қарау және байқау хаттамасын жазу кезінде қолданылатын негізгі терминдерге түсінік бере кетелік.

Іздерде бейнеленетін автокөліктердің негізгі параметрлері


Көлік құралдарының топтық тиістілігін анықтайтын белгілеріне біліктердің (ось) саны, әрбір біліктегі доңғалақ саны, транспорт құралының базасы, сорап ізінің ені (ширина колеи), протектордың айналатын бөлігінің ені, шинаның шеңберінің ұзындығы, доңғалақтың диаметрі, протектордың суреті жатады. Біліктердің санын бұрылу іздері арқылы ғана анықтауға болады,

себебі түзу бағытта қозғалған автокөліктің артқы доңғалақтарының ізі алдыңғы доңғалақ ізін басып отырады. Әдетте жеңіл машиналарда екі білік болады, ал жүк машиналарында екі, үш немесе төрт білік болуы мүмкін. Арнаулы транспорт құралдарында, мысалы, әскери зымырандық тягачтарда сегіз білік болады.


Жеңіл автокөліктердің алдыңғы және артқы біліктерінде екі доңғалақтан ал жүк көліктерінің алдыңғы білігінде екі, артқы білігінде көбіне төрт доңғалақ болады.

Сорап ізінің ені (ширина колеи) – бұл дөңгелектің артқы оң және сол жақтарындағы іздерінің ортасындағы сызықтарының ара қашықтығы. Айта кететін жағдай, түзу бағытта қозғалған автокөлік іздерін зерттеген кезде алдыңғы дөңгелек іздерін артқы дөңгелек іздері толық немесе жартылай басатынын ескеру қажет. Алдыңғы дөңгелек іздері көлік бұрылған жағдайларда зерттелінеді.

Автокөлік базасы – алдыңғы және артқы дөңгелек біліктерінің арасындағы ара қашықтығы. Базаны көлік құралдарының тоқтап тұрған және дөңгелектерінің бұрылған кезіндегі іздері бойынша анықтауға болады.



72 - сурет. Сорап ізінің енін және автокөлік базасын өлшеу:
АВ-автокөлік базасы; БГ- қорап базасы.




а

ә

73 - сурет. Автомобиль сорап ізінің енін өлшеу:

а – бір доңғалақты; ә-қосарланған доңғалақты

Доңғалақтың айналу ізінің ұзындығы шинадағы шұңқыр, жарық сияқты ерекше белгілерінің немесе оларда тұрып қалған бөгде заттардың (шеге, тас, т.с.с.) қайталанып түскен іздерінің арасын өлшеу арқылы анықталады.




а

74 -сурет. Доңғалақтың айналу ізінің ұзындығын анықтау.


(а- доңғалақтың бір айналымының ұзындығы).

База, сорап іздері арқылы - автокөліктің түрі анықталады, ал моделі протектордың жүргізу бөлігінің ені, протектор өрнегінің суреті, дөңгелектің сыртқы диаметрі арқылы анықталады.

Протектордың жүру бөлігінің ені - суреті айқын бейнеленіп түскен учаскелердің бір шетінен екінші шетіне дейінгі арақашықтықты өлшеу арқылы анықталады. Ізде қалған протектор өрнегінің бейнесі суретке түсіріліп, оның барлық элементтері өлшеніп, хаттамаға бекітіледі. Содан кейін мамандардың көмегімен көлік құралы қандай модельге жататындығы анықталады.




75- сурет. Автокөліктің шинасының құрылысы:
 1- дөңгелектің сыртқы резеңкесі (покрышка); 2- камера; 3- корд;
 4- шеңбердің лентасы (лента обода); 5- камераның вентилі.



76 - сурет. Сыртқы резеңкенің протекторы: 1- жермен ілінісетін жері
 (грунтозацеп); 2- ойық жері; 3- өрнегі.

Барлық белгілерді бағалау арқылы алынған мәліметтер көлік құралдарын іздестіру кезінде қолданылады. Протектордың ақау белгілері арқылы да көлік құралдарын идентификациялауға болады (77- сурет).



77 - сурет. Көлік құралына доңғалағының протекторының ізі арқылы идентификация жасау. А- оқиға орнында қалған із; В- тексеріліп отырған протектор; С- оқиға орнынан алынған іздің гипс көшірмесі. Цифрлармен рельефтің сәйкес келетін учаскесі көрсетілген.

Жолдың жабынының сипаттамасына байланысты транспорт құралдарының іздері көлемдік және беттік болып бөлінеді. Көлемдік іздер көлік құралы жұмсақ беттерде қозғалғанда, мысалы, қарда, құмда, жұмсақ топырақта т.с.с. түзіледі. Ал беттік іздер қатты жабынды жолдарда (бетон, асфальт), жолда жатқан тегіс заттарда, жәбірленушінің киімінде түзіледі.

Беттік іздер өз кезегінде қабатталу іздері (автокөлік дөңгелегі судан, шалшықтан өтіп құрғақ асфальт беттерінде қалдырған іздері) және қабат бөліну іздері (із түзуші заттың жолдың бетінен бөлініп, доңғалаққа жабысуы) болып бөлінеді. Қабатталу іздері позитивті (боялған сыртқа шығып тұрған бөлшектерінен қалған) іздер және негативті (дөңгелек протекторларының арасында қалған батпақ) іздері деп екі түрге бөлінеді.


Оқиға болған жерден көлік құралдарының шынжыр табанының (гусеница) қозғалыс іздері табылған жағдайларда, сорап іздердің (шынжыр табан мен сорап іздерінің арақашықтығы) ені өлшенеді және бекітіледі.

Тергеушінің көлік құралдарының іздерімен жұмысы

Көлік құралдарының іздерін табу оқиға орнын көзбен қарап бақылаудан басталады. Көлік құралдарының іздерін іздеп табу үлкен көлемдегі жер учаскесін зейін қойып қарауды талап етеді.

Тергеуші жол-көлік немесе басқа да қылмыстың механизмінің моделін ойша құрастырып оқиға орнының шекарасын және зерттеуге жататын объектілерін дұрыс анықтай алады. Нашар көрінетін немесе көрінбейтін іздерді табу үшін НДЛ 3 лупалар жиынтығын және ОЛД – 41 приборын қолданады.

Көлік құралдарының іздері жол төсемінің үстінде, жолдың жағасында, жол жиегіндегі орда, жолға жақын жатқан жерлерде, оқиға орнына жақын ғимараттарда, құрылыста, ағаштарда, жәбірленушінің денесі мен киімдерінде, оқиға барысында соқтығысқан автомобильдерде қалуы мүмкін.



78 - сурет. Жолдың элементтері: аб – жүргінші бөлігі; бв – жолдың жағасы; вг – жол жиегіндегі ор; гд – жол сыртындағы жер бөлігі.

Транспорт құралдарының іздерін хаттамаға сипаттап жазу, жоспарын немесе схемасын сызу арқылы, суретке немесе бейнекамераға түсіру арқылы және шинаның іздерінің қалып көшірмесін жасау арқылы бекітуге болады.

Оқиға болған жерді карауды бастаудан бұрын ол жерді алдымен криминалистикалық суретке түсіру ережелеріне сәйкес фотоға түсіреді.

Іздер сызықты панорамалық тәсілді қолдана отырып фотосуретке түсіріледі. Протектор суреттерінің айқын көрінетін учаскелерін жеке-жеке фотосуретке түсіру қажет. Барлық фототүсірілімдер метрлік суретке түсіру әдісімен сызғышты, ленталар немесе квадраттарды қолдану арқылы жүзеге асырылады. Протектордың жекеленген белгілері жақсы көрінетін учаскелерден гипс қалып көшірмелері жасалынады.

Егер көлік құралының қозғалатын бөлігінің іздері жәбірленушінің киімінен табылған жағдайда, онда ол бірнеше рет фотосуретке түсіріледі. Іздердің орналасқан жерін айқын көрсету үшін фотосуретке алдымен киімді толығымен түсіру керек. Содан соң киімді қыртыстануынан жазып, іздің жанына қатарластырып масштабты сызғыш қойып, іздің өзін фотоға түсіреді.

Оқиға болған жерден алынған көлік құралының қозғалатын бөлшегі, іздерінің қалыптары мен фототүсірілімдері сараптамалық зерттеулерге жіберіледі.

Көлік құралын байқау хаттамасына сипаттап жазғанда мынандай мәліметтер көрсетілуі керек:

1) көлік құралының жолдың жүретін бөлігіне, қозғалмайтын бағдарларға, осы оқиғаға қатысты басқа да құралдарға, мәйітке қатысты орналасуы;

2) машинаның маркасы, моделі, шығарылған жылы, мемлекеттік номері, кабинасы мен қорабының түсі, шинасының моделі, оның суреттерінің типі;

3) көлік құралының техникалық жағдайы (автотехник маманның көмегімен экспресс әдіспен анықталады): тежеу жүйесі, рульмен басқару, жүру бөлігі, электржабдықтары, приборлардың көрсетуі, жарық қосқыш тетіктердің жағдайлары, жылдамдықты ауыстырғыштың рычагының жағдайы, алдыңғы мостың қосылуы, алдыңғы терезенің, арт жақты көрсететін айнаның жағдайлары;

4) көлік құралындағы бұзылған жерлер, олардың сипаттамасы, орналасуы;

5) бөгде қабатталу іздердің болуы және олардың орналасуы (басқа автомобильден түскен лак-бояулардың бөлініп түсу іздері, биологиялық объектілер: мысалы, қан, шаш және т.б.);

6) жүктер (болуы, сипаттамасы, орналасуы);

7) жол-көлік оқиғасынан кейін транспорт құралының сақталу орны (оны сақтауға жауапты адамды көрсете отырып).

Оқиға болған жерден табылған детальдар мен бөлшектер көлік құралын іздестіру және оны идентификациялау, сондай-ақ, нақты оқиға болған (соғысқан, басып кеткен) жер учаскесін анықтау үшін қолданылады.

Оқиға орнынан табылған объектілерді мына төмендегідей сипаттап топтастыруға болады:

- көлік құралы әйнегінің, фар әйнегінің сынықтарының және басқа да әйнектерінің құрама бөліктері;
- лак, бояу қабаттарының бөлшектері;
- көлік құралы бөлшектерінің бөлігі;
- жеке тораптарының құрама бөліктері немесе тіреуіш детальдары.

Фар және басқа да сынықтарды зерттеу арқылы көлік құралының моделін, типін, маркісін анықтауға болады.

Көлік құралдарынан бөлініп қалған лак және бояу қабаттарының бөлшектері оның түсін анықтауға және бұл мәліметтерді іздестіру жұмыстарына пайдалануға, сонымен қатар, көлік құралы табылғаннан кейін трасологиялық және материалтанушылық сараптама жүргізуге мүмкіндік береді.

Тергеуші тежеу ізінің ұзындығын, протектордың ұстасу коэффициентін, жол төсемінің жағдай мен сипаттамасы туралы мәліметтерді біле отырып, оларды автомобильдің тура тежеу алдындағы жылдамдығын анықтауға қолдана алады.

Автомобильдің тежеу алдындағы шамамен жылдамдығын мына формуланы қолдану арқылы анықтауға болады:

$$V = 254 \times f \times St,$$

мұнда, V – автомобильдің жылдамдығы;

f – шинаның жолмен ұстасу коэффициенті (әдетте, есептеу жүргізгенде 0,6 коэффициенті қолданылады);

St – тежеу жолының ұзындығы;

254 – шартты математикалық бірлік.

Көлік құралдарының іздерін зерттеу арқылы мынандай сұрақтарға жауап ала аламыз:

- ұсынылған объектілерде транспорт құралдарының ізі бар ма?
- оқиға орнында қалған із қандай транспорт құралынан қалған?
- із қандай модельді шинадан қалған?
- оқиға болған жерде қалған көлік құралы іздерінің типі (маркасы, моделі) қандай?
- көлік құралынан қалған іздер қай бағытқа қарай қозғалған?
- бұл іздер ұсынылып отырған дөңгелектің ізі ме, жоқ па?

- жәбірленушінің киімінде қалдырылған іздер қандай дөңгелекпен (алдыңғы, артқы, оң жақ, сол жақ) қалдырылған?
- оқиға орнынан алынған объектілер бүтіннің бөлшектері емес пе? (шынының сынықтары, бояудың бөлшектері т.с.с.)

Бұл сұрақтарға жауап алу үшін криминалистиканың басқа саласының мамандарын да қатыстыру керек, мысалы автотехниктерді, химиктерді т.с.с.

2.4 ҚАРУДЫ, ОҚ-ДӘРІНІ, ЖАРЫЛҒЫШ ЗАТТАР МЕН ЖАРЫЛҒЫШ ҚОНДЫРҒЫЛАРДЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚОЛДАНУ ІЗДЕРІН КРИМИНАЛИСТИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ

2.4.1 Криминалистикалық қарулану жүйесі туралы ұғым және қылмыстарды тергеу мен ашудағы оның маңызы

Қылмыстық істерді зерттеген кезде кей жағдайларда зерттеу объектілері ретінде осы қылмысты жасауда қолданылған қару-жарақтар қарастырылады. Статистикалық мәліметтерге жүгінсек, кейінгі жылдары атыс, суық, газды, қарулармен, сонымен қатар, жарылғыш заттар мен қондырғылар қолдану арқылы жасалған қылмыстардың саны елеулі түрде өсіп отыр.

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 30 желтоқсанындағы «Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы» заңының 1-ші бабында қаруға мынандай анықтама берілген: «Қару деп конструкциялық жағынан жанды немесе жансыз нысаналарды зақымдап жою үшін қолданылатын құрылғылар мен заттарды айтамыз». Қылмыстық істерді тергеу тәжірибелері көрсеткендей қару-жарақтар қылмыскерлерді ұстағанда, оқиға болған жерді қарағанда, тінту барысында, өз еркімен келіп тапсыру кезінде алынады. Қаруды заңсыз қолдану жағдайларында ол криминалистикалық зерттеу заты болып табылып, осы іс бойынша нақты шындықты ашуда елеулі орын алып идентификациялық және диагностикалық сұрақтарға жауап алуға көмектеседі.

Қаруды криминалистикалық зерттеу – криминалистикалық техниканың бір тарауы болып табылады және бұған әр түрлі қарулардың (атыс, пневматикалық, суық, газды), жарылғыш заттар мен жарылғыш қондырғылардың, оқ-дәрілердің сондай-ақ, олардың қолдану іздерін зерттеу кіреді.

Сонымен, қаруды криминалистикалық зерттеу затына дайындалу принциптеріне сәйкес қаруға жататын әртүрлі құрылғылардың жұмыс істеу заңдылықтарын, оларды қолданудан қалған іздердің пайда болу заңдылықтарын зерттеуде (табу, бекіту және алуда) қолданылатын тиісті әдіс-құралдарды жетілдіру жатады.

Қару-жарақтар тиісті субъектілердің қолдану мақсаттарына және негізгі параметрлері мен сипаттамаларына сәйкес *жауынгерлік, қызметтік, және азаматтық* болып бөлінеді.

- *жауынгерлік қаруға* жауынгерлік және жедел-қызметтік міндеттерді атқару үшін қолданылатын қарулар жатады.
- Жауынгерлік қол-атыс қаруы мен суық қаруға Қазақстан Республикасы үкіметінің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес Қазақстан Республикасының тиісті мемлекеттік органдары мен олардың бөлімдерінің қарулануына қабылданған жауынгерлік және жедел қызмет міндеттерін шешуге арналған қару жатады;
- *қызметтік қаруға* – мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызмет туралы заңына сәйкес қызметі мемлекеттік қызметшілердің жоғары және бірінші санаттарына жатқызылған лауазымды адамдарының, Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттарының, судьялардың, прокурорлардың жеке басының, сондай-ақ, ұйымдардың оларға заңмен жүктелген немесе өз жарғыларында көзделген, азаматтардың өмірі мен денсаулығын, меншікті қорғау, қоршаған орта объектілерін және табиғи ресурстарды, бағалы және қауіпті жүктерді, арнаулы корреспонденциялардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында пайдалануға арналған қару жатады.

Қызметтік қаруға қысқа ұңғылы тегіс (гладкоствольный) және ойық ұңғылы (нарезной) атыс қаруы, сондай-ақ, ұзын ұңғылы тегіс және ойық ұңғылы қару жатады. Ерекше жарғылық міндеттері бар, Қазақстан Республикасының үкіметі айқындайтын заңды тұлғалар

пайдаланатын қаруды қоспағанда, қызметтік қару төпелеп оқ ата алмайтын болуы тиіс және тигізу қашықтығы жауынгерлік қарулардың осы сипаттамаларынан 20% кем болуы және типтес қарулардың ұңғыларының калибрлері жауынгерлік қарулардың калибрлерінен 25 мм кіші болуы керек.

– *азаматтық қаруға* – Қазақстан Республикасының азаматтары өзін-өзі қорғау, спортпен айналысу және аң аулау мақсатында пайдаланатын қару жатады.

Алғашқы қозғалысы адам қолы күші арқылы жүзеге асатын қарулар *қол қарулары* деп аталады (мыс. пистолет, мылтық, пышақ, кастет т.с.с.). Егер қол қаруын бір адам алып жүретін және іске қосатын болса ол жеке қару деп аталады.

Жанама түрде әсер ететін қаруға, яғни тигізілуші объектіге едәуір қашықтықтан әсер ететін қарулар «лақтырып атқыш» қарулар деп аталады. Бұл қарулар негізгі екі элементтен: лақтырылушы (метаемого) снарядтан және лақтырушы элементтен тұрады.

Снарядты қозғалысқа келтіру механизміне байланысты лақтырушы қаруларды үшке бөлуге болады:

- Механикалық – мұнда снарядты атуға қысылған пружинаның, тартылған адырнаның, бұралған арқанның энергиялары қолданылады (мыс. баллиста, катапульта, садақ, арбалет, пружиналық су асты қаруы, т.с.с.). Снаряд ретінде тас, жебе, ядро, жанғыш заттар құйылған ыдыстар т.б. қолданылады.
- Пневматикалық – мұнда нысанаға тигізу үшін жіберілетін снаряд бағыттаушы энергияны сығылған газ тәріздес заттардан алады. Бұларға жауынгерлік және спорттық винтовкалар, спорттық пистолеттер жатады.
- Атыс қаруы – мұнда нысанаға тигізуге арналған снаряд бағыттаушы энергияны оқ-дәрінің көмегімен алады. Бұларға мылтықтар, винтовкалар, пистолеттер, автоматтар, пулеметтер т.с.с. жатады.

2.4.2 Криминалистикалық баллистика

Баллистика (гректің ballo – лақтырамын деген сөзінен шыққан) - атылған оқтың, миалардың, артилерия снарядтарының т.б. қозғалысын, ату қаруларының жұмыс істеу ерекшеліктерін, оқ ату заңдылықтары мен оның іздерінің түзілу заңдылықтарын, ол іздерді жинау, зерттеу, әдістерін және осы іздерді қылмысты ашу үшін айғақты дәлелдер ретінде қолдануды зерттейтін ғылым.

Баллистика – бұл снарядтың қозғалысы туралы әскери-техникалық ғылымға жатады және ол ішкі және сыртқы баллистикаға бөлінеді. Ішкі баллистика – ствол каналының ішіндегі снарядтың қозғалысын зерттейді, ал сыртқы баллистика – ствол каналынан ұшып шыққаннан кейінгі снарядтың қозғалысын зерттейді.

Криминалистикалық баллистиканың зерттеу объектілеріне: қол атыс қарулары және оның бөлшектері, оқ-дәрілер, атылған гильзалар мен оқтар, басқа да жарылғыш заттар, мысалы, гранаталар, миалар, жарылғыш қондырғылар, олардың бөліктері және қолданғаннан қалған іздері, атқан оқтың әртүрлі кедергілерде қалған іздері т.с.с. жатады.

Ал сот баллистикасы деп - атыс қаруларын, оның оқ-дәрілерін, жарылғыш заттарды, жарылғыш құрылғыларды қолданумен байланысты қылмыстарды тергеу барысында пайда болатын техникалық мәселелерді зерттейтін криминалистиканың тарауын айтамыз.

Баллистикалық зерттеулер жүргізу барысында бірнеше топқа бөлінетін мәселелерді шешуге болады (диагностикалық және идентификациялық).

Диагностикалық мәселелер:

- қылмыс оқиғасының жағдайын анықтау (атыс ара қашықтығын, оқтың ұшу траекториясын, атқан адамның тұрған орнын, атылған оқтардың реті мен санын және т.б.);
- кейбір әрекеттердің жасалу мүмкіндіктерін анықтау (қарудың атуға жарамдылығы, мылтықтың шүріппесін баппай атылу мүмкіндігі және т. б.);
- қарудың топтық тиістілігін (түрі, калибрі, моделі) анықтау.

Идентификациялық мәселелерге мыналар жатады:

- атылған оқ пен гильза арқылы қаруды идентификациялау;
- бөліктері бойынша бүтіндігін (тұтастығын) анықтау арқылы идентификациялау (мысалы, тығын ретінде пайдаланған қағаздың күдіктіден алынған қағазбен сәйкестігі)
- патрондарды жабдықтаған құрал-саймандарды идентификациялау.

2.4.3 Атыс қаруы және оқ-дәрілерді криминалистикалық зерттеу

Атыс қаруы деп – өзінің жұмыс істеу принципі бойынша газ тәріздес заттың термиялық ыдырау энергиясынан нысаналы қозғалыс алған снарядпен адамды, жануарды, кедергілерді зақымдауға бағытталған құрылғыны айтады.

Атыс қаруының негізгі белгісіне екі ерекшелейтін белгілерді жатқызуға болады:

1. Бағытталған мақсатты қолданылуы – адамдарды, жануарларды, кедергілерді зақымдап жоюға арналған;

2. Оқ-дәрімен атылу принципі.

Атыс қаруын мына төмендегіше жіктеуге болады:

а) автоматтандыру деңгейі бойынша – автоматтандырылмаған, өзі оқталатын, автоматтандырылған;

ә) заряд саны бойынша - бір зарядтық, көп зарядтық;

б) ұңғысының орналасуы бойынша – горизонталды орналасқан, вертикалды орналасқан;

в) ұңғы саны бойынша – бір ұңғылы, екі ұңғылы, көп ұңғылы;

г) ұңғы калибрі бойынша - кіші калибрлі (6,5 мм-ге дейін), орта калибрлі (9 мм-ге), ірі калибрлі (9 мм-ден жоғары);

ғ) ұңғы құрылысының конструкциялық ерекшеліктері бойынша – тегіс ұңғылы, ойық ұңғылы (нарезное), аралас (комбинированное);

д) ату сипаты бойынша - дара, сериялық және үзбей ататын;


е) жасалу тәсілі бойынша – зауыттық, қолөнерлік (кустарный), қолдан жасалған;

ё) мақсаты бойынша- жауынгерлік, аңшылық, спорттық, қылмыстық(қолдан немесе зауытта жасаған бөлшектерді пайдалана отырып, жасалған мылтықтар) болып бөлінеді.

Атыс қаруының конструктивтік белгілеріне мыналарды жатқызуға болады:

- дәрі заряды от алатын камерасы бар оқпан;
- жабу құрылғысы;
- ату құрылғысы.

Ұңғы снарядқа қажетті кинетикалық энергия және нысаналы бағыт береді. Ұңғының тегіс (гладкоствольный) және ойық, (нарезной) түрлері болады.



79 - сурет. Оң жаққа бағытталған ойығы бар ұңғының көрінісі (1-ойық аландары, 2-ойық).


Ұңғының ішкі жағындағы ойықтар оқтың айналуын қамтамасыз етіп, дәл және алысқа атуға мүмкіндік береді. Қарудың әр түрлі модельдерінде 4 - 6 ойық болады. Ойықтар оң жақты (отандық қаруда) және сол жақты (шетел үлгілерінде) болады.

Ұңғыдағы ойықтардың арасын бөлетін көтеріңкі жерлер ойық аландары (поля нарезов) деп аталады. Оқ осы ойық аландарымен байланыста болу салдарынан ұңғыдан айналып шығып, ұшу жылдамдығын үдете түседі.

Ұңғының аузы және оқталатын жағы болады. Оқталатын жақтан ұңғының ішінде патрон салғыш болады.

Ойықты атыс қаруларының калибрі қарама-қарсы орналасқан екі ойық аландарымен айқындалады. Метрлік жүйесі қалыптасқан елдерде мынадай калибрлер кеңінен тараған: 5,45 мм, 5,6 мм, 6,35 мм, 7,62 мм, 7,65 мм, 9 және 11,43 мм. Ал ағылшын-саксон елдерінде калибр дюйм (мыңдық – Ұлыбританияда; жүздік – АҚШ-та) пайызында көрсетіледі: 22; 25; 30; 35; 45. Калибрі, қисаю бағыты мен бұрышы, ойық ені мен ойық алаңының қарым-


қатынасы әртүрлі атыс қаруларының жүйелерінде нақтылы және тұрақты болады, сол арқылы атылған оқтағы іздер бойынша, қай қарудан атылғандығын анықтай аламыз. Тегіс ұңғылы (аңшылық) мылтықтардың калибрі ұңғының каналының диаметріне салынатын шар тәріздес оқтардың санымен анықталады. Көп тараған тегіс ұңғылы қарулардың қатарына 12, 16, 20, 24, және 32 калибрлі мылтықтар жатады.



80-сурет. Тегіс ұңғылы қарудың негізгі тетіктері.

1-экстрактор, көздеу планкасының жалғасы, 3-құлып тақтасы, 4-ұңғы асты ілмегі, 5-осьтік болт, шаппаны қайырушылар, 7-таяныш, 8-шаппалар, 9-қалқанша, 10-затвордың көлденең болты, 11- жоғарғы кілт, 12-сақтандырғыш тетігі.

Ату механизмі – капсюль арқылы зарядтың тұтануын қамтамасыз етеді. Атыс қаруының жабдығын патрондар деп атайды. Патрон деп - гильза арқылы бір бүтінді құрайтын оқ (бытыра т.б.), дәрі (порох), капсюльді айтамыз.




81-сурет. Ойықты атыс қаруларында қолданылатын кейбір патрондардың жалпы көрінісі.

а- калибрі 5,6 мм спорттық тапаншаға арналған; б- калибрі 6,35 мм тапаншаға арналған; в- калибрі 7,62 мм «Наган» револьверіне арналған; г- калибрі 7,62 мм Токарев (ТТ) тапаншасына арналған; д- калибрі 7,65 мм «Браунинг» тапаншасына арналған; е- калибрі 9 мм Макаров (ПМ) тапаншасына арналған; ж, з, и, к, - оқтың ұзындығы мен қалыбына сәйкес ажыратылатын калибрі 9 мм тапаншаға арналған патрондар; л- калибрі 11,43 мм «Кольт» тапаншасына арналған; м- калибрі 7,62 мм винтовкаға арналған – патрондар.

Қазіргі атыс қаруларының патрондары *унитарлы* (біртұтас) болып келеді, яғни өзіне атыс жүргізуге қажетті барлық компоненттерді жинақтаған.

Патрондар – винтовкалық, аралық (карабиндер мен автоматтар үшін қолданылады), пистолеттік, револьверлік және мылтықтық болып бөлінеді.

Енді патронның құрылысын қарастырайық. Мына төменде көрсетілген суретте ойық және тегіс ұңғылы мылтықтардың патрондардың құрамдас бөліктері көрсетілген.




82 - сурет. Ойық және тегіс ұңғылы қарулардың патрондарының негізгі бөліктерінің атауы.

А-ойық ұңғылы қарудың патрондары: 1 - гильзалар; 2 - капсюльдер; 3 - оқ-дәрі (порох); 4 - снаряд. Ә -тегіс ұңғылы қару: 1 - гильза; 2 - капсюль; 3- оқ-дәрі; 4 - тығын; 5 - снаряд.

Құрамдас элементтер саны бойынша патрондарды екі топқа бөлуге болады. Бірінші топ – гильзадан, капсюльден, оқ-дәріден (порох) және оқтан тұратын ойықты қаруларға арналған патрондар. Екінші топқа – гильзадан, капсюльден, оқ-дәріден, тығын және бытырадан тұратын тегіс ұңғылы қаруларға арналған патрондарды жатқызамыз. Енді осы аталған компоненттерге жеке-жеке тоқталып өтейік.


Патронның негізін гильза құрайды және бұлар конус,цилиндр, шөлмек формалы болып келеді (83 - сурет).

Гильзалар металдан, картоннан немесе пластмассадан жасалынуы мүмкін.



83-сурет. Гильзалардың формаларының жалпы көрінісі.
1- цилиндр формасында; 2- конус формасында; 3- шөлмек формасында.

Гильзаның түбінде шаппа (боек) ұрғанда зарядты от алдыратын капсюль орналасқан. Гильзаның арт жағында маркировкалық белгілер соғылады, онда оны жасаған заводтың белгісі, калибрі, жасалған жылы т.с.с. мәліметтер көрсетіледі.




84-сурет. Гильзаның артқы жағына соғылатын маркировкалық белгілер:

1-жасаған зауыттың номері немесе шифры; 2- жасалған жылы;
3- тауарлық белгісі; 4- калибрі.

Қазіргі патрондарда заряд ретінде екі түрлі дәрі (порох) қолданылады. Оның біріншісі-түтінді (дымный) күкіртті селитраның және көмірдің қоспасы, ал екіншісі түтінсіз-нитроцеллюлоза болады.

Әскери қаруға арналған патрондардың оқтары қапталған, жартылай қапталған және қапталмаған болып келеді (мысалы, ескі құрылымдағы винтовкалар мен револьверлерге арналған қорғасын оқтар). Әдеттегі оқ «болат» металды өзекшеден (сердцевина) оның айналасын қоршап тұрған қорғасын жамылғыдан және оны жауып тұрған жұқа металды бүркеніштен тұрады (85- сурет)




85-сурет. Оқтың негізгі бөлшектерінің атауы. 1-болат өзекше,
2-қорғасын жамылғы, 3-жұқа металды бүркеніш.

Бүркеніш – оқ ұңғы каналын бүлдірмеу үшін жұмсақ металдардан, әдетте томпақ (қортпа) немесе латуньнан жасалады. Жартылай қапталған оқтарда оқтың бас жағы қапталмайды.

Сонымен қатар, жауынгерлік қарулардың оқтары – оқтың ұшының формасына байланысты конус тәріздес, жайпақ және жартылай сфера тәріздес болып бөлінеді (86 - сурет).

Әскери атыс қарулары үшін тек қана жалпы мақсаттағы емес, сонымен қатар арнайы мақсаттағы оқтар да дайындалады: трассирлік, бронбұзғыш, атып-жандырғыш және т.с.с.



86-сурет. Оқтардың түрлерінің

(А- құрылысы бойынша, Ә- оқтың ұшының формасы бойынша) жалпы көрінісі. А. 1- қапталған; 2- жартылай қапталған; 3- қапталмаған.

Ә. 1- конус тәрізді; 2- жартылай сфера; 3- жайпақ.



87-сурет. Тегіс ұңғылы мылтықтардың оқтарының түрлері:

1- шар тәрізді, 2-спутник, 3- Демидовтың қосарласқан оғы, 4- «Диаболо»,

5- «Парадокс», 6- Мак-Эвлин оғы, 7- «Кировчанка», 8- Якан оғы,


9- Бреннеке оғы, 10- Ширинский-Шихматов оғы, 11- Вишлебен оғы,

12- БС (ағайынды Соколовтар) оғы, 13- «Вятка», 14- «Стрела» (Шитуев оғы), 15- ВВОО-Ильин оғы, 16- «Идеал» атты Штендебах оғы, 17- екі есе турбиналық Майер оғы.

Тегіс ұңғылы мылтықтардың оқтары шар тәріздес, жебе тәріздес, турбиналық, турбина-жебелік т.с.с.болып жасалады. Жоғарыдағы суретте біз тегіс ұңғылы мылтықтарға арналған жиі қолданылатын оқтардың түрлерін ұсынып отырмыз (87 - сурет).


2.4.4 Баллистикалық іздердің пайда болу механизмі

Атыс іздеріне оқ, гильза және олардың үстіне қару бөлшектерінен қалған іздерді, дәрі, тығын, бытыра, оқпан ұңғысының ішінде атудан кейін қалған өнімдер, кедергілердегі атыс іздерін жатқызуға болады. Қаруды оқтаған кезде гильзаның сыртында магазиннен, затвордан сызықтар пайда болады, ал атқан кезде шаппадан (боек), ырғытқыштан (выбрасыватель), шағылдырғыштан (отражатель) іздер қалады.



88-сурет. Гильзада қалатын іздер.

1 - ырғытқыш іздерінің әртүрлі орналасуы. 2 -патрондықтың артқы шетінен қалған із. 3 - патрон салғыш (магазин) ернеуінен қалған із. 4-қайтарғыштан қалған іздер. 5 - шаппа ұшынан қалған із. 6 - затвордың алдыңғы қиығынан қалған іздер.



89 - сурет. Гильзада қалатын іздер. 1 - шаппадан; 2 - ырғытқыш ілгегінен (зацеп выбрасывателя), 3 - қайтарғыш кертiгiнен, 4 - қайтарғыш ойықтарының қырынан, 5 - затвор ұршығының өңдеуінен (обработки чашки затвора), 6- патрондықтың артқы қиылысынан, 7 - сигналдық штифтан, 8 - сигналдық штифт тесігінің қырынан, 9 - магазин кертiгiнен, 10 - затвор қаптамасы терезесінің қырларынан, 11 - оқпан ұңғысының науашасынан (паза ствольной коробки), 12 - затвор ұршығының төменгі жағындағы айғыздардан қалған іздер.

Енді осы іздердің түзілу механизміне нақты тоқтала кетейік: (88-89-суреттер)

- капсюльдағы жаншылу түріндегі із – шаппадан қалған із;
- гильза түбіндегі домалақ, сызық, доғал болып келген іздер - жаппа оқ итергіштен (затвор) қалған із;
- гильза түбіндегі жаншылу түріндегі із – шағылдырғыштан (отражатель) қалған із;
- шеткері шығып тұрған фланец шетінде жаншылу түріндегі із – ырғытқыштан (выбрасыватель) қалған із.

Оқтағы іздер зарядтау, ату және кедергілермен кездескен мезетте қалады, атап айтқанда:

- магазин ернеуі және ұңғыны оқтайтын жағынан сызық түрінде іздер қалады;
- ұңғыдағы ойық алаңдарынан қалған іздер – бірінші және екінші іздер;
- кедергімен кездесу нәтижесінде пайда болған сызылу, жаншылу, бүліну түріндегі іздер.


Кедергілерде қалатын іздерге мыналарды жатқызуға болады:

- қарудағы оқ-дәрі газдары мен түйіршіктерінен келген механикалық зақымдар;
- термиялық іздер : көмірлену, күйу, пісу, еру;

– оқ өнімдерінің іздері (күйе, бытыра түйіршіктері; май іздері, оқтың жылжу іздері).


Оқ кіріп кететін немесе жанап өтетін, тесіп шығатын немесе «соқыр» (слепой) бітеу тесіктер сияқты зақымдар келтіреді.

Оқтан келген зақымдардың түрі, көлемі және жан-жағында қалатын оқ өнімдері бойынша ажыратылатын кіру және шығу тесіктері болады. Оқ кедергі материалын ойып теседі, сондықтан кіру тесіктерінің «материалы ойылған» түріндегі белгісі болады және оқ тосқауылға кіргенде онда «қажалу белдігі» (поясок обтирания) қалады. Оқтың шығу тесіктері, кіру тесіктерімен салыстырғанда, үлкенірек болады да шеттері сыртқа шығып тұрады және оқ өнімдері қалмайды. Кедергілерден оқтардың іздерін, жанып үлгермеген дәрі іздерін табуға болады.



90-сурет. Ату өнімдерінің кедергіде қалуы.


Оқтың ұшу бағыты мен кіру тесігін анықтау үшін мына белгілер қолданылады. Кедергіге тиген оқ заттың белгілі бір бөлігін шығарып оны оқтың ұшу бағытымен итереді. Ағаштағы, фанердегі, картондағы, қаңылтырдағы сондай ақаудың өлшемі снаряд диаметрімен шамалас сәйкес болады. Шыныда, кірпіште олардың өлшемі оқ диаметрінен үлкенірек болады. Оқ жұмсақ пластикалық материалдарға тигенде келтірілген ақау нашар көрініп немесе мүлдем көрінбейді (резеңкеде, кейбір маталардың беттерінде). Әйнектегі, пластмассадағы және соған ұқсас материалдардағы атыс қаруының ізі конус тәріздес оқтың шыққан жағына қарай кеңейеді.



91- сурет. Шыны кедергідегі оқ ату ізі.
1- шыны; 2- оқ; 3- оқтың шығу ізі.

Кіру тесігінің бір белгісі – бұл тесік жандарының оқ бағытына қарай шығып қалуы. Тоқыма маталарда - оқтың қозғалу бағытына қарай жіптердің шығуы, шыныларда - конус тәріздес тесік, қаңылтырларда оқтың ұшу бағытына қарай жиектерінің қайырылуы, ағаштарда - оқтың шыққан жағында жаңқаланудың болуы.

Егер қаруды кедергіге тақап атқан болса, онда кіру тесігінің жандарында қарудың ұнғысының ізі қалады, оны «штанцмарка» деп атайды.




92-сурет. Әртүрлі қарулардан қалған тақап ату (штанцмарка) іздері.

2.4.5 Баллистикалық объектілерді қарау

Оқиға болған жерді қарағанда қаруды, оқты, гильзалар мен іздерді тауып алуға болады. Қаруды, оқ пен гильзаларды іздеу үшін мина, металл іздегіш, магнитті көтергіш; атқанда қалған күйе іздерін, қажалу белдігін, бытыра түйіршектерін айқындау үшін электронды-оптикалық түрлендіргіш және криминалистік лупалар қажет болуы мүмкін.



93-сурет. «Макаров» пистолетінің сыртқы көрінісі.



94-сурет. «Макаров» пистолетінің бөлшектелген кездегі көрінісі.

1-оқпан мен шаппалы тұтқа орналасқан қаңқа (рамка со стволом и саусковой скобой); 2-сақтандырғыш, ырғытқыш және ұрғышы бар затвор (затвор с ударником, выбрасывателем и предохранителем); 3-қайтымды пружина (возвратная пружина); 4-шаппалық-ұрушылық механизмінің бөліктері (части ударно-спускового механизма); 5-бұрандасы бар тұтқа сап (рукоятка с винтом); 6-затворлық бөгет (затворная задержка); 7- патрон салғыш (магазин).

Қаруды қарау, бекіту, алу.

Қандай да болсын, оқиға болған жерді қарап-көргенде, тергеушінің алдында тұрған басқа мәселелермен қатар, атыс қаруын қолданған жағдайларда: мысалы, атылған оқтың санын анықтау, оқ атылған кезде атқан адам мен жәбірленушінің тұрған орнын әрі қалпын анықтау т.б. қосымша мәселелерді анықтау қажеттілігі туындайды. Бұл көрсетілген мәселелер көптеген жағдайларда оқиға болған жерді қарағанда ғана шешілуі мүмкін, ал қарап - көргенде жол берілген кемшіліктер, әдетте, одан әрі түзелмейді және көбіне істі қайта тергеуге қайтаруға немесе оны қысқартуға әкеп соғады. Мұндай салдарды болдырмау үшін заттай дәлел бола алатын атылған оқ іздері мен заттарды табу үшін, барынша мұқият қарап көру қажет.

Сол себептен, табылған іздер мен заттардың күйі мен тұрған орнын өте дәлме-дәл бекітіп жазып алған жөн.

Қаруды криминалистикалық – «тораптық» сурет ережесі бойынша суретке түсіреді, ал табылған орнын екі тұрақты бағдар арақашықтығын анықтап, бекітеді.

Қаруды қарағанда қауіпсіздік шараларын есте ұстау керек.

Атап айтқанда: ***шүріппені басуға, қаруды адамдарға бағыттауға және оқталған қаруды қолдан-қолға беруге болмайды.***

Магазиндегі патрон саны, олардың маркалық белгілері, ұңғының, шүріппенің, бекітпенің, сақтандырғыштың қалыптары хаттамаға жазылып бекітіледі. Қаруды қарағанда саусақ іздері қалуы мүмкін емес жерлерінен ұстайды. Ұңғы арнасын ауыз жағынан тек қаруды оқсыздандырғаннан кейін қарайды және оның сипаттамасы, күйіктің, майдың, даттың, басқа заттардың, иістердің бар жоқтығы анықталады да, ұңғы каналындағы жанған дәрі өнімдерін сақтау үшін ұңғының аузына мақтадан тампон тығып қояды.

Хаттама келесі тәртіп бойынша толтырылады:

- қарудың түрі, жүйесі, моделі, үлгісі, калибрі;
- оқтықта немесе магазинде патронның болуы;
- шүріппенің, сақтандырғыштың қалыпы;
- маркалық белгілері;
- ұңғының құрылыстық ерекшеліктері;

- табылған кемістіктер, олардың сипаттамасы, орналасуы;
- қару бетінде қол іздерінің бөтен заттардың, бөлшектердің болуы және орналасуы.

Қарау хаттамасында атылған зат жалпы сипатталады, келген зақымдар еденге қатысты белгіленеді, олардың арасындағы қашықтық көрсетіледі. Сондай-ақ, зақымдардың келу тетігінің көзге көрінетін белгілері сипатталады.

Оқты табу және алу. Оқиға болған жерде өте маңызды шаралардың бірі неше оқ атылғанын анықтау және оларды табу үшін шара қолдану. Оқ, атылған бағытта және жанап ұшқанда (рикошетпен) оқ жолында орналасқан бүкіл заттар мұқият тексеріледі.

Әдетте, оқты немесе бытыраны зақымданған адамның маңындағы немесе артындағы әртүрлі заттардан (қабырғадан, жастықтан, диваннан, жерден, т. б.) табуға болады.

Соқыр тесік (слепой) немесе көзсіз зақымданған затты түгелімен алуға мүмкіндік болмаса, оның оқ кірген бөлігін кесіп не қиып алады. Алынатын учаскенің көлемі оқ өнімдерінің жайылу көлеміне байланысты болады. Қарау хаттамасында:

- а) оқтың түрі; оның құрылыстық ерекшеліктері, көлемі; артқы жағының, астаушаның (желобок) болуы; түбінің сипаты;
- ә) металдың түсі, оқтың гильзада бекітілу тәсілі;
- б) маркалық белгілер;
- в) деформациялық, ойық іздерінің болуы мен сипаты; олардың саны мен бағыты, ені көрсетіледі.

Аңшылық патрондармен атқанда оқиға орнынан киіз немесе қағаз тығын (пыж) табылуы мүмкін. Хаттамада олардың табылған орны, тығындар жасалған материалдар, маркалық белгілері, ату іздері (күйе, бытыра іздері) көрсетіледі.


Гильзаны табу және алу

Атылған гильзаның жатқан орны атуға қолданған қарудың түріне байланысты болды.


Белгілі бір қарудан оқ атқанда гильза мен тығын оқ атушы адамнан көп қашық емес аралыққа ұшып түседі. Алайда, гильзаның әр заттың астына домалап кететіндігі, ал тығынның зақымданған адамның денесіне жабысып қалатын жағдайлары да болатынын ескерген жөн.

Аңшылық қарудың көбінен гильза автоматты түрде түспейді, сондықтан оны атушы жасырған немесе лақтырған кез келген жерден табуға болады. Револьверді қолданғанда да осындай жағдай болады.

Автоматты қару гильзасын іздеу бағытын оқтың тосқауылға тию бұрышы туралы, атқан арақашықтық пен қару түрі туралы деректер арқылы анықталады, өйткені, түрлі қарудан гильза бірдей болып түспейді. Гильза табылған орын хаттама мен схемада нөмір арқылы белгіленеді. Қарау хаттамасында: гильза түбінің құрылыстық ерекшеліктері, гильзаның түрі, материалдың түсі, мөлшері, маркалық белгілері, оқтың оған бекітілу тәсілі, қару детальдарының іздері көрсетіледі.



а



б

95-сурет. Атылған оқтың траекториясын визирлеу әдісі арқылы анықтау: а – қағаздан жасалған трубканың көмегімен, б- шпагат жіпті және тіреуішті қолдану арқылы

Қарулар мен оқ-дәрілерді сараптамаға жіберу үшін тергеуші сараптама тағайындау туралы қаулыны ҚР ҚІЖК 240 -242 баптарында баяндалған ережелер бойынша толтыру қажет.

Қаулыда мына мәліметтер жазылуы қажет:

а) істің жағдайын сипаттап жазу, мұнда, егер белгілі болатын болса оқтың қашан, қандай жағдайларда атылғандығы туралы мәліметтерді толық жазу керек;

ә) күдіктінің және жәбірленушінің тегі, аты және әкесінің аты;

б) жіберіліп отырған қарудың системасы мен номері;

в) жіберілген заттай дәлелдемелердің тізімі;

г) сарапшы шешуге тиісті мәселелер;

Осы аталған деректер – дәлме-дәл, тұжырымдалатын мәселелер – айқын, нақтылы болуға тиіс, әрі шамамен былай тұжырымдалуы мүмкін:

а) Мамыров Ғали Мұратұлының пәтерінен табылған оқ Айнабеков Ердос Дәулетовичті тінткенде алынған № 454598 «Olympic 6» револьверінен атылған оқ па, әлде, ол емес пе?

ә) Петров Петр Петровичтің мәйітінен алынған оқ қандай қарудан атылған (системасы, калибр түрі) және бұл «ТТ» пистолетінен атылмаған ба?

б) жаралы Нұрғалиев Асхат Әмірұлының денесінен алынған оқ және Мамыров Ғали Мұратұлынан алынған «Наган» системалы № 454598 револьвердегі гильза бір патронның бөліктері емес пе, жоқ па? т. т.

Сараптама тағайындау туралы қаулымен бірге оқиға болған жерді қарап көру хаттамасының көшірмесі мен сол орынның жо-спар-схемасын жіберу ұсынылады.

Соттық-баллистикалық сараптама мынадай сұрақтарды шеше алады:

а) қару қандай системаға жатады?

ә) қару түзік пе және ол атуға жарай ма?

б) соңғы майлаудан кейін бұл қарудан оқ атылды ма, жоқ па?

в) қарудың ствол каналының ішінде дәрі күйігінің ізі бар ма, жоқ па?

г) бұл қарудың өздігінен атылып кету мүмкіндігі бар ма, жоқ па?

ғ) осы істің жағдайын еске алып, өзін - өзі атуы мүмкін бе (оқиға болған жердің деректерін толық баяндау);

д) қаруда номерді немесе басқа да завод белгілерін жоюдың із-таптары бар ма?

е) жойылған жерде қандай белгілер (нөмірлер) болған?

ё) осы гильза мен оқ қандай үлгінің немесе қандай калибрдің патронына жатады;

ж) осы гильза мен оқ қандай системалы және калибрлі қарудан атылған?

з) осы гильза осы мылтықтан атылған ба, жоқ па?

и) осы оқ немесе гильза бір патронның бөліктері емес пе?

й) сол бір адамнан алынған патрон гильзасының белгілері мен осы гильзаның белгілері сай келе ме?

к) зерттеліп отырған оқ осы қарудан атылған ба?

к) басқа оқиға болған жерден табылған оқ немесе гильза мен осы оқиға болған жерден табылған оқ немесе гильза бір қарудан атылған оқ па немесе гильза ма?

л) оқ үстінде жанап өтудің (рекошетирование) іздері бар ма?

м) белгілі жағдайларда (жағдайлары санап көрсетіледі) оқтың деформациялануы неден болған?

н) сол біреуден алынған патрондардағы оқтың белгілері осы оқтың белгілеріне сай келе ме?

н) өліктен (немесе басқа объекіден) алынған бытыралар мен оқтар зауыттық па немесе қолдан жасалған ба?

о) біреуден алынған бытыра және оқпен оқиға болған жерден табылған оқ пен бытыраның жасалуы сай келе ме?

ө) біреуді тінткенде алынған оқ пен бытыра химиялық құрамы жағынан алғанда өліктен (немесе басқа объекіден) алынған бытыра мен оққа сәйкес пе?

п) оқиға болған жерден табылған тығын біреуден табылған қандай да болсын заттың бөлігі емес пе?

р) осы бір аспаптың (қысқыштың, тескіштің, қиғыштың т. б.) көмегімен осы бытыра мен тығын жасалған ба?

с) оқиға болған жерден табылған тығын химиялық құрамы жағынан біреуден алынған қандай да болсын заттың құрамы мен бірдей ме?

т) бұл зақым атылған оқтан зақымдалған емес пе?

у) бұл шамамен қандай қашықтықтан оқпен атылып зақымдалған?

ұ) қайсысы кірген, қайсысы зақым шыққан із болып саналады.
ү) осы объектідегі шөгіп қалған ұнтақтар дәрінің қандай сортына (түріне) жатады.

ф) дәрі мен біреуден алынған патрондағы дәрі өзінің белгілері жағынан сай келе ме? және т.с.с.

Айта кететін жайт - сұрақтардың бұл тізімімен тынып қана қалуға болмайды, өйткені тізімде көрсетілмеген көптеген басқа мәселелердің тууы мүмкін, ал мұнда сараптама практикасында бәрінша жиі кездесетін сұрақтар ғана келтірілген.

2.4.6 Криминалистикалық жарылыстану

Қоғамда болып жатқан көптеген өзгерістер қылмыс жасау барысында жарылғыш құрылғылар мен жарылғыш заттарды кең түрде қолдануға әкеп соқтыруда. Ал бұл өз кезегінде криминалистикалық қарутанудың арнайы тарауы – криминалистикалық жарылыстанудың пайда болуына әкеп соқты. Оның зерттеу затына жарылғыш заттарды іздеу, табу және залалсыздандыру, оларға сараптамалық зерттеулер жүргізу, олардың техникалық сипаттамалары, жарылыстың заңдылықтары мен оның пайда болу іздері сонымен қатар, жарылғыш құрылғылар мен жарылғыш заттарды қолдану арқылы жасалатын қылмыстардың алдын алу үшін жүргізілетін кешенді жедел-техникалық, іздестіру, тергеу әрекеттері болып табылады. Осы заңдылықтарды зерттеу нәтижесінде жарылысты дайындау және жарылыс жасаумен байланысты объектілерді бекіту, алу немесе зерттеу, оларды табу құралдары мен әдістері жетілдіріледі.

Қазіргі кезде криминалистикалық жарылыстануда жарылыс объектілерімен жұмыс жасаудың әдістемелік негіздері құрылып, соған байланысты білім кешені қалыптасуда. Ол үшін криминалистикалық қарутану әскери ғылымдардың, физика, химия, материалтану салаларының жетістіктерін кең қолданып отыр.

Криминалистік жарылыстану объектілеріне түрлі жарылғыш құрылғылар, жарылғыш заттар, жару құралдары, іздері және жарылыстан бұзылған объектілер жатады.

Жарылғыш құрылғылар деп - жарылғыш заттардың және оларды ауыстырғыштардың термиялық ыдырауы нәтижесінде

бағытталған қозғалысқа әкеп соғатын жарқыншақ ұшқын мен жарылыс толқынының әсерінен адамдар, жануарлар мен түрлі объектілерді жоюға арналған құралдарды айтамыз.

Барлық жарылғыш заттар әртүрлі белгілеріне және мақсаттарына байланысты жіктеледі. Олардың ішіндегі көп таралған жіктеуге, оларды агрегаттық жағдайына байланысты, типтік химиялық өзгеруі нысанына байланысты, химиялық табиғатына және құрамына байланысты, қолдану жағдайына, мақсатына, сыртқы әсерлерге сезімталдығына байланысты жіктелулер жатады. Агрегаттық жағдайына байланысты жарылғыш заттар - газ, сұйық, қатты және олардың қоспасы түрінде болады. Химиялық өзгеру нысанына байланысты жарылғыш заттар – бризанттық, лақтырғыш және пиротехникалық құрамды болып бөлінеді.

Бризанттық жарылғыш заттардың детонациялық жылдамдығы үлкен болады және сол себептен жарылу кезінде қоршаған ортаға үлкен залал келтіреді. Бұл класстың типтік өкілдеріне: тротил, гексоген, октоген, тэн, тетрил, аммониттер мен аммоналдардың кейбір типтері жатады. Олар халық шаруашылығында кеңінен қолданылады.

Лақтырғыш жарылғыш заттар көп компонентті қатты жарылғыш қоспалардан тұрады.


Жарылыс – бұл күрделі физикалық-химиялық құбылысқа жатады. Негізгі жарылғыш зарядтың детонациясынан кейін заряд массасынан бірнеше рет асатын елеулі көлемде газ бөлініп, заряд жылдам жана бастайды. Бұл газ көлемі жоғары жылдамдықпен ұлғайып, өтсе жоғары қысым тудырады. Осының нәтижесінде қоршаған ортада толқын соққысы пайда болады, ол механикалық залал келтіреді. Сонымен бірге, газдардың термиялық әсерінен объектілердің жануы, ыдырауы болады.

Жарылғыш құрылғының әсерінің нәтижесінде толқын соққысы мен ұшқындардан механикалық залал, сонымен бірге, термиялық залалдар келеді. Жарылыс іздеріне тосқауыл немесе адам денесіне кірген жарылғыш құрылғылардың ұшқындары, тосқауылдағы жарылғыш құрылғының жанып бітпеген қалдықтары, жарылыс құралының бөліктері жатады.

Жасалу тәсіліне қарамастан, барлық жарылғыш құрылғылардың төмендегідей негізгі элементтері болу қажет:

- жару құралы (механизмі), мысалы, қол гранатасының запалы, минаны жаратын тетік, түрлі капсюль-детонаторлар, от өткізетін және білтелі жіптер, жанғыш түтіктер, электрлі детонаторлар, жарғыш машинкелері немесе ток көздері;
- жарылғыш заттар немесе жару мүмкіндігі бар қоспалардың зарядтары;
- жарылғыш құрылғыларды жұмыс істететін қондырғылар.

Тергеу тәжірибесінде штаттық (сериялық, зауыттық), сонымен бірге, қолдан жасалған жарылғыш құралдары кездеседі. Олар көбіне гранатаның жарылу барысында пайда болатын ұшқындарымен жоюға негізделген.




96- сурет. а- РГД-5, ә- Ф-1, б- РГ- 42 типті қол гранаталары

Жарылысты реттеу үшін мұндай гранатаға бекітілген тұтандырғыш орнатылады. Тұтандырғыштағы мұрындықты (чека) тартып гранатаны лақтырғаннан кейін, одан тұтандырғыш рычагі бөлінеді, босатылған шаппа капсюльді теседі. Қол гранаталарының қазіргі тұтандырғыштарында, әдетте, баяулатқышы болады, ол жандырғыш капсюль-детонаторға дейін ұшқынды жеткізеді. Бұл жарылысты 3-4 секундқа бөгеп, гранатаны нысанаға жеткізуге мүмкіндік береді.

Жоғарыда айтылғандай, барлық жарылғыш құрылғылардың жарылыс тетіктері болуы тиіс: қол гранатасы тұтандырғышы, мина жарғыштары, түрлі капсюль-детонаторлар, жану түтікшелері,

сымды электр детонаторлары және токтың көздері. Қазіргі кезде радио арқылы басқарылатын жарылғыш құрылғылар кең таралған.



97-сурет. Әр түрлі модификациядағы Ф-1 гранатасының құрылымы:
1-корпусы; 2- гильза; 3- тротил жарылғыш заты

Жарылыс заттарының қалдықтары бойынша, түрлі химиялық әдістермен заряд ретінде қолданылған жарылғыш зат және оның қолдану аумағын анықтауға болады. Жабдықтардың бөліктері арқылы оның жарылғыш құрылғыға қатысы анықталады. Сондықтан оқиға болған жерде жарылыс барысында түзілген барлық қалдықтар мен бөліктерді жинаудың маңызы зор. Кейде жарылғыш құрылғының қалдықтары бойынша оның құрылысын, жарылу тәсілі мен тетігін анықтауға болады.

Аталмыш объектілерді зерттеу үшін жарылыс-техникалық сараптама тағайындалады.

Жарылыс-техникалық сараптамасын жүргізу арқылы идентификациялық және диагностикалық мәселелерді шешеді.

Диагностикалық мәселелерге мыналарды жатқызуға болады:

- жарылыс фактісін, оның табиғаты мен техникалық себептерін анықтау;
- жарылыс жағдайын анықтау;
- заттар мен құрылғылардың нақты бір топқа жататындығын, оның түрін, маркасын анықтау, олардың зақым келтіру қасиеттеріне баға беру;
- жарылғыш құрылғының мақсаты бойынша пайдалануға жарамдылығын айқындау;
- жарылғыш құрылғыны жасап шығарған адамның арнайы білім дәрежесін айқындау;
- жарылғыш затта пайдаланған заряд салмағын айқындау.

Идентификациялық мәселелер:

- жарылғыш құрылғының бөлшектері арқылы бұрын біртұтас болғандығын анықтау;
- екі немесе одан да көп жарылғыш заттардың шығу тегінің бір екендігін анықтау.

Жарылыс болған жерді қарау оқиға болған жердің ерекшелігі ескеріле отырып, материалдың іздерін табу, бекіту, алу және қараудың жалпы ережелері бойынша жүргізіледі. Оқиға болған жерді қарау барысында суретке түсіру, жоспарлар мен сызбанұсқаулар құрумен қатар, идентификациялауға жарамды іздерді жинап алу керек (мүмкіндігінше - ізі бар заттармен бірге). Іс жүргізу барысында туындаған көптеген мәселелер кешенді жарылыс техникалық сараптамамен шешіледі.

2.4.7 Суық қаруды криминалистикалық зерттеу

Суық қаруды және оны қолдану іздерін криминалистикалық зерттеу, бұл – суық қару, оны ауыстыратын немесе соған ұқсас объектілер, сондай-ақ, оны қолдану іздерінің пайда болу заңдылық-тарын зерттейтін және қылмысты ашу, тергеу, алдын алу мақсатында аталмыш объектілерді жинап, зерттеудегі әдіс-құралдарды жетілдіретін криминалистикалық қару танудың бір тарауы.

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 30-желтоқсандары «Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы» Заңына сәйкес суық қару – адамның қимыл-күшінің көмегімен нысананы тікелей зақымдайтын құрал болып табылады.

А. О. Шакенов және Б. М. Нұрғалиев суық қаруға мынандай анықтама береді: *«Суық қару деп адамның қимыл-күшімен немесе механикалық, құрылғыға оның жанама түрде әсер етуі арқылы бағытталып, жанды немесе жансыз нысананы тікелей жанасу арқылы немесе арақашықтықтан зақымдайтын және осы мақсатқа жету үшін техникалық тұрғыдан жарамды болып келетін құрылғыны немесе затты айтамыз».*

Суық қаруларға берілген бұл анықтамадан суық қаруларға лақтырушы, яғни адамның қимыл күшімен немесе механикалық құрылғылардың көмегімен арақашықтықтан зақымдайтын қаруларды (садақ, арбалет, т.с.с.) да жатқызуға болатындығын көреміз.

Суық қарудың барлықтарына тән мынандай конструкциялық негізгі белгілерін атап өтуге болады:

- нысананы зақымдауға арнайы бағытталған бөлігінің (деталінің) болуы (жүзі, ұшы, салмағы және т. б.);
- өзін-өзі жарақаттандыруға жол бермейтін және қолға ұстауға ыңғайлы ететін бөлігінің болуы (пышақтың сабы, қолды залал келтіруден сақтайтын тежеуіш (ограничитель) және т. б.);
- құрылғының зақым келтіруге жеткілікті механикалық беріктілігі.

Егер суық қару кісі өлтірудің немесе дене жарақаттарын түсірудің немесе қорқыту құралы болса, онда ол дәлелдемелік зат ретінде есептеледі.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасының ҚК-нің 251 және 252-баптарына сәйкес суық қаруды қолдану фактісі болмағанда да суық қаруды жасауға, алып жүруге, сатуға байланысты ол (суық қару) - криминалистикалық зерттеудің объектісі бола алады, өйткені осы әрекеттердің барлығы қылмыстық жазаланатын әрекет құрамын құрайды.

Міне, сол себептен көптеген жағдайларда алынған объектінің суық қаруға жататындығын не жатпайтындығын және қарудың қандай түріне жататындығын анықтау туралы сұрақтарды шешуге тура келеді.

Осы сұрақтарды шешу үшін, суық қарулардың жіктелуі мен оның құрылысын, арнайы сипаттарын, мақсатын, құрылымдық ерекшеліктерін білу қажет. Е. Н. Тихонов суық қаруларға былайша жіктеу жасауды ұсынады:

1. Қолдану мақсаты бойынша:

а) жауынгерлік; ә) аңшылық); б) криминалдық.

2. Дайындау әдісі бойынша:

а) зауытта жасалған; ә) қолөнер өндірісі (кустарное); б) қолдан жасалған (самодельное).

3. Дайындау орны бойынша:

а) отандық; ә) шет елдерде жасалған.

4. Жалпы конструкциясы бойынша:

а) стандартты; ә) стандартты емес; б) типтік емес (атипичный).

5. Зақымдау принципі бойынша:

– ұрып-ұсатушы, кесуші, шабушы, түйреуші, түйреуші-кесуші, түйреуші-шабушы, шабушы-кесуші, түйреуші-кесуші- шабушы.

6. Құрылысы бойынша, қолға ұстау әдісі бойынша:

а) жүзді (клинковый);

ә) жүзсіз(неклинковый).


7. Комбинациялық яғни суық қару мен атыс қаруының араластырылып-біріктіріп жасалуы (мыс. револьвер - пышақ, пистолет-кастет т.с.с.)

Жүзі бар қарулар олардың құрылыстық ерекшеліктері мен конфигурациясына, өлшемдеріне байланысты қолға ұстау ыңғайлары бойынша үш топқа жіктеліп бөлінеді:

– тұтқалы жүзді қару (қылыштар, шпагалар, ятагандар, кинжалдар, пышақтар, кортиктер, жүзді штықтар және т.с.с.); .

– ұзын сапты жүзі бар қару (мысалы, найзалар, дротиктер, айбалталар т.с.с.);

– сабы да, тұтқасы да жоқ, бірақ, ұзын ұңғылы атыс қаруларына бекітілетін қондырғылары бар, жүзді суық қару (жүзді штықтар).



98-сурет. Ұзын жүзді суық қарулар. 1- Палаш; 2- Шпага; 3- Рапира; 4- Ятаган; 5- Үшкір басты қылыш; 6- Шашка; 7- Европалық семсер; 8 - Жапон семсері (катана)

Қару жүзінің ұзындығы бойынша: қысқа жүзділерге және ұзын жүзділерге, ал жүзінің түрі бойынша: тік жүзді және қисық жүзді болып бөлінеді.

Ұзын жүзділерге – қылыштар, шпагалар, семсерлер және т.с.с. жатады (98 - сурет).

Қысқа жүзділерге - қанжарлар, аңшылық, ұлттық пышақтар, стилеттер және т.с.с. жатады.

Түйрейтін жүзді қаруларға: кортиктер, қырланған штықтар, шпагалар, рапиралар жатады.


Шабатын жүзді қаруларға: қылыштар, балталар, ал түйреп-шабатындарға ятағандар жатады.

Криминалистика тәжірибесінде ең көп тарағаны – сапты, қысқа жүзді қарулар болып отыр. Оған: (әскери, азаматтық, аңшылық) пышақтар, қанжарлар жатады.


Түйреуші-кесуші қару бір жүзді (пышақтар) және екі жүзді қанжарлар болып бөлінеді.

Енді осы қысқа жүзді кейбір суық қарулардың конструктивті белгілерін қарастырайық (99-102 суреттер).

99-сурет. Кортик. 1- сабы; 2- шығыршық; 3- сұқпа; 4- ұшы; 5- сақтандырғыш-тіреу; 6- дүмі; 7- доласы



100- сурет. Қанжар. 1- сабы; 2- дүмі; 3- сақтандырғыш-тіреу; 4- жүзінің қайралған жері; 5- ұшы



101-сурет. Фин пышағы. 1- сап; 2- сұқпа; 3-жүзі; 4- жүзінің қайралған жері; 5- сағасы; 6- қолсап; 7- шығыршық; 8- дола; 9- сырты; 10-сыртының қиғаш қайырылған жері; 11- сыртының қиғаш жері; 12- ұшы; 13- дүмі



102-сурет. Стилет. 1- сұқпа; 2- сабы

Ұрып-ұсатушы қаруларға, шокпарлар, қол шокпарлар (ки-стенъ) нунчаку, кастеттер, алақанға кигізіп ұруға ыңғайланған суық қарулар (алақандық) , кастеттер, арнайы қол сақиналар және т.б. жатады.

Шокпар – басы шар тәріздес едәуір салмағы бар ұрып-ұсатушы қару.

Қолшоқпар (кистенъ) – сабы мен ұратын бөлігі шынжырмен немесе басқа да заттармен жалғастырылған ұрып-сындыратын қару. Бұл қарудың жиналмалы түрі де болады, яғни темірден жасалған стерженьдер бірінің ішіне бірі ену арқылы жиналатын суық қару.

Нунчаку – ұрып-ұсатушы және қылқындырушы қару, ол екі немесе одан да көп келдектерден тұрады. Бұл келдектер бір бірімен шынжыр немесе кендір жіп арқылы жалғанады. Келдектер сопақ, қырлы т.с.с. формада болып әртүрлі материалдардан жасалады.


Кастет – саусаққа кигізілетін тесіктері бар әртүрлі материалдардан жасалынған (қорғасын, темір, ағаш, пластикалық материал-

дар т.с.с.) алдындағы соққы бөлігі арқылы колмен ұруға арналған ұрып-сындырушы қару.


Алақандық (наладонник) - былғары немесе басқа да материалдарға темір тілімдерін бекітіп бүлдіргімен алақанға бекітілетін ұрып-сындыратын қару.

Арнайы қол сақиналар – саусаққа кигізіп соққы беруге арналған ұрып сындырушы қару.


Төмендегі суреттерде осы ұрып-ұсатушы қарулардың кейбіреулерінің конструкциялық белгілері көрсетілген.




103-сурет. Кастет. 1- ұратын бөлігі; 2- тістері; 3- саусақ кигізілетін тесіктері; 4- тұлғасы; 5- тіреудің тағаны; 6- тіреу.




104-сурет. Ұрып-ұсатушы-қылқындырушы суық қаруға жататын нунчакудың әртүрлі үлгілері



105-сурет. Шокпар: 1- ұратын бөлігі; 2- сабы; 3- ілгегі




106 - сурет. Кистендер. а- кәдімгі; б- жиналмалы (созылмалы):
1- сабы; 2- шынжыр; 3- ұратын бөлігі; 4- созылмалы стержень



107-сурет. Қолдан жасалған алақанға киетін әр түрлі суық қарулардың құрлыстары: 1- корпусы; 2-ұратын бөлігі; 3- тістері; 4- бау өткізетін тесігі; 5- құлағы; 6 – 8 бау



1



2

108-сурет. Ұруға арналған сақиналар. 1- Францияның «Сент-Этьени» фирмасы шығарған өндірістік сақинасы; 2 – қолдан жасалған сақина


Осы жоғарыда көрсетілген суық қарулардан басқа жойылатын объектіні бірталай қашықтықтан зақымдайтын суық қарулар да бар. Бұл қаруларда снаряд механикалық қондырғылардың көмегімен немесе тікелей адамның қолының күші арқылы қозғалысқа келтіріледі. Мұндай қаруларды *лақтыратын қарулар* деп атайды. Бұл қарулар негізгі екі элементтен тұрады: лақтырушы және лақтырылушы (снаряд).

Снарядты қозғалысқа келтіру механизміне байланысты лақтыратын қаруларды екіге бөлуге болады:

а) механикалық – мұнда снарядты лақтыру үшін сығылған пружинаның, тартылған адырнаның, бұралған канаттың т.с.с. энергиясы қолданылады (мыс. баллиста, катапульта, садақ, арбалет, су асты аңшылығына арналған пружиналық мылтық және т.б.);

Мұнда снаряд ретінде тас, жебе, ядро, жанғыш заттар құйылған ыдыстар қолданылады.

ә) адамның қол күшін қолдану арқылы – мұнда снаряд ретінде пышақтар, сюрикендер, дротиктер, найзалар қолданылады.



109-сурет. Кейбір лақтырылатын қарулардың жалпы көрінісі.
 1- корсека; 2- қысқа сапты найза (дротик); 3- лақтырылатын балта; 4- куйтса (лақтырылатын пышақ); 5- лақтырылатын жебе; 6- сюрикен; 7- чакра

Суық қарулар тінту немесе қарау тергеу әрекеттері кезінде табылып алынса, онда тергеу әрекетінің хаттамасына суық қарудың түрі туралы тұжырым жасауға мүмкіндік беретін белгілері, жеткілікті мөлшерде бейнеленіп жазылуы керек.

Суық қарудың материалдық бөлігін қарау оның құрылысы мен құрамдас бөліктерінің мөлшерлерін өлшеуден басталады. Қарау нәтижесінде жүзінің сабына бекітілу тәсіліне; қарудың бөлшектерінің қандай материалдан жасалғанына; зауыттық сипаттамаларының бар-жоқтығына, түсіне, беріктігіне, жүзінің түріне (қисық па, түзу ме?), сұқпа және ұшының қайралғанына, қайралу деңгейінің өткірлігіне; қаралып отырған қарудың қандай да белгілі бір үлгідегі қарулармен сәйкестігіне, ұқсастығына назар аудару қажет.

Алынған затты әрі қарай суық қарудың белгілі бір түріне жатқызу арнайы анықтамалық альбомдар мен коллекциялық үлгілерді қолдану арқылы жүргізіледі.

Объект суық қару болып табыла ма және суық қарудың қай түріне жатады деген сұрақты шешу үшін криминалистикалық сараптама тағайындалады. Сарапшы зерттеуге жіберілген затты (қаруды) жан-жақты бағалап, өзінің қорытындысын береді. Осы жағдайда сарапшылардың алдына мына сұрақтар қойылуы мүмкін: объект суық қаруға жата ма, оның құрылысы мен жасалу тәсілі қандай?

Суық қару үшін жәбірленушінің үстіндегі киім із қабылдағыш объект болып табылады. Жүзі немесе ұшы бар заттардың іздері көріну дәрежесі бойынша кесілген, тесілген, шабылған, тесіліп-кесілген жарақаттар болып бөлінеді.

Кесілген жарақаттар денеге қатысты кез келген бұрышта орналасып, сызықты немесе доға тәрізді формада болуы мүмкін.

Суық қаруды қолдану арқылы қалдырылған жарақатты қарап отырып, хаттамаға жарақаттың келтірілген жерін, қандай объектіде және объектінің қай бөлігінде қалғандығын, олардың мөлшерінің өлшемдерін, жарақат шеттерінің жағдайын белгілейді.

Суық қарумен түскен механикалық жарақат іздері бар киімдердің сараптамалық зерттеуінде келесі сұрақтар шешіледі: жарақат түрі қандай, қарудың қандай түрімен қалдырылған; жарақатты қалдырған қарудың топтық тиістілік белгілері қандай (жүзінің түрі, өлшемдері, жүзі бір жақты ма, не болмаса екі жағынан да қайралған ба), олар зерттеуге жіберіліп отырған қарумен қалдыру мүмкін бе еді?

Жарақаттың сараптық зерттеуі кезінде жарақат жеріндегі жіптердің бөлшектері микроскоппен қаралып зерттеледі.

Алынған жарақаттың нақты осы қарумен қалдырылғанын тексеру үшін жарақаттағы белгілерді, оның түрін, өлшемдерін қарудың сипаттамаларымен сәйкестіріп салыстырады. Қаруды зерттеу кезінде микробөлінділерге (микро-бөлшектер, микроталшықтар) үлкен назар аударылады. Қарудан алынған микробөлінділер жарақат бар киімнің жіптерімен салыстырылады; қаруда биологиялық бөлінді объектілері болғанда (қан, басқа да микромөлшердегі заттар) олардың сот-медициналық зерттеуі жүргізіледі. Суық қарудан түскен жарақаттарды және суық қарудың өзін зерттеу үшін кешендік сот-медициналық-трасологиялық, криминалистикалық және тағы басқа да сараптамалар тағайындалуы мүмкін.

2.4.8 Газды қаруды криминалистикалық зерттеу

Газды қару деп қолдану барысында тітіркендіргіш заттарды немесе көзден жас ағызатын заттарды пайдалануға негізделетін қаруды айтады. Газды патрондармен атылатын қарулар қысқа ұнғылы ойық атыс қаруларының дәлме-дәл көшірмесі болып келеді және олардың тетіктері морт сынғыш металдардан жасалады. Осындай қарудың әрбір моделіне нөмірі, моделі, калибрі, басқа да маркировкалық белгілері ойып басылады.

Әдетте, тәжірибе көрсеткендей, құқық қорғау органдары қызметінде газды қару, көбінесе, тұлғаның жеке басы мен автокөлігін тексергенде, бұзақылық жасаған күдіктілерді ұстағанда, оқиға болған жерді қарағанда, тінту жүргізгенде кездеседі.

Газды қарулардың патрондары мынандай құрамдас бөліктерден тұрады: гильза; капсюль; оқ-дәрі; тітіркендіргіш зат заряды; ішкі тығын; сыртқы тығын; пластмассадан жасалған бұқтырма; контейнер.

Қолдану мақсатына байланысты патрондар: газды, дыбыстық-шу шығаратын, сигналдық болып бөлінеді.



Гильзалар цилиндр формалы болады және олар мыс немесе латуннен жасалады және олар ату кезінде 3 м дейін белсенді тітіркендіргіш кристалдық заттарды шаша алады.

Газды патрондар О-хлорбензилиденмалонитрил (CS) немесе хлорацетофенон (CN) сияқты кристалдық ұнтақтармен жарақталады. Сол себептен гильзаның астыңғы жағында калибрдің маркировкалық белгісінен басқа дайындаушының фирмалық белгісі (мыс. SM, HS, Geco, Wadie, Sax, RWS) және қолданылатын белсенді тітіркендіргіш зат көрсетіледі.

Газды патрондардың пластмассадан жасалған бұқтырмасы егер сары болса, онда ол CS, ал көгілдір, күлгін, ақ (концентрациясына байланысты) болса, CN түрінде болады. Старттық (дыбыстық) пистолеттердің бұқтырмасының түсі жасыл болады.

Сонымен қатар газды қаруларға аэрозольдық баллондар, газды таяқтар және газды гранаталарды да жатқызуға болады.


Мына төмендегі суреттерде олардың кейбіреулерінің жалпы көріністері бейнеленген.



110-сурет. Газды патрондардың гилзаларының астыңғы жақтарының көрінісі



111- сурет. 1- газды аэрозольдық баллон;
2- РК 3015 типті газды граната.



112- сурет. TW 1000 Police «Professional» маркалы газды таяғы

Газды қару мен оны қолданудан қалған іздерді зерттеу кезінде мынандай диагностикалық және идентификациялық міндеттер шешіледі:

Диагностикалық – түрлі заттардағы улы нәрселерді табу, оның құрамын және қай топқа жататындығын анықтау (әлсіз, орташа қатты әсер ететіндігі);

Идентификациялық – атылған оқтар арқылы газды қаруды, оқтарды дайындаған құрылғылар мен приборларды идентификациялау.

Қылмысты тергеу кезінде газды қаруды криминалистикалық зерттеу - оның жасалу тәсілін, адамға келтірген зақым сипатын анықтауға, жасалған қылмысты дұрыс саралауға және басқа да істің шешілуіне маңызы бар жағдайларды табуға мүмкіндік береді.

2.5 ҚҰЖАТТАРДЫ КРИМИНАЛИСТИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ

2.5.1 Құжаттарды криминалистикалық зерттеу жүйесінің жалпы жағдайлары

Құжаттарды криминалистикалық зерттеу жүйесіне мыналарды жатқызуға болады:

- а) жазуды (письмо) криминалистикалық зерттеу;
- ә) құжаттарды техникалық криминалистикалық зерттеу.

Бұл екеуінде де құжаттар зерттеу объектісі болып саналады.

Криминалистикада құжат деп қылмысты тергеуге қатысы бар, бір немесе бірнеше бекіту құралдарының көмегімен қандайда бір фактілер туралы мағлұматтар көрсетілген объектілерді айтамыз.

Қазақстан Республикасы ҚІЖК 123 бабына сәйкес, азаматтар, лауазымды тұлғалар және мекемелер баяндап берген немесе куәлендірген мәліметтер қылмыстық іске қатысы болса, онда мұндай құжаттар дәлелдеме ретінде қабылданады.

ҚР ҚІЖК 121 бабына сәйкес қылмыстық іс-әрекет объектісіне өзінде қылмыс ізін қалдырылған және істің жағдайын анықтап кінәліні әшкерелеуге көмектесетін құжаттар жатады.

Процессуалдық тұрғыдан қарастырғанда барлық құжаттарды үш топқа бөлуге болады:

- 1) құжаттар – заттық дәлелдемелер;
- 2) құжаттар – қолтаңбалық дәлелдемелер;
- 3) құжаттар – салыстырмалы зерттеулер үшін алынған үлгілер.

Көп жағдайларда криминалистикалық зерттеу объектілері ретінде өзінде қылмыстың материалдық белгілері бар құжаттар – заттық дәлелдемелер қарастырылады.

Құжаттар, заттық дәлелдеме ретінде, өз кезегінде мынандай түрлерге бөлінеді:

1. Қылмыс құралы ретінде қолданылған құжаттар (жалған қолхаттар, нарядтар, есеп шоттар, түбіртектер және т.б.).

2. Қылмыс іздерін жасыру құралы ретінде қолданылатын құжаттар (мысалы, өзін-өзі өлтірген адамның атынан жазылған сияқты етіп, қалдырған «өлім алдындағы хаты» және т.б.).

3. Қылмысты ашу құралы ретінде қолданылатын құжаттар.

Ақпаратты бекіту тәсілі бойынша құжаттарды келесі түрлерге бөлуге болады:

- қолжазбалар;
- мәшінкеге басылған, типографиялық және принтер көмегімен басылған мәтіндер;
- графикалық құжаттар (схемалар, жоспарлар, сызбалар ж.т.б.);
- кино-фото-бейнеқұжаттар;
- кодты ақпараттар беретін объектілер (перфокарталар, телеграф ленталары ж.т.б.).

Шығу тегі бойынша жазбаша құжаттар *ресми* (заңды тұлғалардан келіп түскен) және *жеке* (жеке тұлғалардан келіп түскен) болып бөлінеді.

Ресми құжаттар қабылданған форма бойынша орындалған және белгілі бір деректемелері болуы керек.

Мекеме, ұжымдар беретін құжаттар деректеме деп аталатын элементтермен сипатталады. Оларға: құжат бланкісі, өлшемі, формасы, түсі, мөр және штамп көшірмесі, қорғаныс торы және қойылған қолдар жатады

Сонымен бірге, қылмыстық сот өндірісінде мына төмендегідей құжаттар болады:

- шын (подлинный), яғни деректемелері мен мазмұны шындыққа сәйкес. Олардың жарамды (действительный) және жарамсыз (недействительный), яғни мерзімі өтіп кеткен куәлік т.с.с. түрлері болады;
- жалған (поддельный), яғни деректемелері мен мазмұны шындыққа сәйкес келмейтін;

Азаматтардың құжаттары (жеке құжаттар) екі түрге бөлінеді:

а) заңға сәйкес құрастырылған (мысалы өтініш, мұрағат қалдыру);

ә) жай түрде құрастырылған (қолхат, хат ж.т.б.)

Жарамды құжат деп – бұл осы уақытта заңды күші бар түпнұсқалы құжатты айтамыз. Жарамсыз құжат – бұл барлық деректері бар түпнұсқалы құжат, бірақ өзінің заңды күшін жойған (мысалы мезгілі өтіп кеткен куәлік т.с.с.).

Жалған құжат деп, мазмұны мен деректері шындыққа сәйкес келмейтін құжаттарды айтамыз. Оның екі түрі анықталған:

а) интеллектуалдық;

ә) материалдық;

Материалдық жасандылық, ол түпнұсқалы құжаттың мазмұнына жалған мәліметтер енгізу жолымен жасалады (мысалы, құжаттың берілген күнін өзгерту т.б.).

Материалдық жалғандықтың ізі бар құжаттарды криминалистикада жасанды деп есептеледі.

Интеллектуалдық жасандылық дегеніміз құрастырылуы жалған түрде дұрыс екенін білдіретін жасанды құжат түрін айтамыз (қажетті деректемелері бар, бірақ біле тұра мазмұны жалған).

Құжаттың жасандылығы толық немесе жартылай болуы мүмкін. Толық жасанды деп бұл қылмыскерлердің құжатты толығымен жасанды түрде орындауын, жартылай жасанды деп түпнұсқалы құжаттың жеке деректеріне жалған өзгерістер енгізуін айтамыз.

Криминалистикалық зерттеуде жазба құжаттарды зерттеудің негізгі түрлері болып мыналар саналады:

- құжатты орындаушы тұлғаны жазу және қолтанба белгілері бойынша анықтау;

- құжатты толық немесе жартылай жасандылығын анықтау мақсатымен зерттеу;
- құжаттардың мазмұнын (қиын оқылатын, жыртылған т.б.) өз қалпына келтіріп, айқындау мақсатымен зерттеу.

Жазуға криминалистикалық сараптама жасау сараптаманың ең көп тараған түрлерінің біріне жатады.

Жазуға қарап кісіні идентификациялау мүмкіндігі, белгілі бір тұлғаның жазуындағы қалыптасқан белгілердің жеке даралығы мен тұрақтылығына негізделген. Жазудың жеке даралығы дегеніміз жазу белгілерінің бір жиынтығының басқа тұлғада қайталамайтындығы, яғни екі адам мүлде бірдей етіп айнытпай жаза алмайды.

Жазудың тұрақтылығы деп нақты бір кісінің жазуындағы жеке дара ерекшеліктерінің белгілі мерзім аралығында сақталуын айтамыз.

Құжаттардың сипаттамасына және шешілуі тиіс мәселелерге байланысты құжаттарды криминалистикалық зерттеу үш категорияға бөлінеді:

- 1) құжатты жазған адамды анықтау (жазуды криминалистикалық зерттеу);
- 2) құжаттарды техникалық-криминалистикалық зерттеу.
- 3) мәтіннің авторын анықтау (криминалистикалық автортанулық зерттеу);

2.5.2 Жазуды криминалистикалық зерттеу

Жазуды криминалистикалық зерттеу деп ғылыми ережелер жүйесін негізге ала отырып, қылмыстың алдын алу, тергеу және әшкерелеу мақсатында жазу мәнері мен қолтанбаларды талдау негізінде қолжазбаларды зерттеу үшін қолданылатын техникалық құралдар мен әдістерді қамтитын зерттеуді айтамыз.

Жазу (письмо) деп арнайы белгілер арқылы адам ойын бекіту құралын айтады. Жазудың арнайы құрастырылған белгілік жүйесі, адамның ойдағысын жеткізетін, сөйлесу мүмкіндігін қамтамасыз ететін және мағлұмат беру құралы болып табылады.

Қолтанба (почерк) деп - жазу негізінде жазу құралының көмегімен әріптерді бейнелеу мәнерін айтамыз.

Жазу мәнерінің қалыптасуы адамның жазуға үйренуімен бірге жүреді. Бұл процесс бала мектепке барғаннан соң басталып 3-4 сыныпта кейбір идентификациялық белгілері қалыптасып, 5-6 сыныпта едәуір қалыптасып толығымен 20-25 жаста қалыптасып бітеді.

Қолтаңбаның қалыптасуына мына факторлар әсер етеді:

● субъективті:

- жазу жазған адамның анатомиялық ерекшеліктері (қол, көз құрылымы, көру қабілетінің жетіспеушілігі және т.б.);
- жазуға үйренушінің психофизиологиялық ерекшеліктері (жазу белгілерін қабылдау, жазу белгілерінің элементтерін және оның құрылымын толығымен есте сақтау, жазуға үйрену үрдісінде жазу қимылдардын түсіну), жүйке жүйесінің типі және ой;

● объективті:

- жазу шарттары, жазуға үйрету әдістемесі.

Жазудың қалыптасуына әсер ететін адамның физиологиялық және психологиялық қасиеттері жеке дара болып келеді. Осыған қарап, оқытудың бірыңғай әдісіне қарамастан, әрбір адамның оны әртүрлі қабылдайтындығы туралы қорытынды жасауға болады. Бұл оның жеке қасиеттеріне байланысты болады, сондықтан да әрбір адамның жазуы өзіне тән жекеше болып келеді.

Жазудың қалыптасу процесі өте қиын. Оқып жүрген адам қандай да болсын әріпті немесе олардың элементтерін жаза отырып үнемі жаттығады.

Алдымен жеке әріптерді және олардың ұштасуын жазғанда, оны, жаттыққан кезде сана қатынасы бақылайды.

Үнемі жаттығу, жазуды автоматтық жолмен атқаруға дағдыландырады. Жазу қалыптасып автоматтанғанда, сана қандай да болсын әріпті жазуды бақыламайды, тек жазылған нәрсенің мағынасын қадағалап отырады.

Сонымен, тұлға, жазуы қалыптасқанда оған қандай да болсын әріпті қалай жазуға тиіс екендігі туралы ойланып жатпайды.

Жазу процесін сана бақыламайды яғни онда жазуға қарап кісіні ғылыми негізде идентификациялайтын динамикалық стереотип жасалады.

Жазуы арқылы адамды идентификациялау туралы қорытынды, белгілі кісінің жазуының тұрақты және өзіне тән белгілерінің жиынтығы негізінде жасалады.

Адамның жазу еркіндігінің ерекшеліктері, сыртқы ортаның, басқа да субъективті және объективті факторлары әсерінен, басқа адамда қайталанбайтын, көп ерекшеліктер жиынтығы пайда болады. Әр түрлі тұлғалардың жазуында жеке ұқсас белгілер кездесуі мүмкін, бірақ олардың жиынтығы әр адамда өзіне тән жекеше болады.

Жазудың өзгеруіне әкелетін әр түрлі себептерге қарамастан, ұзақ уақыт бойы қалыптасқан адамның жалпы қимылдау жүйесі (динамикалық стереотип) тұрақты болады. Яғни, адамды жазу бойынша сәйкестендіру мүмкіндігі жазуын әдейі бұрмаласа да немесе жасы ұлғайғанда жазуы өзгерсе де сақталып қалады.

Адамның қолтаңбасы – ол жазуды әдеттен тыс ерекше жағдайларда жазғанда өзгеруі мүмкін. Бұларға - адамның жазу құралы мен заттарының әдеттен тыс қалыпы, жазып отырған адамның көңіл күйі (толқуы, мас болуы, және т.б.), адамның жүйке жүйесінің немесе қозғалу аппаратының бұзылуы (жүйке аурулары, жарақаттар және т.б.), жазуын әдейі бұрмалап басқа адамның қолына ұқсастырып жазуын жатқызуға болады. Дегенмен де, қолжазбаның көлемді мәтінінде, қолдың өзіндік белгілерінің жиынтығы сақталып қалады.

Жазу белгілері жазу тілі және қолтаңба белгілері болып бөлінеді. Жазба тіл белгілеріне – мәтінді мазмұндау әдісі, сауаттылығының жалпы деңгейі, тілінің стилистикалық және грамматикалық ерекшеліктері, сөздік қоры жатады.

Жазу тілінің жалпы және жеке белгілерін ажыратады.

Жалпы белгілерге мыналарды жатқызамыз:

- сауаттылықтың жалпы деңгейі (*грамматикалық белгілер*), яғни нақты тілде жазу ережелерін меңгеру дәрежесі. Осыған сәйкес, жазу жазған адамның жалпы сауаттылық деңгейі жоғары, орта және төмен болуы мүмкін;
- лексикалық дағдылардың даму деңгейі (*лексикалық белгілер*) – сөз байлығымен, оны құрастыру ерекшелігімен, терминдерді қолдану және т.б. көрінеді.

Бұл лексикалық белгілердің қатарына: профессионализмдерді (белгілі бір кәсіппен айналысушы адамдарға тән сөздер), архаизмдерді (көнерген сөздер мен сөз тіркестері), диалектизмдерді (белгілі бір жергілікті жерде қолданылатын тілдер мен сөз тіркестері), варваризмдерді (бөтен тілдің сөздерін қолдану), жаргондарды (тұрақты жеке әлеуметтік топтың ауызекі қолданыстағы сөйлеу түрі) жатқызуға болады. Сөз байлығы кең, орташа және аз болуы мүмкін.

- стилистикалық дағдылардың даму деңгейі (*стилистикалық белгілер*) - мәтіннің тілін, архитектурникасын, ойын жазу мәнерін сипаттайтын белгі.

Бұл әр түрлі стильдерді қолдану ерекшелігімен анықталады. Мысалы, ресми-іс, ғылыми, өндірістік-техникалық, публицистикалық, ауызекі сөйлеу стилі.

Жеке белгілерге: ұқсас лексикалық және сауаттылық қателіктерінің болуын, авторлық лексика ерекшеліктерін, акцент жасау тәсілін, қысқартулар жасау және т.б. жатқызуға болады.

Қолтаңба(жазу) белгілерін де екі топқа бөлуге болады:

1) жазуды біртұтас қол қимылы жүйесі ретінде сипаттайтын жалпы белгілер;

2) жеке әріптерді, олардың бөлшектерін және әріптерді қосып жазу кезіндегі қимыл ерекшеліктерін көрсететін жеке белгілер.

Қолтаңбаны біртұтас қимылдар жүйесі ретінде сипаттайтын *жалпы белгілерге* мыналарды жатқызамыз:

- *Қол қозғалысы қимылдарының және қолжазба фрагменттерінің кеңістікте орналасуын көрсететін белгілер (топографиялық белгілер).*

Бұл – жеке фрагменттерді, мысалы, сөйлемнің басын, қойылған резолюцияны, қолын, күнін, жылын орналастыру, парақтың шетінен бос орын (поля) қалдыруы немесе қалдырмауы, оның ені, жаңа жол, интервал және олардың сипатын көрсетеді.

- *Қолтаңбаның қалыптасу деңгейі мен сипатын көрсететін белгілер.*

Бұған қолдың дағдылануы және жалпы қабылданған жылдам жазу жүйесіне сәйкес болуы (аса дағдыланған, орташа дағдыланған, аз дағдыланған), жазу техникасын меңгеру, қимылдарды қадағалау – әріптерді жазу кезіндегі қимылдың нақтылығы мен жүйелілігі;

олардың иілісі (жоғары, орта, төмен), жазу жылдамдығы (тез, жай, орта); жазу құрылымы – қимыл ауырлығы (қарапайым, жеңілдетілген, күрделіленген) белгілерді жатқызуға болады. Мына төмендегі суреттерді қараңыз:

*Қарағанды Республикасында Қазақстанның 10-15 Ма-
ртыда өткізілетін мәдениет алаңындағы өкілдерінің
ауырлығы мен қимыл ауырлығы. Қарағанды
Республикасындағы өкілдерінің ауырлығы мен
қимыл ауырлығы. 10-15 Ма-
ртыда өткізілетін мәдениет алаңындағы өкілдерінің
ауырлығы мен қимыл ауырлығы.*

1.

*Құрманғалиұлының Қазақстан Республикасындағы
Саркәсіпкерлер қауымының құрамында
М. Қарағалиұлының Қазақстан Республикасындағы
Қарағанды Республикасындағы өкілдерінің
ауырлығы мен қимыл ауырлығы. Қазақстан
Республикасындағы өкілдерінің ауырлығы мен
қимыл ауырлығы. Қазақстан Республикасындағы
өкілдерінің ауырлығы мен қимыл ауырлығы.*

2.

*Солтүстік Қазақстан Республикасындағы Қазақстан
Республикасындағы өкілдерінің ауырлығы мен
қимыл ауырлығы. Қазақстан Республикасындағы
өкілдерінің ауырлығы мен қимыл ауырлығы.*

113-сурет. Қолжазбаның дағдылану деңгейі.

(1- жоғары деңгейлі дағдыланған жазу, 2 - орташа деңгейдегі дағдыланған жазу, төменгі деңгейдегі дағдыланған жазу).

*Қарағанды Республикасындағы Қазақстанның 10-15 Ма-
ртыда өткізілетін мәдениет алаңындағы өкілдерінің
ауырлығы мен қимыл ауырлығы. Қарағанды
Республикасындағы өкілдерінің ауырлығы мен
қимыл ауырлығы. 10-15 Ма-
ртыда өткізілетін мәдениет алаңындағы өкілдерінің
ауырлығы мен қимыл ауырлығы.*

1.

*Құрманғалиұлының Қазақстан Республикасындағы
Саркәсіпкерлер қауымының құрамында
М. Қарағалиұлының Қазақстан Республикасындағы
Қарағанды Республикасындағы өкілдерінің
ауырлығы мен қимыл ауырлығы. Қазақстан
Республикасындағы өкілдерінің ауырлығы мен
қимыл ауырлығы. Қазақстан Республикасындағы
өкілдерінің ауырлығы мен қимыл ауырлығы.*

2.

*Солтүстік Қазақстан Республикасындағы Қазақстан
Республикасындағы өкілдерінің ауырлығы мен
қимыл ауырлығы. Қазақстан Республикасындағы
өкілдерінің ауырлығы мен қимыл ауырлығы.*

3.

114-сурет. Қолжазбаның күрделілік деңгейі.

(1- қарапайым жазу, 2- жеңілдетілген жазу, 3- күрделі жазу).

- Қол қозғалысы қимылдарының траектория бойынша құрылуы, яғни, қимылдардың формасы мен бағыты, өлшемі, қисаюы, көлденең бойынша қозғалыстың созылуы (екпіні), қолды басып жазуы(нажим), жазу жазып отырған адамның жазу құралын қағаздан айырмай бірнеше әріптерді жазу қабілеті. Төмендегі суреттерді қараңыз:

Арманға махаббатпен ав-
томатпен жазған махаббат
көлемі менің, өзінше ма-
нара қарапайым әріптер
менің қарапайым әріптер
менің қарапайым әріптер.

1.

Біздің дәлелдер менің әріптерді әріп
менің дәлелдер менің әріптерді әріп
менің дәлелдер менің әріптерді әріп
менің дәлелдер менің әріптерді әріп
менің дәлелдер менің әріптерді әріп
менің дәлелдер менің әріптерді әріп

2.

Біздің дәлелдер менің әріптерді әріп
менің дәлелдер менің әріптерді әріп
менің дәлелдер менің әріптерді әріп
менің дәлелдер менің әріптерді әріп
менің дәлелдер менің әріптерді әріп
менің дәлелдер менің әріптерді әріп

115 - сурет. Қолжазбаның екпіні.(1- көсірте жазылған жазу, 2- орташа екпінді жазу, 3- қысыңқы екпінді жазу).

Арманға махаббатпен ав-
томатпен жазған махаббат
көлемі менің, өзінше ма-
нара қарапайым әріптер
менің қарапайым әріптер
менің қарапайым әріптер.

1.

Арманға махаббатпен ав-
томатпен жазған махаббат
көлемі менің, өзінше ма-
нара қарапайым әріптер
менің қарапайым әріптер
менің қарапайым әріптер.

2

Арманға махаббатпен ав-
томатпен жазған махаббат
көлемі менің, өзінше ма-
нара қарапайым әріптер
менің қарапайым әріптер
менің қарапайым әріптер.

3

116 - сурет. Қолжазбаның байланыстылық деңгейі.(1-жоғары деңгейде байланысқан, 2- орташа деңгейде байланысқан, 3- төмен деңгейде байланысқан).

К. Б. Бердішевтің бір өлшеме жазуы
 Қолдан берілген жазуы бы оған К. Б.
 Бердішевтің жазуы ағарту саласындағы
 бірінші жазуы болды және оған
 берілген мерзімде берілген жазуымен
 қосылып қалыпты. Қолдан берілген
 К. Б. Бердішевтің жазуының бір
 өлшеме жазуы қолдан берілген жазуы.

1.

Көрсетілгенің негізінде іс бойынша
 қолдан берілген жазуы, К. Б. Бердішевтің қолдан
 берілген жазуы және, қолдан берілген жазуы
 берілген жазуы берілген жазуы берілген жазуы
 берілген жазуы берілген жазуы берілген жазуы
 берілген жазуы берілген жазуы берілген жазуы
 берілген жазуы берілген жазуы берілген жазуы
 берілген жазуы берілген жазуы берілген жазуы

2.

2001 жылғы 20 қаңтарда К. А. Бердішев
 қолдан берілген жазуы берілген жазуы берілген жазуы
 берілген жазуы берілген жазуы берілген жазуы
 берілген жазуы берілген жазуы берілген жазуы
 берілген жазуы берілген жазуы берілген жазуы
 берілген жазуы берілген жазуы берілген жазуы
 берілген жазуы берілген жазуы берілген жазуы
 берілген жазуы берілген жазуы берілген жазуы

3.

117-сурет. Қолжазбаның қисаюы (1- оңға қарай қисайған жазу,
 2- солға қарай қисайған жазу, 3- тік жазу).

2001 жылғы 20 қаңтарда
 К. А. Бердішев қолдан берілген жазуы берілген жазуы
 берілген жазуы берілген жазуы берілген жазуы
 берілген жазуы берілген жазуы берілген жазуы
 берілген жазуы берілген жазуы берілген жазуы
 берілген жазуы берілген жазуы берілген жазуы

1.

2001 жылғы 28 қаңтарда
 Бердішевтің қолдан берілген жазуы берілген жазуы
 берілген жазуы берілген жазуы берілген жазуы
 берілген жазуы берілген жазуы берілген жазуы
 берілген жазуы берілген жазуы берілген жазуы
 берілген жазуы берілген жазуы берілген жазуы

2.

2001 жылғы 23 қаңтарда қолдан берілген жазуы
 берілген жазуы берілген жазуы берілген жазуы
 берілген жазуы берілген жазуы берілген жазуы
 берілген жазуы берілген жазуы берілген жазуы
 берілген жазуы берілген жазуы берілген жазуы

3.

118- Қолжазбаның өлшемі. (1-ірі жазу, 2- орташа жазу,
 3- ұсақ жазу).

Суреттерден көріп отырғандай қолжазбаның екпінділігі (көлденеңі бойынша қозғалыстың жалпы ұзындығы) жоғары екпінді, орташа екпінді және қысыңқы екпінді деп бөлінсе, жазбаның байланыстылығы (қол қозғалысының үзіліссіздік дәрежесі), жазба құралын қағаз бетінен үзбей жазған әріптер саны бойынша анықталады. Қолжазбаның байланыстылығы төмен, орташа, жоғары деп бөлінеді.

Қолжазбаның байланыстылық деңгейі жоғары деңгейде байланысқан, орташа деңгейде байланысқан және төмен деңгейде байланысқан болып бөлінеді.

Қолжазбаның қисаюы (қисайған қозғалыстардың жалпы бағыты) жазба белгісінің бойлық осі мен жол сызығының ара қатынасы арқылы анықталады. Жазулар оңға қарай қисайған, солға қарай қисайған және тік болып бөлінеді. Әріптердің қағаз бетіне батып жазылуы – жазу құралдарына түсетін салмақ арқылы сипатталады. Қолжазбаның қатты, орташа және әлсіз басылып жазылған түрлері болады.

Қолжазбаның өлшемі – әріптердің орташа биіктігіне қарай анықталады. Үлкен өлшемде әріптердің орташа биіктігі – 4 мм-ден жоғары, орташа 4 мм-ге дейін, кіші өлшемде 2 мм-ге дейін болады.

Қолжазудың *жеке* белгілері нақты адамның қолының жазып-қозғалу дағдысының мына төмендегідей ерекшеліктерін көрсетеді:

- әріптерді және олардың элементтерін жазу мен қосу кезіндегі қимыл түрлері (тік сызықты, доғалдау, ілгекті, бұрышты, иірімді);
- жазу кезіндегі қозғалыс бағыты (төменнен жоғарыға, жоғарыдан төменге, сол айналмалы, оң айналмалы);
- қозғалыстың созылуы (ол әріптердің әр түрлі элементтерінің штрихтары көлеміне қатысты сипатталады);
- қозғалыстың байланыстылығы, яғни әріп элементтерінің қосылу түрі және әріптердің өзара қосылу түрлері (бірге не арақашықтықпен);
- қозғалыстың басталу, аяқталу, қиылысу және қосылу нүктелерінің бір-біріне қатысты орналасуы;
- әріптердің әр түрлі элементтерін жазудағы және оларды қосу қозғалысының жүйелілігі;

- әріптерді жазудағы қимыл күрделілігі (қалыпты, күрделіленген, қарапайым).

Міне, осы жоғарыда айтылған жазу тілі мен қолтаңбаның жалпы және жеке белгілерінің жиынтығы қылмыстық істі тергеу кезінде диагностикалық және идентификациялық сұрақтарды шешуде қолданылады.

Белгісіз адам жазған қолжазба мәтіні табылған жағдайда, ол бойынша тексерудегі тұлғалардың жазуын салыстырып зерттейтін іздестіру кестесі жасалады. Бұл үшін ең алдымен қолжазбаның мазмұны зерттеліп, жазу тілі мен қолжазудың белгілері талданады. Олардың ішінен көзге түсетін ерекшеліктерін, сирек кездесетін және тұрақты белгілерінің 6-7-ін тандап алады. Кестенің негізгі бөлімі осы белгілер сипаттамасы мен олардың графикалық суреттемелерінен тұрады. Бұдан кейін осы құжатты жасауы мүмкін тұлғалар шеңбері анықталып, олардың жазуы тікелей тексеріліп, құжатты жасаушы тұлғаны іздестіру ұйымдастырылады.

Жазу тілі мен қолтаңбаның жалпы және жеке белгілерінің жиынтығы арқылы диагностикалық және идентификациялық мәселелерді шешу мақсатында қолтаңба тану (почерковедческая) сараптамасы тағайындалады.

Қолтаңбаны зерттеу кезінде мынандай диагностикалық және идентификациялық міндеттерді шешуге болады:

Диагностикалық міндеттер:

- қолтаңбаның әдейі бұрмаланған жазумен жазылғандығы;
- қолжазбаның оң немесе сол қолмен жазылғандығы;
- қолжазбаның басқа адамның қолтаңбасына ұқсастырып жазылғандығы;
- қолжазбаның ыңғайсыз отырып жазылғандығы;
- қолжазбаның әдеттен тыс жағдайда (шаршау, қобалжу, мас болуы немесе есірткі қабылдау, ауырып отырып) жазылғандығы;
- шамамен қолжазбаның орындалу мерзімін анықтау;
- қолжазбаның әйел немесе ер адаммен жазылғандығы.

Идентификациялық міндеттер:

- зерттеліп отырған қолжазба тексерудегі адамдардың қайсысымен жазылғандығы;
- зерттеліп отырған қолжазбаның нақты бір адаммен жазылғандығы.

Қолтаңбалық сараптаманы тағайындау үшін тергеуші сарапшыларға зерттеуге түскен құжатпен бірге осы қолжазу авторы болуы мүмкін адамдардың қолжазбалық үлгілерін қоса табыс етеді.

Қолжазбаның зерттеу үшін алынатын үлгілерін *еркін және тәжірибелік* (эксперименталдық) үлгілер деп екіге бөледі.

Еркін үлгілер деп осы қылмыстық іске қатыссыз орындалған қолжазбалар, қойылған қолдарды айтамыз. Бұл жеке күнделіктер, жеке және қызметтік хат алысу құжаттары, өмірбаяндар, арыздар, конспектілер және т.б. болуы мүмкін. Қолжазудың еркін үлгілері ретінде, әр уақытта жазылған 5- 6 парақ қолжазба мәтіні және 10 (әр парақта 5- 6 қойылған қолы бар) қолдың еркін үлгілері талап етіледі. Ескерте кететін жағдай осы үлгілердің шынайылығы соны орындаған адамның өзімен расталуы керек.

Эксперименттік үлгілер деп - тергеуші, анықтаушы, жедел іздестіру қызметкерлерінің тапсырмасы бойынша салыстырмалы зерттеу үшін арнайы орындалған қолжазбаларды (қолдарды) айтамыз. Олар зерттеудегі мәтінге мазмұны бойынша жақын болып, ұқсас жағдайда орындалуы қажет. Эксперименттік үлгілерді тергеушінің оқуымен жазып немесе кез келген мәтінді тұлғаның өзінің жазуымен алуға болады. Бұл жағдайда зерттеліп жатқан құжатта бар сөздер қайталанатын арнайы мәтін құрастырылады. Егер орындаушы өзінің жазуын өзгертуге тырысса, онда оның өз жазуына өзгерістер енгізуін ұмыттыру үшін, біраз уақытқа үзіліс жариялаған жөн немесе оқып жаздыру қарқынын жеделдету қажет.

Эксперименттік үлгілер сапасы зерттеудегі құжат жазылған қағаздай қағазға және (жалпақтығы, түсі, көлемі, сызығы бойынша) сондай жазу құралымен орындалуы қажет, мәтіннің көлемі 15 парақтан кем болмауы керек және зерттеудегі құжаттың толық мәтінің немесе жеке сөздерін (сөз тіркестерін) қамтуы тиіс. Эксперименттік қол қою әрқайсысы 10 - 15 қолды қамтитын 5- 6 парақта орындалады.

Цифрлік жазудың үлгілері зерттелетін құжаттағы цифрлардан бөлек те, сондай-ақ сәйкес те болуы керек, экспериментті үлгілер 10-15 параққа алынады.

Экспериментті үлгілерді алу барысында зерттелетін мәтінді көшіріп жазуға рұқсат берілмейді.

Ұқсас жазуларды зерттеу кезінде салыстыру үшін 20 парақтан кем емес мәтін үлгілерін алу керек.

Тергеуші өзінің қолжазу сараптамасын тағайындау туралы қаулысында осы зерттеуді жүргізу үшін маңызы бар мән-жайлар көрсетілуі тиіс. Тергеуші сарапшының шешуіне қойылатын сұрақтарын нақты құрастыру қажет, мысалы, мәтінді, жеке жазуларды кім жазғанын, қолды кім қойғанын (нақты тұлғалар ішінен); бірнеше құжаттағы қолдарды немесе құжаттың үзінділерін бір немесе бірнеше тұлға орындағанын және т.с.с.

2.5.3 Құжаттарды техникалық-криминалистикалық зерттеу

Құжаттарды техникалық-криминалистикалық зерттеу деп – азаматтық және қылмыстық істер бойынша заттай дәлелдеме болып табылатын құжаттарды зерттеу барысында туындаған сұрақтарды шешу негізінде қалыптасқан криминалистикалық техниканың жеке бір саласын айтамыз. Құжаттарды техникалық-криминалистикалық зерттеу – құжатты дайындаудың, оның мазмұнын өзгерту фактісі мен тәсілін, ондағы толық немесе жартылай жасандылық белгілерін табу, дайындалу уақытын, әдіс-құралдарын көрінбейтін немесе нашар көрінетін жазуларды анықтау мақсатында жүргізіледі.

Зерттеу объектісіне және шешілетін мәселелеріне қарай, құжаттарды техникалық криминалистикалық зерттеудің мына төмендегідей түрлері болады:

- құжаттардың деректемелерін (реквизиттерін) зерттеу;
- мөрлердің және штамптардың көшірмелерін зерттеу;
- құжаттардың материалын зерттеу;

Құжаттарды техникалық-криминалистикалық зерттеу объектісі ретінде құжаттардың деректемелері (жазулар, мөрлер мен штамптардың көшірмелері т.б.), баспа тәсілімен жасалған құжаттар, олардың бөліктері (құжат бланкілері, құнды қағаздар, ақша және т.б.), құжат материалдары (картон, қағаз, сия, типографиялық және штемпель бояулары, жазу мәшенкелерінің ленталары, принтер картридждері, көшірме қағаздар, желім, текстегі жазуларды өшіруге арналған реактивтер және т.б.), жазу

құралдары, шарикті немесе қаламұшты қалам, қарындаш, фломастер және т.б. баспалық құралдар, жазу мәшенкелері, принтерлер, мөрлер, штамптар және т.б. жазу құралдары және олардан қалған іздер, сараптама тағайындаған тұлғаның немесе органның ұсынған салыстырмалық үлгілері қарастырылады.

Құжаттарды өзгерту мен оларды қалпына келтірудің әдіс-тәсілдері.

Құжаттарды өзгертудің көп тараған түрлеріне құжаттың мазмұнын қырып өшіру, қосып жазу, химиялық реактивтерді қолдану арқылы өшіру (уландыру), құжаттағы фотосуреттерді ауыстыру жатады.

Құжаттың жалған бланкілері көп жағдайда сурет салу немесе клишеден басу арқылы дайындалады. Клише баспаханалық шрифтті теру арқылы, фотоцинкографиялық тәсілмен, қолмен ойып жасау және басқа да тәсілдермен дайындалады. Бұл тәсілдердің әрқайсысының өзіндік белгілері бар.

Сурет салу арқылы жасалған жалған бланктерде штрихтар, аттас әріптердің көлемінің бірдей болмайды. Бұл бланктер суретінің стандартқа сай еместігімен, мәтінде грамматикалық қателер мен логикалық қарама-қайшылықтар болуымен, қарындашпен жазылған және қара қағаз арқылы көшіру іздерімен ерекшеленеді. Ал қолмен ойып жасалған клишеге стандартсыз шрифт, белгілердің элементтеріндегі түзуліктің бұзылуы және т.б. тән.

Фотоцинкографиялық тәсілмен дайындалған клишеге штрихтардың шетіндегі бояу қабатының қалыңдығы және әріп штрихтарының қатты басылуы; суретке түсіру масштабын сақтамау себебінен таңба көлемінің түпнұсқадан өзгешеленуі; ұсақ штрихтар мен бөлшектердің анық болмауы; штрих шеттерінің тегіс болмауы және үзілуі, қышқылмен (кислота) өңдеу нәтижесінде әріп бұрыштарының дөңгеленуі тән болады.

Дұрыс құжаттарға (подлинный) өзгертулер енгізу: штрихтарды механикалық жолмен тазарту, мәтіннің штрих бояуларын химиялық реактивтермен (қышқылдар, сілтілер, тотықтырғыштар), ертінділермен өңдеу арқылы өшіру, қосып жазу, қосып басу, мәтінді түзету, құжаттың кейбір бөліктерін ауыстыру (фотосуреттерін, кейбір парақтарын), жалған қол, мөрлер мен штамптарды қою арқылы жүргізіледі.

Жазуды *тазартып өзгерту* дегеніміз, оның алғашқы мазмұнын өзгерту үшін штрихтарды механикалық жою. Тазарту құралы ретінде өшіргіш немесе өткір зат қолданылады.

Оның белгілеріне – қағаздың үстіңгі қабаты құрылымының бұзылуы нәтижесінде, құжатты жарыққа қараған кезде көрінетін оның кедір-бұдырлы және жұқа болуын айтуға болады. Тазартып өшіру кезінде қасындағы жазба белгілерге де зақым келеді. Сонымен қатар, қағаздың бет жағында басылған және теріс жағында томпақ түрде жойылған мәтін бедері қалады. Кедір - бұдырлы қағаздың бояуды сору қабілетінің нәтижесінде жаңадан жазылған әріптердің, сандардың шеттері тегіс болмайды. Кей жағдайларда алғашқы мәтін штрихтарының қалдықтары басқа түсті бояу ретінде қалып қояды. Механикалық әсер ету іздері тегістеу нәтижесінде, қағазда пайдаланған заттың іздері қалып қояды. Жазудың тазартылып өшірілгендігін анықтау үшін оған шашыраңқы жарық немесе ультракүлгін, ультрақызыл жарық беріп қаруға да болады.

Шаю немесе химиялық реактивтермен (қышқылдар, сілтілер, тотықтырғыштар) өңдеу, *уландыру* (травление) арқылы мәтіннің штрихтарын жоюға немесе түссіздендіруге болады.

Шаю немесе химиялық реактивтерді қолдану арқылы уландырып, жазу штрихтарын жою немесе түссіздендіру фактісін - қағаздың өңделген жерінің түсінің өзгеруінен, сынғыштығынан, көршілес мәтіндердің штрихтарының түстерінің өзгеруінен, қағаздың сызықтары мен қорғаныш торының бұзылуынан байқауға болады.

Өңделген жер сарғыштанады, өңдеуші ертінділердің әсерінен жарықтар пайда болады; жазу өңсізденеді. Өңдеуге түскен жерде және құжаттың қалған бөліктерінде айырмашылықтар байқалады.

Ерітіндімен өңдеу белгілерін лупа, микроскоп, ультракүлгін сәуледе зерттеу арқылы қарама-қарсы түстерді күшейту арқылы түсірілетін фотосурет, көрінетін және инфрақызыл сәулелерін қолданып суретке түсіру арқылы айқындауға болады.

Қосып жазу, қосып басу және мәтінді басқа да өзгерту тәсілдері.

Қосып жазу тәсілі құжаттың алғашқы мәтініне осындай бояғышпен жаңа әріптер, сандар, сөздер және олардың тіркестерін енгізу арқылы оның алғашқы мазмұнын өзгерту болып табылады.

Қосып жазудың мынандай белгілері болады: алғашқы және жаңа жазу штрихтарының түсі мен шеттерінің және мәтінге жеке жазуларды енгізудің айырмашылығы, көлемі мен қол жазудың айырмашылығы; әріптер, сөз жолдары арасының тар не кең болып кетуі және т.б.

Қосып жазу, кейде құжаттың мазмұнында байқалатын қисындық қарама-қайшылықтар арқылы да айқындалады. Қосып жазуды құжатты лупа немесе микроскоп көмегімен шашыраған немесе қиғаш түскен жарықта қарау арқылы анықтауға болады.

Қосып басу дегеніміз машинкамен басылған мәтінге машинканың көмегімен осы тектес өзгертулер енгізу.

Құжаттардың кейбір бөліктерін ауыстыру (фотосуреттерді, құжат парақтарын).

Парақтарды ауыстыру, әдетте, скрепкаларды ашып беттерін алып жаңа парақтар салу арқылы жүргізіледі. Бұның белгілері: парақтардың көлемдеріндегі, түстеріндегі, кесу сызықтарындағы айырмашылықтар, қайырылған жерінде скрепканың артық тесіктерінің болуы, парақтарының нөмірлерінің ретінің бұзылуы, жаңа парақтағы құжаттың номері мен сериясындағы айырмашылықтар және т.б.

Фотосуреттерді көп жағдайда, адамның тұлғасын күәландыратын құжаттарда және т.б. алмастырады.

Фотосуретті ауыстыру толық, мөр таңбасы бар бұрышын қалдыру арқылы, эмульсиялық қабатын бөлу арқылы жүргізілуі мүмкін.

Сонымен, кең тараған тәсілдерге: фотосуретті толық ауыстыру, түсірілген суретті монтаждау (құжаттағы мөр таңбасы бар бұрынғы сурет бөлшегін қалдырып, оған басқа тұлға суретін жапсыру), ескі фотосуреттің бетіне басқа фотосуреттің эмульсиялық қабатының бөлшегін қондыру, құнды қағаздың бөлшегін айырба-стау және нөмірлер жапсыруды жатқызуға болады.

Фотографияны қайтадан жапсыру белгілеріне: фотонның шетіндегі желім іздері, фотографияның астындағы және оның жанындағы желімнің химиялық құрамындағы айырмашылықтар, фотографияның шеттерінің қағаздарының қабатталуы, мөр таңбасы бар жағындағы әріп шрифтеріндегі мағналық, көлемдік айырмашылықтар, мөр іздерінің бөліктерінің сәйкес келмеуі т.с.с.

Кей жағдайларда өзгертулер құжат нөмірлеріне кіргізілу мүмкін (мысалы, ұтыс билетін жасау үшін лотерея билетіне өзгерістер енгізу). Бұл жағдайларда жеке цифрлар мен әріптер басқа құжаттардан кесіліп алынып жасалып отырғанға жапсырылады. Бұндай жалғандық белгілеріне: жапсырылған жердегі қағаздың қалындауы, желім іздері, қорғаныс торы сызықтарының сәйкес келмеуін айтуға болады.

Жалған қол қою, бұрын көрген қолды есте сақтап, құжат бойынша жалған қол қою, шын қойылған қолға қарап отырып, оның суретін салу; қолды сиямен не қаламсаппен айналдыра жиектеп көшіру және техникалық құралдардың көмегімен қою арқылы жүргізіледі.

Көшірме әдісі арқылы жалған қол қоюдың бірнеше тәсілі кездеседі: жарық өткізу арқылы, көшіргі немесе қара қағаз көмегімен; көшіру қасиеті бар бұйымдар көмегімен (дайын сөз аралықтарын қосу), фотопроекциялық тәсіл. Бұдан басқа, адамның қойған қолын ылғалды қара қағазбен де көшіруге болады. Фотографиялық тәсілмен әдетте көшірме қолхат (факсимиле) әзірленеді. Оның көмегімен қойылған қолдарға, темір клишелерге тән шрихтардың белгілері болады.

Жалған қол қою түрлерінің көп белгілерін құжатқа көлбей және шашыраңқы жарық беру арқылы лупа немесе микроскоптың көмегімен қарап, табуға болады. Жасандылық белгілерін, атап айтқанда, қол қозғалысының бәсеңдігін, сызықтардың қосарлануын, бояудың жайылғанын, суретті түзету іздерінің белгілері, оның микроқұрылымын фотоға түсіру арқылы бекітіп, сараптамаға жібереді. Қойылған қолға сараптама жүргізу барысында зерттеудегі қолды оны қойған тұлға қолы үлгілерімен салыстыру керек.

Мөр және штамптың жалған көшірмелерін жасау, суретін салу, алдын ала клише жасау, ылғалдық көшірме, аралық клишемен көшіру арқылы жүргізіледі.

Мөр мен штамптар – зергерлік жазу шеберханасында немесе полифафиялық кәсіпорындарда белгілі бір үлгіге сәйкес жасалған клише түрінде болады. Оларды каучуктан не темірден жасайды. Тәжірибеде жалған клише жасаудың бірнеше тәсілдері белгілі: мөрдің суретін құжаттың өзінде салу, қолдан жасалған клише көмегімен таңба жасау, тура таңбаны жалған құжатқа көшіру.

Жалған мөр немесе штамптың бейнесін құжатқа салу кең тараған тәсіл болып табылады. Оған мына белгілер тән: шрифттің стандартқа сай келмеуі және мәтіннің біркелкі орналаспауы, әріптердің, сөздердің және сөйлем жолдарының симметрияға сәйкес орналаспауы, суреттердің (елтаңба, эмблема) және т.б. бұрмалануы; мәтінде грамматикалық қателердің болуы және оның мазмұнының мағынасыздығы; таңбаларды дайындау іздері қағаздың циркульмен тесілуі, қарындаш штрихтарының қалдығы).

Қағазға суретін салу, қалың материалдардан (резеңкеден, линолеумнен, ағаштан және т.б.) ою, баспаханалық әріптерден жинақталған, қолдан жасалынған клише көмегімен мөр немесе штамп таңбаларын басқанда, қарау немесе арнайы зерттеу жүргізу кезінде байқалатын ерекше белгілер қалады. Оларға: шрифттің стандартқа сәйкессіздігі, әріптер мен олардың қашықтығының әр түрлілігі, әріптер мен белгілердің айнадағыдай бейнеленуі, ағаштан жасалған клише іздерінде жылдық сақиналардың болуы, темір клишенің айналмалы сызықтарының болуы, таңба бояуының біркелкі жағылмауы, штрихтардың иірімділігі, үзілген сөз жолдарының болуы және т.б. жатады.

Бұл белгілер үлкейту құралдарының көмегімен, құжатты қиғаш түсетін жарықта немесе ультракүлгін сәулесінде қарау кезінде көрінеді. Жалған клише көмегімен жасалған таңбаларды қарау және зерттеу барысында оларды негізгі штамп таңбаларымен салыстыру керек.

Негізгі құжаттан баспасөз немесе штамп таңбаларын көшірме (жасанды) жалған құжатқа көшіру (айнадағыдай бейнелеу), көбінесе қосарланған көшірме жолымен орындалуы мүмкін.

Осы таңбалардың жалған көшірмесін жасаудың басқа тәсілдеріне пайдаланудан шыққан түпнұсқа мөрден, штамптан қиып алынған әріптер мен сандарды біріктіру жолымен мөр немесе штамп жасау жатады.

Кейде жалған құжат дайындау үшін басқа ұйымдардың мөрлері немесе штамптары пайдаланылады, бірақ олардың мазмұнын бүркемелейді. Ол үшін, мөрді қағаз бетіне тигізгенде, оны сәл айналдырады, сонда оның таңбасы бұлдыр болып шығады.

Егер мөр құжатқа ксерокс арқылы, компьютерді пайдаланып, сканер әдісімен көшірілсе, онда құжаттың жалғандығын оның

теріс жағынан байқауға болады. Бұл жағдайларда мөр бояуының қағазға сіңуі байқалмайды. Сондай-ақ, осындай құжаттарда қол мөрдiң үстiне қойылады.

Ылғалдық көшіру арқылы мөрдiң нағыз көшірмесін бір құжаттан екінші құжатқа ауыстыруға болады. Бұл жерде айнадағыдай бейнеленуді болдырмау үшін аралық жабысқақ объект пайдаланылады (мысалы, піскен жұмыртқа, фотоқағаз).

Бұл жағдайда жана көшірменің түсі негізгіге қарағанда солғындау келеді және оның жанында қолданылған аралық материалдың бөлшектерінің іздері байқалуы мүмкін.

Мөрлер мен штамптарды сараптамалық зерттеу үшін олардың көшірмелерінің еркін және эксперименталдық үлгілерін алу қажет. Эксперименталдық үлгілерді алу үшін мөрдi қағазға әртүрлі күш салып басу дәрежесінде 10-нан кем қылмай басып алады. Сараптамалық зерттеулер нәтижесінде жалғандық фактілерін, оны жасау әдістерін, қолданылған құрал-саймандарды, жалған клише жасау әдістерін, нақты клишені идентификациялау, әр түрлі құжаттарға басылған көшірмелердің бір клишемен басылғандығын т.б. анықтауға болады.

Бүлінген құжаттың мазмұнын қалпына келтіру.

Бүлінген (оқылмайтын) құжаттарға үстіне бояу төгілген, сызылған, түсі оңып кеткен, жыртылған, өртенген құжаттарды жатқызамыз.

Бояу төгілген немесе сызылып шимайланған мәтіндерді зерттеген кезде, алдымен түпнұсқалы мәтінді жазуға қолданылған бояғыштың типі, түсі және құрамы анықталады содан кейін осы мәтінге төгілген бояудың типі, түсі және құрамы анықталады.

Сызылған және бояу төгілген мәтіндерді жарық сүзгіні (фильтр), электрондық-оптикалық түрлендіргішті қолданып оқуға болады. Түсімен түстес сия төгілген мәтінді ультракүлгін сәуледе зерттейді. Егер мәтінге күлгін немесе көк түсті сия төгілсе, онда оның мазмұнын төгілген сия түстес жарық сүзгішті қолданып, суретке түсіру арқылы анықтауға болады. Егер, мәтін қағаздың бір бетінде жазылса, оны бензинмен ылғалдауға болады, осының салдарында ол жартылай мөлдір болады да, құжатты өтпелі жарықта суретке түсіріп алуға болады.

Түсі оңып кеткен мәтіндерді қалпына келтіру жарық сүзгіні колданып түстерді бөлу арқылы немесе контрастық суретке түсіру арқылы жүргізіледі.

Жыртылған құжаттарды қалпына келтіру үшін, оның жыртынды бөліктерін қағаздың сапасы, сызықтары, штрих түсі, қол қою және басқа да белгілері бойынша саралап алады. Сонымен бірге бір не екі жағын, яғни құжаттың бұрышын немесе шетін құрастыратын бөліктерін іздестіреді. Құжаттың ортасын түрі мен мазмұны бойынша іріктелген қалған бөліктермен толықтырады. Жыртылған құжатты шыны үстінде құрастырады, содан кейін оны көлемі сондай екінші шынымен жауып, шеттерін скочпен жиектеп жапсырады.

Жанып кеткен құжаттың мәтінінің мазмұнын анықтау.

Жанып кеткен құжаттар көмірленген (обугленный) немесе күл болып кеткен болып бөлінеді.

Жанып кеткен құжатты алу картон немесе жұқа метал пластинканың көмегімен жүргізіледі. Бұл үшін пластинканы баппен, жанған құжаттың астына сырғытып, оны құжатпен қоса ішіне мақта салынған қорапқа орналастырады.

Мәтінді қалпына келтірудің негізгі әдістеріне контрастық суретке түсіру, ультракүлгін және ультрақызыл жарық сәулелерінде суретке түсіру әдістері жатады.

Сондай-ақ, көмір болып күйіп қалған құжатты жоғары температурада қыздыруға шыдамды екі шыны пластинканың арасына салып, муфельдік пеште, күл болып қалғанша қыздырса, оның түрі ағарып, онда құрамында графит, күйе немесе темір тұзы бар штрихтар пайда болады. Мәтінді анықтау үшін рентгент сәулесінде суретке түсіру, люминесценция, спектроскопия сияқты басқа әдістерді де қолдануға болады.

Полиграфиялық тәсілмен жасалынған жалған құжаттарды зерттеу.

Полиграфиялық баспаның жоғары, терең және жалпақ трафареттік тәсілдері болады.

Полиграфиялық өнімдерді дайындау кезінде пайдаланылатын көбейткіш техника құралдары мен баспа тәсілдерін *баспаханалық* және *оперативтік* деп бөледі. Біріншісіне баспаның жоғары, терең және жалпақ трафареттік тәсілдері жатады. Екіншісіне - ксе-

рокс, ротопринт, электрографиялық аппараттар (ксерокс) және т.б. көмегімен басу жатады.

Жоғары тәсілмен басу кезінде кескін қағазға баспа нысанның көтеріліп тұрған элементінің учаскелерімен басылады да шрифттің бояуы біркелкі түспейді. Жоғары тәсілмен басу ерекшеліктеріне баспа элементтерімен жасалынаты рельеф тән.

Жалпақ тәсілмен басу кезінде басылатын және арасындағы бос қалған жер бір тегістікте болады да таңба штрихындағы бояу біркелкі таралады және рельеф болмайды.

Терең тәсілмен басу кезінде басылатын элементтер бояу толтырылған тереңдік түрінде болады. Терең тәсілмен басуға: рельефтің болмауы, таңбалардағы басылатын элемент формаларының бояу қалыңдығының біркелкісіздігі тән. Жалпақ және терең тәсілмен басуға арналған баспа қалыбы арнайы темірден жасалады. Жоғары тәсілмен басу үшін баспаханалық теру және цинкографиялық клише қолданылады.

Жедел басу тәсілдері ішінде кең тарағаны - ротопринттік тәсіл. Жедел басудағы белгілер жалпақ баспаханалық басуға да тән.

Қазіргі кезде сараптама жасау арқылы мынандай диагностикалық және идентификациялық міндеттерді шешуге болады: формалар мен оның таңбаларын жасау тәсілдерін анықтауға; сөз жолдары және т.б. құйылған баспа формаларын, линотиптерді сәйкестендіру. Кешенді криминалистік зерттеу жолымен құжатты жасау тәсілі туралы (фабрикалық немесе қолдан жасалған), баспа формалары мен құжаттардың алынған көшірмесі сәйкестігі туралы сұрақтар және т.б. шешіледі.

Құжат материалдарын зерттеу.

Құжат материалдарына қағаз, картон, бояғыш заттар (типографиялық бояу, сия, шарикті қаламдардың пастасы, штемпельдік мастика, қарындаш), желімдегіш заттар жатады. Оларды зерттеу құжаттың жасандылығын анықтау мақсатында жүргізіледі.

Қағаз – құжаттың негізгі зерттеу материалы болып табылады және ол қағаздың сортына байланысты: ағаштан, макулатурадан, ағартылған немесе ағартылмаған целлюлозадан жасалған болып бөлінеді. Кейбір құжаттар қағаздың арнаулы, жоғары сортты түрлерінен дайындалады (мысалы, жоғары төзімді, беті жылтыр (глянцевый), бағалы қағаздарға салатын ерекше белгісі бар, т.б.).

Қағазды зерттеу барысында оның форматын, қалыңдығын, беттік ерекшеліктерін (жылтыр, бұдыр, сеткалық структура), жарыққа қарағандағы мөлдірлігі, ультракүлгін сәулелердегі люминесценциялық қасиеті анықталады.

Зерттеу барысында жыртылған қағаз қиындыларының бір бүтінге жататындығын, белгілі бір құжат немесе бланкілерді дайындау кезінде қолданылған қағаздың топтық тиістілігін (классын), түрін, әр түрлі сезіктілерден алынған өнімдердің бір жерден шығарылғандығын, қағазды жасау уақытын анықтау сияқты мәселелерді шешуге болады. Зертханалық жағдайда оның тығыздығын, аудан бірлігіндегі массасын, талшық түрлерін және олардың майдалау дәрежесін анықтауға болады.

Құжаттарды жасау кезінде қолданылатын *бояғыш заттар* әр түрлі болады. Бұлар шарикті қаламдардың пастасы, сиялар, фло-мастерлерге арналған бояулар, қарапайым (графиттік) және түрлі-түсті қарындаштар, баспа қондырғыларының түрлі-түсті лентала-ры, штемпельдік бояулар, әр түрлі тонерлер т.б. болуы мүмкін.

Сиялардың, шарикті қаламдардың, штемпельдік бояулардың, және т.б. құрамы мен түрлерінің сәйкестігі немесе сәйкессіздігі сондай-ақ, құжаттың дайындалу уақытын, штрихтардың жа-зылу кезектілігін, химиялық зерттеулер, спектрофотометрия, жұқа қабатты хроматография, ультракүлгін және инфрақызыл сәулелерде анализ жасау арқылы анықтауға болады.

Желімдегіш заттар. Құжаттарға фотосуреттер жапсыруға және құжат бөлшектерін біріктіруге әртүрлі желімдер қол-данылады. Бұл желімдер минералдық, өсімдіктерден алынған, жа-нуарлардан алынған және синтетикалық болып бөлінеді.

Желім құрамының біртектілігі немесе әртүрлілігі: микроскопиялық, химиялық, физикалық және физико-химиялық әдістерді қолдану арқылы анықталады.

Фото-кино-бейне құжаттарды криминалистік зерттеу.

ҚР ҚІЖК 123 бабына сәйкес құжаттар, егер олардағы ұйымдар, лауазымды адамдар және азаматтар баяндаған немесе куәландырған мәліметтердің қылмыстық іс үшін маңызы болса, дәлелдемелер болып танылады және құжаттар жазбаша, өзге ны-санда да көрсетілген мәліметтерді қамтуы мүмкін деп көрсетілген. Сондай-ақ, осы баптың 2 тармағы құжаттарға, сонымен бірге,

осы Кодекстің 125-бабында көзделген тәртіппен алынған, талап етілген, немесе табыс етілген тергеуге дейінгі тексерулердің материалдары (түсініктеме және басқа да көрсетулер, түгендеулер, тексерулер актілері, анықтамалар), компьютерлік ақпаратты қамтитын материалдар, *фото және кино суреттер*, дыбыс және бейнежазбалар да жатады деп атап айтылған.

Фотосуреттер, бейнетаспалар және бейнепленкалар әр түрлі объектілердің материалдық бекітілген бейнелері болып табылып, қылмысты тергеу барысында заттай дәлелдеме ретінде қарастырылады.

Аталған құжаттарды көп жағдайда оқиғаға қатысушыларды анықтау үшін оның сипаты мен даму сатыларын (қоғамдық тәртіпсіздік, өрт кезінде құжаттық немесе жедел түсіру) анықтау үшін зерттейді. Кейде құжат, кинотаспа, бейнетаспа мазмұнының өзгеріске түскенін, мәселен, фотосуретті қайта түсіріп монтаждағанын анықтау қажеттілігі туындайды.

Фото-кино, бейнеқұжаттарды криминалистік зерттеу барысында түсіретін және зертханалық аппаратура, позитивтер бойынша негативтер, фотосуреттерде бейнеленген заттар, құрылыстар, жергілікті учаскелер, жарық сезгіш материалдар мен химиялық реактивтер, бейне және аудиожазба, құралдары, фонограммада жазылған адам дауыстары және басқа объектілер идентификациялануы мүмкін.

Жалған бейнетаспалар мен кинотаспаларды жасау кезінде олардың бөліктерін қиып алып тастайды немесе қосымша желімдейді. Мұндай әрекеттердің белгілері бейнелердің, жапсырылған орындардың кенет өзгеруінен көрінеді.

2.5.4 Криминалистикалық автортанулық зерттеу

Криминалистикалық автортану құжаттың авторының топтық тиістілігін, оның әлеуметтік – биографиялық сипаттамасын, жазу тілін әдейі өзгертіп жазуын сондай-ақ мәтіннің авторы болып табылатын тұлғаны идентификациялау үшін зерттеулер жүргізеді.

Осы мақсатта жазудың мазмұны, жазу тілі, жазу топографиясы және қолтаңба зерттеледі.

Нақты қолжазбаның авторын анықтау үшін жазу стилінің белгілерін талдау және баға беру әрекеттерін қарастыратын, авторды анықтайтын (авторведческая) сараптама тағайындалады.

Авторлықты анықтау қажеттілігі анонимді құжаттарды зерттеу барысында, құжат машинкада, принтерде, басқа да тәсілмен басылғанда туындайды.

Авторлықты анықтау сараптамасын жүргізу кезінде мына төмендегідей диагностикалық және идентификациялық мәселерді шешуге болады:

Диагностикалық міндеттер:

- автордың білім деңгейі ;
- автордың қолжазбаны қай тілде жазғандығы, яғни қай тіл автор үшін ана тілі болып саналатындығы ;
- автор қандай сөз тіркестерін (диалект, сөйлем құрамы) жиі пайдаланады)
- зерттеудегі жазудың тілдік стилінің нақты ережелерін (ресми-іс, ғылыми, қызыметтік, публицистикалық, өндірістік-техникалық, ауызекі сөйлеу) игерген адаммен құрастырылғаны ;
- жазу тілінің әдейі өзгертілуі немесе әдеттен тыс психофизиологиялық жағдайдағы адаммен құрастырылғандығы ;

Идентификациялық міндеттер:

- қолжазба авторы нақты осы адам екендігі ;
- бірнеше балама қолжазбаның авторы осы адам екендігі.

Сараптама объектілері болып жазбаша сөйлемдердің әр түрлі стильдерінде орындалған (қолжазба, машинкамен басылған, полиграфиялық және өзгеше тәсілдерде орындалған) мәтіндер, салыстырмалық зерттеуге алынған тәжірибелік үлгілер және сараптама тақырыбына қатысты өзге де материалдар табылады. Сотавтортану сараптамасы, криминалистика, лингвистика, психология, элеуметтану, математика ғылымдардың әдістемелік негіздеріне сүйенеді. Бұл сараптаманы тағайындаған кезде мәтіннің байланыстылығы мен мән-мағнасы және оның көлемі 500 сөзден кем болмаса, оның авторы туралы сұрақты шешуге болады.

Сараптама жүргізу үшін жазбаша сөйлеудің еркін үлгілерінің саны 10-15 құжат болып ұсынылуы керек. Еркін үлгі ретінде мақалалары, баяндау жазбалары, өтініштері мен шағымдары т.б.

ұсынылады. Тәжірибелік үлгілер күдікті автордың өз шығармасы түрінде орындалады, және олардың жалпы саны 25 парақтан кем болмауы керек. Сондай-ақ салыстырмалы материалдарға мәтін авторы деп күдіктелген адамның ауызекі сөйлеуінің аудиожазбасы да кіреді.

2.6 АДАМНЫҢ СЫРТҚЫ КЕЛБЕТІ ТУРАЛЫ КРИМИНАЛИСТИКАЛЫҚ ІЛІМ (КРИМИНАЛИСТИКАЛЫҚ ГАБИТОСКОПИЯ)

Қандай да бір болмасын, жедел іздестіру немесе тергеу әрекеттерін жүргізу барысында, мысалы соттан немесе тергеуден қашып тығылып жүрген тұлғаны іздеу немесе ұстау кезінде, тануға ұсыну және куәландыру кезінде, кім екені белгісіз немесе із-түзсіз жоғалып кеткен тұлғаларды тіркеу құжаттарынан тексерген кезде, тұлғаның кім екендігін анықтау үшін құжаттарын тексерген кезде, екі немесе одан көп фотосуреттердегі тұлғаларды сараптамалық теңестіру кезінде тұлғаның кім екендігін анықтау қажеттілігі туындайды.

Әрбір қылмысты ашу, істің толық әрі жан-жақты тексерілуі, осы қылмысты жасаған адамның кім екендігін анықтап, оны іздеп, ұстаумен байланысты болады. Тұлғаның кім екендігін анықтау үшін, көбінесе оның сыртқы келбетін бейнелейтін: мүсіні (фигурасы), бет-пішіні, жүрісі, дауысы, мінез-құлқы, киімі және т.с.с белгілерін қолданады.

Адамды сыртқы бейне белгілері бойынша тану туралы криминалистикалық ілімді жете меңгеру - білім жетістіктерін тәжірибеде кеңінен қолданып, қылмысты тергеу мен айыптыны іздестіру жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік береді.

2.6.1 Криминалистикалық габитоскопия түсінігі және оның ғылыми негіздері

Габитоскопия – адамның сыртқы келбетінің әртүрлі бейнелерде суреттеліп қалу заңдылықтарын зерттейтін және қылмыстарды ашу мен алдын алу мақсатында сыртқы бейне тура-

лы мәліметтерді жинау, зерттеу және пайдаланудың техникалық-криминалистикалық құрал-жабдықтары, әдіс-тәсілдерін жетілдіретін криминалистикалық техниканың бір саласы болып табылады.

Жалпы алғанда, адамның сыртқы бейнесі дегеніміз бұл оның сыртқы көрінісі, яғни, көзге көрініп қабылданатын мәліметтер жиынтығы.

Қылмысты ашып, тергеу үшін адамның сыртқы келбетінің белгілерін пайдаланудың ғылыми негіздерін ХІХ ғасырдың 70 жылдарында француз криминалисі Альфонс Бертилон қалаған.

Соңғы кездерде әдебиеттерде адамның сыртқы кескінін көрсетуде «габитоскопия» және «габитология» терминдері қатар қолданылып жүр. Мысалы осы тақырыпты жан-жақты зерттеп жүрген профессор В.А. Снетков бұл ілімді «габитоскопия» (латынның «habitus» - сыртқы келбет және гректің «skopeo» - қараймын деген сөздерінен құралған) деп атауды ұсынды, ал кейбір ғалымдар, мыс. А.Д. Пересункин және т.б. бұл ілімді «соттық габитология» деп атауды ұсынады («habitus» - сыртқы келбет және «logos» - ілім деген сөзінен шыққан). Бұлар осы сұрақты кең мағынасында қарау керек, яғни көзбен көріп қабылдайтын белгілерден басқа адамдарды іздестіруде және кім екендігін анықтауда басқа да сыртқы белгілерін, атап айтқанда, дауысы, сөзі, өзін ұстау мәнері, әдеттері және т.б. жиі қолданылады дейді.

Осы айтылған авторлардан басқа криминалистиканың осы саласын зерттеуге В.В. Терзиев, А.А.Гусев, З.Т.Самошина, А.М.Зинин, И.Ф.Виниченко, П.Г.Орлов, Н.И.Якимов және т.б. ғалымдар өздерінің қомақты үлестерін қосты.

Криминалистика пәнінің оқу бағдарламасында және типтік программаларда «габитоскопия» термині қолданылған себепті, бізде осы терминді қолданғанды жөн көрдік.

Криминалистикада - анатомия, антропология, психология, физиология, морфология, сот медицинасының және басқа да ғылымдардың жетістіктерін қолдану нәтижесінде, сонымен қатар тергеу, жедел-іздестіру және сараптамалық тәжірибелерді ескере отырып, адамның бет әлпеті туралы ілім - габитоскопия қалыптасты. Бұнда криминалистикалық идентификацияның әдіс-тәсілдері кеңінен пайдаланылады.

Криминалистикалық габитоскопияның зерттеу затына мына төмендегілер кіреді:

1) адамның сыртқы бейнесінің түсінігі, оның қасиеттерін, белгілерін және элементтерінің жүйесі туралы мағлұматтарды оқып үйрену;

2) адамның сыртқы келбетінің түрлі бейнеде суреттелініп қалуының заңдылықтарын оқып үйрену;

3) адамның сыртқы келбеті туралы мағлұматтарды жинау, зерттеу және қолданудың жалпы заңдылықтарын, қажетті әдістер мен құралдарды пайдалану туралы мағлұматтарды оқып үйрену;

4) криминалистикалық портреттік сараптама әдістемесін, фотосәйкестіру, адамның бас сүйек қалдықтары бойынша алғашқы келбетін қалпына келтіру әдістерін оқып үйрену.

Адамның сыртқы бейнесі, адам туралы мәліметтердің көзбен қабылданатын жиынтығы ретінде анықталады. Бұл мәліметтер қылмысты ашу және тергеу барысында, атап айтқанда: ашылмаған қылмыс орнынан жасырынған белгісіз тұлғаларды іздеуде, егер олардың бет келбеті туралы мәліметтер болса; тергеуден немесе соттан жасырынған немесе бас бостандығынан айыру орындарынан қашып кеткен белгілі тұлғаларды іздеуде; хабар-ошарсыз кеткен тұлғаларды іздеуде; тірі тұлғалар мен өлген (қаза тапқан) азаматтарды идентификациялау үшін қолданылады.

Бұл міндеттер жедел-іздістіру шаралары мен тергеу әрекеттерін жүргізу барысында, криминалистік есептерді жүргізуде және сараптамалар мен зерттеулер жүргізуде орындалады. Тергеу және сараптама тәжірибесінде адамға сыртқы бейнесі бойынша идентификация жасау криминалистикалық идентификация теориясының мынандай негізгі қағидаларына негізделген:

- әрбір адамның сыртқы бейнесінің жекешелігі (қайталанбайтындығы);
- салыстырмалы тұрақтылығы;
- рефлекторлылығы, яғни әртүрлі материалдық кескіндерде бейнелену мүмкіндігі.

Адамдарға криминалистикалық идентификация жасау, кез келген адамның сыртқы бейнесінде басқа адамда қайталанбайтын белгілерінің болуына байланысты. Әлемде сыртқы бейне белгілерінің жиынтығы бойынша бірдей екі адам кездеспейді,

тек бір-біріне ұқсас адамдар ғана кездеседі. Бұл қағида криминалистикалық идентификация теориясына және тікелей анатомиялық мәліметтерге негізделген. Барлық материалдық дүние объектілері өзіне-өзі ғана тең, тіпті бір тектес объектілердің өзінде де бір-бірінен айыратын ерекшеліктері болады.

Адамның сыртқы бейнесінің барлық белгілері тұрақты емес, олар жиі өзгерістерге түсіп тұрады. Сонымен қатар көп жылдар өтсе де, кейбір белгілер қатты өзгеріске ұшырамайды (мыс. адамның құлақ қалқаны, оның формасы, бөлшегі).

Адам сырт келбетінің *салыстырмалы тұрақтылығы* деп өмір бойы өтетін өзгерістерге қарамастан, нақтылы кезең аралығында бет әлпетінің ерекшеліктері шамамен тұрақты болып қала беретіндігін айтады.

Адам бет әлпетінің *әр түрлі кескіндерде (фотосурет, сурет және т.б.) бейнелену* қабілеті сияқты қасиеті - бет әлпет туралы ақпараттарды қылмысты тергеуде қолдануға мүмкіндік береді.


Осы жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, криминалистикалық габитоскопияға мынандай анықтама беруге болады:

Криминалистикалық габитоскопия дегеніміз адамның сыртқы келбетін, оның материалдық және идеалдық көріністерде сақталып қалу заңдылықтарын зерттейтін, қылмысты ашу, тергеу және оның алдын алу мақсатында адамның бет келбеті туралы деректерді жинау, зерттеу және пайдалану әдістері мен техникалық криминалистикалық тәсілдерін құрастырушы криминалистикалық техниканың бір саласы болып табылады.

Габитоскопия криминалистикалық ілім ретінде адамның сыртқы келбетінің қалыптасу заңдылықтарын айқындайды, сол адам келбетінің элементтері мен белгілерін жүйелендіреді, қылмысты жасауға қатысы бар немесе хабар-ошарсыз кеткен тұлғаларды іздестіру, анықтау мен идентификациялау үшін адамның сыртқы келбеті туралы мәліметтерді жинау мен пайдалану құралдары мен тәсілдерін даярлайды.

2.6.2 Адамның сыртқы бейнесінің элементтерінің жүйесі

Криминалистикалық габитоскопияда адамның сыртқы келбетінің элементтерін және белгілерін жіктеу маңызды рөл атқарады.



Адам денесінің құрылысының белгілері мен элементтері және оның өмір сүру әрекетінен көрініс табуы – *өзіндік белгілер* деп атала-


ды. Олар адамның өзіне ғана тән, оның сыртқы бейнесі бөлінбейді, тек өзіне тиесілі. Адамның сыртқы бейнесін толықтыратын белгілері мен элементтері *ілеспелі* болып табылады. Олар адам денесінің құрылыс элементтеріне жатпайды бірақ қандай да бір көлемде өзіндік белгілер мен элементтерді анықтауға (жасын, жынысын, әдет-дағдысын, жүрісін және т.б.) мүмкіндік береді.

Ілеспелі элементтер мен олардың белгілеріне: киімі, ұстап жүруге арналған ұсақ заттары, адамның сыртқы бейнесі (немесе олардың бөлшегі) мен олардың белгілерін бейнелеуге қолданатын нәрселер жатады (7 кесте).

Өзіндік элементтер мен олардың белгілері *жалпыфизикалық, анатомиялық және функционалдық* болып бөлінеді (жоғарыдағы 6- кестені қараңыз).

Адамның сырт келбетінің белгілері мен ілеспелі элементтері

7-кесте.



Сонымен қатар, адамның бет әлпетін сипаттайтын белгілерінің тағы бір тобына көзге көрінетін *ерекше белгілерді* жатқызуға болады. Оларды анатомиялық (мысалы, сүйел, тыртық,

бүкір, татуировка, дене мүшелерінің өлшемдік сәйкестігінің болмауы(ассиметрия)) және *функционалдық* (мысалы, кекештік, ақсақтық) деп ажыратуға болады.

Ерекше топты бірден көзге түсетін, яғни салыстырмалы түрде сирек кездесетін, көзге айқын түсетін, есте онай сақталынып қалатын белгілер құрайды.

Жалпыфизикалық элементтер – бұл жыныстық, жастық, этноантропологиялық, типтік, дененің конституциялық (немесе дене құрлысының) белгілері.

Функционалдық элементтерге мына келесілерді жатқызамыз:

1) *қалты* – әр түрлі жағдайларда дене бөлшектерінің статикалық орналасуы;

2) *жүрісі* – адамның жүру кезінде қалыптасқан әдеттегі қимылдарының жиынтығы. Мысалы, адымның ұзындығы мен ені, табанның қойылуы мен бұрылуы, жүру процессінде бастың, иықтың, қол мен дененің қозғалысы;

3) *мимикасы* – адамның психофизиологиялық жағдайын, эмоциясын білдіретін беттің бұлшық еттерінің ішкі сезімге қарай өзгеруі. Бет кескінінің көңіл-күйді, эмоцияны көрсетуі (жабырқау, таң қалу, қатаң, ашулы, көңілді, т.с.с.);

4) *артикуляция* – дыбыс шығару барысында еріннің қозғалысы. Бұларды күшті көрінетін (еріннің қозғалысы жақсы көрінетін) және әлсіз көрінетін (еріннің қозғалысы шамалы) артикуляция деп екіге бөледі;

5) *жұлқынып сөйлеу (жестикация)* – айтылған сөздермен қабаттаса жүретін қимыл-қозғалыстардың жиынтығы. Әдетте жұлқынып сөйлеу процесіне дененің көптеген бөлшектері қатысады, бірақ бақылаушы адамның назары көбіне бастың, иықтың және қолдың қимылдарына аударылады;

6) *бас* – әңгімелесу кезінде жоғары көтерілуі, енкеюі, шайқалуы мүмкін;

7) *иығы* – бұған тән қимылдарға иығын қиқандату немесе қушиту жатады;

8) *қолдың қозғалысы* – адамдар бір-бірімен сұхбаттасу кезінде өздеріне тән қол қимылдарын жасауы мүмкін, атап айтар болсақ, қолдарын бір біріне үйкелеуі, шайқауы, екі қолын немесе бір қолын әртүрлі бағыттарда сермеуі, денесінің әр жерін ұстауы;

9) *әдеті, дағдысы* – адамдардың өздерінің қажеттіліктерін не болмаса кәсіби дағдыларын қанағаттандыру үшін істейтін іс-қимылдары. Мысалы, темекіні тұтату, тарту, өшіру әдеттері, т.с.с.

Анатомиялық элементтер.

Адамның анатомиялық құрылыс ерекшеліктерін сипаттайтын белгілерін анатомиялық немесе статикалық белгілер деп атайды. Анатомиялық элементтер мен белгілерге: жалпы мүсіні (фигурасы), дене мүшелері (басы, беті, мойыны, иығы, кеудесі, арқасы, қол, саусақ, аяқ бастарының сыртқы құрылымдары, шашы, қасы, әжімдері, т.с.с.) жатқызады. Бұл анатомиялық элементтер формасымен, көлемімен, қалпымен, түсімен, санымен, симметриялық дәрежесімен сипатталады.

Дененің сыртқы пішінін сипаттау үшін геометриялық фигуралар мен сызықтардың терминологиясы (үшбұрышты, сопақ, тік, шығыңқы, ирелеңкі және т.б.) қолданылады.

Ал, дененің бөлшектерінің өзара орналасуы тік және көлденең жазықтыққа қатысты бекітіледі. Шашқа, көзге, бет-әлпетіне, дақтарына, тыртықтарына, татуировкаға және басқа да ерекше белгілеріне қатысты ғана түстері көрсетіледі.

Бет-әлпеті екі түрлі көріністе сипатталады: алдынан (бетпебет – фас) және жанынан (бір қырынан - профиль, ереже бойынша оң жағынан). Біз енді осы элементтерге тоқтала кетелік:

Мүсіні (фигура). Адамның дене құрылысы оның мүсінінің жалпы сипатына байланысты анықталады, атап айтар болсақ, сүйек-бұлшық ет жүйесінің даму дәрежесіне, бойына, иығының кендігіне, тұлғасының ұзындығына, аяғына, кеуде клеткаларының және иық бұлшық еттерінің дамуына және толықтық дәрежесіне байланысты. Мүсініне байланысты адамдарды былайша сипаттауға болады:

а) атлеттік немесе «спорттық» – бұл пропорционалды, бұлшық еттері жақсы дамыған мүсін;

б) мығым денелі (коренастое) – бұлардың дене құрылысы атлеттік болып келеді бірақ, аяқтары қысқа;

в) орташа «қалыпты» - бұлар орташа салмақты және бұлшық етті болып келеді;

г) әлжуаз «нәзік» - әдетте бұлардың иықтары қушиған, белдері жіңішке, бұлшық еттері нашар дамыған болып келеді.

Адамның толықтығы оның денесіндегі май қыртысының даму дәрежесіне байланысты анықталады. Қалыпты нормадан ауытқуына байланысты адамдарды: семіз, толық, арық, жүдеу, өте арық, жұқа деп сипаттайды.


Адамның бойы қалыптасқан ереже бойынша үш деңгейлік градациямен анықталады: аласа – 160 см дейін, орташа – 165-170 см және ұзын – 175 см-ден жоғары. Әйел адамдар үшін бұл көрсеткіштер 5-10 см-ге кішірейтіледі.

Тергеу тәжірибесінде кейде 5 немесе 7 деңгейлік градацияларды да қолдану кездеседі, мысалы, өте аласа (150 см-ге дейін), өте ұзын (186 см жоғары), ортадан жоғары (171 см-ден 175 см-ге дейін) не ортадан төмен (160 см-ден 165 см дейін)

Адамның терісі. Терінің түріне байланысты: тегіс, әжімді, түсіне қарап: сары, қара, ақ, қызыл, қалыптық жағдайына байланысты: майлы, құрғақ, безеу т.с. ажыратуға болады. Сонымен қатар, адам терісінде әр түрлі қалдар, сүйелдер, секпілдер, татуировкалар да болуы мүмкін.

Татуировкалар (терідегі суреттер мен жазулар) түсі, штрихтардың түрі, символдар мен мәтіндері, орналасу жері, көлемі бойынша суреттеледі.


Басы. Адамның басы оның биіктігіне, формасына және ерекшеліктеріне байланысты сипатталады.



119 - сурет. Бас формасы Алдынан карағандағы (анфас) бас формасы. А- төбесіндегі нүкте; Р- иек нүктесі; АР – бастың абсолюттік биіктігі; 1- бастың контуры; 2- симметрия осі; 3- төбе сызығы; 4- маңдай сызығы; 5- желке сызығы

Бастың биіктігі қарсы алдынан (анфас) анықталады: *абсолюттік* – төбесі мен иегіндегі нүктелердің арасындағы ара қашықтығы, *салыстырмалы* – абсолюттік биіктік пен адамның бойының ара қатысы бойынша: мысалы, *орташа* адам бойының 1/7 қатынасындай, *кішкентай* адам бойының 1/7 қатынасынан аз, *үлкен* адам бойының 1/7 қатынасынан көп (119- сурет).

Бастың көлемі жалпы дене бітімімен салыстыра отырып көрсетіледі. Адамның басын үлкен, орташа және кішкентай деп, ал формасына қарай: тік бұрышты, ромб тәріздес, киль тәріздес, трапеция тәріздес деп жіктеуге болады (120 - сурет).



120 - сурет. Бас формаларының түрлері: а- тік бұрышты, б- ромб тәріздес, в- киль тәріздес, г- трапеция тәріздес


Адамның басының анатомиялық (морфологиялық) белгілерін суреттеу мына төмендегі ретпен жүргізіледі: жалпы беті, маңдайы, қастары, көздері, мұрны, жақтары, иегі, маңдайдағы шаштарының өсу сызығы, қасқалығы, мұрты, сақалы, жақ сақалы (бакенбарды), жалпы құлақ қалқандары (шиыршық, қарсы шиыршық, бүртік, қарсы бүртік, сырғалық).

Бет-әлнемі. Адамның беті жалпы түрде биіктігі және ені бойынша, элементтері, қарсы алдының (анфас) формасы, контуры бойынша, қырынан, толықтығы және еркшеліктері бойынша сипатталады.


Бет формасы қарсы алдынан белгілі геометриялық формалардың контурларымен салыстыру арқылы анықталады (121-сурет).

Адамның бетін сипаттағанда оның формасын (мыс. үшбұрышты, дөңгелек немесе сопақ т.с.с), бетінің ені мен биіктігінің пра-

порциясын (мыс. жалпақ, орташа, жіңішке), бетінің толықтық дәрежесін (толық, орташа, арық) көрсетеді.



121 - сурет. Беттің конфигурацияларының түрлері: 1- дөңгелек, 2- сопақ, 3- квадрат, 4-тікбұрышты, 5- үшбұрышты, 6- ромб тәрізді, 7- екі жаққа шығыңқы, 8,9 – трапеция тәрізді



122- сурет. Беттің қырынан қарағандағы конфигурациясы:
а- тік, б- дөңес, в- ойыс

Шашы. Оның формасы, қалыңдығы, маңдайының алдының бөлігіндегі шаштың өсу бағыты, таз болуы және ақ шаштардың таралу дәрежесі, шаштың ұзындығы, сәні (прическасы), шаштың қиылу түрі, шашты бояу белгілері сипатталады.

Шаштың ең көп байқалатын белгілері – олардың өңі (қоңыр, ашық), түсі (қара, ақ сары, жирен т.с.с), конфигурациясы (тік, толқын, бұйра т.с.с.), басының қасқа болуы және оның көлемі (үлкен, орташа, кішкентай), оның орналасқан жері (маңдайы, төбесі, шүйдесі), қалыңдығы (қалың, сирек, орташа), шаштың ұзындығы (ұзын, орташа, қысқа), прическасының түрі (оң жаққа немесе сол жаққа қайрылған, артқа қайырылған, маңдайын жауып тұрған т.с.с.).

Ал мұрты, сақалы және бакенбардына байланысты оның ұзындығы, түрі, түсі көрсетіледі.



123- сурет. Маңдайдың алдының бөлігіндегі шаштың өсу бағыты:
а- тік, б- доға тәрізді, в - ирек, г- сынық, д- М әріпі тәріздес,
е- асимметриялық


Маңдайы. Маңдай – биіктігі, ені, контуры, көлемі, орналасу қалпы (ішке қарай кіріңкі, тік, шығыңқы), маңдай дөңесінің және қас имегінің көлемі бойынша сипатталады (124 - 126 суреттер).



124-сурет. Маңдайдың биіктігі: а- биік, б- аласа




125-сурет. Маңдайдың ені: а- кең, б- тар




126-сурет. Маңдайдың орналасу қалпы: а- вертикалды, б- шығыңқы (дөңес), в- ішке қарай кіріңкі (тайқы)

Қасы. Пішіні (формасы), өзара орналасуы бойынша, биіктігі, ұзындығы, ені, қалыңдығы, түсі және ерекшеліктері бойынша суреттеледі.


Қастар *горизонталға қатысты орналасуына байланысты* - ішке қарай иілген, горизонталды, сыртқа қарай иілген; *өз ара орналасуына байланысты* - жақын, алыс орналасқан, *контурына байланысты* – доға тәріздес, тік, ирек, үшбұрышты т.с.с, *еніне байланысты*– жалпақ, орташа, жіңішке, *ұзындығына байланысты* – ұзын, орташа, қысқа, *биіктігіне байланысты* – биік, орташа, аласа, *ерекшеліктеріне байланысты* қалың өсіп кеткен, ассиметриялы т.с.с. деп бөлінеді (127-131-суреттерді қараңыз).



127 - сурет. Қастың ұзындығы бойынша өлшемі: а – орташа, б- ұзын, в- қысқа




128-сурет. Қастың ені бойынша көлемі: а- орташа, б- қалың, в- жіңішке, г- самайға қарай қалыңдайтын, д- самайға қарай жіңішкеретін.



129- сурет. Қастың пішіні (контур): а- тік, б- доға тәріздес, в- ирек, г- сынық, д- үшбұрышты.




130- сурет. Қастың горизонталға қатысты орналасуы: а- горизонталды, б- ішке қарай иілген, в- сыртқа қарай иілген.



131- сурет. Қастардың ара қашықтығы: а- кішкентай, б- үлкен.

Көзі. Көбіне көз саңылауы өлшемі, формасы, көз қиығының орналасуы, көз алмасының шығыңқылық деңгейі және түсі сипатталады. Көз түстерінің әр түрлілігі, қылилығы, ақ дақтардың болуы, көз протезі және басқа да ерекшеліктер көрсетіледі.



132-сурет. Қастың және көздің схемалық суреті. 1- қастың басы, 2- қастың құйыршығы, 3- кара-шық, 4- көздің ағы, 5- периферия, 6- көздің сыртқы мөлдір қабағы, 7- өздiң iшкi бұрышы, 8- көздің сыртқы бұрышы, 9- көздің үстiнгi қабағы.




133 - сурет. Көз саңылауының ашылу мөлшері: а- орташа, б- үлкен (бадырақ), в- кіші (қысық).


Қабағы. Көздің айналасындағы қозғалмалы тері қабатының қалпы бойынша, олардың пішіні мен сипаты, косметикалық әрлеу ерекшеліктері бойынша сипатталады.

Кірпігі. Әдетте әйелдердің ауызша портретін құрғанда сипатталады. Сипаттау барысында кірпіктің мынандай варианттары кездесуі мүмкін: қалың, сирек, үлбіреген (пушистые), боялған, жапсырылған, ұзартылған т.с.с.


Мұрны. Биіктігі мен ені, мұрын үстінің ұзындығы, кеңсірігінің тереңдігі, мұрынның шығыңқылығы, қырынан қарағандағы мұрын үстінің пішіні, алдыңғы жағынан мұрын үстінің ені мен формасы, қырынан мұрынның орналасу негізі, мұрын ұшы мен танауының орналасуы мен формасы сипатталады.




134 - сурет. Мұрынның схемалық суреті: 1- кеңсірік, 2- мұрынның арқалығы, 3- мұрынның ұшы, 4- мұрынның негізі, 5- мұрынның қанаты, 6- танау, а-б сызығы мұрынның биіктігі.



135 сурет. Кеңсіріктің тереңдігі: а- орташа, б- үлкен, в- кішкентай




136 - сурет. Мұрынның қырының арқалығының формасы: а- тік, б- дөңес, в- ойыс, г- тура толқынды (прямоволнистая)



137- сурет. Мұрын негізінің қалпы: а- көтеріңкі, б- горизонталды, в- түсіңкі

Ауызы. Ауыз – көлемі (кішкентай, орташа, үлкен), ауыз саңылауының контуры, ауыз бұрыштарының орналасу жағдайы (көтеріңкі, горизонталды, түсіңкі) және ерекшеліктері бойынша сипатталады. Алдынан қарағанда ауызының көлемі мен бұрыштарының орналасуы (көлденең, көтеріңкі, түсіңкі) бейнеленеді.




138 - сурет. Ауыздың көлемі: а- орташа, б- үлкен, в- кішкентай

Ерін. Ерінді оның шығыңқылығымен (үлкен, орташа, шықпаған), үстіңгі еріннің биіктігімен (кішкентай, орташа, үлкен), еріннің жиегінің енімен, үстіңгі ерін жиегінің контурымен, төменгі еріннің қалпымен сипаттайды.

Алдыңғы тістер болмаған жағдайларда еріннің тартылып тұруы байқалуы мүмкін. Ал тістері болған кезде үстіңгі еріннің көтеріңкі болуы немесе төменгі еріннің салбырап тұруы көрсетіледі.



139- сурет. Еріннің қабысу сызығының контуры: а- түзу сызықты, б- доға тәріздес, в- толқынды, г- сынық сызықты



140-сурет. Ерін жиегінің өлшемі: а- жіңішке, б- орташа, в- қалың

Тістері. Тіс – формасы, көлемі, түсі және орналасу ерекшеліктері бойынша суреттеледі. Тістің зақымдануы, онда пломбылар мен протездердің болуы, олардың материалдары, түстері, тістің болмауы да көрсетіліп бекітіледі.

Алдыңғы тістер көлемі бойынша (үлкен, орташа, кішкентай), тіс қатарының контуры бойынша (түзу, қисық), түсі бойынша (ақ, сары, сұрғылт), тістің ақаулары, коронкалары бойынша (металлдан жасалған – сары, ақ т.с.с.), тістердің өзара арақашықтығына байланысты (жиі, сирек) қарастырылады.

Иегі. *Иек-биіктігі* (қысқа, орташа, ұзын), *ені* (жіңішке, орташа, жалпақ), *астыңғы контуры* (домалақ, квадрат, үшбұрыш т.с.с тәріздес), *құрылу ерекшеліктері* (мыс. шұңқыр, әуке т.с.) бойынша қарастырылады. Иекті алдынан және қырынан қарап суреттейді.



141-сурет. Иектің қырынан қарағандағы вертикалға қатыстылығы: a-b-d-вертикал. b-c – тайқы, b-d – вертикалды, b-e – шығыңқы



142 - сурет. Иектің алдынан қарағандағы пішіні (контуры): а- дөңгеленген, б- үшбұрышты, в- тікбұрышты




143 - сурет. Иектің биіктігі: а- орташа, б- ұзын, в- қысқа




144- сурет. Иектің ені: а- орташа, б- жалпақ, в- жіңішке


Құлақ қалқаны. Оның жалпы белгілері – көлемі (үлкен, орташа, кішкентай), орналасуы (қалқан, орташа, жатыңқы), контуры (домалақ, үшбұрышты, сопақ және т.б.) сипатталады. Құлақтың анатомиялық ерекшелігінің әр түрлі болуына және тұрақтылығына байланысты оның үлкен ақпараттық және идентификациялық маңызы бар



145 - сурет. Құлақ қалқаны және оның құрамдас бөліктері: шиыршық (завиток), қарсы шиыршық (противозавиток), бүртік (козелок), қарсы бүртік (противокозелок), сырғалық (мочка)



146- сурет. Алдынан және қырынан қарағандағы құлақ қалқанының көлемі: а, д – орташа, б, е – үлкен, в, г – кішкентай



147-сурет. Құлақ қалқанының пішіні (контуры): а - домалақ, б - сопақ, в - тікбұрышты, г - үшбұрышты



148 - сурет. Құлақтың сырғалығының пішіні және қалпы (солдан оңға қарай): үшбұрышты, тікбұрышты, домаланған, бөлінген, біріккен



Әжімдер. Беттің терісіндегі әжімдер мен тері қатпарлары олардың контурлары, ұзындығы, тереңдігі, вертикалға және горизонталға қатысты орналасу қалпы, орналасқан орны, өзара орналасуы және саны бойынша сипатталады.



149 - сурет. Беттегі әжімдер мен тері қатпарларының орналасу орны: 1- иек асты қатпары, 2- ауыздың астындағы қатпар, 3- жақ қатпарлары, 4- көздің астындағы қатпарлар, 5- көздің сыртындағы қатпарлар, 6- қастың арасындағы қатпарлар, 7- маңдайдағы әжімдер, 8-көздің ішкі жағының әжімдері, 9- құлақтың алдыңғы жағындағы әжімдер, 10- мұрын-ерін қатпарлары, 11- ауыз әжімдері, 12- мойын әжімдері

Әжімдер өздерінің орналасуы бойынша маңдайдағы, қас арасындағы, самайдағы, құлақтың сырғалығындағы, ауыз айналасындағы, беттегі, ерін мен мұрын арасындағы және мойындағы болып бөлінеді. Сипаттау кезінде олардың орналасуы, саны, көрініс деңгейі, пішіні, бағыты көрсетіледі.

Әжімдер қалыпты жасқа сәйкес көрсетілсе оның идентификациялық рөлі төмен деп саналады, ал егер бұл әжімдер қарт адамдардың бетінде болмаса не аз болса сондай -ақ жас адамның бетінде кездесе, онда мұндай белгілердің идентификациялық мәні жоғары деп саналады.



150 - сурет. Әжімдер мен тері қатпарларының көріну дәрежесіне қарай *шамамен* жасты анықтау. Цифрлармен әжімдер мен қатпарлардың пайда болу жастары көрсетілген

Мойын. Биіктігі (қысқа, орташа, ұзын) және жуандығы бойынша (жуан, орташа, жіңішке) сипатталады, жұтқыншағының көріну сипаты (үлкен, кішкентай, көрінбейді) көрсетіледі. Әдетте әйелдердің мойыны ер адамдарға қарағанда жіңішке және ұзындау келеді.

Иық. Иықтың басты белгісі ретінде олардың салыстырмалы көлемі немесе ені (кең, орташа, жіңішке), формасы (тік, домалақ), қалпы (көтеріңкі, горизонталды, түсіңкі) және де осы аталған белгілердің асимметриясын айтуға болады.

Кеуде. Формасы, кеуде клеткасының ені бойынша, шығыңқылығы бойынша (төменге қарай түсіңкі, шығынқы) және кеуде бұлшық еттерінің көріну денгейі бойынша (кеуденің толықтығы) сипатталады. Формасы қырынан қаратылып анықталады, ал ені қарсы қарау арқылы жамбастың еніне қатысты анықталады. Мысалы, тар кеуде – жамбастан жіңішке болса, орташа – жамбастың еніне тең болса, кең – жамбастың енінен кең болады.

Қарын. Қырынан қарағанда кеуденің деңгейіне қатысты сипатталады (орташа - қарын кеуденің деңгейінен шығып тұрмайды, үлкен- кеуденің деңгейінен шығып тұрады).

Арқа. Адамға қырынан қараған кезде арқаның пішіні (жайпақ, дөңес) және оның қалпы (алға қарай еңкіш, тік, артқа қарай шалқак) болып сипатталады.

Кей жағдайларда мойын омыртқасы аумағында қисаюдың болуы (бүкірлік) және оның көлемі (үлкен, орташа, кішкентай), орналасу орны (жоғарғы, төменгі, оң, сол жақта) да белгіленіп көрсетіледі.

Бел – орналасуы, жуандығы және ұзындығы бойынша сипатталады.

Жамбас. Алдынан қарағанда жамбас сүйектерінің кескінінің жалпақтығына байланысты – жіңішке, орташа және жалпақ деп сипатталады. Мысалы, еркектерде және әйелдерде егер ол иықтың енінен әлдеқайда кіші болса жіңішке, *орташа* – еркектерде иықтың енінен кіші ал әйелдерде иықтың енінен жалпақ, *жалпақ* – ер адамдарда иықтың енімен бірдей, әйелдерде одан үлкен.

Сан. Жамбастың еніне қатысты қарсы алдынан қарағандағы кескіні бойынша сипатталады.

Қол. Қолдар ұзындығы (ұзын, орташа, қысқа), жуандығы (жуан, орташа, жіңішке) және ерекшеліктері (қолы жоқ, протез, семіп қалған және т.б.), бұлшық етінің көріну дәрежесі (бұлшықты, орташа, бұлшық еті дамымаған) бойынша сипатталады.

Білезік (кисти) ұзындығы (ұзын, орташа, қысқа), жуандығы (жуан, орташа, жіңішке) және ерекшеліктері (томпақ, етті, сүйелді және т.б) бойынша сипатталады.

Саусақтар. Ұзындығы (ұзын, орташа, қысқа), жуандығы (жуан, орташа, жіңішке) және ерекшеліктерімен (саусағы жоқ, саусақтары кисық, татуировканың болуы т.с.с.) сипатталады.

Тырнақ – контуры (дөңгеленген, тікбұрышты, созыңқы), ені (жалпақ, орташа, жіңішке), түсі (күңгірт, қызғылт, сары, қара т.с.с.) және тырнақтың ерекшеліктері мен ауытқушылықтарымен сипатталады.

Аяқ. Мына белгілері бойынша сипатталады: салыстырмалы ұзындығы (ұзын, орташа, қысқа), жуандығы (жуан, орташа, жіңішке), алдынан қарағандағы формасы (0 - тәрізді, тік, X -

тәрізді), табанның орналасу қалпы (екі жаққа жайылған, паралел, ішке қарай қисайған).

2.6.3 Адамның сыртқы бейнесін анықтау үшін қолданылатын криминалистикалық құралдар мен әдістер

Адамның сыртқы келбетінің қоршаған ортада бейнеленуін объективті және субъективті деп екіге бөлуге болады.

Объективті кескіндерге адам бет әлпетін толық та, нақты бекіте алатын фотосуреттер, кинокадрлар, бейнетаспалар, рентгенограммалар, өлгеннен кейін жасалған көшірме маска, қалыптарды жатқызуға болады.

Субъективті (психофизиологиялық) кескіндер дегеніміз белгілі бір адамның кескінінің екінші адамның есінде қалған бейнесі («ойдағы бейне»).

Бұл ойдағы бейнені жазып суреттеу арқылы (мыс. жауап алу хаттамасында, іздеу бағдарламасында (ориентировка), баянаттарда (рапорттарда) және т.б. сондай-ақ суреттемелер, субъективті портреттер жасау арқылы бекітуге болады.

Криминалистикалық тәжірибеде еркін және жүйеленген (бір тәртіпке келтірілген, реттелген) сипаттама қолданылады.

Еркін сипаттама – бұл куәнің, өз көзімен көрген адамның күнделікті қолданатын сөздермен берген сипаттамасы.

Жүйеленген (реттелген) сипаттама – бұл ауызша портрет әдісі бойынша сипаттау.

Ауызша портрет – бұл арнайы стандартқа келтірілген терминдердің көмегімен белгілі бір әдістеме бойынша жасалған, жүйеленген, ғылыми негізделген адамның сыртқы келбетінің сипаттамасы. Бұндай сипаттама дұрыс, толық, нақты, біркелкі, яғни бірдей терминологиялық сөздердің көмегімен орындалған болу керек.

Ауызша портретті құрастырған кезде мына ережелерді сақтау керек:

1. Адамның жалпы сыртқы келбеті, оның элементтері мен белгілері алдынан (анфас) және қырынан (профиль), көлемі, формасы, контуры, қалпы және түсі бойынша сипатталады.

2. Сыртқы келбет элементтері мына төмендегі ретпен сипатталады: жалпыфизикалық – жынысы, жасы және т.б.; анатомиялық – бойы, дене бітімі, басы, мойны, иықтары, арқасы, кеудесі, қарны, колдары, аяқтары; функционалдық – үйреншікті қалпы, жүрісі, мимикасы, жестикуляциясы, күнделікті өмірдегі әдеттері; ілеспелі – көйлегі (пальтосы, костюмі т.б.), бас киімі, аяқ киімі, ұсақ ұстап жүретін заттары және т.б, ерекше белгілері. Элемент алғашында жалпылай, одан кейін құрамдас бөліктері бойынша, яғни, жалпыдан жекеге, жоғарыдан төмен сипатталады.

3. Сыртқы келбетті сипаттағанда қалыптасқан стандарттық терминологияны сақтау қажет.

Қазіргі криминалистикалық тәжірибеде субъективтік портреттің негізгі үш түрі қолданылады – салынған (рисованный), композициялық – салынған (салынған элементтердің фрагменттерінен құрастырылған), фотокомпозициялық (фотографиялық әдіспен түсірілген элементтердің фрагменттерінен құрастырылған, айғақтардың көрсетуі бойынша іздеудегі адамға ұқсас адам гримделіп, кейін суретке немесе бейнетаспаға түсірілген).

Салынған портреттер кәдімгі сурет салу құралдары арқылы орындалады. Бұл суреттер ауызша суреттеу әдісі бойынша сурет салуға арнаулы мамандандырылған маман суретші немесе криминалист суретшінің көмегімен салынады.

Композициялық – салынған портреттер алдын ала дайындалған стандартты суреттердің варианттарын куәлардың көрсетулеріне сәйкес «беттің элементтерімен» салыстыру арқылы орындалады. Осы әдіс арқылы алынған портрет салынған портрет сияқты көрінеді.

Фотокомпозициялық портреттер – немесе, басқаша айтқанда, «*фотороботтар*» (құрастырылған синтетикалық фото-портреттер) бұл – әр түрлі адамдардың фотосуреттерінің фрагменттерінен құрастырылған композициялық бейнелер. Осы әдіспен дайындалған фотокомпозициялық фотопортреттер кәдімгі фотографиялық суреттер сияқты болып келеді.

Композициялық – салынған және фотокомпозициялық портреттерді дайындау үшін әр түрлі ғылыми техникалық құралдар кеңінен қолданылады.

Қазіргі кездері монитордың экранына беттің элементтерінің алдын ала дайындалған суреттерінен портрет құрастырудың компьютерлік «Фоторобот», «Портрет» бағдарламалары кеңінен таралған (151 - сурет).



151-сурет. Компьютерлік «Фоторобот» бағдарламасы көмегімен құрастырылған фотопортрет.

Субъективтік портреттер тек қылмыскерлерді ғана емес сондай-ақ хабар-ошарсыз кеткен тұлғаларды да іздестіруге қолданылады. Ал егер кім екені белгісіз мәйіт табылған болса онда тиісті құжаттарға оның «ауызша суреттеу» ережелері бойынша бейнесі сипатталып жазылады және тануға көрсету үшін суретке түсіріледі. Бірақ кейде мәйіт қатты өзгеріске ұшыраған (шіріп кеткен немесе әрлеп қалпына келтіруге мүлде болмайтындай) жағдайлар кездеседі. Мұндай жағдайда адамның бейнесі профессор М.М. Герасимовтың әдісін қолдана отырып, оның бас сүйегі бойынша қалпына келтірілуі мүмкін. Бұл әдістеме бастың жұмсақ тканьдарының қалыңдығы және бас сүйектің құрылымы арасындағы байланыстылыққа негізделген Бас сүйегі бойынша адамның жынысы, жасы, бойы (бастың биіктігі адамның бойына қарағанда 8 есе қысқа болады), қай нәсілге жататындығы және басқа да белгілері, мысалы: егер сифилиспен, остеомиелитпен ауыrsa оның белгілері анықталады.

Сонымен қатар, қазіргі уақытта компьютерлік бағдарламаларда орындалатын, графикалық реконструкциялау әдісі де кеңінен қолданылуда.

Криминалистикалық тәжірибеде ауызша суреттеу әдісін нәтижелі әрі дұрыс қолдану үшін міндетті түрде мына шарттар орындалуы қажет:

1) Адамның дене құрлысының, киімінің, аяқкиімінің, күнделікті өзімен бірге алып жүретін заттарының дұрыс атауларын білу;

2) Адамды сыртқы бейне белгілері бойынша ауызша суреттеу жүйесіне қойылатын талаптарға сәйкес сипаттау, және оның тәртібі мен кезектілігін сақтау;

3) Іздеуде жүрген нақты тұлғаны басқа адамдардан ажыратуға мүмкіндік беретін ерекше белгілерін тауып, іріктей білу.

2.6.4 Тергеу мен жедел-ізвестіру тәжірибесінде «ауызша суреттеуді» қолдану

Тергеу, жедел-ізвестіру және сараптама жүргізу тәжірибесінде ауызша суреттеу әдісі кеңінен қолданылады. Бұл әдісті негізінен тергеушілер мен жедел-ізвестіру органының қызметкерлері қылмыстық тіркеу және идентификация жасау мақсатында қолданып, хабар-ошарсыз кеткен адамдарды ізвестіруге, кім екені белгісіз мәйітті тануға көрсетуге, сезікті, айыпкер, куә мен жәбірленушінің және соттан бой тасалап жүрген қылмыскердің жеке басын анықтау кезінде басшылыққа алады.

Біз мысал ретінде ер адамның сыртқы бейнесін қалайша ауызша суреттеуге болатынын көрсете кеткенді жөн көрдік.

Ауызша портрет (толық):

1. Жынысы: ер адам.
2. Жасы: сырт қарағанда 25-27 жаста.
3. Ұлты: қазақ.
4. Бойы: орта.
5. Дене құрылымы: орташа, күйлілігі – орташа.
6. Басы: үлкен, желкесі вертикалды, төбе бөлігі күмбез тәрізді.
7. Шашы: орташа, тік, түсі қара, өсу сызығы – доға тәріздес.

8. Беті: алдынан қарағанда – дөңгелек; қырынан қарағанда тік, толықтық дәрежесі бойынша – орташа, терісінің түсі қараторы.
 9. Маңдайы: орташа, вертикалды, пішіні – тік.
 10. Қастары: орташа, пішіні бойынша тік, горизонталды.
 11. Көздері кішкентай, горизонталды, бір-біріне жақын орналасқан, қоңыр түсті.
 12. Мұрны: орташа, жалпақ, мұрынның арқалығы – тік, мұрынның негізі – горизонталды, мұрынның үші домаланған. Шығыңқылығы орташа, кеңсіріктің тереңдігі – орташа.
 13. Аузы: орташа, еріннің қабысу сызығы – толқынданған, ауыз бұрыштары горизонталды.
 14. Еріні: орташа, екі ерні де шығыңқы.
 15. Иегі: орташа, контуры бойынша үшбұрышты, орналасу қалпы бойынша вертикалды, иегінде шұңқыры бар.
 16. Тістері: орташа мөлшерде, жиі.
 17. Құлақ қалқаны: кішкентай, орналасуы – жатыңқы, формасы – сопақ, сырғалығы үлкен, бүртігі – үлкен, қарсы бүртігі – көлбеу орналасқан, шиыршығы – үлкен, қарсы шиыршығы – шығыңқы.
 18. Мойны: ұзын.
 19. Иықтары: кең.
 20. Кеудесі: кең.
 21. Арқасы: жалпақ.
 22. Қолдары: орташа ұзындықта.
 23. Аяқтары: орташа ұзындықта.
 24. Мүсіні: тік, басы алға қарай еңкейген.
 25. Жүрісі: жылдам, бірқалыпты.
 26. Жұлқынып сөйлеуі (жестикауляция): жылдам.
 27. Ымы (мимикасы): сығырайып қарайды.
 28. Даусы: тембры бойынша – баритон, даусының күштілігі – орташа.
 29. Сөздері: байсалды.
 30. Ерекше белгілері: иегінде кішкентай тыртық бар.
 31. Киімі: қара шалбар, ақ көйлек, аяғына қара туфли киген.
- Хабар-ошарсыз жоғалғаны туралы мәліметті туысқандары мен таныстарынан алуға болады. Олар із-түссіз жоғалған адамның фотографиясын, бейнематериалдарын да ұсынуы мүмкін. Іздеу

салудың жағдайларына қарай қосымша мағұлматтар дәрігерлік құжаттардан да (стоматологиялық карта, санаториялық-курорттық кітапшалар, рентгенограммалар және т. б.) алынады. Тұлғаның сырт келбеті туралы ақпаратты тікелей бақылау жолымен және куәландыру арқылы алады. Мұндай әрекеттер дененің анатомиялық құрылымын, оның белгілерін, ерекше таңбаларын (татуировка және оның мазмұны) дәлірек қабылдауға мүмкіндік береді.

2.6.5 Соттық портреттік сараптама

Тұлғаны идентификациялауда криминалистикалық портреттік сараптаманың рөлі өте зор.

Фотопортреттік сараптаманы жүргізу – криминалистикалық идентификацияның, адам анатомиясының және морфологиясының, антропологияның, соттық фотографияның, соттық медицинаның, математиканың және кибернетиканың ғылыми ілімдеріне негізделген.

Сараптаманың бұл түрі объектілердің сипаттамасына байланысты мына төмендегідей түр тармаққа бөлінеді:

а) екі не одан көп фотосуреттерде бір адам бейнеленді ме, жоқ па дегенді анықтау мақсатында жүргізілетін сараптама;

ә) фотосуреті ұсынылған кім екені белгісіз мәйітке сараптама және тірі адамның фотопортреті арқылы мәйіттің кім екендігін анықтауға сараптама;

б) хабар-ошарсыз жоғалып кеткен адамның тірі кезіндегі фотобейнесіне сараптама және табылған мәйіттің бас сүйегі нақты осы тұлғаныкі екенін анықтауға сараптама.

в) кім екені белгісіз адамның өлгеннен кейін алынған маскасына сараптама және хабар-ошарсыз жоғалып кеткен адамның тірі күніндегі фотобейнесіне мәйітті тану мақсатында жүргізілетін сараптама.

Сараптамаға жіберілетін материалдарға (фотопортреттерге) мынандай талаптар қойылады:

- фотопортреттер ракурсы, дайындау уақыты, жағдайлары (фон, түскен уақыты) бойынша шамамен бір мезгілде болу керек;

- жоғары сапалы (фотосуреттер анық көрінетін, орташа контрасты, ретуші бет пердесіз (вуаль), таза және бүлінбеген) болу керек.

Сараптаманың қорытындысы қылмыс жасаған адамды, айыпкерді, жәбірленушіні анықтауға, кім екені белгісіз мәйітті анықтауға, құжаттардың осы адамға тиістілігін анықтауға, сондай-ақ, қылмыскерлерді, хабар-ошарсыз жоғалып кеткен адамдарды іздестіруде қолданылады. Фотопортреттік сараптаманы жүргізу барысында сараптамаға ұсынылған фотосурет пен адамның сәйкестігі анықталады.

Сот-портреттік сараптама тағайындау кезінде мынандай сұрақтар қойылуы мүмкін:

- фотосуреттерде бейнеленген бір ғана адам ба, әлде бірнеше адам ба?
- бұл суреттерде тек бір адам ғана бейнеленген бе?
- ұсынылған суреттердің қайсысында іздеудегі адам бейнеленген?
- сарапшыға жіберілген бас сүйек, фотосуретте (рентген суреттегі) бейнеленген адамдікі ме?

Соңғы кездері бас сүйектің суреті мен белгілі бір тұлғаның фотосуретін компьютердің экранында сәйкестендіру арқылы идентификация жасау әдісі дамып жетілдіріліп криминалистикалық тәжірибеде кеңінен қолданыла бастады. Нәтижесінде алынған суреттер принтердің көмегімен бекітіліп сараптамаға жіберіледі.

2.7 КРИМИНАЛИСТИКАЛЫҚ ТІРКЕУЛЕР

Қылмысты ашу және тергеуде, сондай-ақ осы мақсатта жедел іздестіру шараларын жүргізуде әр түрлі ақпараттар алудың маңызы зор. Бұл ақпараттардан осы қылмысты жасаған немесе жасауға қатысы бар тұлғалар, ашылмаған қылмыстар, табылған дәлелдемелік айғақ заттардың шығу тегі туралы т.с.с мәліметтер ала аламыз. Ал, қандай да болмасын ақпараттарды, соның ішінде криминалистикалық ақпараттарды бекітуге, сақтауға, беруге болатынын ескерсек, криминалдық сипаттағы оқиғалар мен құбылыстардың ақпараттық қоймасы болып келетін ақпараттар жүйесін құруға болады. Бұл жүйелерді қылмысты ашу, тергеу және алдын алу мақсатында қолдануға болады. Міне осындай ақпараттық анықтамалық жүйелерді *криминалистикалық тіркеулер* деп атайды. Яғни, қылмыстық процессте тергеліп отырған оқиғаның мән-жайын анықтау мақсатымен құрылған, тұлғалар туралы мәліметтер, криминалистикалық мәні бар заттар, басқа да объектілер туралы ережелер жүйесі мен әдістерін криминалистикалық тіркеу дейді.

Криминалистикалық тіркеулердің негізіне қылмыстық істерді соттық талқылағанда немесе жедел-іздестіру шараларын жүргізу кезінде маңызы бар тексеріліп отырған объектілерді жекешелендіретін немесе олардың топтық тиістілігін білдіретін белгілерін жатқызады.

Алғаш рет қылмыскерлерді тіркеудің ғылыми негізделген әдісін 1879 жылы Париж қаласының полиция бөлімінің картотека тіркеу қызметкері Альфонс Бертильон ұсынған. Бұл әдістің мәні – дүниеде барлық дене мүшелерінің өлшемдері бірдей болатын екі адамды кездестіруге болмайды. Екі адамның бірнеше дене мүшелері мыс. бойының, қолдарының ұзындығы бірдей болуы мүмкін, бірақ та барлық мүшелері бірдей болуы мүмкін емес.

Оның айтуынша, егер, картотекаға қылмыскердің дене мүшелерінің 11 өлшемін жазып бекітетін болса, онда дәл осындай өлшемдегі екінші бір қылмыскердің кездесу мүмкіндігі 4191304:1 қатынасындай, ал 14 өлшемін жүргізетін болса 286435456:1 қатынасындай болады екен.

А. Бертильон қылмыскерлердің дене мүшелерін өлшеп, оларды картотекаларға тіркеп жазып, есепке алудың антропометриялық әдісін ұсынды. Бірақ, қылмыстық тіркеудің бұл әдісі белгілі бір кемшіліктері болуына байланысты тәжірибеге қабылданбады.

Бұдан бірнеше жыл өткеннен кейін 1887 жылы осы мақсатта дактилоскопиялық әдісті қолдану мүмкіндігін Батыс Европа елдерінде (Англия, Германия және т.б.) В.Гершель, Г.Фолдс сияқты ғалымдар дәлелдеп көрсетті. 1891 жылы ағылшын антропологы Ф.Гальтон саусақ іздеріне классификация жасауды ойдағыдай аяқтап тәжірибеге енгізді.

Ресейде қылмыскерлерді дактилоскопиялық тіркеу 1905 жылдан бастап енгізілді.

XX ғасырдың 80 жылдарында қылмыскерлерді дауысы бойынша (вокалографиялық) және иісі бойынша (одорологиялық) тіркеу әдістері кеңінен тарала басталды.

Қылмыскерлерді және объектілерді тіркеу әр кезеңдерде әр түрлі атаулармен аталды, мысалы: қылмыстық тіркеу, криминалистикалық тіркеу, жүргізу әдістері бойынша тіркеу, т.с.с.

Қылмыстық тіркеудің ең алғашқы түсінігін 1925 жылы Иван Николаевич Якимов берген. Оның айтуы бойынша криминалистикалық тіркеу дегеніміз – қылмыспен күресудің және қылмыскерлерді зиянсыздандырудың жеңіл жолдарын анықтау мақсатындағы мемлекеттің қылмыс элементтерін тіркеуі деген.

Криминалистикалық тіркеу ілімін жетілдіруге Р.С.Белкин, И.Н.Якимов, П.С.Семеновский, Н.В.Терзиев, А.Ю.Пересункин сияқты криминалист ғалымдар өздерінің үлестерін қосты. Ал, біздің қазақстандық криминалистерден А.Я.Гинзбург, Б.А.Салаевтардың еңбектерін атап өтуге болады.

2.7.1 Криминалистикалық тіркеудің түсінігі және оның ғылыми, құқықтық және ұйымдастырушылық негіздері

Қазіргі кезде криминалистикалық тіркеу деп жасалған қылмыс туралы криминалистикалық мәні бар қылмыстық әрекеттердің тәсілдері мен құралдары жайлы ақпараттарды жинақтау мен өңдеу, қылмыстарды ашу, тергеу және олардың алдын алуда қолданылатын ғылыми негізделген қызмет жүйесін айтады.

Криминалистикалық тіркеудің ғылыми негізіне – материалдық дүниедегі объектілердің жеке даралығы, олардың салыстырмалы

тұрақтылығы, бір-бірлерімен әрекеттесу барысында іздер түзу мүмкіндігін жатқызуға болады. Міне, осы әрекеттесу барысында объектілерді идентификациялауға көмектесетін әр түрлі іздер пайда болады. Бұдан көріп отырғанымыздай, криминалистикалық тіркеу-іздердің пайда болу механизмі туралы іліммен, қылмыстың жасалу тәсілімен және криминалистикалық идентификация теориясымен тығыз байланысты. Криминалистикалық тіркеудің объектілері дегеніміз – қылмыстық ізге түсу немесе жедел іздестіру шараларының шеңберіндегі ақпараттар жүйесі.

Міне, осы ақпараттарды қолданудың арқасында қылмыскерлер мен дәлелдемелік заттарды іздестіру, қылмысқа қатысты түрлі жағдайларды анықтау, қылмыстарды тергеу және алдын алу шаралары жүзеге асырылады.

Криминалистикалық тіркеудің объектілеріне мына төмендегілерді жатқызуға болады:

- іздеу жарияланған, хабар-ошарсыз кеткен белгілі адамдар;
- қылмыс жасаған тұлғалар, қылмыс жасап бой тасалап кеткендер, ұсталғандар, қамауға алынғандар;
- мәйіттер (жеке басы анықталмаған мәйіттер және денесінде қылмыс іздері бар мәйіттер);
- қарулар (жоғалған, ұрланған, алынған, аңшылық және ойық ұңғылы сонымен қатар қолдан жасалған атыс қарулары, суық қарулар);
- ұрланған объектілер, автокөліктер және басқа да шығу тегі мен кімдікі екені белгісіз заттар, мәселен қылмысты жасауға пайдаланған бұзу құралдары;
- іздердің кейбір түрлері (мысалы ашылмаған қылмыстар бойынша оқиға болған жерден алынған қол саусақ іздері, көлік құралдарының іздері, аяқ іздері, бұзу құралдарының іздері, атыс қаруларының іздері);
- құжаттар (мысалы жасанды, құнды қағаздар және т.с.с.);
- жануарлар (ұрланған, табылған және қаңғып, адасып жүрген иесі жоқ малдар);
- ашылмаған қылмыстар туралы ақпараттар.

Криминалистік тіркеуді ұйымдастырудың құқықтық негіздері ҚР Конституциясынан, ҚР ҚК және ҚР ҚІЖК-нен бастау алады. Алайда бұл жерде атап өтетін жағдай, криминалистикалық тіркеулер қылмыстық процессуальдық заңдарда тікелей қарастырылмаған. Бірақ та криминалистикалық тіркеуді жүргізу

тәртіптері Қылмыстық іс жүргізу кодексінің талаптары негізінде анықталады.

Қазіргі кезде криминалистикалық тіркеулерді жүргізудің тікелей құқықтық негізіне мына төмендегі ведомстволық нормативтік актілерді жатқызуға болады: 2001 жылдың 6-шілдесіндегі ҚР ПМ №544-бұйрығы; 1999 жылдың 18-қарашасындағы ҚР Бас прокуроры мен ҚР ПМ №548 ЦО/579-бұйрығы; 2004 жылдың 29-сәуіріндегі ҚР Бас прокурорының №23-бұйрығы. Бұл көрсетілген нормативтік актілер тіркеулердің кейбір түрлері мен оларды жүзеге асырудың тәртібін реттейді. Объектілерді тіркеу және оларды тіркеуден шығару нормативтік актілерде көрсетілген негіздер жеткілікті болған кезде ғана жүргізілуі мүмкін.

Мысалы, тірі адамдарды тіркеудің құқықтық негізіне: прокурордың, тергеушінің, алдын ала анықтама жүргізушінің қамауға алу, айыпты ретінде жауапқа тарту туралы қаулысы, соттың үкімі мен анықтамасы, тұлғаға іздеу салу туралы қаулысы, сезіктіні ұстау хаттамасы жатады.

Ал, басқа объектілерді тіркеу үшін құқықтық негіз ретінде тергеу іс-әрекеттерінің жүргізу хаттамалары алынады. Басқа объектілерді тіркеу немесе есептен шығару, тек жеткілікті нормативтік актілердің негізінде іске асырылады.

Объектілерді тіркеудің әр түрлі әдістері ішкі істер органы мен прокуратураларда криминалистикалық және арнаулы тіркеулерді жүргізудің жүйесін құрады. Кейбір тіркеулер ҚСЖАТК (Құқықтық статистика және арнайы тіркеулер комитетіне) ал кейбіреулері КАБ (Криминалды ақпарат басқармаларында) және ҚР ПМ жедел-криминалистикалық бөлімдерінде жүргізіледі.

Криминалистикалық тіркеудің мәні тіркеуге алынған объектілерді топтық және жеке белгілері бойынша анықтау. Тіркеу барысында алынған материалдар, ғылыми негізде, белгілер классификациясына сәйкес, керек мәліметті тез табу үшін жүйеленеді. Тіркеу барысында хабарламаларды (деректерді) бекітудің мынандай жолдары бар:

1. **Сипаттамалық:** объектінің белгілерін жазбаша бекіту;
2. **Дактилоскопиялық:** тірі адамдардың қол саусақтарының папиллярлық бедерлерінің іздерінің көшірмесін арнаулы бланктерде бекіту;

3. **Бейнелеуші:** объектінің белгілерін фотография, кино түсіру, бейне жазу, суретін салу немесе басқа жолмен (мыс. ЭЕМ көмегімен) бекіту;

4. **Коллекциялық:** объектілердің үлгілерін жинау және сақтау, сондай ақ олардың көлемдік, жазықтық бейнелерін компьютердің жадында сақтау;

5. **Аралас:** объектілерді бекітудің бірнеше әдісін әртүрлі комбинацияларда қолдану.

Объектілердің белгілері, олар туралы мәліметтер арнаулы тіркеу карточкаларында, журналдарда, фотосуреттерде, бейнета-спаларда, суреттерде, ақпараттарды механикалық тасушыларда (диск, флешка, кассета), бекітіледі. Осыған сәйкес тіркеу түрлерін: картотекалық, журналдық, фотоальбомдық, фотокартотекалық (бейнетекалық), коллекциялық, ақпараттарды механикалық тасушылардағы деп ажыратып бөлуге болады.

Криминалистикалық және арнайы тіркеулерде шоғырланған ақпараттарды толықтырып-жаңартып отыру қылмыспен күресу субъектілеріне жүктеледі.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы тіркеулер комитетінің Басқармасына (ҚСЖАТК), Криминалдық ақпараттар Басқармасы (КАБ) мен ҚР ПМ оперативтік-криминалистикалық Бас басқармасына тіркеулік мәліметтер мен материалдарды жіберу барлық тергеу, анықтама, сот сараптамасы және сот органдары үшін міндетті болып табылады.

Тіркеулік материалдарды толықтыруға қажетті мәліметтер тергеу әрекеттерін және жедел-ізвестіру шараларын жүргізу барысында тергеушілерден, жедел-криминалистикалық бөлімдердің қызметкерлерінен және оперативтік қызметкерлерден алынады.


Криминалистикалық және арнайы есептерді жүргізу Ішкі істер органы мен прокуратураның жүргізетін жұмыстарының ішіндегі бірден-бір маңыздысы саналады.

Осы тіркеу құжаттарының материалдарын қылмыспен күресу барысында Қаржы полициясы, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Кеден комитеті, Әділет министрлігі, Төтенше жағдай министрлігі қолдана алады.

Тіркеу материалдарының негізінде адамдарға, заттарға идентификация жасауға немесе олардың топтық тиістілігін анықтауға болады.

2.7.2 Криминалистикалық тіркеулердің нысаны мен түрлері

Тіркелетін объектілердің ерекшелігі мен түрлеріне байланысты – тіркеу: жедел-анықтамалық, криминалистикалық және анықтамалық-көмекшілік деп үш топқа бөлінеді. Төмендегі кестені қараңыз:



1. Жедел-анықтамалық тіркеулер, яғни бұл объектілерде қылмыс оқиғасымен себепті-тергеулік байланыста және көзге түсетін белгілері болады;

2. Криминалистикалық тіркеулердің объектілері міндетті түрде қылмыс оқиғасымен себепті-тергеулік байланыста болады, ал тіркеулік белгілері ғылыми-техникалық құралдарды қолдану арқылы және арнаулы білімді қолдану арқылы табылады;

3. Анықтамалық-көмекшілік тіркеу объектілері қылмыс оқиғасымен себепті-тергеулік байланыста болмайды, олардың белгілері көзбен және арнайы зерттеулер көмегімен анықталады.

Объектілер туралы мәліметтердің бір жерге жиналуын шоғырландыру деп атайды. Біздің елімізде олар бес деңгейде жүргізіледі: халықаралық (Интерпол аясында); мемлекетаралық (ТМД және Балтық жағалауы елдері аясында); республикалық (Қазақстан Республикасы көлемінде); регионалдық немесе облыстық; жергілікті (ішкі істер бөлімінің қалалық, аудандық органдары).

Халықаралық деңгейде (Интерпол аясында) жалған ақшалар, антиквариаттар, айрықша тарихи, ғылыми немесе мәдени құнды, ұрланған не табылған заттар есепке алынады.

ТМД және Балтық жағалауы елдерінің мемлекетаралық ақпараттық банкі (МАБ) 1992 жылы Ресей Ішкі істер министрлігінің Мемлекеттік ақпараттар орталығы (МАО) негізінде құрылып, жұмыс істеуде.

Криминалистикалық тіркеулерді жүргізетін республикалық аппараттарға ҚР Бас прокуратурасының ҚСЖАТК, Криминалдық ақпараттар Басқармасы (КАБ), ҚР ІІМ жедел-криминалистикалық Бас басқармасын жатқызамыз.

Территориалдық (регионалдық) тіркеуді ҚР Бас прокуратурасының ҚСЖАТК және облыстық ішкі істер департаменті мен транспорт ішкі істер департаментінің ОКБ (оперативтік-криминалистикалық басқармасы) жүргізеді.

Жергілікті тіркеуді – Ішкі істер бөлімдерінің қалалық, аудандық, желілік жедел-криминалистикалық бөлімдері немесе лабораториялары жүргізеді.

2.7.3 Прокуратура органдарының құқықтық статистика және арнайы тіркеулер комитетінде (ҚСЖАТК) және ҚР ІІМ криминалдық ақпараттар басқармасында (КАБ) жүргізілетін жедел-анықтамалық тіркеулер

ҚР Бас прокуратурасының ҚСЖАТК және оның аймақтардағы бөлімшелеріндегі жүргізілетін тіркеулері жедел-анықтамалық сипатта болады. Бұл тіркеулер тегі арқылы, дактилоскопиялық, іздеу картотекасы арқылы және мәліметтердің компьютерлік банкі арқылы жүргізіледі.

1) *Тегі (фамилиясы)* бойынша есепке алу – қылмыс жасағандарды, қылмыстық жауапкершілікке тартылғандарды, сот шешімімен іс-әрекетке қабілетсіз деп танылғандарды, белгілі бір қызметтік лауазымды иелену құқығынан айырылғандарды, тұрғылықты тұратын орны немесе құжаты жоқ ұсталған адамдарды олардың анкеталық мәліметтері, яғни тегі, аты, әкесінің аты бойынша, туған жылы мен жерін көрсетіп жазу арқылы жүргізіледі;

2) *дактилоскопиялық* есепке алу – колдың саусақтарының папиллярлық бедерлерінің ерекшеліктеріне байланысты – ұсталған адамдарды, тұтқындалған және сотталғандарды тіркеу, сақтау, классификациялау және тұлғаның кім екендігін анықтау немесе растау үшін дактилоскопиялық мәліметтерді беру мақсатында жүргізіледі;

3) *ізdestірулік есепке алу* – анықтау тергеу органдарынан, соттан және жазасын өтеу органдарынан бой тасалап жүргендерді, хабар-ошарсыз жоғалғандарды сондай-ақ кім екені белгісіз мәйіттерді тіркеу үшін жүргізіледі.

Есеп-тіркеу құжаттарын заңда белгіленген тәртіппен, тергеу және анықтау органдары, жедел-ізdestіру, жазаны өтеу, миграциялық қызмет органдары және соттар беріп отырады.

Тегі бойынша және дактилоскопиялық есепке алу алфавиттік карточка көмегімен жүзеге асырылады. Компьютерге енгізілген мұндай карточкаларда келесідей мәліметтер бекітіледі: тегі, аты-жөні, туған жылы мен жері, ұлты, тұрақты тұрғылықты мекенжайы, соттылығының болуы; үкім шығарған сот, Қылмыстық кодекске байланысты бабы, сотталу уақыты, жазаның түрі; бұрынғы

қылмыстық әрекеті (қашан, қандай органмен және Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің қандай бабы бойынша жауапкершілікке тартылған), рақымшылық немесе кешірім жасауға байланысты үкімнің өзгеруі, жазаланған мерзімі мен орыны, сотталушының қайтыс болған күні, айы, жылы; іздестіруде жүрген тұлғаны жазадан босату негізі, қайыр тілеу мен босқындап жүруіне байланысты ұсталған тұлғалар; тіркеуге алудың заңдық негізі жөніндегі мәліметтер.

Есепке қою үшін карточкаға тіркелетін (тізімге алынатын) тұлғаның қолдарының іздерінің таңбасын алып оны сигналдық суретке түсіру әдісімен фотоға түсіреді. Бұл алфавиттік және дактилоскопиялық карточканың өзара байланысын қамтамасыз етеді.

Есепке алынған тұлғаның алфавиттік карточкасында оның дактилоскопиялық формуласы және оң қолының сұқ саусағының ізі басылады, ал ол саусағы жоқ болса басқа саусағының ізі басылады. Егер алфавиттік карточкада салыстырып отырған тұлғалардың дактилоскопиялық формулалары ұқсас болса, тұлғаның жеке басын нақтырақ анықтау үшін дактилоскопиялық картаны қолданады.

Дактилоскопиялық есепке алу және портреттік картотекалық тіркеулерден тексеру, осы тұлға өзі туралы мәліметтер беруден бас тартса немесе жалған мәліметтер берсе, оны анықтауға немесе нақтылауға мүмкіндік береді. Алфавиттік карточкаларда бекітілген мәліметтердің дұрыстығына күмән келтіретін жағдайларда оны дактилоскопиялық картотекамен салыстыру арқылы тексеруге болады.

Дактилоскопиялық есепке алу – қамауға алынған, бас бостандығынан айыру жазасына жазаланған, сонымен қатар қайыр тілеп жүргендігі және босқындығы үшін ұсталған тұлғаларды тіркеуге алудың бір түрі болып табылады.

Дактилоскопиялық картотека ұсталған, қамауға алынған, өліп қалған белгісіз адамдардың (танылмаған мәйіттердің); құжаты жоқ, денсаулығына немесе жасына байланысты өзі туралы ештеңе айта алмайтын азаматтардың тұлғасын анықтауға мүмкіндік береді.

Дактилоскопиялық карталар арнайы бояулардың көмегімен тіркелетін тұлға қолының алақаны мен әрбір саусағының папил-

лярлы өрнектері боялып, бланкінің тиісті клеткаларына оның таңбалары түсірілуі арқылы жүргізіледі.

Тіркеуге жіберілетін дактокартаға қатаң талаптар қойылады: қол саусақ таңбалары нақты басылып, папиллярлық өрнектер бояулары анық, жабыспай және жағылмай алынуы қажет.

Дактилоскопия жасаудың бұл тәсілін он саусақтық деп атайды. Дактилокарталар саусақтың папиллярлы өрнектеріндегі жеке белгілеріндегі мәліметтерден алынатын арнаулы формулалар бойынша белгілі бір тәртіппен реттеледі: он саусақтық, бес саусақтық және бір саусақтық (монодактилоскопиялық).

Дактилокарталарда осы аталған саусақтар бойынша бәрінің немесе әр қайсысының жеке-жеке белгілері туралы мәліметтер тіркеледі. Карточкада тіркелетін тұлғаның дактилоскопиялық формуласы көрсетіледі. Он саусақ жүйесі бойынша айыпкерлер, ұсталған тұлғалар, сотталушылар тіркеуге алынады. Дактилокарталарды жүйелеу қол саусақтарының папиллярлы өрнектерін топтастыруға негізделеді.

Карточкалар – тіркелетін тұлғалардың фамилиясы ескеріле отырып алфавиттік рет бойынша картотекаларға енгізіледі.

Егер алфавитті мәліметтерде салыстырып отырған тұлғалардың дактилоскопиялық формулалары ұқсас болса, тұлғаның жеке басын нақтырақ анықтау үшін дактилоскопиялық картаны колданады.

Алфавитті-дактилоскопиялық есепке алудың мүмкіндіктері тұлғаны анықтау мен анықтамалар жинаумен ғана шектеліп қоймайды. Тіркеудің бұл түрі – қылмыс оқиғасына қатысты, қылмыс болған жерден алынған қол саусақ іздерін картотекалардағы саусақ іздерімен салыстыру арқылы, сезікті тұлғаларды анықтауға мүмкіндік туғызады. Осыған орай тәжірибеде тергеушілер барлық қылмыс түрлері бойынша, тіркеудің осы түрін жиі пайдаланып, қылмысты ашу шараларын жүзеге асырады. Бұл тіркеу тергеушіге қылмыскердің анкеталық мәліметтерін берумен шектелмейді. Егерде қылмыскер бұрын тіркелген болса, онда тергеушіге қылмыскер жайлы келесі мәліметтерді береді:

- бұрынғы соттылығы, қамауға алынғандығы және сезікті ретінде ұсталғандығы жайлы;
- жазасын өтеген жері мен мерзімі және босатылғандығы жайлы мәліметтер;

- мұрағаттағы қылмыстық істерінің сақталу жері мен қандай жердің сотымен үкім шығарылып сотты болғандығы жайлы;
- жергілікті, республикалық не болмаса ТМД көлеміндегі іздеуге жарияланғандығы жайлы.

ҚР Бас прокуратурасының ҚСЖАТК және Ресей ІІМ Бас ақпараттар орталығында (БАО) жүргізілетін тіркеулерге егер тексеріліп отырған тұлғаның тұрғылықты тұратын жері болмаса немесе оны жиі ауыстырып отырса, сондай-ақ, облыстардағы ҚСЖАТК олардың соттылығы туралы мәліметтер анықталмаса, бірақ, ол сотталып, жазасын қылмыстық атқару жүйесінде өткерген деген күмән туындаса және осы тұлға ТМД елдерінің біреуімен іздеуде жүргендігін анықтау керек болған жағдайларда жүгінеді.

Іздестірулік есепке алудың объектілеріне анықтаудан, тергеуден, соттан және жазасын өтеуден бой тасалап жүрген Қазақстан Республикасының азаматтары және Қазақстан Республикасы территориясында жүрген шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғаларды жатқызуға болады.

Іздестіру үшін іс қозғаудың негізі мыналар:

- 1) айыпталушыны, сотталушыны және іздеуде жүрген басқа да категориялардағы тұлғаларға іздеу салу туралы тергеушінің, анықтау органдарының, прокурордың және соттың қаулысы;
- 2) үкімнің орындалуы қылмыстық-атқару инспекциясының, кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі инспекциясының қортындысымен кейінге қалдырылған шартты түрде сотталған немесе сотталғандарға қатысты соттың үкімі немесе қаулысы;
- 3) сотталғанның үкімді (қаулыны) орындаудан бұлтаруы;
- 4) бас бостандығынан айырылған, сотталған адамның тергеу изоляторынан, түзеу мекемелерінен, әскери күзетшінің айдауылынан (конвоирование) және ҚР денсаулық сақтау органдарының қатаң бақылауындағы психиатриялық ауруханалардан қашып кетуі.

Іздеу салуға байланысты тоқтатылған қылмыстық істерді тіркеу үшін іздестіру ісі ұсынылады. Бұл істе:

- 1) қылмыстық істі қозғау туралы қаулы;
- 2) айыпталушы ретінде жауапқа тарту туралы қаулы;
- 3) айыпталушының іздестірілуіне байланысты қылмыстық істі тоқтата тұру туралы қаулы;

- 4) айыпталушыны іздеуге беру туралы қаулы;
- 5) бұлтартпау шарасын таңдау туралы қаулы;
- 6) сотты болған-болмағаны туралы тексерудің нәтижелері көрсетілген анықтама қағаз болуы керек.

Егер, іздеуде жүрген тұлға Қазақстан Республикасынан тыс жерде жүруі мүмкін деген жорамал болса, онда іздеу туралы сұрауды Ресей Федерациясының ІІМ Бас ақпараттар орталығына (ГИЦ МВД РФ) жібереді.

Анықтау, тергеу, немесе соттан бой тасалап жүрген тұлғаларға қатысты іздестіру материалдарын Комитетте есепке алу үшін іздестіруді жүргізуші орган осы іздестіру істерінің материалдарын, оның жүргізілуінің заңдылығын тексеру үшін қадағалаушы прокурорға ұсынады. Прокурордың іздеу ісін ашуға келісімі бойынша Комитет іздеу нөмірін береді.

Комитетте (ҚСЖАТК), есептен алып тастауға, іздеу салуды тоқтату туралы қаулы негіз болады. Ал бұл қаулы өз кезегінде мына төмендегі процессуалдық немесе басқа да құжаттар негізінде шығарылады:

а) іздеуде жүрген тұлғаның ұсталғаны туралы қаулы немесе территориялық тергеу окшаулағышына іздеуде жүрген адамның қамалғаны туралы хабарлама;

ә) қылмыстық істің тоқтатылғандығы туралы қаулы;

б) іздеуде жүрген тұлғаға қатысты қылмыстық істің тоқтатылғандығы туралы қаулы;

в) іздеуде жүрген адамның қайтыс болғаны туралы куәлік;

г) бұлтартпау шарасын өзгерту туралы қаулы (мемлекет аралық іздеуге берілген тұлғаларға қатысты).

Іздеуді тоқтату туралы қаулыға оның заңдылығын және негізділігін растайтын қадағалаушы прокурордың тегі мен қолы және елтаңбалық мөр қойылады.

Хабар-ошарсыз кеткен, кім екені белгісіз азаматтардың мәйіттері, кім екені белгісіз аурулар мен балалар, өзі туралы мәлімет бере алмайтын азаматтарды іздестірулік есепке алудың объектілеріне Қазақстан Республикасының азаматтарын сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында жүрген азаматтығы жоқ тұлғалар жатады.

Тіркеуге мына төмендегі тұлғалар қамтылады:

1) Ішкі істер органына белгісіз себептермен жоғалып кеткені туралы арыз түскен тұлғалар;

2) Өз еркімен үйінен, мектеп-интернаттан, балалар үйінен кетіп қалған кәмелетке толмағандар және кәмелетке толмағандарды қабылдап-таратушы мекемелерден қашып кеткендер;

3) Денсаулығына және жасына байланысты өзі туралы мәлімет бере алмайтын психоневрологиялық және басқа да стационарлық емханаларда, мүгедектер және қарттар үйінде, балалар үйінде және интернаттарда жатқандар;

4) Кім екені белгісіз адамдардың мәйіттері.

Бұл адамдарды есепке қоюға азаматтардың арыздары, ұйымдардың, мекемелердің хабарламалары негіз болады.

Картотека және мәліметтер банкын құру үшін жоғарыда аталған тұлғаларға бір үлгідегі тану картасы толтырылады (-кесте). Тану картасында шартты түрде адамның сырт бейнесі сипатталады. Картаға сигналдық сурет және дактилоскопиялық карта қоса беріледі (төмендегі 9-шы кестені қараңыз).

Тану картасы міндетті түрде қылмыстық жауаптылыққа тартылғандардың алфавиттік картотекасынан тексеріледі. Ал хабар-ошарсыз жоғалғандардың картотекалары полиция бөлімдеріне, қарттар, мүгедектер үйіне, емдеу орындарына құжатсыз түскен адамдарды тексеру үшін қолданылады. Картотекаға түскен кім екені белгісіз мәйіттердің тану карталары іздеуде жүрген хабар-ошарсыз кеткен азаматтар мен іздеу салынған тұлғаларды тексеруде қолданылады.

Барлық категориялардағы іздеуде жүргендердің тану картасы картотекаларда және мәліметтер банкінде 15 жыл сақталады. Картотекалардан алынып тасталған карталар 1 жыл сақталғаннан кейін жойылады.

Жедел-анықтамалық тіркеулердің объектілеріне адамдардан басқа антиквариаттық заттар, өнер туындылары, қару-жарақ, автотранспорт, нөмірлік заттарды жатқызуға болады.

ҚР Бас прокуратурасы мен ҚР ПМ-нің 1999 жылғы 18 қарашадағы ортақ №548 ЦО\579 бұйрығы бойынша осы тіркеудің автоматтандырылған мәліметтер базасы ҚР ПМ Криминалдық Ақпараттар Басқармасына берілді.

Тіркеуге тарихи, көркем және ғылыми бағалы: ұрланған, жоғалған, алынған, табылған, тәркіленген, тапсырылған заттар, мысалы, тарихи реликвиялар, суреттер, скульптуралар, иконалар, дәстүрлі халықтық қолөнер туындылары, көне кітаптар, сирек кездесетін қолжазбалар, өте сирек кездесетін музыкалық аспаптар, пошталық маркалар, көне монеталар, ордендер, медальдар, мөрлер, флора мен фаунаның сирек кездесетін коллекциялары және т.б. жатады.

Ұрланған, жоғалған, алынған, өзі әкеліп тапсырған ойық ұңғылы қаруды есепке алу – әскери, спорттық, аңшылық ойық ұңғылы қаруларды заңсыз алу фактілерін анықтау және осы фактілерге байланысты жасалған қылмыстарды ашу үшін жүргізіледі. Қарулардың карточкасында оны негізгі белгілері көрсетіледі (түрі, моделі, нөмірі, калибрі, жасалған орны және т.б.).

Қарулардан маркировкалық белгілердің өзгертілу белгілері табылған жағдайларда оларды зерттеу үшін жедел-криминалистикалық бөлімшелерге жібереді. Егер қару қылмыс жасауға қолданылды деген негіз болса оны тіркеу құжаттарын толтырғаннан соң алынған патрондарымен қоса тәжірибелік атыс жасап оқ пен гильзаны оқ-гильзатекасына жіберіп тексеру үшін жедел-криминалистикалық бөлімдерге жібереді.

Кеден бекеттерінен, автоматтық сақтау камераларынан - ұсталған, табылған заттар және жалпы мемлекеттік айналымда жүрген ұрланған, алынған құжаттар сондай-ақ нөмірлік заттарды (фото-кино-бейнеаппаратуралар, сағат, тегіс ұңғылы мылтық және т.б.) есепке алу жүргізіледі.

Егер тексеру барысында ұрланған зат немесе құжат тіркеуде ұрланған зат есебінде тұрса, онда бұл туралы қызығушылық білдірген органдарға хабарлайды.

Нөмірлік заттың жеке нөмірі бар әрбір бөлшегіне қосымша карта толтырылады.

Іздеуде жүрген және иесі жоқ автотранспорт құралдарын есепке алу – іздеуде жүрген және иесі жоқ автотранспорт құралдары және тіркемелері туралы ақпараттарды жинау, жүйелеу, сақтау, және өңдеу үшін, сонымен қатар іздестіру шараларын жүргізу және жол полициясы бөлімшелерінде транспорт құралдарын тіркеуге алу мақсатында жүргізіледі.

1. Прокуратураның АЕ ҚСК
(атауы)

2.

--	--	--	--	--

Номері
3. фотокод

4. Тіркеу
категориясы

Хабар-ошарсыз жоғалған (ХЖ),
Кім екені белгісіз мәйіт (КБМ),
Іздеуде жүрген қылмыскер (ІК)

Кім екені белгісіз ауру (КБА)
Кім екені белгісіз бала (КББ)
(керетін сызу)

9-кесте.

Нұсқауға қосымша

ДАКТИЛОФОРМУЛА

Тіркеу формуласы

Оң жақ қырынан Фото 5*6	Алдыңан Фото 5*6	Сол жақ қырынан Фото 5*6	7. ЖЫНЫСЫ
			8. КҮНІ жоғалған/табылған КБМ, КБА
			9. ӨЛГЕН УАҚЫТЫ (сәткемен)
			10. ТУҒАН КҮНІ (күні, айы, жылы)
			11. ЖАСЫ (жыл)
___ ж. суретке түсірілген	___ ж. суретке түсірілген	___ ж. суретке түсірілген	12. ХЖ, КБА, ІК БОЙЫ МӘЙІТТІҢ ҰЗЫНДЫҒЫ
			13. КБМ, ІК НӘСІЛДІК ТИПІ (европеоид, монголоид)
			ҰЛТЫ


14. ТЕГІ _____ 15. АТЫ _____ 16. ӘКЕСІНІҢ АТЫ _____

17. ЖОҒАЛҒАН ОРНЫ _____ ХЖ, ІК _____
КБМ, КБА табылды республика _____ обл. (аймақ) аудан _____ елді мекен _____

18. ХЖ, ІК БАС КИПМНІҢ РАЗМЕРІ, О
КБМ, КБА БАСЫНЫҢ ШЕНБЕРІ (см) _____ ӨЗІНДІК БЕЛГІЛЕРІ _____ 19. ХЖ, ІК АЯҚ КИПМДЕРІНІҢ РАЗМЕРІ
КБМ, КБА ТАБАНЫНЫҢ ҰЗЫНДЫҒЫ (см) _____

20. ТҮРІ
БЕЛГІЛЕРІ _____ 21. АТЫ _____ 22. АДАМ ДЕНЕСІНІҢ ОРЫНДАРЫ
(керек жерін сызып көрсету)

Татуировка	авиациялық тақырып, мұнара, әріп, шөлмек, геометриялық фигура, елтанба, гитара, жануарлар, қамал, жұлдыз, есім, карталар, қанжар, кітап, тәж, балға, теңіз тақырыбы, кісен, насекомдар, пышақ, ескерткіштер, погондар, таға, жүзік, өсімдіктер, діни тақырып, тор, қол, рюмка, шырақдан, жүрек, адам, қар, күн, мәтін, факел, гүлдер, шынжыр, сандар т.б.
Отаның орны, жарақаттар	беріш (шрам), деформациялар
Ампутация	қолдар, білезіктер, аяқтары, табаны, саусақтары, құлағы, мұрны, емшегі
Дене кемшіліктері	бүкір, талтақ, аяқтары қысқа, қолдары қысқа, аяқтары жіңішке, қолдары жіңішке, көзі жоқ, грыжа, құлақ кемістігі, мұрын кемістігі, ерін кемістігі
Даму кемістігі	туа біткен қал, үлкен қал, сүйел, шел, пигменттік белгі, бірігіп кеткен саусақтар, «қоян ерін», алты саусақ
Протез	



БЕЛГІЛЕР (жазып көрсету, суреттеу, суретін салу)

Белгілердің түрі Атауы адам денесінің орындарының №	
Белгілердің түрі Атауы адам денесінің орындарының №	
Белгілердің түрі Атауы адам денесінің орындарының №	
Белгілердің түрі Атауы адам денесінің орындарының №	
Белгілердің түрі Атауы адам денесінің орындарының №	
Белгілердің түрі Атауы адам денесінің орындарының №	

23. ҚАННЫҢ
ТОБЫ

1	2	3	4
(0)	(A)	(B)	(AB)

24. ТІС ЖАҒДАЙЫ (сызып көрсету)
тістерінің бәрі бүтін
протезі бар (көпір тәрізді, алынбалы) жоқ
коронкасы бар (ақ, сары, фарфор, пластмасс) жоқ
толығымен жоқ көшілгігі шпана ауру,
пломбаланбаған: бар, жоқ (схемада көрсету)

Схемадағы тістің шартты белгілері
Сн – сынған С – сары металдан жасалған коронка
Ж – жоқ Ф – фарфор, пластмасса
П – пломбаланған П – алмалы протез
К – кариес (ауру) КІП – көпір тәрізді протез
А – ақ металдан жасалған коронка

Тістің жағдайының схемасы

Оң жағы														Сол жағы													
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14
3	2	7	6	5	4	3	2	1	1	2	3	4	5	6	7	8											

25. БЕТІ: сопақ, төртбұрышты, үшбұрышты, ассиметрия – бар, жоқ	31. ЕРНИ: жіңішке, қалың, үстіңгі ерні шығыңқы, астыңғы ерні шығыңқы, екеуі де шығыңқы
26. ШАШЫ: формасы: тік, толқындалған, бұйра түсі: қарақоңыр, ашық түсті, ақ шашты, жирен, боялған ұзындығы: қысқа, ұзын (ер адамдарда 10 см артық болса, әйел адамдарда 30 см артық болса) шаштың түсуі: мандайлық, төбелік, жаппай	32. ПЕГІ: шығыңқы, артқа қарай қиыңқы, тік, екіге бөлінген, иегінде шұңқыры бар 33. ҚҰЛАҚ ҚАЛҚАНЫ: қалқан, жатыңқы сырғалығы: бос, бірігіп кеткен, тесілген
27. МҰРТЫ: бар, жоқ, анықталмаған, ақшыл, қоңыр, ақ, жирен, боялған	34. КӨЗІ: ашық түсті, қоңыр түсті, қыли, көзіне ақ түскен, соқыр, көздірік киеті және т.б.
28. САҚАЛЫ: бар, жоқ, анықталмаған, ақшыл, қоңыр, ақ, жирен, боялған	35. ДАУЫС, СӨЗ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ: сақау, тілін шайнап сөйлейді, кекеш, дауысы қырылдап шығады, мылқау
29. ҚАСЫ: тік, доға тәріздел, ирек, қалың, сирек, бітіп кеткен, сабалақ, жоқ, басқаша	36. АУРУЫ: жүрек, өкпе, асқазан, эндокриндік жүйе аурулары, сынықтар, неврологиялық және психиялық аурулар және т.б.
30. МҰРЫН: қыры: тік, дөңес, батыңқы, негізі: горизонтальды, түсіңкі, көтеріңкі, ерекшеліктері: қыры майысқан (солға, оңға), жапырылған	37. БОСАНУЫ: болған / болмаған, анықталмаған ЕКІҚАБАТТЫЛЫҒЫ: бар, жоқ

Киімі

38. ТҮРІ	39. АТАУЫ	(жазу керек)	40. ТҮСІ 41. МАТЕРИАЛЫ	42. ФАСОНЫ, БЕЛГІЛЕРІ және т.б.
Бас киімі	кепка, фуражка, шапка, шляпа, берет, такия, папаха, қосыңқа, шәлі, шарф, пилотка			
Сырт киімі	пальто, плащ, қысқа пальто, күпәйке, дубленка, бушлат, тон, шинель, куртка, штормовка, ұлттық киім			
Көйлегі	пилжак, китель, джинсы, әйел көйлегі, спорттық киім, шалбар, тоқыма киім, жемпір, пуловер, кофта, водолазка, көйлек, юбка, халат, сарафан, спецовка, әскери үлгідегі киім			
Іш киімдер	Трусилер, майка, комбинация, белбеу, бюстгальтер, колготкалар, рейтузалар, шөлкелер, носки, плавки, купальник, футболка, кальсондар, гетрлар			
Аяқ киім	ботинкалар, етіктер, пималар, туфли, босонжқалар, сандалдар, тәпшікелер, спорттық аяқкиім, галоштар, унтылар			
Басқа заттар	перчаткалар, биялай, белбеу, галстук, тартпа			

43. БАСҚА ЗАТТАРЫ, ҚҰЖАТТАРЫ, НӨРСЕЛЕР (КБМ тануға маңызы бар, ХЖ іздеуге):
қол жүктері, әсемдік заттары, бағалы заттар, тұрмыстық заттар, өндіріс құралдары, қару, қолжазба және басқа материалдары (заводтық марка, белгілерді ерекшеліктерді көрсету)

Іздеуде жүрген адам жайында	ҚОСЫМША МӘЛІМЕТТЕР				
	44. Туған жері: _____	республика	обл. (өлке)	аудан	елді-мекен
	45. Тұрғылықты жері: _____	республика	обл. (өлке)	аудан	елді-мекен
	46. Мамандығы, немен айналысады: _____				
	47. Жоғалу жағдайы (қайда кетті, қашан т.б.): _____				
Мәйіт жайында	48. Сотталған жайлы мәліметтер (қайда, қашан ҚК бабы.): _____				
	49. Шамамен болған жері: _____				
	50. Мәйіттің күй-жағдайы: _____		51. Өлім себебі: _____		
	өзгермеген, шіріп-ылдыраған, склетке айналған, мумияға айналған күйген, басқаша, (жазып көрсету)		анықталмаған, темір жол жаракаты, суға бату, үсу, күйік, асылу, аяқ астынан, басқаша		
	52. Мәйітті сойған күні: _____ күні, айы, жылы		53. Жерлеген уақыты және орны, қабірдің нөмірі: _____ күні, айы жылы		
54. Арыз берген күні: (хабарлама) _____ күні, айы жылы істің № _____		57. Тіркеулер бойынша тексерілді _____ күні, айы жылы			
55. Істі бастаған күні: _____ күні, айы жылы		_____ алфавиттік, дактилоскопиялық, ХЖ, КБМ, КБА			
56. Жедел ақпарат берілді: _____ күні, айы жылы		58. Дактогтіркеуен тексерілді _____ күні, айы жылы			
		59. Тіркеуге алынды _____ күні, айы жылы			
Басшысы _____ ішкі істер органының атауы _____ атағы, тегі, қолы		Басшысы _____ атағы, тегі, қолы			
Картаны құрастырған _____ атағы, тегі, қолы		60. Тіркеуге алынды _____ күні, айы жылы			

Тіркеуге алуға ішкі істер органдарына осы құралдарды заңсыз пайдаланып жүр деген арыз (хабарлама), сондай-ақ, иесі жоқ транспорт құралының табылуы негіз болады.

Жеңіл және жүк автотранспорты, автобустар, тіркемелер, шетелдік және отандық жартылай тіркемелер, мотоциклдер, мотороллер және мотоцикалдар орталықтандырылған тіркеуге алынады.

2.7.4 ҚР Ішкі істер органдарында жүргізілетін криминалистикалық тіркеулер

Ішкі істер органдарының жедел-криминалистикалық бөлімдерінде криминалистикалық тіркеулер және анықтамалық-ақпараттық қорлар жинақталады. Бұл бөлімдерде криминалистикалық тіркеулерді - іздер мен криминалистикалық ақпарат көздерін барынша толық түрде қолданып, қылмысты анықтау, ашу және алдын алу мақсатында жүргізеді. Ал анықтамалық-ақпараттық қорлар – тергеу, жедел іздестіру және жедел-криминалистикалық бөлімшелерге қажетті анықтамалық ақпараттарды алу үшін жинақталады.

Жедел-криминалистикалық бөлімдерде мына төмендегідей криминалистикалық тіркеулер жүргізіледі:

Қазақстан Республикасының Ішкі Істер Министрлігінде:

- ашылмаған қылмыс орнынан алынған, қарудың ізі бар оқтар, гильзалар және патрондардың коллекциясы;
- беймәлім дауыстардың фонотекасы;
- барлық мемлекеттердің жалған ақшалары мен құнды қағаздарының картотекалары;
- полиграфия құралдарын қолдану арқылы жасалған жалған құжаттар катотекасы;
- ашылмаған, ауыр қылмыс жасалған жерлерден алынған қол іздерінің картотекасы;

ІІМ-нің басшылығының шешімімен басқа да картотекалар мен коллекциялар жинақталуы мүмкін.

Ішкі Істер Департаменті (ДВД) мен Транспорттағы Ішкі Істер Департаментінде (ДВДТ) жүргізілетін тіркеулер:

- дактилоскопиялық;

- сындырып-бұзау құралдарының іздері;
- аяқ киім табанының іздері;
- автотранспорт құралдарының доңғалақтарының протекторларының іздері;
- оперативтік қызығушылық туғызатын тұлғалардың фото және бейнетекасы;
- ашылмаған қылмыстар фонотекасы;
- кім екені анықталмаған қылмыскерлердің субъективтік портреті.

Оперативтік жағдайларға сондай-ақ тергеу әрекеттері мен жедел-іздігіру жұмыстарын жүргізу барысында табылған іздер мен объектілердің сипаттамаларына байланысты жедел-криминалистік бөлімшелерде басқа да тіркеулердің жүргізілуі мүмкін.

Анықтамалық – ақпараттық қорлар белгілі бір регионда жалпы мәліметтер банкіні құрып барынша толық анықтамалық ақпараттар алуға мүмкіндік беруі тиіс.

Мысалы, мынандай анықтамалық-ақпараттық қорлар құруға болады:

- суық қарудың анықтамалық коллекциясы;
- оқ-дәрі мен атыс қаруларының анықтамалық коллекциясы;
- барлық елдердің қағаз және металл ақшаларының анықтамалық коллекциясы.

Жедел-криминалистикалық бөлімшелерде нәрселер мен заттардың қасиеттері, көлемдері, пішіні және басқа да сипаттамалары бар ақпараттық (анықтамалық) мәліметтер банкімен қоса анықтамалық нақты заттық коллекциялар мен картотекалар болады.

Жедел-криминалистикалық бөлімдердің анықтамалық-ақпараттық бөлімдерінде заттардың қасиеті, пішіні және басқа да сипаттамалары туралы ақпараттық (анықтамалық) мәліметтерден басқа мына төмендегідей анықтамалық, нақты заттық коллекциялар және картотекалар болады:

- атыс қарулары мен оқ-дәрілердің;
- сындырып бұзу құралдарының;
- аяқ киімдердің үстіңгі жағы мен табанының кескіні;
- автотранспорт шинасының протекторларының іздері;
- автомобиль фараларының жарық сәйілткіштері.

Бұдан басқа да: шетелдік пломбалар, жануарлардың қылшықтары, жанар-жағар майлар материалдары, суық қарулар, жарылғыш заттар, құжаттарды жасау үшін қолданылатын материалдар, мөр мен штамптардың көшірмелерінің анықтамалық картотекалары мен коллекциялары да жинақталуы мүмкін.

Оқиға болған жерден алынған объектілерді уақытында зерттеуге жіберіп, сараптама тағайындау, оларды криминалистік есепке алу ПМ анықтама және тергеу бөлімдеріне жүктеледі. Бұл бөлімдер сонымен қатар осы тіркеулер бойынша тексерулер жүргізуді ұйымдастырады.

Ішкі Істер Органдарының жедел-криминалистикалық бөлімдерінде мына төмендегідей негізгі криминалистикалық тіркеулер жүргізіледі: дактилоскопиялық, кім екені белгісіз мәйіттердің фото-дакто тіркеулері, субъективтік портреттер, фото-бейнетекалар, оқ-гильзатекалар, жалған ақшалар картотекалары және әр түрлі объектілердің анықтамалық коллекциялары. Дактилоскопиялық тіркеулер криминалис-тикалық тіркеулердің ең дамыған, тиімді әрі көп таралған түрі болып табылады.

Ішкі істер органдарының жедел - криминалистикалық бөлімдерінде дактилоскопиялық тіркеулер мына жағдайларды анықтау үшін жүргізіледі:

- 1) оқиға орнында қол іздерін қалдырған тұлғаны;
- 2) бір адамның оқиға болған бірнеше жерде қол іздерін қалдыру фактісін;
- 3) егер ол адам бұрын ПО тіркеуде тұрса, қайтыс болған адамның кім екендігін анықтау.

Дактилоскопиялық тіркеулер ашылмаған қылмыс орнынан алынған қол іздерінің фотосуреттерінің картотекасынан және ПМ органдарының оперативтік қызығушылығын туғызатын тұлғалардың дактилоскопиялық картасынан тұрады.

Ішкі Істер Органдарының жедел-ізвестіру бөлімдері және тергеушілері мына төмендегі тұлғаларды саусақ және алақан іздері арқылы салыстырып тексеру үшін криминалистерге жазбаша түрде тапсырма береді:

- қылмыс жасады деген күдікпен ұсталғандар;
- қамауға алынғандар;
- қылмыс жасады деп айыпталғандар;

- қасақана қылмыс жасап сотталғандар және бас бостандығынан айыру орнынан босатылғандар;
- полицияның әкімшілік бақылауына алуға жататындар;
- тұрмыстық қатынастарда құқықбұзушылар;
- спирттік ішімдіктерді шамадан тыс көп ішушілер және алкогольіктер;
- ұсақ бұзақылық және ұрлық жасаушылар;
- дәрігердің тағайындауынсыз есірткі заттарын пайдаланушылар;
- притон ұстаушылар және осындай притондарға барушылар;
- қоғамға қарсы өмір сүруші басқа да тұлғалар

Жедел-криминалистикалық бөлімдерге дактилокарталарды тексеруге жіберу туралы тапсырмаларда мынандай мәліметтер көрсетілуі тиіс: қандай ішкі істер органының территориясында, қандай уақыттар аралығында күдікті тұлға қылмыс жасауы мүмкін және оны қылмыстың қандай түрлері бойынша тексеру керек.

Оперативтік тіркеуге алғанда тұлғаны дактилоскопиялаумен қатар фото және бейнетіркеуге алу ұсынылады.

ҚР ІІМ Басты Жедел Криминалистикалық Басқармасында (ГОКУ МВД РК) ойық ұңғылы қарулар және олардың оқтарына **криминалистикалық оқ-гильзатекада** есеп жүргізеді. Заңды және жеке тұлғалардың қаруларынан (әскери, спорттық, оқу-жаттығу, аңшылық ойық ұңғылы) облыстардың іші істер департаментінің жедел-криминалистикалық басқармаларында оқ ату арқылы олардың оқтарын және гильзаларын алып, оқ және гильзатека қоймасына орналастырады. Оқиға орнынан алынған оқ және гильзалар, сондай-ақ, өз еркімен тапсырған, алынған, тауып алынған ойық ұңғылы қарулардың және типтік емес қарулардың атылған оқтары ҚР ІІМ-ің 2005 жылғы 8 сәуіріндегі №220 бұйрығы бойынша ІІД-нің жедел криминалистикалық басқармасы арқылы КОГТ (криминалистикалық оқ-гильзатека) қоймасына жібереді.

Кейбір ПО жедел криминалистикалық бөлімдерінде **кім екені белгісіз мәйіттердің фото-дакто тіркеулері** жүргізіледі. Бұл жерде криминалистер облыс территориясында табылған белгісіз мәйіттерді фотоға түсіріп дактилоскопиялайды және жедел іздестіру бөлімдерінің қызметкерлеріне тану картасын толтыруға көмектеседі. Ал, бұл тану карталары тұрақты түрде хабар-ошарсыз

кеткен адамдардың оперативтік тіркеулерінен тексеріліп тұрады. Анықтау органдарымен өзара қарым-қатынас мына төмендегі жолдармен жүргізіледі:

1) Анықтау органдарының сұрауы бойынша сапалы жасалған фотосуреттері мен дактокартасын жедел іздестіру қызметкеріне ҚР Бас прокуратурасының ҚСЖАТК-не тану картасын толтыру үшін беру;

2) Хабар-ошарсыз кеткен адамдардың суретін кім екені белгісіз мәйіттердің фототекасындағы суреттермен салыстырып қарау;

3) Фототеканы туысқандарына және басқа да адамдарға көрсету, сонымен қатар автоматтандырылған «Фототека» және «Бейнетекa» мәліметтер базасынан тексеру;

4) Фототекадағы кім екені белгісіз мәйіттер туралы мәліметтерді салыстырып тексеру үшін басқа обласларға жіберу;

5) Кім екені белгісіз мәйіттердің дактилокартасын жедел криминалистикалық бөлімдердің дактомассивінен және қабылдап-таратушы мекемелерден тексеру.

ПО жедел криминалистикалық бөлімдеріндегі **субъективтік портреттердің картотекасы** куәлар мен жәбірленушілердің айтуы бойынша компьютердің көмегімен сыртқы бейне элементтерін таңдау арқылы құрастырған немесе суретшінің көмегімен салынған, қылмыс жасады деп күдіктелген тұлғалардың бейнесінен тұрады. Осы құрастырылған субъективтік портреттер арқылы күдіктіні іздестіру ұйымдастырылады.

Олардың көшірмесі патрульдік қызметкерлер, участкелік инспекторларға берілетін іздеу бағдарламасына (ориентировка) қоса тіркеліп, бұқаралық ақпарат қызметтері арқылы таратылады. Әрбір дайындалған субъективтік портрет бұрын дайындалған портреттер картотекасынан міндетті түрде мына жағдайларды анықтау үшін тексеріледі:

- осы жылғы жасалған барлық қылмыстарды;
- іздеуде жүрген күдікті тұлға жасады деген қылмыстың нақты түрлері бойынша соңғы екі жылдағы жасалған қылмыстарды.

Егер тексеру оң нәтиже берсе онда субъективтік портреттер картотекасындағы типтік ұқсастық табылғаны жөнінде анықтама құрастырылып, ол осы тапсырманы берген адамға жіберіледі.

ПО барлық жедел криминалистикалық бөлімдерінде оперативтік қызығушылық туғызатын тұлғаларға **фототекалық** және **бейнеткалық** тіркеулер жүргізіледі және олар белсенді түрде пайдаланылады. «Бейнетка» криминалистік тіркеулерін жүргізу жауапкершілігі ПО оперативтік бөлімдерінің басшыларына жүктеледі және оларды оперативтік ақпараттармен қамтамасыз ету осы бөлім қызметкерлеріне тапсырылады. Ал, оны техникалық жағынан қамтамасыз етуге жедел криминалистикалық бөлімдердің басшылары жауапты болады.

Жедел іздестіру қызметкері, тергеуші, анықтаушы:

- 1) тіркеуге алынатын адамды алып келуді ұйымдастырады;
- 2) тұлғаны тіркеуге алатын күнді және уақытын анықтайды (мыс. уақытша ұстау оқшаулағыштарынан, тергеу оқшаулағыштарынан, қабылдап-таратушы мекемелерден);
- 3) тіркеуге алынатын адамға оның не себептен бейне тіркеуге алынатынын түсіндіру;
- 4) қылмыскердің (күдіктінің) қолда бар белгілеріне сәйкес бейнетка массивінен ұқсас типтерді таңдап алып оларды жәбірленушілерге немесе куәларға көрсетеді.

Жедел криминалистикалық бөлімдердің маман-криминалисті:

- 1) бейнетүсіруге дайындық жасап техникалық құралдардың дұрыс жұмыс істеуін бақылап отырады;
- 2) тіркелетін тұлғаларды бейнекамераға түсіреді;
- 3) тіркелетін тұлғаларды бейнемагнитофон есептегіші бойынша және бейнекассетаның нөмірі бойынша есепке алады;
- 4) тергеушінің немесе оперативтік қызметкердің тапсырмасы бойынша танушы адамға бейнетка массивіндегі тұлғалардың бейнесін көрсетеді.

Бейнетка массивінен тексеру тергеушінің немесе оперативтік қызымет аппаратының басшысының жазбаша нұсқауы арқылы жүргізіледі. Күдікті адамды ұстаған жағдайда оған ҚР ҚІЖК 229 бабына сәйкес тану жүргізіледі.

Бейнефильмдерді көрсету міндетті түрде дыбыссыз режимде жүргізіледі, ал егер танушы адам қылмыскердің дауыс ерекшелігін есінде сақтап қалса, онда оған бейнематериалдар дауысымен көрсетіледі.

Бейнежазулар бойынша тануға ұсыну ҚР ҚІЖК 229 бабының талаптарын сақтай отырып, хаттама толтыру арқылы жүргізіледі

Хаттамаға үштен кем емес тануға ұсынылатын адамдардың суреттері жапсырылған фотокесте қоса тіркеледі.

Жалған ақшалардың картотекасының криминалистикалық есебі – облыс территориясынан алынған немесе басқа региондардан келіп түскен ақша купюралары туралы мәліметтерден және купюралар коллекциясы мен компьютер бағдарламасындағы мәліметтер базасынан тұрады.

Әдетте купюралардың көптеген бөлігінде (90 % дейін) бірдей нөмірлері мен ұқсас белгілері болады. Бұл олардың шыққан тегінің (дайындалуының) бір екенін көрсетеді.

ҚР ПМ мен ҚР ӘМ-ің сот сараптамы орталығының 1999 жылғы 28 желтоқсандағы №10 бірлескен бұйрығы бойынша жалған ақшалар мен құнды қағаздардың Республикалық картотекасы құрылды. Объектілерді зерттеу және тіркеуге алуды оларды облыстардың Ішкі Істер Департаментіне қарасты Жедел Криминалистикалық Басқармаларындағы картотекалардан тексергеннен кейін ғана жүргізу ұсынылады.

Танылмаған дауыстардың фонотекасы – бұл криминалистикалық тіркеу кім екені белгісіз тұлғалардың бейнекассетадағы, аудиокассетадағы дауысы мен сөздерін есепке алу арқылы жүргізіледі. Дауысты микрофон арқылы дауыс жазушы приборларға немесе телерадиоаппаратураларға жазып алуға болады. Фонотекалар ҚР ПМ ТБ Басты Жедел-криминалистикалық басқармасында ұйымдастырылады.

Анықтамалық-ақпараттық қорлар.

Оқиға болған жерден қылмысты ашуға көмектесетін көптеген заттардың, материалдардың, нәрселердің үлгілерін табуға болады. Мұндай объектілерге: атыс және суық қарулар, оқ-дәрілер, қылмыс жасаған кезде қолданылған сындырып бұзу құралдары, бұйымдардың бөлшектері (аяқ киім табаны, фараның шынысы, автотранспорт шинасының протекторы т.с.с.), материалдар мен заттар (оның ішінде есірткі, улы, жарылғыш, жанар-жағар майлар, лакты бояулы заттар, қағаздардың, маталардың, шаштардың, талшықтардың, топырақтың, өсімдіктердің үлгілері және т.б.) жатады. Осы аталған объектілердің жекшелендіруші белгілерінің жиынтығы анықтамалық-ақпараттық қорларды құрайды және бұл белгілер қылмысты ашуда үлкен рөл атқарады.

Мысалы, қарулар және оқтардың анықтамалық коллекциясы қару-жарақтардың модельдері мен жүйелерін анықтауға мүмкіндік береді т.с.с.

Криминалистикалық есептер мен анықтаушы коллекциялық нысандардың сақтау тәртібі арнайы белгіленбесе, оларды сейфтерде, шкафтарда, витриналарда, арнайы жасалған қобдишаларда сақтайды. Себебі, мәліметтердің сақталу жағдайы нысандардың физикалық, химиялық қасиеттерінің және сыртқы түрлерінің табиғи өзгеріске ұшырауына жол бермеуі керек.

Халықаралық мекемелердің криминалистік ақпарат ауыстыруы.

ТМД елдерінің арасында криминалдық ақпарат алмасуы 1992 жылы ТМД мемлекеттерінің ПМ-ң қылмысқа қарсы күресте өзара келісім шартына қол қоюынан басталды. Осы келісімшарттың негізінде Мемлекетаралық ақпараттық банк (МАБ) құрылды.

Бұл келіссөздің негізгі шарттарында ТМД елдерінің аумағында жасалған немесе жасалуға дайындалып жатқан қылмыстарға қатысы бар жедел-ізвестіру, анықтамалық, криминалистік және басқа да мәліметтермен алмасу; ұйымдасқан қылмысқа қатысты белгілі фактілер мен болған жағдайлар туралы ақпарат беру; халықаралық сипаттағы криминалдық топтардың құрылымы, құрамы, іс-әрекет аясы, өзара байланысы туралы мәліметтерді хабарлау, ұйымдасқан топтардың қылмыстық әрекеттерінің түрлері мен тәсілдерін хабарлау қарастырылған.

Ал интерполға шығу мемлекеттердің ұлттық орталық бюросы арқылы іске асырылады. Қазіргі кезде Интерполда қажетті ақпаратты іздеудің автоматтық жүйесі (ASF) жұмыс жасайды. Бұл жүйе ауқымы күн сайын ақпараттармен толықтырылып отырылады, және ұлттық орталық бюросына мүше елдердің ПМ-і компьютерлік байланыс арқылы қажетті мәліметтерді үздіксіз алады.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы, 1995. (2007 жылғы 21 мамырдағы өзгерістермен және толықтырулармен).
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. – Алматы, 16.07.1997. (2012 жылғы 16 ақпанындағы толықтырулар мен өзгерістермен).
3. Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі. – Алматы, 13.12.1998. (2012 жылғы 15 ақпанындағы өзгерістер мен толықтырулармен).
4. 1998 жылдың 30 желтоқсанында қабылданған Қазақстан Республикасының «Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы» № 339 Заңы. (2012 жылғы 30 қаңтарындағы өзгерістер мен толықтырулармен)
5. Қазақстан Республикасындағы сот-сараптама қызметі туралы Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 20 қаңтардағы № 240-IV Заңы.
6. Криминалистика: Учебник для вузов/ Под ред. проф. Р.С.Белкина. – М., 2000.
7. Криминалистика: Учебник/ Отв. ред. Н.П.Яблоков. – М., 1999.
8. Криминалистика./ Под ред. А.Г.Филиппова и А.Ф.Волынского. – М., 1998.
9. Е.Ғ.Жәкішев. Криминалистиканың пәндік сипаттамасы, – Алматы, 1991.
10. М.А.Арыстанбеков, А.О.Шакенов. Криминалистика: Оқу-әдістемелік құрал. – Қарағанды, 2003.
11. Б.М.Нұрғалиев, М.А.Арыстанбеков, А.О.Шакенов. Криминалистика: (дәрістер курсы). – Қарағанды, 2005.
12. Криминалистическая энциклопедия. – Алматы, 1995.
13. А.Я.Гинзбург, Г.И.Поврезнюк, А.В.Калинин Справочник следователя. – Алматы, 1998.
14. Д.Н.Балашов, Н.М.Балашов, С.В.Маликов. Криминалистика. Учебник. – М.: Инфра-М, 2005.
15. Е.П.Ищенко., А.А.Топорков. Криминалистика. Учебник. /Под.ред. д.ю.н, проф. Е.П.Ищенко. – М.: Инфра-М, 2005.
16. М.В.Савельева, А.Б.Смушкин. Криминалистика. Учебник. - М.: Дело-вой двор, 2009.
17. М.В.Салтевский. Криминалистика. Учебное пособие. – М. 1996.
18. Криминалистика. Учебник. /Отв. ред. д.ю.н, проф. Б.М.Нурғалиев. – Қарағанды, 2006.
19. А.Ғ.Абуов. Криминалистика негіздері. Оқу құралы. – Алматы: Жеті жарғы, 2004.
20. Е.Ғ.Жәкішев, Ә.А.Исаев, Г.Х.Найманова, Р.Б.Тапалова, Н.С.Темірболат. Криминалистика. Оқулық. – Алматы: Жеті жарғы, 2006.
21. А.О.Шакенов. Суық қарудың криминалистикалық зерттеуі: Оқу құралы. – Астана, 2001.
22. А.О.Шакенов. Криминалистика: Оқулық. – Астана, 2008.
23. Е.Тілеубергенов. Криминалистика. – Алматы: Дәнекер, 2002.
24. Б.А.Салаев, Ш.Е.Әмитов, М.Т.Сатыбалдинов, А.Ж.Айдарқұлов. Криминалистикалық техника тарауы бойынша қысқаша дәрістер

- жинағы. – Алматы: Жеті жарғы, 2005.
25. А.Ф.Аубакиров, С.Коваленко. Криминалистическая цифровая фотография. - Алматы, 2001.
 26. Судебная фотография (под ред. А.В.Дулова). - Минск, 1978.
 27. Ю.Г.Корухов. Общая и судебная фотография. Учебное пособие – М., 1975.
 28. Г.Л.Грановский. Основы трасологии (общая часть) – М., 1965, (особенная часть) – М., 1974 .
 29. И.Ф.Крылов. Криминалистическое учение о следах. – М., 1976.
 30. Н.А.Корниенко. Работа со следами пальцев рук при расследовании преступлений. – Л., 1988.
 31. Ю.П.Голдованский. Следы ног. – М., 1980.
 32. А.С.Железняк. Исследование следов орудий взлома. – М., 1971.
 33. В.П.Сова. Следы шин автотранспортных средств и их использование в розыскной и следственной практике. – М., 1978.
 34. И.И.Пророков. Криминалистическая экспертиза следов. Трасологические исследования. Уч. пособие 2. – Волгоград, 1980.
 35. Г.А.Самсонов. Судебная баллистика. Учебное пособие - М., 1975.
 36. Н.П.Косоплечев. Осмотр места происшествия по делам, связанным с применением огнестрельного оружия.
 37. А. И.Устинов и др. Холодное оружие. – М., 1961.
 38. Е.Н.Тихонов. Криминалистическая экспертиза холодного оружия. – Барнаул, 1983.
 39. Ю.Г.Корухов. Криминалистическое исследование документов. – М., 1975.
 40. Л.А.Винберг, М.В.Шванкова. Почерковедческая экспертиза. – Волгоград, 1977.
 41. В.П.Власов. Следственный осмотр и предварительное исследование документов. – М., 1961.
 42. Г.А.Беляев, А.Н.Калашников. Методы технико-криминалистического исследования документов. – Волгоград, 1987.
 43. В.А.Снетков. Габитоскопия. – Волгоград, 1979.
 44. А.Л.Гинзбург, Г.И.Поврезнюк, Б.А.Салаев. Криминалистические методы и средства отождествления личности. – Алматы, 1998.
 45. Ю.П.Дубягин, Ю.Г.Торбин. Использование данных о внешности человека в раскрытии и расследовании преступлений. – М., 1987.
 46. В.А.Снетков, А.М.Зинин. Использование признаков внешности при установлении личности. – М., 1976.
 47. Арнаулы тіркеудің жеке түрлерін жүргізу және қолданудың ережелері. 2004.29.04. ҚР Бас прокуратурасының №23 бұйрығымен бекітілген.
 48. ҚР ПМ 06.07.2001 ж. «ҚР ПО жедел-криминалистикалық бөлімдерінің жұмысы туралы». № 544 бұйрығы.
 49. «Автоматтандырылған мәліметтер банкің қабылдау-беру туралы» ҚР Бас прокуратурасы және ПМ 18.11.1999 ж. № 548 ЦО/579 біріккен бұйрығы.
 50. ҚР ПМ-ің «Криминалистикалық оқ-гильзатекасы туралы» 8.04.2005 ж. № 220 бұйрығы.
 51. А.П.Аленин. Криминалистические учеты. – Омск. 1997.

Б. Ш. Сарсембаев

Криминалистикалық техника

Оқулық

Компьютерде беттеген **Ақылова А.Т.**

Басуға 23.11.2012 ж. қол қойылды. Пішіні 60×90^{1/16}.

Баспа табағы 17,6. Офсеттік басылым.

Таралымы 950 дана. Тапсырыс №3/136-12.

«Экономика» баспасы» ЖШС

050063, Алматы қаласы, Сайын көшесі, 81-үй